This article is devoted to the problem of teaching dialogue in foreign language communication. This issue was scrutinized by great number of scholars, researchers and methodologists, but because of its difficulty and specific nature stays actual for examining so far. The main feature of dialogue is in its situativeness and impossibility to learn by heart beforehand. The result of conversation can't be forecasted too. In the article we analyze the notion of dialogue and observe general ways of teaching dialogue as one of four skills in methodology of foreign language education as well as offer our outlook on this problem. At the same time we have to say that the term "problem-dialogic teaching" has our own interpretation. It means that problem-dialogic teaching is not a technology but a kind of studying to our opinion. But we offer that problem-dialogic teaching may have a lot of technologies to be taught and one of the best technologies to our way is described in the article.

The technology which is offered by us is devoted to motivate students to communicate and activate their mental processes. As the rule, the reason of incapability to create adequate dialogue is in psychological barrier and artificial situations but not in the lack of vocabulary or grammar knowledge. Since communication is the main condition of human's activity teaching foreign language communication is very actual in our days, especially in the light of frequent professional exchanges, international cooperation, academic mobility.

Keywords: dialogue, communication, problem-dialogic teaching, professional communication, dialogic speech, dialogic unity, problem teaching, problem situations.

УДК 378.016:811.112

ӘЛЕУМЕТТІК - МӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТ ПРОЦЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Абдрахимова Г.Б. – *ф.ғ.к. Абай атындағы ҚазҰПУ «Кәсіби шетел тілі коммуникациясы» кафедрасының доценті*
Уалиева С.А. – *6М011900 – Абай атындағы ҚазҰПУ 6М011900 – Шет тілі: екі шет тілі мамандығының 2- курс магистранты, ualievas@list.ru*

Мақалада жалпы әлеуметтік - мәдени құзіреттің мәдениетаралық құзірет процесінде алатын орны қарастырылады. Сонымен бірге зерттеушілер құзырет, мәдениетаралық құзырет, әлеуметтік - мәдени құзырет, мәдениетаралық қатысым, мәдениетаралық қатысымдық құзыреттіліктің субкомпетенцияларының теориялық маңыздылығына тоқталады. Шетел тілін оқыту үшін мәдениетаралық қатысымдық құзыреттіліктің субкомпетенциясы негізінде әлеуметтік - мәдени құзыретті қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылады. Әлеуметтік-мәдени құзыретке бағытталған оқыту процесі үнемі қозғалыстағы, әрі ашық жүйе деп қарастырылады және өзін өзі дамытуды, үздіксіз білім алу тұлғалық ұмтылысын қамтамасыз ететін жүйенің ең маңызды құрамы болып табылады.

Түйін сөздер: құзырет, мәдениетаралық құзырет, әлеуметтік - мәдени құзырет, мәдениетаралық қатысым, мәдениетаралық қатысымдық құзыреттіліктің субкомпетенциялары.

Қазіргі кезде бүкіл тарихи, мәдени адамгершілік, рухани құндылықтарымыз жаңа заман тұрғысынан қайта бағаланып жатыр. Сонымен қатар төл мәдениетіміз, салтымыз, дәстүріміз, тіліміз, табиғи ортамыз, ұлттық мәдениетіміз бекіп, дамып жатқан кезде әр халықтың ұлттық өзгешелігін, ерекшелігін зерттеп білу бүгінгі күннің ең негізгі талабы болып саналады. Сондықтанда бүгінгі күнде шетел тілі мен сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін бірге оқыту көптеп қарастырылуда және шетел тілі арқылы көптеген жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуде.

Құзыреттілік әдісінің ғылымға бет бұруы және «құзыреттілікке бағытталған оқытудың» пайда болуы XXI-ғасырдың 90-жылдары байқалды. Бұл кезеңде құзыреттілік әдіс қазіргі сұраныстағы әдіс ретінде анықталды, сонымен бірге білім беру жүйесінде сапалы-нәтижелі көрсеткіш ретінде енгізуге ұсынылған құзыреттіліктер шеңбері айқындалды. «Басты құзыреттіліктер» деген ұғым енгізіліп бекітілді (Европа кеңесі, 1996).

Ғылымда құзіреттілік мәселелерін Н. Хомский, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Г.В. Горланов, А.В. Хуторский, Н.Л. Гончарова, В.А. Адольф, Э.Ф. Зеер есімдерімен байланыстырады. Құзыреттіліктің мәнін ашуға көптеген зерттеуші философтар, психологтар, педагогтар атсалысты. Атап айтатын болсақ, Дж. Равен, Б.Г. Ананьев, С.П. Ахтырский, Л.И. Берестова, Е.А. Воротников, И.А. Зимняя сияқты ғалымдар өз еңбектерін осы салаға арнады. А.Ф. Присяжная педагогика ғылымында құзіреттілік белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын айтады [1, б.78].

Ал Н.Г. Милорадованың пікірінше білім беру жүйесінде құзыреттілікті тудыратын төрт негіз бар: біріншісі-кәсіби-әдістемелік құзіреттілік, екіншісі-іс-әрекет негізіндегі құзіреттілік, үшіншісі-әлеуметтік қарым-қатынас құзіреттілігі, төртіншісі - жеке тұлға негізіндегі құзіреттілік[2, б.45].

Ғалым С.М. Вешниякова өзінің «Кәсіптік білім беру» сөздігінде құзіреттілік жеке тұлғаның танымы мен тәжірибесіне қатысты ұғым дей келе, «құзіреттілік», «competenens» ұғымдарын – «қабілетті, қатысты» ұғымдарына сәйкестендіре отырып, қандай да бір сала тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері» деген анықтама береді [3, б.98].

Шет тілін үйрену тек білім, білік, дағдыларын кеңейту ғана емес, бұл кәсіби маманға мәдениаралық қатынастар, байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Шетел тілінде қарым –қатынас жасау барысында қалыптасқан мәдени дағдылары болашақ маман тұлғасын қалыптастырудың қажетті алғышарттарының бірі болып табылады [4, б.14].

Соңғы кезде әлеуметтік-мәдени құзыреті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болып келеді.

Зерттеушілер А.В. Хуторский, О.Е. Лебедев, С.Е. Шишов, В.А. Кальней, Г. Селевко, А.Г. Каспаржак, Т.М. Ковелева, Д.А. Иванов, К.Г. Митрафанов, О.В. Соколова және т.б. білім берудегі құзіреттілік тәсілдің мәселелеріне, ұғымдар мен құралдарына және оның білім сапасын көтерудегі маңызына тоқталып, алғаш рет Фердинанд Де Соссюр өз еңбектерінде адамның тек тілдік мағынасында ғылыми

айналымға енгізді. Н. Хомский, Р. Уайт, Дж. Равен, К. Маннгейм, Т. Парсонс, Н.В. Кузьмина, В.Н. Куницина, В. Шепель және т.б. өз еңбектерінде білімгерлердің құзіреттілік деңгейін көтеру мәселелері жан-жақты қарастырылу керек айтады. Білім беруді ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келуді жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру туралы мәселелер М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер, В.В. Давыдов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Орыс ғалымдары Н.О. Астапова, Н.С. Соловьева, Панкратовтың еңбектерінен коммуникативтік құзырет, лингвомәдени құзыретті П.Ю. Боровиковтың, ал Д.Н. Кулибаеваның зерттеу жұмыстарынан мәдениетаралық қатысымдық құзыреттіліктің субкомпетенцияларын кездестіруге болады.

Мәдениетаралық қатысым теориясының негізін қалаушы американдық антрополог Эдвард Холл болып саналады. Ол өзінің еңбектерінде ең бірінші болып «қатысым» және «мәдениеттің» өзара байланыстарына талдау жасай отыра, сонымен қатар әртүрлі мәдениеттердегі уақыт пен кеңістікке сипаттама берді. Сонымен бірге Э. Холл өзінің зерттеулерінің нәтижелеріне негізделе отырып «өзге» мәдениет өкілдерімен байланысты зерттеу қажеттілігі мен өзектілігін дәлелдеді. Э. Холлдың артынан АҚШ-та әртүрлі мәдениеттер өкілдерімен әрекеттесуге арналған біршама психологиялық және әлеуметтік зерттеулер жүргізілді (Strodbeck F.L, 1961; Hofstede G.,1980; Mead M., 1988; Taifel H., 1978).

Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттіліктің құрылымы мен үлгісіне талдау жасай келе Д.Н. Кулибаева «Жалпыевропалық құзыреттіліктің» құрамын жалпы, қатысымдық тілдік деп ажыратады. Сонымен бірге шетел тілін оқыту үшін мәдениетаралық қатысымдық құзыреттіліктің келесі субкомпетенцияларын анықтайды: лингвистикалық, стратегиялық, дискурсивтік және әлеуметтік мәдени [5, б.88].

Жоғарыда берілген ғалымдардың көзқарастары ұлттық тіл мен халық мәдениеті арасындағы сабақтастықты болжап, тілдің ішкі әлеуетіне саятын қасиеттерін танытудан туған. Яғни, қазіргі қоғамның даму барысында әлеуметтік сананың өрлеуі, ой-сананың жетілуі, тіл, мәдениет, тарихтың тоғысуы маңызды іспеттес.

Мәдениетаралық қатысымның құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік-мәдени құзіреттілікті қалыптастыру өте маңызды. Әлеуметтік-мәдени құзіреттілік қазіргі әдістемеде кеңінен қолданылып жүрген ұғымдардың бірі және әлеуметтік-мәдени құзіреттілік сол тілде сөйлейтін халықтардың әлеуметтік-мәдени портреті. Өйткені ол білімгерлердің кез келген жағдайда тиімді мәдениетаралық қатысымға түсе алуын қамтамасыз етеді[6, б.115].

Шетел тілін оқыту методикасында ғалымдар әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктерді қалыптастыру мәселесін жан-жақты қарастырылуда. Бүгінгі білім беру саласындағы маңызды мәселердің жоғары оқу орындарында болашақ шет тілі мұғалімінің кәсіби маман ретінде әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыру. Бұл білімгерлердің шетел тілін меңгеруге деген қызығушылығын арттырады. Білім берудің негізгі мақсаттарына, әлеуметтік тәжірибенің құрылымына, білімгердің іс әрекетінің негізгі түрлеріне байланысты мына төмендегі білімдік құзырлықтар маңызды болып саналады:

1.Мәдениетаралық қатысымның құрамдас бөлігі ретінде білімгерлердің әлеуметтік құзіреттілігін, яғни ұжыммен немесе топпен бірлесіп жұмыс жасау қабілеттілігін қалыптастыру;

2.Әлеуметтік құзіреттілік-тұлғаның қоғам және өзі туралы білімін, қоғамдық қабілет, дағды, мінез-құлқын, сонымен қатар оның тұлғалық ерекшеліктерінде көрініс беретін қарым-қатынасын, мотивациясын байланыстыратын жеке тұлғаның жинақталған білімі [7, б.58].

Әлеуметтік құзіретті мінез-құлықтың және оны қалыптастырудың шарттары диалогтық өзара іс-әрекет болып табылады. Ал диалогтік өзара іс-әрекет субьектілерінің өзара қатынасы және теңдігі арқылы анықталады.

Әлеуметтік құзіреттілік әлеуметтік өзара іс-қимыл тәжірибесі негізінде білім алуды көздейді. Ол үшін:

- әлеуметтік өзара іс-қимыл кезінде оқытушылар білімгерлердің түрлі жағдайларда өз ұстанымын өсіруі;
- білімгерлерге таңдау мүмкіндігін беру;
- әлеуметтік іс-әрекет барысында білімгерлер жеке тұлға ретінде қабылдау;
- әлеуметтік өзара іс-қимыл ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған топтық жұмысты кеңінен қолдануы;
- әлеуметтік – мәденит, бұл құзырет түрі өз мәдениеті мен тілінің негізінде берілген – мәдениет пен «тілдік сана» негізінде қалыптасады [8, б.11].

Оқытудың сапасынан күтілетін нәтижелер тұрғысынан жетілдіруді оқытудағы құзыреттілік тәсіл қамтамасыз ететін болғандықтан, оны жүзеге асыру үшін білім мазмұнынан білім, біліктілік, дағдыға,

шығармашылық іс-әрекет тәсілдер мен эмоционалдық-құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген түйінді құзіреттерді ажыратып алу керек. Білімгерлердің әлеуметтік құзіреттілігін мақсатты түрде қалыптастыру үшін оқу орнында әлеуметтік өзара іс-әрекетке бейімдейтін білімгерлердің болашақ іс-әрекеті мен әлеуметтік өмірін қамтамасыз ету қажет.

Әлеуметтік-мәдени құзірет түрлі әлеумет пен мәдениеттің тілі. Нақты бір мәдени немесе әлеуметтік ахуалды контекстен тыс игеруге тырысу нақты анықтамалық жақтауын талап етеді. Қазіргі кездегі кең ауқымды әлеуметтік қарым-қатынастар және байланыстар, студенттердің дамуы кезінде игерілген күрделі әлеуметтік іс-әрекеттері білімгерлердің әлеуметтік тәжірибесіне әсер етеді, сондықтан әлеуметтік құзіреттілікті қалыптастыру заманауи өмір жағдайларын ескеруді талап етеді.

Әлеуметтік құзіреттілік кәсіби қызметпен бірге айналысатын, басқару кәсібінде қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білетін, қызмет етудегі кәсіпті басқару қабілеті. Бұл жерде білімгерлерді топтық, ұжымдық жұмыстар жасай алуға жұмылдыра келе, яғни жеке тұлғаның дамуына мән беру керек [9, б. 204].

Білім берудің әлеуметтік-мәдени мәні мен міндеті оқыту мен тәрбиелеудің адам, қоғам, мемлекет мүддесіне бағытталған үрдісі ретінде түсіндіріледі. Білімгерлердің әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдаланудың мәні мен мағынасы ашылып, олардың әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін арттыруда шешуші роль атқаратыны анықталды. Ұлттық құндылықтарын білімгерлердің әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастырудағы тәрбиелік, тағылымдық мүмкіндіктері жоғары екендігі, олар ұрпақ тәрбиесіне кешенді түрде әсер етіп, білімгерлердің әлеуметтік мәдени құзіреттілігінің қалыптасуына негіз болатыны айқындалды. Ұлттық құндылықтар негізінде әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыруда білімгерлерді кәсіби даярлау әдістерінің қажетті деңгейде қамтылуыда қарастырылады.

Білімгерлердің әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастырудағы оқытушы тарапынан жасалынатын педагогикалық қолдаудың мәні мынада: тұлғаның өз бойындағы мүмкіндіктерін өзінше іске асыруына мүмкіндік туғызу, үлгі өнеге болу, білім алушының кәсіби деңгейі мен мәдениеттілігінің жоғары болуы.

Білімгерлердің әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптасуы тәрбиенің барлық түрінің өзара байланысуы арқылы жүзеге асады: ақыл ой, адамгершілік, еңбек т.б. Сондай-ақ білімгерлерде ұлттық құндылықтар негізінде әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптасуыұлттық тәрбиенің қозғаушы күші ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер, ұлттық рух, ұлттық намыс, ұлттық абырой, ар, кісілік т.б.байланысты.

Әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктің негізгі құрамы болып табылатындар: әлеуметтік мәдени құзіреттілік жағдайына бейімделу,сырттағы адамдарды өзіне қарату, обьектінің жан дүниесін жаулап алу, сөздік мәдени құзіреттілікті іске асыру; эмоционалды және мазмұнды байланысты ұйымдастыру. Білімгерлердің әлеуметтік-мәдени құзіреттілігі дегеніміз болашақ кәсіп иелерінің халықтың рухани құндылықтарын түсінуі арқылы оларды құзіреттілікте қолдана алуымен анықталатын, кәсіби мәнді, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын құрайтын адамгершілік мәдени басқарушы іс-әрекеті.

Әлеуметтік-мәдени құзіреттілік қатысымдыққа жетелейтін құралдың бірі болып табылады. Әлеуметтік-мәдени құзіретті қалыптастыру басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба алу үшін сол елдің тілімен қоса, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін үйрену үшін қажет. Егер білімгерлердің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігі қалыптасып, практикалық тұрғыда жүзеге асырылса, онда білімгерлердің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін дамытудағы және сөйлеу мәдениетінің оқытудағы рөлі артып, білімгерлер сөйлеу мәдениетінің сапаларын жетілдіруге машықтанады. Өйткені білімгерлердің әлеуметтік-мәдени құзыретін қалыптастыру сөйлеу мәдениет ерекшеліктерін айқындап, дамытудың негізінде жүзеге асырылатын процесс болып табылады.

Қарым-қатынасқа түсуші адамның әлеуметтік-рухани және ұлттық ерекшелігінің мәнін білу ең маңызды болып табылады.Осы этнос мәдениетіндегі қайталанбас ерекшеліктердің тіл өкілінің сөзінде бейнеленуі тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Яғни, тілге тілдің мағыналық мазмұнына үйрету керек деген пікірмен келіспеуге болмайды, өйткені тіл мәдениетті толық түрде көрсететін бірден - бір құбылыс. «Мәдениетаралық – қатысымның» қалыптасу тарихын талдаудан көретініміз, «мәдениетаралық қарым–қатынас», «тіл – сана – мәдениет» деп аталатын бірлескен, негізі бар ғылым саласы екенін дәлелдейді.

Кез келген мәдениетаралық байланыстың қатысушысы бола тұра адамдар бір біріне ұқсамайтын басқа мәдениет өкілдерімен өзара әрекет етеді. Тіл ұлттық ерекшеліктер, қоғамдық жүріс–тұрыс нормалары, көзқарас айырмашылықтары қарым–қатынасты жүзеге асыруда қиындықтар тудырады. Оның

себебі, дүниені сезіну және оны қабылдау ерекшелігінде. Яғни, осындай мәдениетаралық қатысымдар тиімділігі өздігінен қалыптаспайды, оған мақсатты түрде үйренуге тура келетінін білуіміз керек. Оны жүзеге асырмас бұрын, жалпы мәдениетаралық қатысым ұғымын талдау қажеттілігі туындайды. Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің құндылықтар негізіболып технологиялық мазмұны мен ұйымдастырудың жолдарын қарастыру, іздестіру болып табылады. Студенттердің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін жоғарлату үшін қасындағы әңгімелесушілермен эмоционалды қатынас құруға мүмкіндік жасау керек.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің құрамы: құзыреттіліктің көп қырлылығы-біртұтастығын сақтай отырып түрлі мекемелерде байқалуы, әлеуметтігі- жоғары дәрежедегі мәдени құзыреттілігінің тұлғалық сипаты (әріптестері мен жолдастары арасындағы беделі), сонымен бірге қоғамдық ортадағы мәні, реттеушілігі-тұлғаның өзін-өзі реттеуі мен өзін-өзі тануына әлеуметтік мәдени құзыреттіліктің ықпалы, дарашылдық-шығармашылық даралыққа қалыптастыруды жүзеге асыру, үздіксіздік-субъектінің өзін дамытуға үнемі қажетсінуін және үздіксіз білім алуға тұлғалық ұмтылысы. Біз әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті үнемі қозғалыстағы, әрі ашық жүйе деп қарастырып отырғандықтан, үздіксіздік бұл жүйенің ең маңызды құрамы болып табылады.

1 Присяжная А.Ф.Содержание общего образования//компетентностный подход. - М.:Когнито-Центр, 2002. - 78 с.

2 Милорадова Н.Г. «Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация» - М.: Когнито-Центр, 2002. - 45 с.

3 Вишнякова С.М. Профессиональное образование: Словарь Ключевые понятие, термины, актуальная лексика. - М.: ИМЦ СПО, 1999. - 588 с.

4 Привалова И.В. Разнообразие подходов в развитие теоретических основ межкультурного общения, Вестник МГУ.Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация - 2004. №3. - 14 с.

5 Кулибаева Н.Д. Инновационная модель формирование международно-стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа. - Алматы, 2002. - 88 с.

6 Леонтович О.Теория межкультурной коммуникации в России: состояние и перспективы // Теория коммуникации и прикладная коммуникация. Вып.№1. 2002. - 115 с.

7 Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. - Алматы, 2011. - 58 б.

8 Халеева И.И. Интеркультура-третье измерение межкультурного взаимодействия. Актуальные пробл. Межкуль.коммун.Сб.науч.тр.-Москва:МГЛУ.1999.Вып.: 444.5. - 11 с.

9 Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам. Теория и практика. - М. Филоматис, 2007. - 204 с.

Резюме

Абдрахимова Г.Б. - к.ф.н., доцент кафедры «Профессиональной иноязычной коммуникации» КазНПУ им. Абая

Уалиева С.А. - магистрант 2 курса специальности 6М011900 - Иностранный язык: два иностранных языка

В данной статье рассматривается проблема формирования социально-культурной компетенции в межкультурной коммуникации. Авторы подробно раскрывают теоретическую сущность основных понятий «компетенция», «компетенция межкультурной коммуникации» и «социально-культурной компетенции». В контексте понятия «компетенция межкультурной коммуникации» определяют субкомпетенции в обучении иностранному языку. Формирование социально-культурной компетенции представляет собой целенаправленный процесс обучения, главным составляющим которого является непрерывность и динамичность, обеспечивающий развитие интеллектуально-познавательной и общекультурной сферы обучающихся.

Ключевые слова: компетенция, межкультурная коммуникация, межкультурно-коммуникативная компетенция, социокультурная компетенция и субкомпетенции.

.

Summary

Abdrakhimova G.B. – Candidate of philological science, associate professor of the chair of professionall foreign language communication, KazNPU named after Abai

UalijewaSaule – 1st course master of specialty of 6M011900 Foreign language: two foreign languages

This article focuses on the socio-cultural competence in intercultural communication

This article considers the problem of formation of socio-cultural competence in intercultural communication. The authors detail reveal the theoretical nature of the basic concepts of "competence", "intercultural competence" and "socio-cultural competence." In the context of the concept of "intercultural competence" is defined subkompetentsii in learning a foreign language. Formation of socio-cultural competence is a focused learning process, the main constituent of which is continuity and agility, providing the intellectual and cognitive development, and general cultural sphere of students.

Keywords: competence, intercultural communication, intercultural communicative competence, social and cultural competence and subkompetentsii.

УДК 376.1

ОСОБЕННОСТИ ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ РАБОТЫ ПРИ МОТОРНОЙ АФАЗИИ В ПОСТИНСУЛЬТНЫЙ ПЕРИОД (БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР)

Байчинов Р.Т. – *ВКГУ им. С.Аманжолова, магистрант 2-курса по специальности 6М010500 «Дефектология» rauan.b_1991@mail.ru*
Коккозева К.Ш. – *к.п.н, доцент ВАК РК, ВКГУ им. С.Аманжолова, кафедра психологии и коррекционной педагогики kokkozevak@mail.ru*

Данная статья представляет собой библиографический обзор об особенностиях логопедической работы с моторной афазии. В первую очередь, в работе обосновывается актуальность выбранной проблемы, что реабилитация после инсульта – это длительный и непрерывный процесс, который не ограничивается сроками госпитализации больных в стационарах. Кроме того, указывается на необходимость логопедической помощи после выписки из центра реабилитации. Так как в статье представлен библиографический обзор, то дан анализ работ таких ученых, как: Н.А. Бернштейна, П.К. Анохина А.Н. Леонтьева, И.П. Павлова, П. Брока, К. Вернике, А.Р. Лурия, Л.С. Выготского, Н.И. Жинкина, Т.Г. Визель, Э.С. Бейн, Л.С. Цветковой, В.М. Шкловского, Е.Д. Хомской, Т.В. Ахутиной, Ж.М. Глозмана.

Указаны работы ряда ученых, в которых разработаны и описаны основные принципы структурно-функциональной организации психических процессов, механизмы и факторы, лежащие в основе их построения, речевые синдромы, возникающие при поражении головного мозга, методы и способы преодоления расстройств речевой и других высших психических функций (ВПФ). Поэтому проблема афазии достаточно полно разработана, включая раздел логопедической работы. Дан обзор работ классиков неврологии (P. Broca, K. Wernice и др.), нейропсихологов современности А.Р. Лурия и его последователей (Е.Д. Хомская, Л.С. Цветкова, В.М. Шкловский, Т.В. Ахутина, Ж.М. Глозман, Т.Г. Визель и др.), которые разработали методологию и инструментарий изучения и преодоления данного вида патологии речи.

Ключевые слова: афазия, моторная афазия, логопедическая работа.

Согласно мировой статистике, восстановление речи после инсульта является актуальной проблемой на сегодняшний день. С каждым годом растет число больных, перенесших инсульт, черепно - мозговую травму, операци на головном мозге.

Инсульт, как известно – это острое нарушение коронарного кровообращения. А также определяется как клинический синдром, характеризующийся часто возникающими жалобами или симптомами утраты функций мозга (очаговых и иногда общемозговых), длящимися дольше 24 ч или приводящими к смерти без иной явной причины, кроме сосудистой патологии. Причинами инсульта, как указывают исследователи, являются инфаркт головного мозга (ишемический инсульт), первичное внутримозговое кровоизлияние (геморрагический инсульт), внутрижелудочковое кровоизлияние (САК).

Реабилитация после инсульта - это длительный и непрерывный процесс, который не ограничивается сроками госпитализации больных в стационарах.

В первые 6 месяцев после инсульта происходит в основном восстановление двигательных функций, и в этот период наиболее эффективно проведение интенсивной двигательной реабилитации. Реабилитация больных с афазией должно быть более длительным и проводиться в течение первых 2-3 лет после инсульта. Для осуществления систематической реабилитации наиболее эффективна трехзвеньевая схема поэтапного восстановительного лечения: реабилитация начинается во время пребывания больных в отделении для лечения острых нарушений мозгового кровообращения, куда они доставляются машиной скорой помощи; затем она продолжается в реабилитационном отделении той же больницы или в реабилитационном центре, из которого через 1-2 месяца пациенты выписываются на амбулаторное восстановительное лечение или реабилитационный стационар. Для больных с тяжелыми двигательными дефектами и афазией показаны повторные курсы лечения в реабилитационном центре.

Комплексность реабилитации состоит в использовании не одного, а системы методов, направленных на преодоление дефекта. При двигательных нарушениях комплекс реабилитации включает различные методы кинезотерапии (пассивную и активную гимнастику, обучение ходьбе и навыкам самообслуживания, биоуправление с обратной связью), электростимуляцию, бытовую реабилитацию с элементами трудотерапии (в крупных реабилитационных центрах), методы, направленные на снижение спастичности. При речевых нарушениях необходимы регулярные занятия с логопедом-афазиологом по восстановлению речи, письма, чтения и счета.

К сожалению, после выписки из центра реабилитации, организация логопедической помощи уходит много времени и сил. Преимущество ранней реабилитации у пациентов с афазией доказано уже давно, поэтому только грамотная профессиональная помощь будет залогом успеха в восстановлении речи.

Как известно, нарушения мозгового кровообращения нередко оставляют дефекты, приводящие больных к инвалидности – спастические парезы, нарушения координации, афазии. Преодоление этих дефектов и реабилитация таких больных представляют известные трудности и требуют упорной работы как специалистов по восстановлению, так и самих больных.

Речь, по определению ученых, является комплексной функцией головного мозга и главным средством общения. Расстройства речи в виде афазий возникают при поражении, так называемых, речевых зон мозга, расположенных в заднем отделе нижней лобной извилины, в верхней височной извилине, нижней теменной доле и на стыке теменной, височной и затылочной областей доминантного полушария. Афазии обычно связаны с агнозиями, апраксиями и другими сложными нарушениями высших корковых функций (А.Р.Лурия, 1947, 1968, 1973).

Во многих источниках отмечается, что афазия (от греч. фазис – речь, а – отрицание) – это нарушение речевой деятельности, возникающее при органических поражениях левого (у правшей) полушария, не связанное с двигательными дефектами речевой мускулатуры или нарушениями элементарного слуха.

В исследованиях неврологов часто встречается, что афазия возникает примерно в трети случаев острых нарушений мозгового кровообращения, наиболее часто наблюдается афферентная моторная афазия. Афферентная моторная афазия возникает при поражении вторичных зон постцентральных и нижнетеменных отделов коры головного мозга, расположенных сзади от центральной или роландовой борозды.

По мнению афазиологов, логопедическая работа основана на одном из самых важных свойств головного мозга – способности к компенсации. Для восстановления нарушенных функций используются как прямые, так и обходные компенсаторные механизмы. Прямые растормаживающие методы работы в основном используются в инициальной стадии заболевания и рассчитаны на активизацию резервных внутрифункциональных возможностей. Это предполагает выход нервных клеток из состояния временного угнетения, связанного, как правило, с явлениями охранительного торможения. Обходные методы подразумевают компенсацию на основе перестройки самой нарушенной функции благодаря межфункциональным перестройкам. Иначе говаря, восстановительный эффект достигается за счет введения новых, «обходных» способов выполнения тех или иных речевых или гностико-праксических операций – как внутри одного анализатора, так и с привлечением других неповрежденных анализаторов [1].

Проблема афазии достаточно полно разработана, включая раздел логопедической работы. Классиками неврологии (P. Broca, K. Wernice и др.), затем выдающимся нейропсихологом современности А.Р. Лурия и его последователями (Е.Д. Хомская, Л.С. Цветкова, В.М. Шкловский, Т.В. Ахутина, Ж.М. Глозман, Т.Г. Визель и др.) выработана методология и инструментарий изучения и преодоления данного вида патологии речи. Большой вклад внесен также исследователями и практиками (В.К. Орфинская, В.М. Коган, В.В. Оппель, М.К. Бурлакова, М. Критчли, И.М. Тонконогий и др.).

Рядом ученых были разработаны и описаны основные принципы структурно-функциональной организации психических процессов, механизмы и факторы, лежащие в основе их построения, речевые синдромы, возникающие при поражении головного мозга, методы и способы преодоления расстройств речевой и других высших психических функций (ВПФ). Содержание логопедической работы больных с афазией основаны на фундаментальных работах Н.А. Бернштейна, П.К. Анохина А.Н. Леонтьева, И.П. Павлова, П. Брока, К. Вернике, А.Р. Лурия, Л.С. Выготского, Н.И. Жинкина, Т.Г. Визель, Э.С. Бейн, Л.С. Цветковой, В.М. Шкловского и других.

В логопедической практике по преодолению афазии используются общие дидактические принципы обучения (наглядность, доступность, сознательность и т. п.), однако в связи с тем, что восстановление речевых функций отличается от формирующего обучения, что высшие корковые функции уже говорящего и пишущего человека организованы несколько иначе, чем у начинающего говорить ребенка (А.Р. Лурия, 1969, Л.С. Выготский, 1984), при разработке плана коррекционно-педагогической работы следует придерживаться следующих положений:

1. После завершения обследования больного, логопед определяет, какая область второго или третьего «функционального блока» мозга больного пострадала в результате инсульта или травмы, какие области

мозга больного сохранены: у большинства больных с афазией оказываются сохранными функции правого полушария; при афазиях, возникающих при поражении височной или теменной долей левого полушария, прежде всего используются планирующие, программирующие и контролирующие функции левой лобной доли, обеспечивающие принцип сознательности восстановительного обучения. Именно сохранность функций правого полушария и третьего «функционального блока» левого полушария позволяет воспитать у больного установку на восстановление нарушенной речи. Продолжительность логопедических занятий с больными при всех формах афазии составляет два-три года систематических (в стационаре и амбулаторно) занятий. Однако нельзя информировать больного о столь долгом сроке восстановления функций речи.

2. Выбор приемов коррекционно-педагогической работы зависит от этапа, или стадии восстановления речевых функций. В первые дни после инсульта работа ведется при относительно пассивном участии больного в процессе восстановления речи. Используются методики, растормаживающие речевые функции и предупреждающие на раннем этапе восстановления такие речевые расстройства как аграмматизм типа «телеграфного стиля» при эфферентной моторной афазии и обилие литеральных парафазии при афферентной моторной афазии. На более поздних этапах восстановления речевых функций больному объясняется структура и план занятий, даются средства, которыми он может пользоваться при выполнении задания и т.п.

3. Коррекционно-педагогическая система занятий предполагает такой выбор приемов работы, который позволил бы либо восстановить первично нарушенную предпосылку (при ее неполной поломке), либо реорганизовать сохранные звенья речевой функции. Например, компенсаторное развитие акустического контроля при афферентной моторной афазии – это не просто замещение нарушенного кинестетического контроля акустическим для восстановления письма, чтения и понимания, а развитие сохранных периферийно расположенных анализаторных элементов, постепенное накопление возможности их использования для деятельности дефектной функции. При сенсорной афазии процесс восстановления фонематического слуха осуществляется путем использования сохранной оптической, кинестетической, а главное, смысловой дифференциации слов, близких по звучанию.

4. Независимо от того, какая первичная нейропсихологическая предпосылка оказывается нарушенной, при любой форме афазии ведется работа над всеми сторонами речи: над экспрессивной речью, пониманием, письмом и чтением.

5. При всех формах афазии восстанавливается коммуникативная функция речи, развивается самоконтроль за ней. Лишь при понимании больным характера своих ошибок можно создать условия для его контроля за своей речью, за планом повествования за коррекцией литеральных или вербальных парафазии и т. п.

6. При всех формах афазии ведется работа над восстановлением словесных понятий, включением их в различные словосочетания.

7. В работе используются развернутые внешние опоры и постепенная их интериоризация по мере перестройки и автоматизации нарушенной функции. К таким опорам относятся при динамической афазии схемы предложения и метод фишек, позволяющие восстанавливать самостоятельное развернутое высказывание, при других формах афазии — схема выбора способов артикуляции при произвольной организации артикуляторных укладов фонем, схемы, используемые для преодоления импрессивного аграмматизма [2].

По мнению афазиологов, динамика восстановления нарушенных речевых функций зависит от места и объема очага поражения, от формы афазии, сроков начала восстановительного обучения и преморбидного уровня больного.

Поэтому, логопедическая работа проводится по специальной, заранее разработанной программе. Программа должна включать определенные задачи и соответствующие им методы работы, дифференцированные в зависимости от формы афазии, степени выраженности дефекта, этапа заболевания, индивидуальных особенностей нарушений речи.

В исследованиях ученых, программа логопедической работы строится с соблюдением принципа системности. Это значит, что логопедическая работа должна вестись над всеми сторонами нарушенной функции, а не только над теми, которые пострадали первично.

Отметив исследования нейропсихологов, необходимо также строго учитывать особенности каждого конкретного случая заболевания, а именно индивидуальные свойства личности больного, тяжесть соматического состояния, условия жизни и.т.д.

Кроме того, также особо отмечается, что логопедическая работа прежде всего должно быть направлена на восстановление коммуникативных способностей больных. Необходимо вовлечение больного в общение не только на занятиях, но и в семье, а также в общественных местах.

Таким образом, по традиционной методике рассматривается типовые программы логопедической работы при разных формах афазии, дифференцированные в зависимости от степени выраженности речевого дефекта. У одних больных, составляющих большинство, грубость расстройства речи определяется стадией восстановительного периода; у других – дефект остается грубым и на поздних стадиях восстановления.

Исходя из выше изложенного материала, можно охарактеризовать систему логопедической работы при моторной афазии. В специальной литературе В.М. Шкловский, Т.Г. Визель рассматривают стадии логопедической работы при моторной афазии и выделяют следующее:

1) Стадия грубых расстройств:
- преодоление расстройств понимания ситуативной и бытовой речи;
- растормаживание произносительной стороны речи;
- стимулирование простых коммуникативных видов речи;
- стимулирование глобального чтения и письма.

2) Стадия расстройств средней степени выраженности:
- преодоление расстройств произносительной стороны речи;
- восстановление и коррекция фразовой речи;
- работа над семантикой слова;
- восстановление аналитико-синтетического письма и чтения.

3) Стадия легких расстройств:
- дальнейшая коррекция произносительной стороны речи;
- формирование развернутой речи, усложненной по смысловой и синтаксической структуре;
- дальнейшая работа по восстановлению смысловой структуры слова;
- работа по осмыслению сложных логико-грамматических оборотов речи;
- дальнейшее восстановление чтения и письма [3].

Специализированная логопедическая помощь больным с этим нарушениям составляет одно из основных направлений нейрореабилитации. От того, насколько своевременно и грамотно будет проведена логопедическая работа, зависит конечный реабилитационный эффект. Объясняется это, прежде всего тем, что логопедическая помощь входит в комплекс мероприятий по созданию особых условий для выхаживания больных с нарушениями речи, способствует возвращению пациента к активной жизни.

Таким образом, мы видим, что достаточно работ по данной теме, опора на которые даст нам возможность улучшить практическую работу логопеда.

1 Бейн Э.С. Афазия и пути ее преодоления. - Л.:Медицина, 1964. - 235 с.
2 Визель Т.Г. Как вернуть речь. ТЦ Сфера, В. Секачев, 2005.
3 Шкловский В.М., Визель Т.Г. Восстановление речевой функции у больных с разными формами афазии. – М.: В. Секачев, 2014. - 96 с.

Түйіндеме

Байчинов Р.Т. – С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, 6М010500 «Дефектология» мамандығының 2-курс магистранты
Коккозева К.Ш. – п.ғ.к., ҚР ЖАК доценті, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің психология және коррекциялық педагогика кафедрасы

Инсульттен кейінгі моторлы афазия кезіндегі логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері (библиографиялық шолу)

Аталған мақала моторлы афазия кезіндегі логопедиялық жұмыстың ерекшеліктеріне библиографиялық шолуға негізделген. Бірінші кезекте, жұмыс аталған тақырыптың өзектілігіне негізделеді, яғни инсульттен кейін оңалту - стационарда науқастарды госпитализациялау уақытымен шектелмейтін өте ұзақ және үздіксіз үрдіс. Бұдан басқа, оңалту орталығынан шыққаннан кейін де науқастар логопедиялық жұмысты қажет ететіні нақты көрсетілген. Мақалада библиографиялық шолу ұсынылғандықтан, Н.А. Бернштейн, П.К. Анохин, А.Н. Леонтьев, И.П. Павлов, П. Брока, К. Вернике, Л.С. Выготский, Н.И. Жинкин, Т.Г. Визель, Э.С. Бейн, Л.С. Цветкова, В.М. Шкловский, Е.Д. Хомская, Т.В. Ахутина, Ж.М. Глозман сияқты ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынған.

Көптеген ғалымдардың психикалық үрдістердің құрылымдық-қызметтік ұйымдасуының, олардың құрылуының негізінде жатқан механизмдері мен факторларының негізгі принциптері, бас миының зақымдануынан пайда

болатын сөйлеу синдромдарының, сөйлеу және басқа да жоғарғы психикалық функциялардың бұзылыстарын жою әдістері мен жолдары өңделген және сипатталған еңбектері көрсетілген. Сондықтан афазия мәселесі, логопедиялық жұмыспен қоса жеткілікті зерттелген. Классик-неврологтармен (P. Broca, K. Wernice т.б.), одан кейін атақты нейропсихологтармен (А.Р. Лурия, Е.Д. Хомская, Л.С. Цветкова, В.М. Шкловский, Т.В. Ахутина, Ж.М. Глозман, Т.Г. Визель т.б.) аталған сөйлеу патологиясының түрін жою және зерттеу құралдары мен методологиясы өңделген. Зерттеушілермен және практиктермен де көптеген үлес қосылған (В.К. Орфинская, В.М. Коган, В.В. Оппель, М.К. Бурлакова, М. Критчли, И.М. Тонконогий т.б.), яғни аталған сөйлеу тілінің патологиясын зерттеудің және жоюдың әдіснамасы мен құралдары өңделген.

Түйін сөздер: афазия, моторлы афазия, логопедиялық жұмыс.

Summary

R. Baichinov, K. Kokkozeva – S. Amanzholov East Kazakhstan State Universite. Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan.

The features of logopedic work with motor aphasia at the period after an apoplectic attack (a bibliographic review)

This article is a bibliographic review about peculiarities of speech therapy work with eisodic motor aphasia. First of all, actuality of the chosen problem is grounded, that a rehabilitation after a stroke is a protracted and continuous process that is not limited to the terms of hospitalization of patients in permanent establishments. In addition specified a necessity to the speech therapy help after the release from the center of rehabilitation. Since a bibliographic review is presented in the article, it gives the analysis of works of such scientists, as N.A. Bernshtain, P.K. Anohin, A.N. Liontiev, I.P. Pavlov, P. Broca, K. Wernice, A.R. Luria, L.S. Vygodsky, N.I. Zhinkina, T.G. Vizel, E.S. Bein, L.S. Svetkova, V.M. Shklovsky, E.D. Homskaya, T.V. Ahutina, ZH.M. Glozman.

The article studies a number of publications by scientists, who worked out and described basic principles of structural-functional organization of psychical processes, mechanisms and factors, being the basis of their construction, speech syndromes arising as a result of a cerebral affection, means and methods of overcoming the disorders of speech and other higher psychical functions. The problem of aphasia is worked out full enough, therefore includes the division of speech therapy work. The article gives an overview of works by the classics of neurology (Broca, K. Wernice and other) and a prominent psychologist of contemporaneity A.R. Luria and his followers (E.D. Homskaya, L.S.Svetkova, V.M. Shklovsky, T.V. Ahutina, ZH.M.Glozman, T.G. Vizel of and other) and analyzes works by researchers and practices (of V.K. Orfinskaya, V.M. Kogan, V.V. Oppel, M.K. Burlakova, M. Kritchli, I.M. Tonkonogyi of and other.

Keywords: aphasia, motor aphasia, logopedic work.

УДК 37.02

ЛОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Билялова Ж.Т. – *п.ғ.к., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушы,*
Абыканова Б.Т. – *п.ғ.к., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры,* bakitgul@list.ru
Садирбекова Д.Қ – *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінінің 2 курс Phd докторанты,* diko82-@mail.ru

Бұл мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығы, кеңінен алғанда, білім берудің бірінші кезекте жалпы білім беруді, көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады. Мақалада, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық жолдары талданды, математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізгі принциптері мен қажетті шарттары көрсетілді.

Түйін сөздер: Математикалық мәдениет, логикалық мәдениет, логикалық сауаттылық.

Елімізде болып жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени-этникалық, политехникалық білім берудегі өзгерістер халыққа білім беру мен тәрбие ісінің мазмұнын түбегейлі өзгертуді қажет етіп отыр. Бүгінгі өмірді жалғастырушы ұрпақ бұл қоғамнан өзінің келешегіне не алады деген сұраққа жалпы қоғам болып жауап іздестіруде.

Қазақстан Республикасының білім туралы заңында: «Білім беру-бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие мен оқытудыңүздіксіз процесі»-деп жазылған.

Ойлау, философиялық тұрғыдан, басқа ұғымдар арқылы дәл анықтау мүмкін емес, алғашқы ұғым деп қарастырылады. Сондықтан ойлау ұғымына талдау жасағанда ұғымның интуициялық түсінігі қолданылады. Оның интуициялық айқындылығын Р.Декарт былайша түсіндіреді: «Ойлаймын, демек, өмір сүріп жатырмын». *Ойлау үш деңгейлі құрылымға ие:* 1) интуиция; 2) ес; 3) ақыл.

Тек қана интуициямен шектелген ойлау ирраціоналды деп аталады. Интуиция еспен толықтырылған жағдайдағы ойлау интеллектуалдық деп аталады. Интуиция тек еспен ғана емес, ақылмен де толықса, онда үшеуі бірге қосылғандағы ойлау тиімді болып табылады, ол өте мүлтіксіз ойлау болып табылады. Ойлаудың бұл үш түрінің арасындағы байланысты И. Кант былайша бейнелеп көрсетеді: «Біздің әр біліміміз алдымен сезінуден басталады, содан соң еске өтеді және ақылмен бекітіледі, біздің өн бойымызда ой толғаныстарымызды өңдейтін және оларды біріктіруге алып келетін одан жоғары ешбір нәрсе жоқ» [1, 340 б].

*Нәтижеге бағдарланған білім моделі бойынша білімнің мәні оқушының өмір қажетін өтеуінде екені анық. Бұл тұрғыдан алғанда ойлау мәдениеті мектеп түлегі міндетті түрде меңгеруі тиіс білім мен біліктің түпкі нәтижесі болып саналады. Сондықтан о*йлаудың логикалық мәдениетін дамытуды оқытудың маңызды мақсаттарының бірі деп қабылдау керек. Бұл ұғым, біріншіден, логикалық ойлау ұғымымен байланысты, екіншіден, «математикалық мәдениет» ұғымымен байланысқан. Логикалық мәдениет - өте кең ұғым, ол қатаң логикалық құрылыммен сипатталатын бірқатар компоненттерді қамтиды.

Оймен нәтижелі жұмыс жасаудың тиімділігі, шын мәніндегі биік мақсаттарға қол жеткізетін қабілеттіліктің болуы, көп жағдайда логикалық сауаттылық деңгейіне байланысты болады.

Логиканы белсенді түрде қолдана білгенде ғана оқушылар мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адамдар қызметінің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғалық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алады. Бұл функционалдық сауаттылықты дамытудағы PISA шеңберінде қарастырылатын жасөспірімдердің білімін бағалау талаптарына толықтай сәйкес келеді. PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық. Зерттеу айналым бойынша (үш жылда бір рет) жүргізіледі. Әрбір айналымда функциялық сауаттылықтың қандай да бір түріне ерекше назар аударылады. Жалпы функционалдық сауаттылықты дамытудың мақсаты, адам баласының жинақталған әлеуметтік тәжірибесі негізінде, әр алуан танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыру мақсатымен біртұтастықта қарастырылып отыр. Танымдық әрекеттер жекелеген оқу пәндерінің сипатына сәйкес өзіндік ерекшеліктері бойынша және кез-келген пәнді оқытуда қолданылатын ортақ іс-әрекеттер болып бөлінеді. Дербес жағдайда, логикалық ойлау әрекеттері осы ортақ танымдық іс-әрекеттерге жатады.

Өзінің кең ауқымды әлеуетіне сәйкес логикалық дұрыс ойлау кез-келген пәннің материалы арқылы қалыптасуы мүмкін. Алайда, мейлінше қатаң және логикалық түрдегі құрылымымен, логикалық заңдылықтарға бағынуымен ерекшеленетін математика пәні логикалық ойлау әрекеттерін қалыптастыруда тиімді және мойындататын артықшылықтары бар пән деп саналады. *Өйткені мектепте оқушының математикадан меңгеретін білімдері логикалық ойлау дағдыларын қалыптастырудың базасы қызметін атқарғанда ғана, бұл пән оның өміріне қажетті іскерлік дағдыларды дамытудың, яғни функционалдық сауаттылықты дамытудың құралына айналады.*

«Логикалық мәдениет» ұғымын көптеген авторлар түрліше түсіндіреді, бірақ барлығының анықтауында ортақ негізгі белгілер жиі кездеседі. Бұл мәселені толық зерттеуге математиканың әдістемесі саласындағы мамандар И.Л. Никольская, А.Д. Семушин, А.А. Столяр, А.И. Фетисов және т.б.жұмыстары арналған. Логикалық сауаттылық ұғымын тұжырымдаған және енгізген И.Л.Никольская болатын. Ол логикалық мәдениетті, сауаттылықты «әр адамға, оның немен айналысатынына байланыссыз, қажет болатын логикалық білім мен біліктің кейбір минимумы сияқты және ол орта білімі бар әркімде де бар болуы ықтимал» деп түсіндіреді [2,7б]. Оның тұжырымдауынша, логикалық сауаттылық – оқушылардың ойлауының логикалық мәдениетін қалыптастырудың және дамытудың қажетті шарты болып табылады.

Логикалық сауаттылық мәселесіне, нақты пәндік салаға байланысты білімді меңгерудің ерекшеліктеріне қарай логикалық ойлауды қалыптастыру мәселелеріне арналған жұмыстар баршылық. Олар: тарихтан – А.В. Ефимов, А.З. Редько, орыс тілінен – В.А. Добромыслов, химиядан – В.Ю. Ходаков, ботаникадан – Е.И. Мануйлова және басқалары. Ал К.О. Ананченко, М.В. Волович, М.Е. Драбкина, Н.Д. Мацько, И.Л. Никольская, Т.А. Кондрашенкова, А.А. Столярдың еңбектері жоғары сынып оқушыларының логикалық ойлауын математиканы оқыту барысында дамыту мәселесіне арналған.

Математиканы оқыту процесінде оқушылардың логикалық ойлауын дамыту мәселесін зерттеуге Б. Баймұханов, Д. Рахымбек, М. Есмұхан, А.М. Мұбараков және т.б. қазақстандық ғалым-әдіскерлер де қомақты өз үлестерін қосты.

С. Алихановтың, Р. Вафаевтың, Ю.М. Колягиннің, М.И. Моро мен А.М. Пышкалоның, т.б. зерттеулерінде оқушылардың логикалық ойлау мәдениетін тәрбиелеудің негізгі әдістемелік жағдайлары қарастырылған.

А.Я. Хинчин логикалық ойлауды дамытудың қажеттілігі бұлтартпас мәселе деп қарастырды және ойлаудың логикалық мәдениетін қалыптастыру және ойлаудың ерекше стилін дамыту математиканы оқытудың ең маңызды мақсаттары деп есептейді: «егер осы ойлаудың айрықша стилін «қандай да бір басқа ғылымның өкілі немесе басқа қызметкер түсініп-меңгеретін болса, ол оның жеке ойлау қабілетіне әжептәуір көмегін тигізіп қоймай, еңбектерін шәкірттері мен қолдаушыларының ұғына білуіне де ықпалын тигізеді» [3, 140 б].

А.Я. Хинчиннан басқа, логикалық мәдениетті дамыту мәселесін Б.В. Гнеденко, Н.Я. Виленкин, Г.В. Дорофеев, Д. Пойа, Х. Фройденталь және т.б. ғалым-математиктер зерттеді. Б.В. Гнеденко: «Дұрыс ойлай білу, алғышарттарды талдауларға сүйеніп ой қорыту білігі болуы талабы ғалымға, дәрігерге, инженерге де қойылады, сол сияқты жұмысшы мамандығы өкіліне де одан кем дәрежеде талап қойылмайды» деп айтқан [4, 9 б].

Н.Я. Виленкиннің және т.б. пікірі бойынша, оқушылардың логикалық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру үшін математиканы оқытуда ойлау әрекеттерін дамыту мәселесі басты мәселе болуы тиіс және олар келесідей нақты ақыл-ой әрекеттері дағдыларын үйренуді қарастыруы тиіс:

«1) белгілі құралдар көмегімен берілген мақсатқа жету үшін қажетті әрекеттердің құрылымын жоспарлай білу;

2) объектілер мен жүйелерді сипаттау үшін ақпараттық құрылымдар тұрғыза білу;

3) объектілер мен жүйелерді сипаттау үшін қажетті мәліметтерді іздестіруді ұйымдастыра білу;

4) өз ойын түсінікті, айқын және бірмәнді түрде дұрыс жеткізе білу және мәтіннің мағынасын дұрыс түсіне білу» [5, 214 б].

Бұл дағдылар базис болып табылады да, оның негізінде ойлауды қалыптастыру және дамыту мүмкін болады.

Оқытуда интуициялық ойлауды дамыту мен қабілеттіліктің маңыздылығы ешқашан өзгеріске ұшырамайды. Оқу пәндерінің мазмұндық аспектілеріне назар аудара отырып, Г.Фройденталь былай деп жазады: «...ешбір оқу материалы жайында, балаларға дәл осы материал керек пе, әлде керек емес пе, оны біз білмейміз. Алайда, әйтеуір мына бір құндылыққа оларды үйрететініміз анық: білімді қалай меңгеруге болатынына» [6, 51 б]. Ол математиканы барлық адамдардың өз тәжірибесінде қолдануы үшін қажетті құрал ретінде қарастырады.

-модельдеу бағдарламасын орындау процесінде дисплей экранында жеткілікті мөлпіерде мәтіннің болуы, ол оқушыға бағдарлама жұмысының мақсаттары мен тәсілдері жөнінде ақпарат береді және жұмысты оқушының толық тәуелсіздігі жағдайында, яши ешқандай сыртқы көмексіз және баспа материалын пайдаланбай-ақ атқаруына мүмкіндік туғызады.

Сурет 2 – атом ядросының физикасы курсына арналған электрондық оқулықтың көрінісі.

Сурет 3 – атом ядросының физикасы курсына арналған электрондық оқулықтың анимациялық бөлімі.

Электрондық оқулыққа БҒМ тарапынан авторлық куәлік алынып, Түркістан қалалық жалпы орта мектептерге таратылды, сонымен қатар Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-не, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-не «физика» кафедраларының оқу үдерісіне ендірілді.

Зерттеу жұмысымыздың барысында жүргізілген сауалнамалардан аталған электрондық оқулықты пайдалану білім алушылардың физика пәніне деген қызығушылықтарын арттырғандығын көрсетті.

Практика көрсеткендей, берілген электрондық оқулықпен жұмыс істеу студенттерге[6] берілген пәнге терең қызығушылықтың дамуына, физикалық құбылысты толықтай түсінуге ықпалын тигізеді, яғни оқытудың классикалық сұлбасын толықтыра түседі. Қарастырылатын бағдарламалық өңдеулердің алдына келесі есептер қойылды: негізгі физикалық заңдарды, олардың логикалық және себеп-салдар байланыстарын түсінуге; әр түрлі физикалық сипаттамалардың өзара байланысын орнатуға, объекттің табиғи тәртібі, аналитикалық тәуелділіктер мен олардың графикалық бейнелеуімен арасындағы сәйкестікті орнатуға мүмкіншілік жасау болып табылады. Компьютерлік технология физикалық объектілер, процестер мен эффекттердің математикалық модельдерімен еркін манипуляциялардың мүмкіндіктеріне ие болатын интерактивті орта болып есептелінеді.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе алынған мынадай ғылыми нәтижелерге тоқталайық:

- атом ядросының физикасын оқытуда компьютерлік бағдарламаларды пайдаланудың бағыттарын айқындадық;
- «атом ядросының физикасы» атты электрондық оқулық жасалынды және оқу үдерісіне ендірілді;
- аталған электрондық оқулықты оқу үдерісінде пайдаланудың нәтижесі бойынша сауалнамалар жүргізіліп, оның екрекшеліктері айқындалды.

Сонымен, осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыра отырып, оқушылар мен студенттер элементарлық объектілердің модельдерін конструкторлық материалдар ретінде қолданыла алады, мысалы дайын сұлбалардың көмегімен зертханалық жұмыстарды орындаумен бірге, күрделі жүйелер модельдерін құра отырып, комплектілі бөлшектерден жаңа сұлбаларды құрастыра және модельдерді модификациялай алады.

Оқыту үдерісіне компьютерді енгізу физикалық құбылыстардың өңделген модельдері, яғни виртуальдық модельдеу негізінде демонстрациялық қана емес, сонымен бірге зерттеушілік-конструкторлық жұмыстарды орындауға болады. Шынында, көлемі күннен-күнге артатын ақпарат пен сапалы және терең білімді қамтамасыз ету арасында, маманды көп кәсіпті даярлауға есептелінген ақпараттық ортаны құру мен әдістемелік қамсыздануды жоқтылығы арасында, білімнің іргелі және қолданбалы есепке есептелінген мамандардың көп қырлы, кәсіптік қызығушылығы арасында пайда болған қарама-қайшылықтарды жеңу үшін реалды шешу жол болып табылады.

1 Becker H. J. How are teachers using computers in instruction. Paper presented at the Annual Meeting of the American Educational Research Association, Seattle, WA. – 2001, april.

2 Prather E., Rudolph A., Brissenden G.,Using Research to Bring Interactive Learning into General Education Mega-Courses. // Peer Review. *– 2011. – №13. – 44 p.*

3 Молдабекова М. С., Поярков И. В., Федоренко О. В., Асембаева М. К. Лабораторный практикум по метрологии в подготовке специалистов // Физическое образование в вузах. – Изд. Дом Московского Физич. общества. ИФ РИНЦ, 2013. – Т. 19, – №2. – 5с.

4 Жумадиллаев К. Н. Физикалық тәжірибелерді виртуальды компьютерлік модельдеу. – Алматы, 2002.

5 Косов В. Н., Красиков С. А. Компьютерное моделирование на уроках физики. – Алматы, 2001. – 194 с.

6Раманкулов Ш. Ж., Беркімбаев К. М., Сарыбаева А. Х., «Физика» мамандығы студенттерінің кәсіби даярлығын жетілдіруде ақпараттық –компьютерлік моделдеуді қолдану ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. - Алматы, 2014. – №4(44). – Б. 8-12.

Резюме

Турмамбеков Т.А. – д. ф.м., профессор,
Раманкулов Ш.Ж. – PhD – доктор,
Шектибаев Н.А. – докторант 3 курс,
Досымов Е. – магистр,
Беркинбаев М. – докторант 2 курс.,
Мадиярова А.Ж – магистрант, Международный казахско-турецкий университет им. Х. Яссауи

Эффективность применение электронных ресурсов в обучении физики атомного ядра

В настоящее время одним из основных цели общее образовательных организаций является эффективное использования информационные технологий для развитий компетентности будущих специалистов. По этой цели, авторы статьи предлагают в процессе обучения «Атомной и ядерной физике» использование электронных ресурсов. Большинство школьники и даже студенты обучающися по специальности физика затрудняется в

объяснении квантовых явлений. Для устронения этих недостатков авторы статьи создали компьютерные моделии по решебник задач и модели демонстрационных работ по предмету «Атомной и ядерной физике». В данной статье авторы излагают методику пременения и использования анимационных компьютерных моделей по разделу "Атомной и ядерной физике" в процессе обучения курса общей физики. Результат нашей исследовательской работы показывает актуальность развития профессиональной компетентности обучающихся.

Ключевые слова: атомное ядро, электронные ресурсы, учебный процесс, школьный курс физики.

Summary

T.A. Turmambekov – professor, doctor,
Sh. Ramankulov – PhD doctor,
N. Shektibaev- doktoral
E. Dosymov – master, M. Berkinbaev- doktoral
A. Madiyarova – master Kh. A. Yasawi International kazak-turkish university

The effectivenss of the use of electronic resources in teaching physics of the atomic nucleus

Currently, one of the main goals of the General education organizations is the effective use of information technology for the development of competence of future specialists. For this purpose, the authors suggest in the learning process, "Atomic and nuclear physics" the use of electronic resources. Most students and even students obuchayuschie majoring in physics is at a loss to explain quantum phenomena. For ustraneniya these drawbacks, the authors have created a computer model construction and model on reshebnik task and model demonstration, on the subject "Atomic and nuclear physics". In this article, the authors describe the technique of handling and using animated computer models in the section "Atomic and nuclear physics" in the process of learning of General physics. The result of our research shows the relevance of the development of professional competence of students.

Keywords: the atomic nucleus, electronic resources, educational process, the school course of physics.

ӘОЖ 378:371.13

ТӘЖІРИБЕЛІК ІСКЕРЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БОЛАШАҚ ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Желдыбаева Б.С. – *п.ғ.к., физика кафедрасының доцент м.а., Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,* balgun@mail.ru
Сырбаева Ш.Ж. – *п.ғ.к., физика және техникалық пәндер кафедрасының доцент м.а., Х. Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университеті,* syrbaeva@bk.ru

Мақалада «Физика» мамандығының студенттері, болашақ физика пәнінің мұғалімдері, сабақтан тыс уақытында электрлік схемаларды жинау жұмысы бойынша жобалау, физикалық құралдарды қалпына келтіру және қондырғыларды құру және т.б. университеттің физика кафедрасында ұйымдастырылған. «Студенттік эксперименттік алаңы» зертханасына белсенді қатысулары баяндалады. Бүгінгі күні бұл зертханада көптеген оқытушылар, магистранттар, студенттер, оқушылар өз қолдарымен физикалық қозғалмалы құралдар жасап, демонстрацияларды педагогикалық іс-тәжірибеде, конкурстарда және т.б. іс-шараларда қолданып келеді. Білім алушылардың осы эксперименттік алаңда атқарған еңбектеріне оқытушылар құрамы кеңестер беріп ары қарай жетілдіруіне жағдай жасалған. Мақалада осы жайындағы мәселелер толығымен баяндалады. Болашақ физика пәнінің мұғалімдері университет қабырғасында оқып жүріп, тәжірибелік іскерліктерін қалыптастыруға баса назар аударылып, келешек ұрпақтың жан-жақты дамуына үлес қосуға күш жігерін салу мәселелері зерделенген.

Түйін сөздер: Білім алушылар, болашақ мұғалім, практикалық даярлау, іскерлік, физика пәні, эксперименттік зерттеу, эксперименттік алаң.

Білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтау және жетілдіру үшін оларды әртараптандыру, қажетті білім мен дағдыларды беруге, өмір құндылықтарын қалыптастыруға және орнатуда орта мектебі болуы тиіс, барлығы осы өмір мектебінен өтеді. Эксперименттік дайындығы - бұл, физика пәні мұғалімінің негізгі құзыреттілігі болып табылады: сонымен бірге, ғылыми танымдағы физикалық эксперимент рөлін ұғынуы; білім беруде физикалық экспериментке қызығушылығының дамуы; эксперименттік дағдыларының қалыптасуы.

Бүгінгі уақытта осы білім беру жүйесін жетілдірілетін болашақ мұғалімдерді даярлаудаөзбетімен шығармашылық жұмыс дағдысын, туындаған мәселелелердің тиімді шешімдерін таба білу іскерлігі олардың дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету талап етіледі.

Студенттердің өзбетімен шығармашылық жұмыс дағдыларын қамтамасыз етуде оқу сабақтары мен оқулықтар және ғылыми еңбектермен жұмыс бойынша шектелмейді [1,29б.]. Әсіресе студенттердің

шығармашылық өзіндік жұмысы үшін оларға үлкен кеңістік, яғни оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде пайда болады. Оқу сабақтарының осы түрінің мақсаты - студенттердің зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру, практикалық есептерді өзбетімен шеше білуі, іздеу білу іскерлігі және жаңаны табу қабілетінің болуы. Оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлері әр түрлі болуы мүмкін: материалдардың құрылымын немесе қандайда бір құбылыстарды эксперименттік зерттеу; әртүрлі құрылғыларды сынақтан өткізу, электрондық құрылғылар және механикалық құрылымдар; оқу-зертханалық жұмыс параметрі және реттеу; теориялық алынған физикалық шамалардың тәуелділігін эксперименттік тексеру; теориялық зерттеулер. Студенттер оқу орнын аяқтағаннан кейін де шығармашылықпен айналысуы қажет болады, ол үшін әртүрлі формаларды қолданып, мысалы, студенттік конструкторлық бюро, студенттердің зерттеу үйірмелері, семинарлар, олимпиадалар, конкурстар, үздік студенттік ғылыми жұмысқа арналған конкурстар сияқты ғылыми жұмысқа белсене қатысуы сұралады. Бұл жағдайда ең қабілетті студенттерді ғана тарту емес, сондай-ақ білім алушылардың көпшілігін ғылыми жұмысқа бағыттау ұсынылады.

Қазіргі заманғы электроника жаңа ақпараттық технологиялардың материалдық негізі болып табылады. Мектепте техникалық үйірмені ұйымдастыру үшін мектеп мұғалімі осыған сәйкес дайындығы болуы тиіс. Сондықтан, «Физика» мамандығының студенттері, болашақ физика пәнінің мұғалімдері, сабақтан тыс уақытында электрлік схемаларды жинау жұмысы бойынша жобалау, физикалық құралдарды қалпына келтіру және қондырғыларды құру университеттің физика кафедрасында ұйымдастырылған «Студенттік эксперименттік алаңы» зертханасына белсенді қатысады. Электротехникалық өнім өндіру процесінде, құрылғылармен түрлі операцияларды бірқатар орындап қана қоймай, сонымен қатар принциптік схемасын оқып, монтаждау схемасын жасап, схемаларды жинап,ақаулық орын алса табу және жою, нақты мәліметтерді көру, процестердің динамикасын қадағалау қажет болады. Бұл кезеңде, студенттер практикалық жұмыстар дағдысын қалыптастырып бекітеді, физикалық қондырғыларды «қосылу» үйренеді, оларды қолдану арқылы теориялық білімдерін тәжірибелік түрде нығайтады.

Болашақ физика мұғалімдері техникалық жобалау дағдыларын, электр тізбектерін құрастыру әдістерін, электр құралдарын қауіпсіз пайдалану ережелерін игеріп қамтиды. Ынтымақтастық жұмыс және пікір алмасу, жұмыс жоспарларын талқылау, талдау логикалық ойлау қабілетін, өзбетімен шығармашылық бастамасын дамытуға ықпал етеді. Орындалған жұмысты бірлескен талқылау жағдайдағы талдау және логикалық пайымдау сұрақтарға өз жауаптарын табу үшін, өз көзқарасын зерделеу, айқын қисынды ретпен ойлау қабілетін дамыту маңызды болып табылады.

Студенттердің оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары осы жұмыс түрлерін орындаудағы арнайы дайындық әдістерінің кешені, олардың белсенді өздік танымдық әрекеті, тапсырмалар түрлерінің әртүрлілігі, критерилері және осындай жұмыстардың орындалу нәтижелерін анықтау деңгейін бағалау көрсеткіштерінің болуының жүзеге асырылуына назар аударылады. Практикалық есептерді жүйелі шешу білім алушылардың ойлауын дамытуға, шығармашылық ізденіске баулуға дайындауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге, табандылыққа, ерік-жігер мен мақсатына жетуге әсер етеді. Білім алушылар ойлау үдерісінде өзбетімен жаңа қорытындыларға келеді. Мәселелік оқытудың теориялық негізі шығармашылық танымдық үдерістің негізгі заңдылығына негізделген. Білім алушыларды мәселелерді шешуде белсенді ізденіске тартуды теориялық түрде ғана тексермей, эксперименттік түрде шешімдер іздеу ұсынылады. Сынаққа талдау жасалғаннан кейін, қорытындыға келе отырып зерттелетін нысанындағыжаңа білім алуына әкеледі. Проблемалық оқыту технологиясы студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға, танымдық проблемаларды өзбетімен шешу іскерлігін қалыптастыруға бағытталған. Проблемалық ситуациялар танымдық әрекеті кезінде туындайды, сондықтан проблемалық жағдайларды олар өздері белгілі қолданыстағы білім жүйесі негізінде кейбір сәйкессіздіктер арқылы танымын кеңейтетіндей әрекеттерді ұйымдастыру қажет.

Болашақ физика пәнінің мұғалімдерін практикалық даярлау мақсатында әртүрлі оқыту технологиялары [3, 22-28 б.], соның ішінде проблемалық оқыту әдісі бойынша физика кафедрасында әзірленген және студенттерге элективті курстар ұсынылады. Студенттер мамандығы бойынша жұмыстарды орындауда тиісті практикалық дағдыларға ие болып, қамтуынасәйкес «Студенттік эксперименттік алаңы» ұйымдастырылған. «Студенттік эксперименттік алаң» зертханасында студенттер мен оқушылардың жұмысты (қала мектептерінің оқушылары тартылады) орындау міндеттерінің бірі (3-4 жылда шамамен 40 жұмыс дайындалды) қозғалмалы құралдарды дайындау бойынша өзбетімен жұмыстар жасау, модельдер, бейнероликтер, физикалық құбылыстарды демонстрациялау мен процестерді көрсететін қолданыстағы құралдар, макеттер, өндіру бойынша әрекеті болып табылады. Болашақта осы құрылғылар мен жабдықтар эксперименттік есептерді шешуде, алынған теориялық есептеулерді тексеруде,

талдауда және ұсынылған шешімдерді бағалауда пайдаланылады. Мысалы, металл шар және сондай диаметрдегі сақинадан тұратын қатты денелердің жылулық кеңеюін түсіндіруде белгілі қондырғыны қолданамыз. Бірақ осы мәселені шешуде сұрақ ұсынамыз: егер шар қызған болса, онда ол «суық» сақина арқылы өтпейді, ал«суық» шар сондай жағдайда қыздырылған сақинадан өтедіме? Алғашында «айқын» жауап ұсынады - өтеді. Тәжірибелік демонстрация керісінше көрсетеді және мәселелерді шешу басталады, бақылаушы физикалық бейненің ықтимал себептерін талқылайды. Тағы бір мысал: дене «төбеге қарсы» домалай ма деген ой туады. Әртүрлі жорамалдар мен пікірлер айтылады, есептеулері көрсетіледі, энергияның сақталу заңына сілтемелер беріледі. Көлбеу жазықтығына қарама-қарсы домалаған конус құрылғысы бас кезінде білім алушыны тығырыққа тірейді. Дұрыс жауабын басында байқамайды. Әртүрлі айтылған жорамалдан кейін, тәжірибені бірнеше рет қайталап, сұрақтың дұрыс шешіміне келеді. Резеңке жолақты дөңгелектің спицасы қызған кездегі айналуы немесе тыныштықта тұрған әртүрлі диаметрдегі шардың көлбеу бетіндегі қозғалысы, Максвелл маятнигінің қозғалысы және т.б. қызығушылық тудырып, белсенді талдауға мүмкіндік береді.

Білім алушылар бір-біріне қойылған сұрақтарға жауабын іздеу және шешуде жобалау, өндіру, эксперименттік қондырғыны орнату, жөндеу дағдыларын қамтиды. Құрылғыны өндіру бойынша жұмыс істеуге жоспарлап, оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істейді. Оқу экспериментін қолдану физикалық құбылыстарды оны зерттеу үшін негіз құруға мүмкіндік береді; оқыту көрнекілігін арттыру және осылайша игеретін құбылысты студенттерге қолжетімді түрде болуы қадағаланады.

Өзбетімен эксперимент жасау және физикалық құралдарды оңтайлы қолдану, оқытудағы техникалық жабдықтар артықшылықтарын пайдалану, студенттердің өздік жоғары белсенділігі, физикалық құралдармен жұмыс жасау біліктілігін арттыру және бақылауды талдау мен өлшеу дағдыларының дамуы, жеке жоспар бойынша экспериментті жүргізу мүмкіндігі болып табылады.

Қазіргі заманғы қоғам алдында тұрған проблемаларды табысты шешу үшін негізгі шарттарының бірі, мектепті немесе жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа жастардың практикалық даярлау сапасын арттыру болып табылады. Студенттер теориялық білімді меңгеру ғана емес, бүгінгі үздіксіз үнемі өзгеретін әлемде тынымсыз, өздігінен білім алу үшін ниет білдіріп, ғылыми ақпараттың үлкен ағынын айқындау үшін шығармашылық ойлауға үйрету маңызды. Сондықтан қазіргі жағдайда мектептің негізгі міндеттерінің бірі белсенді білім алушылардың шығармашылық бастамаларын және өзбетімен жобалау және жаңашылдық дағдыларын дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

Мектеп мұғалімдері университет оқытушыларымен ынтымақтастық орнатуда кафедрада «Студенттік эксперименттік алаң» зертханасын құру студенттер мен мектеп оқушыларының бірлесіп шығармашылық жұмыс атқаруы оң нәтижелерін береді. Студенттер - болашақ физика мұғалімдерінің техникалық қызығушылықтарын қалыптастыру және оқушылардың шығармашылығын дамыту, сабақтан тыс уақытта ұйымдастыру тәжірибесін зерделейді. Студенттер мен оқушылардың бірлескен жұмысы техника тілін игеруіне әсер етеді: - схемалар, диаграммалар, сызбалар, суреттер, әртүрлі құралдарын пайдалана отырып, бақылау-өлшеу құралдары және т.б. қабілеттері мен дағдыларын дамытады. Физикалық құралдар мен қондырғыларды жобалау кезінде, білім алушылар бір-біріне қойылатын жалпы талаптарды бағалау және тұжырымдауды үйренеді. Құрылған қондырғының параметрлері мен сипаттамаларын есептеу, өндірілетін құрылғы, көркемдік элементтерін ойластырып, жоғары сезімталдық мүмкіндігі, [4, 36-38 б.] эстетикалық орындалуы, жобалау элементтерін білдіріп көрсетеді.

Физикалық құбылыстың ағымдағы демонстрациялық моделін орындау үдерісі кезіндегі белсенді ойлау әрекеті әзірленген тақырыптағы қосымша білім көздеріне сүйене отырып өз білімдерін кеңейту қажеттілігіне әкеледі, шығармашылық ойлауға үйренеді [5].

1 Стукаленко Н.М., Ермекова Ж.К. О подготовке будущих учителей к развитию познавательного интереса учащихся при обучении фундаментальным наукам на примере физики.-Международный журнал экспериментального образования. №11, 2011. - С.28-33.

2 Лапаник О.Ф. Формирование профессиональной компетентности у студентов технического вуза (на примере обучения дисциплинам естественнонаучного цикла). –Образование и наука. №10 (67), 2009. - С.33-39.

3 Лептина И. Семенова Н. Применение эффективных технологий обучения // Учитель. -2003.-№1.-С.22-28.

4 Анофрикова С.В., Одинцова Н.И. обучение сравнению результатов эксперимета с предсказанными. Физика в школе. – 2000. -№3. - С.36-38.

5 Маусымбаев С.С., Абдрахманова Р.Р., Искаков Е.С. Сотрудничество вуза и школы в развитии технического творчества учащихся //21 century: fundamentalscienceandtechnologyVIII. Vol.3. NorthCharleston, USA, 25-26.01.2016. - P.77-79.

Резюме

Желдыбаева Б.С. – к.п.н., и.о.доцента кафедры физики, Государственный университет имени Шакарима г.Семей, balgun@mail.ru

Сырбаева Ш.Ж. – к.п.н., и.о. доцента кафедры физики и технических дисциплин, Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова, syrbaeva@bk. Ru

Формирование практических умений при подготовке будущих учителей физики

В статье указаны основные методики используемые в высших учебных заведениях в целях развития интереса к науке у обучающихся в области естествознания. Проведены практические работы с помощью использования методик посредством соединения научно-исследовательских работ с процессом обучения, что способствует повышению качества образования и развитию научного знания у будущих учителей.

Особое внимание уделяется научно-исследовательской работе обучающихся, с целью формирования навыков проведения исследований, самостоятельного решения практических задач, умения искать и находить новое. Уделено внимание формам учебно-исследовательских работ. Совместная работа студентов и школьников способствует овладению языком техники, выработке умений и навыков работы с использованием различных инструментов и т.п.

Ключевые слова: учитель физики, деятельность обучающегося, студенческая экспериментальная площадка, исследовательская работа, физические явления.

Summary

Zheldybayeva B.S. – Cand. Sc. {Education}, Semey State University name Shakarim, balgun@mail.ru

Syrbayeva Sh. – Cand. Sc. {Education}, Atyray State University name Dosmyhamedov H. syrbaeva@bk.ru

Formation of practical skills in preparing future teachers of physics

In the article basic methodologies are indicated used in higher educational establishments for development of interest in science at student in area of natural science. Practical works are conducted by means of the use of methodologies by means of connection of research works with the process of educating, that assists upgrading of education and development of scientific knowledge for future teachers.

The special attention is spared to research work of student, with the purpose of forming of skills of realization of researches, independent decision of practical tasks, ability to search and find new. Paid attention to the forms of educational-research works. Joint work of students and schoolchildren assists a capture the language of technique, to making of abilities and skills of work with the use of different instruments.

Keywords: physics teacher, student activities, student experimental platform, research, physical phenomena.

ӘОК 378:371.13

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН ЛОГИКАЛЫҚ СҰЛБАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абыканова Б.Т. – *п.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доцент м.а.*, bakitgul@list.ru

Желдыбаева Б.С. – *п.ғ.к., Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, физика кафедрасының доцент м.а.*, balgun@mail.ru

Сырбаева Ш.Ж. – *п.ғ.к., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доцент м.а.*, Syrbaeva@bk.ru

Мақалада «Физика» мамандығы бойынша оқитын білім алушылардың танымдық әрекеттерін қалыптастыру мәселесі өзекті екеніне назар аударып, физиканы оқытуда сұлбалар арқылы логикалық функцияларды орындау негізінде студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыру әдістері қарастырылған. Болашақ физика мұғалімдерін даярлауда осындай зертханалық жұмыстар логикалық ойлауын арттырып қана қоймай, жан-жақты дамуына септігін тигізетінін зерделеген. Зертханалық тапсырмалар және олардың әдістемесі мен базалық логикалық элементтерді қолдану мазмұнының нәтижесі көрсетілген. Зертханалық тапсырмалар әдістемесі мен мазмұнының нәтижесі көрсетілген. Зертханалық жұмысы Electronics Workbench бағдарламасы негізде орындалады.

Electronics Workbench бағдарламасын пайдалану және сонымен бірге модельдеу мүмкіндіктерін анықтау үшін мәзірлер жүйесімен қоса алғанда олардың командалары қарастырылған. Electronics Workbench бағдарламасы негізінде стандартты Windows интерфейсын пайдалану ұсынылған, бірақ оның кейбір мәзірлерімен командаларының осы бағдарламада орындалатын мәселелердің сипатына сәйкесті ерекшеліктері айқындалған.

Түйін сөздер: комбинациялық сұлбалар, сөздер генераторы, тактілі импульс генераторы, логикалық элементтер.

Радиоэлектрониканы толық игеруде білім алушылардың алған теориялық білімін тәжірибеде тексеруге мүмкіндік беретін жақсы эксперименттік негіз болғаны дұрыс. Радиоэлектрониканы оқуға арналған эксперименттік негіз ретінде, эксперимент жүргізуге кең мүмкіндік беретін Electronics Workbench программасы қызмет атқара алады. Бұл программа күрделілігі әр түрлі схемалар жинақтауға, барлық қажетті бөліктемелерін (транзисторлардың, операциялық күшейткіштердің, аналогты және цифрлық түрлендіргіштердің және тағы басқаларының идеалды да, іс жүзіндегі модельдерін де) және өлшеу-бақылау аспап-құралдарының түр-түрімен (генераторлар, жадылы осциллограф, талдауыштар және т.б.) қамтамасыз етеді. Бұған қоса құрылған схемаға жан-жақты талдау (жұмыс нүктесін анықтау, спектралдық талдау, сезімталдық талдау және т.б.) жүргізуге мүмкіндік береді. Схеманың әр түрлі бөліктемелерінде жасырын бұзылыстар (үзілуін, тура тұйықталуын) жасау мүмкіншілігі де схема ақаулығын іздеп табу дағдысын дамытуға бағытталған.

Жұмыстың мақсаты бойынша логикалық схемаларды зерттеу, сонымен бірге логикалық элементтердің көмегімен логикалық функцияларды орындау болып табылады.

Жұмысқа қажетті құралдар мен элементтер: волтьметр логикалық байқағыштар, + 5В кернеу көзі, “логикалық бірлік” сигнал көзі, екі позициялы кілттер, екі кірісті элементтер: ЖӘНЕ, ЖӘНЕ–ЕМЕС, НЕМЕСЕ, НЕМЕСЕ-ЕМЕС.

Жұмысты орындауға жіберілуі үшін студенттер білуге тиісті:

1. Логикалық алгебраның негізгі заңдарын оқу және есте сақтау;
2. Негізгі логикалық операцияларды орындайтын базалық элементтердің негізгі принциптік схемаларының техникасын меңгеру;
3. Сандық техникадағы информация берудің әртүрлі әдістерімен танысу;
4. Логикалық элементтер жағдайының индикациясының әртүрлі элементтерінің жұмыс принциптерімен танысу.

Теориядан қысқаша мағлұматтар.

Electronics Workbench программасын пайдалану үшін және модельдеу мүмкіндіктерін анықтау үшін мәзірлер жүйесін және олардың командаларын қарастырайық. Electronics Workbench программасы стандартты Windows интерфейсын пайдаланады, бірақ оның кейбір мәзірлерімен командаларының осы программада істелетін мәселелердің сипатына сәйкесті ерекшеліктері бар.

Electronics Workbench программасы терезесінде мәзірлер алаңы мен аспап құралдары, бөліктемелер және өлшеу-бақылау аспаптар қорларының алқаптары орналасқан. Терезенің жұмыс алңында өлшеу-бақылау аспаптарының суреттеме кескіндері жалғанған модельденуші схемамен ағылшын тілінде оның қысқаша суреттемесі (Discription) орындалады. Жұмыс терезесіндегі әрбір аспапты оның жұмыс режимін қою үшін және ол арқылы зерттеу нәтижелерін көру үшін, жайылған түріне келтіруге болады. Күрделілігі әртүрлі электрондық тізбектердің схемаларын құру үшін және оларда қажетті өлшеулер жүргізу үшін Electronics Workbench программасында, тектес токтарға біріктірілген, бөліктемелердің жинақтары пайдаланылады. Схема құруға қажетті бөліктеме белгісі жинақтан жұмыс алаңына сол жақ түймесі басылған жүгіртпекпен сүйретіліп шығарылады, одан кейін түйме босатылады да, бөліктеме белгісі екі рет сыртылдатылады. Бөліктеменің ашылған қасиеті диалогының Value тарауында қажетті параметрлер қойылады да, таңдалым ОК түймешегін немесе ENTER түймесін басу арқылы расталады.

Electronics Workbench бағдарламасын пайдалана отырып логикалық функцияларды зерттеуді қарастырайық.

Электронды есептеу машиналарының, цифрлы өлшеуіш аспаптарының, өндрістік автоматты қондырғылардың негізінде логикалық элеметтер деп аталатын қарапайым тізбектер жатады.

a) Логика алгебрасының аксиомалары

Логика алгебрасында қарастырылатын айнымалылар 0 немесе 1 мәндерін ғана қабылдай алады. Логика алгебрасында: эквиваленттілік қатынасы (= арқылы белгіленеді) және операциялар: қосу (дизъюнкция) (v таңбасымен белгіленеді), көбейту амалдар (& конъюнкция) таңбасымен белгіленеді немесе терістеу (инверсия) апострофпен немесе үсті сызылып белгіленетін операциялар бар.

Логика алгебрасы келесідей аксиомалар жүйесімен анықталады:

b) Логикалық өрнектер

Логикалық өрнектерді жазу әдетте конъюнктивті немесе дизъюнктивті формада логикалық өрнектер логикалық көбейтудің логикалық қосындысы түрінде, конъюнктивті түрде логикалық қосындылардың логикалық көбейтіндісі түрінде жазылады. Әрекеттер реті, алгебралық өрнектердегідей.

Логикалық өрнектер логикалық функцияның мәнін логикалық айнымалылардың мәнімен байланыстырады.

c) Логикалық теңбе-теңдіктер

Логикалық өрнектерді түрлендіргенде логикалық теңбе-теңдіктер қолданылады:

$\overline{\overline{x}} = x;\ x \vee 1 = 1;\ x \vee 0 = x;\ x \cdot 1 = 1;\ x \vee x = x;\ x \cdot x = x;\ x \vee x \cdot y = x;$

$xy \vee x\overline{y} = x;\ (x \vee y)(x \vee \overline{y}) = x;\ x \vee \overline{x}y = x \vee y;\ \overline{xy} = \overline{x} \vee \overline{y};$

$\overline{x} \vee \overline{y} = \overline{x} \cdot \overline{y}$.

d) Логикалық функциялар

n айнымалыдан тұратын $x_n, x_{n-1}, \ldots, x_1$ логика алгебрасының шекті әрекеттері арқылы құрастырылған кез-келген логикалық өрнекті n айнымалының функциясы ретінде қарастыруға болады. Мұндай функцияны логикалық деп атайды. Логика алгебрасының аксиомаларына сәйкес функция айнымалылардың мәніне сәйкес 0 немесе 1 мәндерін қабылдай алады. n логикалық айнымалылардың функциясы, n-разрядты екілік сандардың барлық мүмкін мәндеріне сәйкес айнымалылардың 2^n мәні үшін анықталады.

Басты назарда x және y айнымалыларының келесі функциялары:

$f1(x, y) = x \cdot y$ –логикалық көбейту;

$f2(x, y) = x \vee y$ –логикалық қосу;

$f3(x, y) = \overline{x \cdot y}$ –логикалық инверсиялы көбейту;

$f4(x, y) = \overline{x \vee y}$ - логикалық инверсиялы қосу;

$f5(x, y) = x \oplus y = x\overline{y} \vee \overline{x}y$ -2 модуль бойынша қосу;

$f6(x, y) = \overline{x \oplus y} = xy \vee \overline{xy}$ -тепе-тең мән

e) Логикалық схемалар

Логика алгебрасының операцияларының бірі немесе қарапайым логикалық операцияның бірін іске асыратын логикалық элемент деп аталады. Логикалық элементтердің шекті мәнінен құрастырылған схема логикалық схема деп аталады.

Негізгі логикалық функцияларға олардың орындаушы схемалық элементтері сәйкес келеді.

J) Ақиқаттық кестесі

n айнымалының кез келген функциясының анықталу облысы шекті болатындықтан, мұндай функция ϑ_i нүктесінде қабылдайтын: мұндағы $i = 0,1 \ldots 2^n - 1$, $f^i(\vartheta_i)$ кестесімен берілуі мүмкін. Мұндай кестелерді ақиқаттық кестесі деп атайды. Кесте 1-де жоғарғыдағы функцияларды беретін ақиқаттық кестелері келтірілген [3].

Кесте 1- Ақиқат кестесі

	Айнымалыладың мәні		**Функциялар**					
	X	Y	F1	F2	F3	F4	F5	F6

$\overline{\overline{x} \cdot \overline{y}} \cdot \overline{\overline{y} \cdot \overline{z}} \cdot \overline{\overline{x} \cdot \overline{z}}.$



Сурет 1- ЖӘНЕ–ЕМЕС схемасы

Эксперименттерді жүргізу реті

***1-ші эксперимент.* ЖӘНЕ логикалық функциясын зерттеу**

а) Логикалық сигналдардың деңгейін беру.

1-суреттегі схеманы құрастыру керек. Бұл схемада А және В екі позициялы кілттер және логикалық схемасының кірістеріне 0 деңгейін (кілттің төменгі күйдегі контактсі) немесе 1 (кілттің жоғарғы күйдегі контактісі) береді. Схеманы қосыңыз. В кілтін төменгі күйге қою керек. Вольтметрмен В кірісіндегі кернеуді өлшеңіз және логикалық байқағыштың көмегімен логикалық сигналдың деңгейін анықтаңыз. В кілтін жоғарғы күйге әкелу керек. Логикалық сигналдың деңгейін анықтаңыз және вольметрдің көрсетуін жазыңыз; у шығысында қандай логикалық сигнал пайда болатындығын анықтаңыз. Нәтижелерді кесте түрінде толтыру керек.



2-сурет. ЖӘНЕ логикалық функциясын зерттеу

б) ЖӘНЕ элементінің ақиқаттығының кестесін эксперименталді алу. Схеманың кірістеріне барлық мүмкін сигнал деңгейлерінің АВ комбинациясын беріңіз және әрбір комбинация үшін у шығыс сигналының деңгейін тіркеңіз және логикалық схемасының ақиқаттық кестесін толтырыңыз.

2 -ші эксперимент. ЖӘНЕ – ЕМЕС логикалық функцияларын зерттеу

а) 2 ЖӘНЕ мен ЕМЕС элементтерінен құралған 2 ЖӘНЕ-ЕМЕС логикалық элементтерінің ақиқаттық кестесін алу.

3-суреттегі схеманы құрастырыңыз. Схеманы қосыңыз. Схеманың кірістері мен шығыстарындағы сигналдарының деңгейін логикалық санауыштардың көмегімен бақылап, кіріс сигналдарының барлық мүмкін комбинацияларын беріңіз, 2 ЖӘНЕ-ЕМЕС логикалық схемасының ақиқаттық кестесін толтырыңыз [4].

Кесте 2. Ақиқат кестесі

A	B	AND	NAND	OR	NOR	XOR	XNOR	NOT(A)
0	0							
0	1							
1	0							
1	1							



Сурет-3. ЖӘНЕ –ЕМЕС логикалық функцияларын зерттеу схемасы

3-ші эксперимент. НЕМЕСЕ логикалық функциясын зерттеу

а) НЕМЕСЕ логикалық элементінің ақиқаттық кестесін эксперименталді алу.

4-суреттегі схеманы жинаңыз. Схеманы қосыңыз. Схеманың кірістеріне кірістер мен шығыстардағы сигналдардың деңгейін логикалық санауыштардың көмегімен бақылап, кіріс сигналдарының барлық мүмкін комбинацияларын беріңіз, НЕМЕСЕ логикалық схемасының ақиқаттық кестесін толтырыңыз.



Сурет 4- НЕМЕСЕ логикалық функциясын зерттеу схемасы

б) Функция үшін аналитикалық өрнек алу

Төмендегі кесте бойынша функцияға аналитикалық өрнек құрыңыз және кестені толтырыңыз.

Кесте 3- Ақиқат кестесі

Кірістері		**Шығысы**
A	B	У
0	0	
0	1	
1	0	
1	1	

Бақылау сұрақтары:

1. Логикалық элементтер туралы түсініктеме беріңіз.
2. Логикалық элементтер және олардың атқаратын операцияларының түрлерін атаңыз.
3. И (ЖӘНЕ), ИЛИ (НЕМЕСЕ) логикалық элементтерінің сұлбалық құрылымын, жұмыс принципін түсіндіріңіз.
4. ДТЛ және ТТЛ логикалық элементінің сұлбалық құрылымын, жұмыс істеу принципін түсіндіріңіз.

Осы келтірілген бақылау сұрақтары арқылы қорытынды жасай отырып, студенттердің білім негіздерін меңгеруіне септігін тигізіп, берілген материалдарды толықтай айқындауына жол ашады деп есептейміз.

1 М.М. Ельянов. Практикум по радиоэлектронике. - М.: «Просвещение», 1977. - С. 82-90.

2А.Н. Богатырев. Радиоэлектроника, автоматика и элементы ЭВМ. - М.: «Просвещение», 1990. - С. 46-57.

3 Под редакцией Д.И. Панфилова. Электротехника и электроника в экспериментах и упражнениях. Практикум на Electronics Workbench. Том 2. - М.: «Додэка», 2001. – С. 80-84.

4 Қ. Жаңабергенов. Электроника негіздері. - Алматы: «Мектеп», 1989. - Б. 110-118.

Резюме

Абыканова Б.Т. – к.п.н., и.о. доцента кафедры физики и технических дисциплин, Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова, bakitgul@list.ru

Желдыбаева Б.С. – к.п.н., и.о.доцента кафедры физики, Государственный университет имени Шакарима г.Семей, balgun@mail.ru

Сырбаева Ш.Ж. – к.п.н., и.о.доцента кафедры физики и технических дисциплин, Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова, syrbaeva@bk.ru

Формирование познавательной деятельности студентов на основе логических схем

В статье рассматривается формирование познавательной деятельности студентов специальности «Физика» при использовании программы моделирования и анализа электрических схем Electronics Workbench. В Electronics Workbench все элементы описываются строго установленными параметрам, поэтому каждый раз в ходе эксперимента будет повторяться результат, определяемый только параметрами элементов и алгоритмом расчета. Electronics Workbench позволяет разместить схему таким образом, чтобы были чётко видны все соединения элементов и одновременно вся схема целиком. Возможность изменения цвета проводников позволяет сделать схему более удобной для восприятия. Можно отображать различными цветами и графики, что очень удобно при одновременном исследовании нескольких зависимостей. Интуитивность и простота интерфейса делают программу доступной любому, кто знаком с основами использования Windows. Совместимость с программой P-SPICE Программа Electronics Workbench базируется на стандартных элементах программы SPICE. Это позволяет экспортировать различные модели элементов и проводить обработку результатов, используя допол-нительные возможности различных версий программы P-SPICE.

Ключевые слова: комбинационные схемы, генератор слоганов, генератор тактовых импульсов, логические элементы.

Summary

Abykanova B.T. – Cand. Sc. {Education}, Atyray State University name Dosmyhamedov H.

Zheldybayeva B.S. – Cand. Sc. {Education}, Semey State University name Shakarim,

Syrbayeva Sh. – Cand. Sc. {Education}, Atyray State University name Dosmyhamedov H.

Formation of informative activity of students based logic circuits

The article discusses the formation of the cognitive activity of students of a specialty "Physics" using electrical circuit simulation and analysis program Electronics Workbench. The Electronics Workbench all the elements described in strictly defined parameters, so every time during the experiment will be repeated the result is determined only by the parameters of the elements and the calculation algorithm. Electronics Workbench allows you to put the scheme in such a way as to be clearly visible to all connection elements and at the same time the whole scheme as a whole. Ability to change the color of the conductors allows you to make the scheme more readable. You can display different colors and graphics, which is very convenient, while a study of several dependencies. Intuitive and simple interface make the program available to anyone who is familiar with the basics of using Windows. Compatible with the P-SPICE Electronics Workbench software is based on standard elements of SPICE programs. It allows you to export a variety of models and elements to carry out the processing of the results using the advanced features of different versions of the program P-SPICE.

Keywords: combinational circuits, oscillator slogans, clock generator, logic elements, Electronics Workbench.

УДК 378.048.2

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІПТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Меңлібекова Г.Ж. – *педагогика ғылымдарының докторы, профессор,Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,* Email: gmen64@mail.ru

Мақалада болашақ жаңа буын мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. «Құзырет», «құзыреттілік», «білім», «мәдениет», «өркениет» ұғымдарының мәні ашылған. Жаңа болмыс жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеліктері анықталған. Болашақ мамандардың құқықтық, когнитивтік, ақпараттық, әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің құрамдас бөліктері көрсетілген. Көпмәдени және көптілдік кеңістік контексінде білімдік бағдарламаларда белгіленген оқу пәндерінің бағдарламалық мазмұнын меңгеру негізінде қалыптасатын құзыреттер болашақ маман тұлғасының кәсіби-зияткерлік және әлеуметтік-шығармашылық дамуының негізін құрайды. Тілдік және кәсіптік даярлықтың интеграциясына қол жеткізу ішкі және сыртқы еңбек нарығында бәсекелік басымдықтардың үдемелі өсу жағдайында көрсетілетін білімдік қызмет сапасын жақсартуға ықпалын тигізеді. Кәсіби құзыреттер болашақ маманның зияткерлік және әлеуметтік әлеуетін дамытады.

Түйін сөздер: құзырет, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, білім.

Заманауи жаһандық болмыста Қазақстанның әлемдік кеңістікке кірігуі үдерісінің үдемелі қарқын алуы отандық білім және ғылым жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Үнемі өзгеріп отыратын көпмәдени әлемде бейбіт қатар өмір сүруге және тиімді әрекет етуге қабілетті, тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас мәдениеті мен кәсіптік құзыреттілігі жоғары жаңа тұрпатты ұрпақты тәрбиелеу аса маңызды міндеттердің бірі болып саналады.

2016 жылы бекітілген «Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» сапалы орта білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан, табысты азаматты қалыптастырудың бағдарламалық мақсаты белгіленген [1].

Білім саласында қызмет ететін болашақ мамандардың кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыру жоғары оқу орындарындағы тілдік және арнайы пәндер бойынша білімдерді кіріктіру негізінде тиімді болатыны белгілі. Көпмәдени және көптілді кеңістік жағдайында болашақ маманның кәсіптік педагогикалық қызметке даярлығын қамтамасыз етуге бағытталған оқу пәндерінің мазмұны бойынша қалыптасатын құзыреттер тұлғаның кәсіби-зияткерлік және әлеуметтік-шығармашылық дамуының негізін құрайды.

Шет тілдерін игеру адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар маманның кәсіби еңбек іс-әрекеті мәдениетінің бөлігі болып табылады. Тілдік және кәсіптік даярлықты кіріктіру мақсатына қол жеткізу мамандарды кәсіби даярлаудың сапасын жақсартуға ықпалын тигізеді.

Білім деңгейлері бойынша Дублиндік дескриптордың сипаттамасы республикадағы жоғары оқу орындарының білімдік үдерісін ұйымдастыру шеңберінде білім беру бағдарламасын жобалауда басшылыққа алынып отыр. Бұл құжатта сегіз тірек құзырет: ана тілінде тілдесу немесе қарым-қатынас жасау (Communication in the mother tongue); шет тілдерінде тілдесу немесе (Communication in foreign languages); математикалық сауаттылық және ғылым мен технологияда базалық құзыреттіліктер (mathematical competence and basic competences in science and technology); компьютерлік сауаттылық (Digital competence); оқу дағдыларын меңгеру (Learning to learn); әлеуметтік және азаматтық құзыреттілік (Social and civic competences); жаңашылдық сезімі және кәсіпкерлік (Sense of initiative and entrepreneurship); мәдени шеңберде хабардарлық және өзін-өзін көрсете алу қабілеттілігі (Cultural awareness and expression) айқындалған.

Гуманист-педагогтердің (Ч. Ратбоун, П. Нэш, У. Перки) дарынды балаларды ұлттың болашақ элитасы ретінде зерттеуді ғылыми негізде тұжырымдағаны белгілі.

C.H. Rathbone гуманистік білім беру арнасында «дидактикалық координаттардың» функционалды рөлін анықтайтын алты аспектіні ажыратып көрсетті:

1. оқушылардың танымдық тәжірибесі үшін құнды болып саналатын «белсенді үйренудің» маңыздылығы;
2. «дараландырылған білім» оқытудың жалғыз ғана маңызды өнімі ретінде;

3. оқушылардың дербестігін дамыту, өздерінің күштеріне және баланың дара қажеттігіне сүйенуге үйренуі арқылы білімді, оқу-танымдық іс-әрекетті меңгеруіне бағдарлығы;
4. «танымның қайнары» ретінде мұғалімнің рөлі;
5. сабақ үстіндегі ашықтық және өзара сенім ахуалы;
6. баланың қамқорлық пен көңіл аударуға деген құқығына құрметпен қарау [2].

Демек, болашақ мамандардың педагогикалық-функционалды құзыреттіліктерін дамыту қажеттілігі айқындала түседі.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет азаматтық заманауи қоғамның құқықтық құндылықтарына негізделеді және субъектінің құқықтық білім және іскерліктерді балалық шақты әлеуметтік–құқықтық жағынан қорғауда қолдану даярлығын және оның қабілетін айқындайды. Демек, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігі - құқықтық құзырлықтың мотивациялық-құндылықтық, когнитивті, қатысымдық және әрекеттік-рефлексивті бөліктерінің болуы. Олай болса, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың құқықтық негіздерінің қоғамның құқықтық құндылықтарымен ұштасуы «тұлға-қоғам-мемлекет» жүйесінде әлеуметтік кірігу үдерісінің теңгерілімін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Өйткені әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың сабақтастық, бірізділік, функционалдық, кәсіптік бағыттылық, ұжымдық өзара әрекеттестік ұстанымдарына негізделуі оның ерекшіліктерін айқындай түседі. Әлеуметтік-құқықтық-педагогикалық іс-әрекет мақсаттылық, мазмұндық, ұйымдастырушылық-әрекеттік, деңгейлі-нәтижелік құрылымдардан тұратындықтан, кейс-әдіс, іскерлік ойын, жоба әдістері т.с.с. оқытудың белсенді әдістері арқылы жүзеге асырылады [3].

Көрнекті ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның пікірінше, «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны «жалпы қарым-қатынас», «араласу», «хабарласу», «байланыс» деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу үдерісін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілік болып табылады [4].

«Қатысымдық құзыреттілік дегеніміз, - деп жазады Р.С. Рахметова,– студенттің түрлі жағдаятта тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі және әлеуметтік-мәдени нормаларды сақтай отырып, ұйымдастыру біліктілігі. Студенттің қатысымдық құзыреттілігі ауызша және жазбаша коммуникацияны меңгеруі мен әлеуметтік өміріне қажетті қабілеттерді игеруінен көрінеді. Тілдік бірліктерді дискурс пен пікір білдіруде шығармашылықпен қолдана білуі және дара тұлға ретінде кез келген жағдаятта ойын еркін, жүйелі жеткізуінен байқалады» [5].

Жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың математикалық сауаттылық және ғылым мен технологияда базалық құзырлықтарын дамытудың маңызы бар. Когнитивті құзыреттілік білім алушының дербес танымдық репродуктивтік және өнімді іс-әрекетке теориялық және практикалық даярлығының бірлігі негізіндегі тұлғаның қасиеті ретінде қарастырылды. Е.В.Вязовова «математиканы оқытуда когнитивті құзырлықты қалыптастырудың құрылымдық функционалды үлгісі құрылымдық (оқушылардың танымдық, операционалды-технологиялық, құндылықты-мәндік құзырлықтары), функционалды (педагогтің функциясы – ұйымдастыру-ынтыландырушылық функция; білім алушының функциясы – іс-әрекетті өзі бетінше ұйымдастыру); процессуалды (оқу іс-қимылдарын баламалы таңдау негізінде құрылған оқыту үдерісі); диагностикалық (бақылау, тестілеу, білім алушыдардың дербес жұмыстары, сауалнамалау); бақылау-аналитикалық, түзету) бөліктерді қамтиды», - деген тұжырым жасайды. Оның пікірінше, «құзыреттілікті білім алушының реалды болмыс объектілерінің белгілі бір шеңберіне, өзі-өзіне қатысты іс-әрекетінің мәндік бағдарлары мен тәсілдерінің жиынтығы ретінде түсіну керек» [6].

Отандық ғалым Ш.Т. Таубаева зерттеу мәдениетін қалыптастырудың ғылыми негіздерін зерттей келе, «құзыреттілік дегеніміз ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті», - деп тұжырым жасайды [7].

Болашақ мамандардың әлеуметтік және азаматтық құзыреттіліктерін қалыптастыру әлеуметтік–педагогикалық үдерістің объектісіне, әлеуметтік-педагогикалық үдерістің мазмұны мен бағыттылығына тікелей байланысты. Әлеуметтік-педагогикалық үдерістің әрекет етуінің шарты субъект және объектінің болуы; дамуды қамтамасыз ету тетіктерінің болуы; әлеуметтік-педагогикалық үдерістің өту жағдайларының құбылыстың оңтайлы дамуы қажеттіліктеріне сәйкес келуі болып табылады.

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары пәнаралық сипатта болғандықтан, ғылыми іс-әрекеттің алуан түрлі шеңберінде (дүниетанымның теориялық форма зерттейтін ғылым саласында, дұрыс ойлау формаларын, заңдарын және әдістерін зерттейтін ғылымда, семиотикада, тіл білімі саласында, медицина, психикалық әрекет туралы ғылымда, т.с.с.) кеңінен қолданыс аясына енді. «Құзырет» және

«құзыреттілік» ұғымдарының көп функционалдылығы мен кеңдігі «өркениет» (қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы; мәдениеттің бинарлық позициясы, тірі және өлі табиғаттың кез келген жүйесінен сапалық айырмашылығы бар, өз дамуында әрекет етудің заңдарына сай кемелдену деңгейіне қол жеткізген адамзат т.с.с.), «мәдениет» (құндылықтық, әрекеттік, заттық, нәтижелік тұрғысынан алғанда әлеуметтік іс-әрекет), «білім» (мәдениеттің когнитивті-практикалық шеңбері) түсініктерінен салыстыруға болады.

Н. Хомскийдің тіл теориясы саласында еңбектерінде құзыреттілік субъектінің шығармашылық белсенділігімен байланысты қарастырылады. Ол тілде шектеулі құралдар арқылы іске асыруға болатын шексіз мүмкіндіктердің бар екенін дәлелдеді [8]. Р. Карнап құзыретті танымның теориялық аспектісімен, ал тілдік бірліктерді қолдануды бақыланатын тіршілік ету аспектісімен теңдестіреді [9]. Лингвистикалық зерттеулерге қарағанда, тілдік құзырет дәстүрлі сөздік және тілдік бірліктер жүйесі туралы білімді құру индивидтің әлеуметтік бірлескен іс-әрекетке деген қабілетін жүзеге асырады. Тілдік бірліктердің тұрақты қолданысы (узус) тілді меңгерудің рефлексивті үдерісі ретінде сыртқы тітіркендіргіштерге жауап беруді қамтамасыз етеді. Тілдік бірліктерді қолданудың коммуникативті аспектілері тілдік рефлексияның нәтижесі және тілдік құзыреттің қалыптасуы ретінде қабылданады [10].

Демек, кең мағынада әлеуметтік педагогикалық іс-әрекетті адамның бүкіл өмірінің өту барысындағы әлеуметтік даму үдеріс ретінде қарастыру керек. Болашақ мамандардың заманауи жасаралық педагогика және психология саласындағы жас дамуының кезеңдері, олардың сандық және сапалық сипаттамалары туралы білімдерінің болуы әлеуметтік ортада нақты субъектіге қатысты өз әрекетінің мақсатын белгілеуге және іс-қимылдар жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Тар мағынада әлеуметтік–педагогикалық іс-әрекет өзіндік дамудың және өзін-өзі жетілдірудің, сонымен қатар болашақ маманның тұлғаға мақсатты түрде ықпалы етуінің нәтижесі болып саналады.

Білім саласының ұйымдарында (мектеп, колледж, жоғары оқу орындары т.с.с.) жүйелі жүргізілетін әлеуметтік–педагогикалық іс-әрекеттің теориялық және әдіснамалық негіздері мен заңдылықтарын зерттеу негізінде мектеп оқушыларымен нақты іс-шаралар жүзеге асырылады, өйткені бұл әлеуметтік мәндегі іс-әрекеттің өзгеше түрі екенін айқындайды.

Болашақ мамандардың кәсіптік құзырлығын қалыптастыру үшін кәсіби іс-әрекеттің басты ерекшеліктері туралы білімдерді жүйелеу керек. Ол қандай ерекшеліктер?

Біріншіден, білім саласының ұйымындағы әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке көп парадигмалдық, көпаспектілік, көпжақтылық, көпқырлық тән.

Екіншіден, мектептегі әлеуметтік–педагогикалық іс-әрекеттің мәселелерін шешуде қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік институттардың білімдік, мәдени, әлеуметтік әлеуеттерін біріктіру мүмкіндігінің болуы.

Үшіншіден, білім ұйымдарының азаматтық қоғамда әлеуметтік серіктес функциясын атқаруға ресурстарының жеткіліктігі.

Төртіншіден, қоғамдағы әлеуметтік иммунитет қалыптастыруға ықпал етуге деген мүмкіндігінің болуы.

Бесіншіден, білімгерлердің әлеуметтік құзыреттілігін дамытудың, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі дамытуда даралану мен әлеуметтену үдерістерінің теңгерілімін сақтауға деген әлеуетінің болуы.

Алтыншыдан, білім саласы мамандығының кәсіби-әлеуметтік мәртебесін көтерудің мүмкіндігі.

Білім саласы болашақ мамандарының әлеуметтік-мәдени тәжірибелерді ұрпақтан ұрпаққа трансформациялауда олардың әлеуметтік-педагогикалық құзыреттіліктерін дамыту болашақ кәсіптік шеңбердегі іс-әрекеттің ерекшеліктерін жетік білуді, білім үдерісі субъектілерінің қажеттіліктерін, қабілеттерін, құндылықты бағдарларын, өзін-өзін көрсете алу қабілеттіліктерін, жаңашылдыққа деген ұмтылыстарын ескеруді, олардың өмір сүру ортасындағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің заңдылықтарын білуді талап етеді.

Ана тілінде және шет тілдерінде тілдесу құзыреттіліктері, математикалық сауаттылығы мен ғылым және технология саласындағы базалық құзыреттіліктері, компьютерлік сауаттылығы, оқудың зерттеушілік дағдыларын тиімді меңгеруі, әлеуметтік, саяси, құқықтық және азаматтық құзыреттіліктері, жаңашылдық ізденістер мен шығармашылық инновацияларға бағдарлығы және кәсіпкерлікке бейімдігі, мәдени-ақпараттық шеңберде хабардарлық болуы мен өзін-өзі көрсете алу қабілеттілігі білім саласы қызметкерлерінің тарихи миссиясын сапалы деңгейде жүзеге асыруына негіз болады.

1 Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2016.

2 Rathbone C.H. (1971) The implicit rationale of the open education classroom. In C.H. Rathbone Open education: The informal classroom pp.(99-116) . New York: Citation].

3 Коротун А.В. Формирование правовой компетенции у будущих социальных педагогов в процессе профессиональной подготовки : пед.ғыл. канд. ғыл. дәр. ... диссертация: - Екатеринбург, 2010. - 279 б.

4 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас.–Алматы, 2002. - 109 б.

5 Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО филолог мамандықтары үшін) //пед. ғыл. докт... дисс. автореф.- Алматы, 2010.

6 Вязовова Е.В. Формирование когнитивной компетентности у учащихся на основе альтернативного выбора учебных действий : на примере обучения математике// дисс. ... канд. пед. наук. –Екатеринбург, 2007. - 141 с.

7 Таубаева Ш.Т. Логико-структурные схемы как средство методологической подготовки магистров педагогики // Образование.- 2004.- N4(18). - С. 56-59.

8 Хомский Н. Язык и мышление. - М. 1972.

9 Stephan Blatti, Sandra Lapointe. Ontology after Carnap. -Oxford University Press. -2016.

10 Сахарова и Н.С. Категории «компетентнось» и «компетенция» в современной образовательной парадигме//Вестник ОГУ. -1999. №3. - С.51-58.

Резюме

Менлибекова Г.Ж. – доктор педагогических наук, профессор Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Email: gmen64@mail.ru

Проблемы формирования профессиональной компетентности будущих специалистов

В статье рассматриваются проблемы формирования профессиональной компетентности будущих кадров нового поколения. Раскрывается сущность понятий «компетенция», «компетентность», «знание», «культура», «цивилизация». Выявлены особенности педагогической деятельности, направленной на формирование профессиональной компетености будущих специалистов в условиях новой реальности. Раскрыты составляющие компоненты социально-педагогической деятельности, способствующей развитию правовой, когнитивной, коммуникативной, информационной, социокультурной компетентности у будущих специалистов. В контексте поликультурного и полиязычного пространства компетенций, формируемые на основе усвоения программного содержания учебных дисциплин, предусмотренных образовательными программами, составляют основу профессионально-интеллектуального и социально-творческого развития личности будущего специалиста. Достижение интеграция языковой и профессиональной подготовки способствует улучшению качества предоставляемых образовательных услуг в условиях возрастающей динамики конкурентных преимуществ внутреннего и внешнего рынка труда. Профессиональнве компетенций развивает интеллектуальный и социальный - потенциал будущего специалиста.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, профессиональная компетентность, знание.

Summary

Menlibekova G.Zh. – Doctor of pedagogical sciences, professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University

Problems of formation of formation of professional competence of future personel

The article discusses the problems of formation of professional competence of the future personnel of a new generation. The following concepts: "competence", "competence", "knowledge", "culture", "civilization" are defined. The features of educational activities aimed at the formation of professional competence of future experts in the conditions of the new reality are identified. Constituent components of social and educational activities are defined. These components promote the development of legal, cognitive, communication, information, socio-cultural competence of future specialists. In the context of multicultural and polylingual space professional develops intellectual and social potential of future specialists. Achieving the integration of language and vocational training improves the quality of educational services in the context of increasing the dynamics of the competitive advantages of the internal and external labor market.

Keywords: competence, competence, professional competence, knowledge.

ӘОЖ 371

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Абнасырова Р.Ж. – *С.Демирель атындағы университеттің ассистент профессоры, филол.ғ.к.*
e-mail: abnasyrova@mail.ru

Бүгінгі күн талабына сәйкес «Практикалық қазақ тілі», «Кәсіби қазақ тілі» пәндері тіл үйренушінің мамандығына, қажеттіліктеріне, сұраныстарына орай, қазақша кәсіби сөйлеуді дамытуға, оларға болашақ қызметіне қатысты қолданылатын терминдерді меңгертіп, кәсіби сөйлеуін қалыптастыруға бағытталған. Осыған сәйкес қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың әртүрлі жолдары мен технологиялары тәжірибеге енгізілген. Оқытушы студенттерге пәнді меңгертуде жақсы нәтижеге жету үшін, сабақтың түріне қарай әртүрлі әдістерді орынды қолдануы қажет. Мақалада Сүлейман Демирель атындағы университеттің инженер факультетінің «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мен «Ақпараттық жүйелер» бөлімінің «Кәсіби қазақ тілі» сабағында қолданылған кейбір ойын түрлері мен әр түрлі тақырыптарға сай сабақта қолданылатын әдістерден қысқаша мәліметтер берілген.

Түйін сөздер: әдіс-тәсілдер, ойындарды қолдану, инженер факультеті, топтық жұмыс, терминдер, сөйлеу тілін дамыту,ақпараттық технология, рөлдік ойын.

Оқыту үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды заман талабына сай енгізу білім берушілердің парызы болып саналады. Ұстаздардың қоғамдық тұлғасы – адамзат баласын жаңа сапаға көтеретін, оның болмысын өзгеріске енгізетін ғажайып тұлға. Бұған біз күнделікті жаңашылдығымыз арқылы қол жеткіземіз. Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы ұстаз берген біліммен бағаланады.

Қазіргі таңда сабақта көптеген инновациялық әдістер қолданылып жүр. Жаңа оқыту технологиялары педагогика әдіс-тәсілдерін бүтіндей жоққа шығармайды, қайта олардың жетістіктерін еске ала отырып, оны жаңа әдістермен байытып, оқу барысындабілімгерлердің өз іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Жаңа заманның талаптарына орай, интеллектуалдық қабілеті мол мамандарды даярлау міндеті бүгінгі білім жүйесінің басты да негізгі мақсаты екені даусыз. Осы мақсатты іске асыруда студенттерге іскерлік қарым-қатынасты дұрыс оқу қажеттігі күннен-күнге айқын сезілуде. Осыған сәйкес қазіргі таңда тілді мамандықпен байланыстыра оқыту жайында әртүрлі тақырыпта ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жоғары оқу орындарында қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың әртүрлі жолдары мен технологиялары тәжірибеге енгізілген.

Кәсіби қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – студенттердің өз бетімен тіл байлығын тереңдетуіне, бұрын алған білімдерін одан әрі жетілдіруіне мүмкіндік беру, яғни студенттердің қазақша дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырып, грамматикалық формалар мен сөйлем құрылысын меңгерту.

«Практикалық сабақта әдетте студенттер талдау және іздену жұмыстарымен айналыспайды. ***Практикалық сабақтың мақсаты*** – студенттерді лекцияда келтірілген теориялық мәліметтерді өздерінің белсенді әрекеттерімен «тануға», «дәлелдеуге», өз қолымен «жасауға» жұмылдыру.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында оқытушы арнайы оқу материалдарын дайындайды. Сол материалдар бойынша (идея, проблема, тұжырым, ереже, анықтама, рет пен тәртіп, схема, кесте, жоспар, параметрлер, ақпарат, статистикалық мәліметтер, көрсеткіштер, т.б.) студенттер өздерінің теориялық білімдерін қолданып, нақты әрекеттерді атқару дағдыларын игереді, өзіндік тұжырым жасайды»[1].

Студенттерге кәсіби қазақ тілін меңгертуде жақсы нәтижеге жету үшін, оқытушы сабақтың түріне қарай әртүрлі әдістерді орынды қолдануы қажет. Мақалада С.Демирель атындағы университеттің инженер факультетінің «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мен «Ақпараттық жүйелер» бөлімінің «Кәсіби қазақ тілі» сабағында қолданылған кейбір ойын түрлерінен үзінділер келітірілген.

Жарнама құрастыру ойыны.Бұл ойынды «Дербес компьютер» немесе «Дербес компьютердің негізгі құрылғылары» туралы тақырыпты өткеннен кейін қорытынды сабақ ретінде ойнатқан тиімді. Ойынға оқытушы алдын ала тауар атауларын жазып қойған парақшаларды дайындап келуі керек. Студенттер шағын топқа бөлінеді, топ басшылары заттың аты жазылып қойған қағазды таңдап алады.

Ойында студенттер шағын топтарға бөлініп, тауар жарнамалау ісімен айналысады. Топ мүшелері осы аталған затқа жарнама (мәтін, ұран, плакат, т.б., егер үйге берілетін болса видео да жасағандары дұрыс) құрастырып, оны қалайша қолдануға болатындығын, артықшылығын жарнамалауы қажет (5-6 минут). Жарнамалау кезінде студенттердің ойды жеткізу шеберлігіне, тіл тазалығына, сөйлеу мәне-ріне баса назар аударғанымыз жөн. Жарнаманы төмендегідей тәртіппен келтірген дұрыс:

1. Тауардың сипаттары;
2. Тауардың артықшылығы;
3. Тауарды тұтынудың пайдасы.

Ойынды қорытындылау барысында сстуденттерге келесідей сұрақтар қоямыз:

1. Ойыннан кейінгі алған сезімдеріңізбен бөліссеңіздер.
2. Сіздердің ойларыңызша қай топтың жарнамасы сәтті шықты? Себебі.
3. Сіздер топпен қалай жұмыс жасадыңыздар? Топ жұмысының ең ұтымды мезеттері қандай болды?
4. Тауарды қалай жарнамалаған дұрыс?

Саяхат ойыны. Бұл студенттердің қиял мен фантазиясына жол ашатын ойын. Студенттер саяхат ойынында тарихи оқиғаларға, қалаға, елге немесе белгілі компанияларға түрлі «экспедицияларды» ұйымдастырып, өз қиялдарынан туындаған оқиғалар мен ситуацияларды құрастырады. Мысалы, «Apple», «Google»,«Facebook» компанияларына саяхат ұйымдастыруға болады. Студенттер саяхат барысында түрлі рөлдерге бөлінеді және сол рөлдеріне сәйкес әрекеттер атқарып, шығармашылық-тарына кеңінен жол береді. Ойыннан кейін студенттер өздерінің саяхат барысында қандай тәжірибе иеленгендігі туралы әсерлерімен бөлісулері қажет. .

Үй тапсырмасына студенттергесаяхат барысын толық сипаттау үшін күнделік жазу, оқиға болған жерлерден репортаждар беру, достары мен туыстарына өз әсерлерін бөлісу үшін хат жазу тәрізді түрлі іс-әрекеттер беруге болады.

Инженер факультеті студенттеріне «Кәсіби қазақ тілін» оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданудың тиімділігі жоғары. Компьютер студентке ақпаратты игеру тұрғысында өз басының жеке біліктері мен дағдыларын дамыту мүмкіншілігін береді. Сонымен бірге, студенттердің үнемі өздері қолданатын әлеуметтік желілерін сабақ барысында қолдандыру студенттердің сабаққа, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Интернетті практикалық сабақта қолданғанда студенттерге келесі тапсырмалар берген орынды: қарастырылатын мәселе бойынша Интернеттен қосымша мате-риалдар іздеу және оларды таңдап, бір жүйеге келтіру (классификациялау): ол үшін студент ақпа-ратты бөлімдер немесе тақырыптар бойынша жіктеуі керек. Осы интернетпен байланысты ойынның бір түрі – топтық зерттеу.

Топтық зерттеу (Бірлескен жұмыс) – практикалық сабақта студенттердің бірлесе отырып белгілі бір проблеманы графикалы түрде шешу тәсілі.

Оқытушы тақырып бойынша шешуді талап ететін проблеманы студенттерге ұсынады. Мәселен, *«Интернеттің пайдасы мен зияны», «Вирус және антивирус бағдарламасы», «Компьютерге немесе интернетке тәуелділік», «Қазақстандағы интернеттің жағдайы»* тақырыптарын ұсынуға болады. Студенттер шағын топтарға бөлініп, аталмыш проблеманы шешу жолдарын талқылап, өздерінің шешімін маркерлермен плакатқа түсіреді (15-30 минут ішінде). Студенттер өздігімен сол жерде оты-рып ақпарат жинастырады, оларды талдап бағалайды. Тапсырманы плакатқа қалай жасау керектігін әр топ өздері таңдайды. Жұмысқа берілген уақыт аяқталғаннан кейін әр топтың спикері шығып, өз жұмыстарын қорғайды. Қорғау соңында топ мүшелері басқа топтың сұрақтарына жауап береді. Жұмыс барысында төмендегідей ережелерді ұстану керек:

- Спикердің қорғауына алдын ала нақты уақыт белгіленуі қажет;
- Спикер сөйлегенде сөзін бөлмеуі керек;
- Студенттер тек сұрақтар ғана қоюлары шарт.

Суреттерді тану ойыны. Әр студентке компьютер саласында жетістікке жеткен, бағдарлама тілін ойлап тапқан, т.б. бір адамның суретін беріп сол туралы қысқаша сипаттама, таныстыру жазуға тап-сырылады. Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық суреттер тақтаға ілінеді. Студенттер кезекпен өз мәтіндерін оқығанда, басқалары әңгіменің қай адам туралы болғандығын анықтауы керек. Студент-терді адамды сипаттауына, келтірген мәтініндегі сөз қолданыстарына, сөйлем құру әдістеріне қарап бағалағанымыз жөн.

Өзін жарнамалау ойыны. Бұл ойын да рөлдік ойындарға жатады. Бірнеше студент белгілі бір компанияның, мысалы, «Microsoft», «Google»,«Facebook» қызметкерлері рөліне бөлінеді. Компания басшыларына жақсы, тәжірибелі қызметкер алуы, олармен тікелей сұхбат құрулары керек. Жаңа маман жұмысқа қабылдануы үшін барлық күшін салып, сұрақтарға толық әрі ұтымды жауап беруге тырысады. Басшылардың бір бөлігі маманды жұмысқа алуға ниет білдірсе, қалғандары оның кандидатурасына қарсы. Болашақ қызметкер осы қарсы пікірді қайткенде де жоюға және жұмысқа қабылдануға бар мүмкіндігін жасайды. Бұл – студенттердің өзін танытуға, елдің алдында өз ойын ашық, нақты жеткізуге және топ алдында қысылмай сөйлеуге мүмкіндік ашатын ойынның бірі. Оқытушы студентті еркін, нақты, тіл тазалығын сақтауын, өз салаларына қатысты термин сөздерді көбірек қолдануын қадағалауы керек.

Осындай топ арқылы жұмыс жасайтын қызықты ойынның тағы бірі – **келісімшарт жасау.** Студенттер сабақ үстінде үш-төрттен бөлінеді. Оқытушы топ басшыларына алдын ала дайындап әкелген компания аттары және тірек сөздер жазылған қағазды таңдатуы керек. Мысалы, таңдау бойынша бір студент «Facebook» компьютерлік фирмасының басшысы болады. Енді осы топ болашақта шетелдік бір фирмамен бірігіп жұмыс жасауды жоспарлайды (Мәселен, «Apple»). Келісімшарт жасасатын компанияның сауда өкілеттігіне қоңырау шалып немесе кездесу ұйымдастырып ұсынысын хабарлайды. Келесі компания осы ұсынысты қабылдауы және сол компанияға ұсынысы қызықты болуы керек. Тірек сөздер: а) басшы, қызмет, ақпараттық жүйелер, бағыт, ұсыныс; ә) хабарлау, соғу, айналысу, талдау, қабылдау. Бұл ойында студенттердің берілген тірек сөздерді орынды қолдануына және өздерінің ұсынысын ұтымды жеткізуіне баса назар аударамыз. Тірек сөздерді ойынның түріне, ұсынысқа қарай өзгертулер енгізе беруге болады.

Сабақ барысында сабақты қызықты қылу үшін рөлдік ойындарды түрліше өзгерте беруге де болады. Мысалы, екі-үш студентпсихолог маман рөлін алды және олар тікелей эфирде отыр. Бір адам психолог маманға қоңырау шалып, төмендегідей сұрақ қойды: «Сәлеметсіз бе?! Менің психолог-дәрігерге қоятын сұрағым: Жасөспірім балалар – компьютер алдында қанша уақыт отыру қажет, адамға компьютердің қандай зиянды әсері бар?» Берілген сұраққа отырған мамандар нақты, дәлелді және толық жауап берулері керек. Сұрақты да және мамандардың да рөлін түрліше ауыстыра беруге болады. Мәселен, программист маман дәл осылай тікелей эфирде отырады. Берілетін сұрақ: «Модельдеуді қалай жасауға болады, тест, калькуляторды қандай программадан құрған дұрыс?» Рөлдерді студенттерге қағаз арқылы өздеріне таңдатуға және сөйлеу барысында қолдануы қажет түрлі тірек сөздер берген де тиімді.

«Кәсіби қазақ тілін» ойын арқылы өту барысында норма мәселесіне басты назар аударылады, өйткені қазіргі тіл бұрмалаушылықтың барлығы осы тілдік норманы сақтамағандықтан орын алып отырғаны айдан анық. Кез келген тіл сияқты қазақ тілінің де орфоэпиялық, орфографиялық нормалары бар, олардың сақталмауы тек жазылған нәрсені ғана дұрыс түсінуге әкелері хақ. Бұл ретте біз проф. А. Салқынбайдың «Байыптап бағамдағанға қазіргі қоғамдағы дерт – ауызекі сөйлеу тілінде дұрыс сөйлей алмау, сөйлеу интонациясын бұзу, баламасы бола тұрып, қасақана өзге тілдің бірліктерін жамау, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін бұзу» [2] деген пікірін толық қостай отырып, осы індеттің алдын алу жолын жасағанымыз жөн.

Осы ретте терминдердің аудармасын және ол сөздің мағынасын нақты білу үшін, оларды сөз арасында тиімді пайдалану мақсатында мектепте жиі қолданылатын «Топтастыру» немесе «Венн диаграммасы» әдісін де қолданғанымыз дұрыс.

Тілімізде бұрыннан қолданыста бар, белгілі бір ұғымның атауы ретінде қалыптасқан сөздер қазіргі ғылыми-техникалық дамудың нәтижесінде өмірімізге еніп келе жатқан жаңа ұғымдардың атауы болып қалыптасуы олардың атқаратын қызметтерінің ұқсастығына негізделеді. Мысалы, тура мағынасындағы *желі* сөзі мал шаруашылығымен айналысқан әр қазаққа қандай ұғынықты болса, заман ағымына сай хабар жеткізу үшін пайдаланылатын құрылғыны *желі* деп атауда байырғы қолданыста бар желі сөзінің атқаратын қызметі ассоциацияланады. Осы тұрғыдан алғанда, семантикалық тәсіл арқылы жасалған ғылыми-техникалық мәтіндерде жиі кездесетін *желі, кесте, өрнек, өріс* т.б. сөздерінің де өз оқырманы үшін танымдық маңызы бар екендігі даусыз. /3/ Осы ретте терминжасам мәселесінде барлық сала мамандарының кәсіби біліктілігінің жоғары болуымен қатар қазақ тіліне сауатты әрі терминжасам теориясынан хабардар болуы керек.

Мысалы, «желі» сөзінің бұрынғы мағынасы мен қазіргі термин саласындағы мағынасын салыстыруға болады. Екі жағына екі терминнің айырмашылығы жазылса, ортасына ұқсастығы жазылады. Осы арқылы студенттер әр терминнің шығу төркінін ұқсастық пен айырмашылығын ажырата алуға мүмкіндіктері болады.



«Топтастыру» әдісін «Венн диаграммасының» алдында қолданып кеткеніміз де дұрыс. Бір сөзді алып, сол сөздің синонимдерін жан-жағына жазып шығады немесе қазақша, орысша, ағылшынша аудармасын да жазып шығуға болады. Әдісті түрлендіру оқытушының өз тапсырмасына байланысты.

Осы терминдерді түсіндіру, қайталау үшін тағы бір әдіс сабақ барысында берілген мәтіннен үзінді оқу барысында студенттер түсінік беретін бір немесе бірнеше дәйексөзді теріп жазып алады. Жазып алған дәйек сөзіне жоғарыдағы әдістер арқылы өзі анықтама береді және осы дәйексөзді не үшін алғандығын түсіндіреді. Студент түсіндіріп болған соң оқытушы басқа студенттерден осы дәйексөз туралы өз көзқарастарын білдіруін сұрайды.

Қорыта келе, «Кәсіби қазақ тілі» сабағында түрлі әдістер мен ойындарды және ақпараттық технологияны пайдалану – студенттердің дүниетанымын кеңейтуге, пәнге деген ынтасын, танымдық қызығушылығын арттыруға, ізденімпаздыққа баулып, нақты, тұжырымды сөйлеуге, дербес ой-өрісін дамытуға ықпал етеді.

1. *Әлімов А. «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану». - Алматы, 2009*
2. *Салқынбай А.Сөйлеу тіліміздің тазалығы қандай? Ана тілі №19, 2010.*
3. *Абнасырова Р. «Кәсіби қазақ тілі» (Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпараттық жүйелер мамандықтарының орта және жалғастырушы топтарына арналған). - Алматы, 2013.*

Резюме

Абнасырова Р.Ж. – к.ф.н, ассистент проф., университет имени С. Демиреля

Использование интерактивных методов обучения на уроке профессионально-казахского языка

Главный задачей процесса обучения является организация обучаемыми активных действий. Благодаря активным действиям обучаемые сами осваивают изучаемый материал.

Используя интерактивные методы обучаемые учатся правильно высказывать свои мысли, дока-зывать свою точку зрения, вести диалог, слушать других, уважать и прислушиваться к мнению других.

Интерактивные методы реализуются благодаря различным видам методов и упражнений. В данной работе мы остановились на различных игр, который начинает активно использоваться в процессе обучения.

Благодаря этим играм, обучающиеся учатся чувствовать себя свободно в аудитории, выражать мнение, каждый готов стать частью единой группы для выполнения сложной коллективной работы. Особенности современного времени требуцют необходимость интерактивных методов обучения.

Ключевые слова: современные методы, новые технологии, работа в группе, ролевые игры, интерактивные материалы, термины.

Summary

The use of interactive teaching methods in class professional Kazakh language

Abnassyrova R.Zh. – cand.of phil.sc., assist.prof., SuelymanDemirel University.

The main goal of studying process is organization of active actions of students. Students can get educational material themselves by active actions. Using interactive methods students learn to say their thoughts out in a right way, prove their point of view, make dialogues, listen, respect and pay attention to others opinions.

Interactive methods can be realized by different kinds of methods and exercise. In this article we paid our attention to as a kind of interactive technic, which is actively used in studying process. Students learn to feel themselves freely in studying rooms, to express their opinion by these training;everyone is ready to be a part of a whole group, that deals with difficult teamwork.Modern time makes us use interactive methods in studying process.

Keywords: modern methods, new technics, teamwork, role plays, interactive methods.

ӘОЖ 541.128; 541.13

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ КУРСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Тәліпбекова Ә.Ж. – *магистрант,*
Сүлейменова О.Я. – х.*ғ.д., доцент әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*
e-mail: azima.t@mail.ru, o_yachmet@mail.ru*.

Мақалада жоғары оқу орындарында жалпы және бейорганикалық химия пәні бойынша білім алушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда заман талабына сай сабақты ыңғайлы етіп ұйымдастыру мақсатында ақпараттық және коммуникативтік технологияларды қолданудың мүмкіндіктері қарастырылады. Ақпараттық құзыретті, сауатты маман - ақпараттың қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуі керек.

Сондықтан да, білім алуға керекті ақпараттарды жинауға интернет желілерін мүмкіндігінше қолдана білу қажеттілігі туындайды. Ұсынылып отырған интернет желісі арқылы жұмыс істейтін бағдарламалар кез келген курсқа қолдануға ыңғайлы болып табылады.

Түйін сөздер: жалпы және бейорганикалық химия ақпраттық–коммуникативтік технологиялар, білім беру, интернет желілер,бағдарламалар.

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңі - ақпараттық кезеңге толықтай көшіп келеді, бұл кезең, компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар оқытушы қызметінің барлық саласына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Қазіргі кезде білім кеңістігін заманға сай ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол [1].

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – білім алушы оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру бағдарламалары, оқыту бағдарламалары сияқты бағдарламалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер білім алушы үшін оқу құралы, ал оқытушы үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде оқытушы және білім алушы алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз ету керек.

Бүгінде білім беруді одан әрі ақпараттандырудың екінші кезеңі басталды, мұнда әрбір білім алушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернет ғаламдық ақпарат желісін пайдалана алуы тиіс [2].

Сондықтан, білім жүйесін құру, қоғамды қарқанды дамып отырған әлемге дайындау – бүгінгі күннің ең негізгі және өзекті мәселесі. Осыған орай химия курсында қолдануға болатын тиімді интернет желісі арқылы жұмыс атқаратын бағдарламаларға тоқталамыз.

Бірінші ұсынатын веб сервис Prezi деп аталады. Ол бүгінде қолданып жүрген Power Point бағдарламасына ұқсас оның жаңаша түрі. Оқытушылар үшін де, студенттер үшін де қолдануға тиімді. Дәріс,

семинар сабақтарын слайд тәрізді етіп жасап, проектор көмегімен көрсетуге болады. Сонымен қатар, зертханалық тәжіриебелерді бейнекөріністпен көрсетіп олардың жанында суреттер қойып екеуін бір бетте көрсетуге болады.

Prezi – бұл тізбексіз құрылымда интерактивті мультимедиялық презентация құруға арналған веб-сервис. Prezi сервисінде масштабтау (обьектілерді үлкейту және кішірейту) технологиясының маңызы зор. Веб сервистің интернет адресі www.prezi.com. Бағдарламаның басты ерекшелігі – презентацияның барлық обьектілері бір бетте орналасады және жеке обьектілерге динамикалық масштаб арқылы қатынауға болады. Веб сервистің бірнеше нұсқасы бар:

1. Публикалық – 100МБ
2. Қолданушылық – 500 МБ
3. Кәсіптік – 2000МБ
4. Топтық – 2000МБ

Бұл нұсқалардың басты айырмашылықтарының бірі - серверге ақпарат жүктеу сыйымдылығына байланысты болып табылады. Көпшілікке арналған нұсқасы толықтай тегін. Ал қалған нұсқалары ақылы.

Prezi интернет сервисімен жұмыс жасау үшін төмендегідей басты қадамдарды есте ұстау қажет:

- сайтқа тіркелу;
- жеке кабинетке кіру;
- жаңа презентация құру;
- орындаушының толық мүмкіндіктерін пайдалану;
- дайын презентацияны жүктеу;

Дайын презентацияны компьютерге жүктеп, кезкелген компьютерде (интернетке қосылу маңызды емес) аша алады [3].

Келесі веб сервис түрі *RealTimeBoard* – бұл шектеусіз виртуалды тақталар құруға арналған веб сервис. Бұл сервис әртүрлі ақпарат көздерін (мәтін, сурет, схема, график және т.б.) пайдаланып интернет тақта құруға мүмкіндік береді. Интернет сервистің веб сайты – www.realtimeboard.com. Веб бағдарламаның толық мүмкіндіктерін пайдалану үшін, алдымен, сайтқа тіркелу қажет.

RealTimeBoard тақтасы

RealTimeBoard сервисінің көмегімен келесідей міндеттерді шешуге болады:

1. Ақпаратты визуалды түрде көрсетуге өте ыңғайлы;
2. RealTimeBoard сервисінде бірнеше қолданушы бірігіп жұмыс жасай алады. Мини-чат (хабарлама қалдыру) көмегімен жарнама модулдерді, интерфейстерді талқылап пікір алмасуға болады;
3. Google Drive қызметі құжаттармен жұмыс жасауға көмектеседі;
4. Сервисте шаблондар жинағы бар. Сонымен қатар, виртуалды стикерлер мен автофигуралар кітапханасы тақтаның мүмкіндігін кеңейте түседі;
5. Дайын интернет тақтаны сурет немесе PDF файл ретінде сақтауға болады.

Оқытушыларға ұялы телефонның сабаққа қандай қажеттілігі бар деп сұрайтын болсақ әрине барлығы тек қажетті ақпаратты іздеуге ғана деп жауап береді. Ұсынылып отырған интернет бағдарлама түрі осы телфон көмегімен жүргізіледі [4].

Тағы да бір жоғары мүмкіндіктерге ие интернет бағдарламалардың бірі – Kahoot.it оның сайты www.getkahoot.com. Kahoot – мобилді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн викторина құруға мүмкіндік беретін сервис [5].

Сервисті пайдалану алгоритмі:

- фото және видео қосу мүмкіндігіне ие сауалнама (тест) құру;
- виртуалды кабинеттің номерін (жүйегенерациялайды) беру;
- проектор арқылы тапсырманы экранға көрсету;
- студенттер мобилді құрылғылар арқылы виртуалды кабинетке кіреді;
- мобилді құрылғыларда тапсырмалар көрінеді және студенттер орындайды;
- жалпы экранда студенттердің жауаптарын көрсету. Тез әрі дұрыс жауап берген студент жеңімпаз;
- студент дұрыс жауапқа сәйкесінше балл алады.

Викторинаны жүргізу барысында студенттер арасында байқау ұйымдастыруға болады. Сервис арқылы құрылған бір викторинаға жалпы саны 30-ға дейін студент қатыса алады. Веб сервис студенттің әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қашықтан оқыту

мақсатында да қолдануға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады.

Қазіргі таңдағы заманауи ақпараттық технологиялардың дамуы барысында жоғарыда көрсетіліп кеткен мүмкіндіктер ішіндегі маңыздыларының бірі–техника құралдарының дәріс барысында қолданылуы. “Assistant мобилді бағдарламасын” қолдану кезінде дәріс барысында тыңдаушылардың оқытып жатқан материалды қалай меңгеріп жатқандарын, егерде түсінбеген жерлері болса, дәріс аяқталғаннан күтпей - ақ чат арқылы сұрақ қойып, бірден жауап алуға болады. Бағдарлама басқа дәріс барысында оқытушы мен тыңдаушылар арасындағы оперативтік тығыз байланысты қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа дәріс сабақтарын өткізу кезінде әртүрлі ұйымдастырушылық сұрақтар пайда болады: кім кешігеді, кім себептермен келмеді т.с.с. Бағдарлама арқылы сұрақтарды бақылауға, экранда көрсетіп отыруға болады.

“Assistant мобилді бағдарламасы” мынадай міндеттер атқарады:

– дәрісті онлайн желісінде оқи отыра, студенттердің дәріске қатысып отырғандығын автоматты түрде құрылғыда бақылау;
– студенттер онлайн желісінде дәрісі тыңдай отыра, чат арқылы оқытушыға сұрақ қою мүмкіндігі;
– өткен дәрістерді бағдарлама бұлтында сақтау, қайта тыңдау шектеусіздігі.

«Assistant» мобилді бағдарламасының негізгі аудиториясы профессорлық – оқытушылар құрамы, докторанттар, мгистранттар мен студенттер.

Бақылау экранында дәріске толық қатысқандар жасыл түспен, қашықтықтан немесе кешігіп келіп қатысқан студенттер сары түспен және 25 минуттан кем немесе мүлдем қатыспағандар қызыл түспен ажыратылады.

«Дәріс» экранында студенттер командасын басу арқылы дәрісті толықтай онлайн жүйесінде тыңдауға мүмкіндіктері бар. Трансляциялау кезеңі цифрблатта көрсетіледі (сағ/мин/сек).

Студенттер келесі команда тетіктерін баса отырып:

– ⊴ –дәрісті бір немесе бірнеше рет кері айналдыруға;
– ⊵– қайта кері айналдырғаннан соң, қайтадан алға айналдыруға;
– =:O=:– дәрісті тек керек жерінен тоқтата тыңдауға;
– ⊙– дәрісті телефон жадында сақтап қоюға т.б. мүмкіндіктерімен шектелмеген.

«Чат» экраны дәріс оқушы студенттерден келген сұрақтарға жауап береді, автоматты кері байланыс орнатылады [6].

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар мен олардың мүмкіндіктері шексіз деп айтуға толық болады. Алайда, солардың ішінен тиімді, білім нәтижесінің сапасын арттыратын икемді, әрі қолайлысын таңдау немесе оларды құра білу басты талап екені бірінші кезекте тұруы тиіс. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру қажет», деп Елбасы көрсеткендей, болашақ мамандарға білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үдерісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Сондықтан да, жоғарыда көрсетілген бағдарламаларды жалпы және бейорганикалық химия курсында қолдану тиімді екені анық. Сабақты компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін әр оқытушы ұтымды пайдалана білсе, сондай-ақ қажетті жағдайлар жасалса, білім сапасы жоғары деңгейге артып, нарықтық экономикаға сәйкес бәсекеге қабілетті маман дайындау мүмкіндігі туар еді.

1 Садыбекова Ж. Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі»// «Информатика негіздері» журналы. 2008. №4. - С. 4-5.

2 Б.А. Әлмұхамбетов, М.А. Ғалымжанова. «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың қолданылуы». - 17б.

3 Интернет ресурс www.prezi.com.

4 Интернет ресурс www.realtimeboard.com.

5 Интернет ресурсwww.getkahoot.com.

6 Затынейко А.М., Саржанова Г.Б., Курмет А. К вопросу об интерактивных методох обучения в вузе./ Материалы X Международной научно-практической конференции «Новые научные достижения – 2014». - Болгария, Апрель, 2014. - С. 90-94.

Резюме

Талипбекова Ә.Ж. – магистрант,

Сулейменова О.Я. – д.х.н., доцент КазНУ им аль – Фараби

Эффективность использования информационной и коммуникативной технологий на курсах общей и неорганической химии

В статье рассматриваются возможности использования коммуникативной и информационной технологий в целях организации занятий общей и неорганической химии в ВУЗ при формировании знания, навыков и компетенции. Информационно-компетентный, грамотный специалист должен чувствовать, когда нужна информация, и быть способным найти ее, оценить, умело использовать традиционные и автоматизированные средства, которые хранят информацию. Следовательно, возникает необходимость по возможности использовать интернет линии, которая способствует сбору нужной информации, необходимой для знания. Программы, работающие рекомендованные интернет линией, удобно использовать на любых курсах обучения химии.

Ключевые слова: информационно-коммуникативные технологии общей и неорганической химии, обучение, интернет линия, программы.

Summary

Talipbekova A.Zh. – master,

Suleimenova O. Ya. - Dr., Associate Professor of KazNU named after al – Farabi

Effective use of information and communication technologies for general and inorganic chemistry courses

The article discusses the possibility of using information and communication technologies, in order to organize activities according to the requirements of time in studying the subjects of General and Inorganic Chemistry at the University, when forming their knowledge, skills, competence. Informative, competent, qualified specialist should feel, when looking for information, able to find her, evaluate, skillfully use both traditional and automated devices that store information. Consequently, there is a need for the ability to use Internet lines to facilitate the collection of relevant information is essential for knowledge. A recommended Internet line is convenient to use the curricula at all courses.

Keywords: information and communication technologies of General and Inorganic Chemistry, training, Internet lines, program.

УДК (4И(АНГЛ.)+4И(НЕМ.)]:371.(07)

ОБУЧЕНИЕ СПЕЦИАЛИСТА-МЕДИКА ИНОЯЗЫЧНОМУ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ОБЩЕНИЮ НА ОСНОВЕ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА

Сулейменова О.Я. – *к.п.н., доцент,*

Садыкова А.А. – *ст. преп.,*

Лозенко И. В. – *ст. преп. КазНМУ им.С.Д Асфендиярова, e-mail:* orana@mail.ru

В настоящее время достижение современного качества образования, его соответствие перспективным потребностям личности и общества является важнейшей задачей образовательной политики. Основной целью национального проекта в сфере образования является создание механизмов, способных улучшить его качество. В связи с этим, необходимо переосмысление целей, задач и содержания обучения студентов иностранным языкам в медицинском вузе. Поиск новых технологий, методов и форм повышения качества образования, инновационные процессы в обучении иностранным языкам становятся обязательными требованиями в вопросе повышения профессионализма медицинских кадров. Ведущим направлением современной педагогической теории и практики является компетентностный подход, который предполагает не простую передачу знаний, умений и навыков от преподавателя к студенту, а формирование у будущих выпускников медицинских вузов профессиональной компетентности. Профессиональная компетентность включает такие способности и качества личности и которые необходимы для успешной профессиональной деятельности в сфере медицины.

В связи с этим, в последнее время во многих медицинских учебных заведениях осуществляется попытка проверить качество знаний, умений и навыков, которые могут быть полезными выпускникам в их будущей профессиональной деятельности.

Ключевые слова: профессиональное общение, компетентностный подход, образовательная политика, гностическая компетенция, конструктивно планирующая компетенция, организаторская компетенция, контролирующая компетенция, коммуникативно-интерактивная компетенция.

В настоящее время достижение современного качества образования, его соответствие перспективным потребностям личности и общества является важнейшей задачей образовательной политики. Основной целью национального проекта в сфере образования является создание механизмов, способных улучшить его качество. В связи с этим, необходимо переосмысление целей, задач и содержания обучения студентов иностранным языкам в медицинском вузе.

Поиск новых технологий, методов и форм повышения качества образования, инновационные процессы в обучении иностранным языкам становятся обязательными требованиями в вопросе повышения профессионализма медицинских кадров.[2]

Ведущим направлением современной педагогической теории и практики является компетентностный подход, который предполагает не простую передачу знаний, умений и навыков от преподавателя к студенту, а формирование у будущих выпускников медицинских вузов профессиональной компетентности.

Профессиональная компетентность включает такие способности и качества личности и которые необходимы для успешной профессиональной деятельности в сфере медицины.

В связи с этим, в последнее время во многих медицинских учебных заведениях осуществляется попытка проверить качество знаний, умений и навыков, которые могут быть полезными выпускникам в их будущей профессиональной деятельности.

Современные условия обучения способствуют тому, чтобы одним из существенных компонентов деятельности специалистов-медиков стало умение иноязычного общения по специальности, а роль дисциплины «Иностранный язык» в медицинских учебных заведениях значительно возросла в их профессиональной подготовке.

Результаты работы по формированию общепрофессиональных ключевых компетенций, которые можно получить в процессе обучения студентов неязыковых специальностей профессиональному иноязычному общению с применением разработанной методики учебно-коммуникативной деятельности на английском и немецком языках, рассматриваются в учебных пособиях .[1,3,4,5,6,7,8,9] представляются следующим образом:

1. Гностическая компетенция

О наличии гностической компетенции говорят в том случае, если в процессе обучения иноязычному профессиональному общению будущий медицинский специалист выполняет следующие исследовательские действия:

1. Выявление проблем профессионального характера при анализе конкретных ситуаций; например, при выполнении заданий по учебным ситуациям: «At the doctor’s» - «Beim Arzt», «At the dentist’s» - «Beim Zahnarzt», «At the chemist’s», «Gespraech mit dem Apotheker» и др.

2. Анализ целей и задач учебной коммуникативно-проектной деятельности на английском и немецком языках. При выполнении заданий, связанных с учебными ситуациями, преподаватель должен обращать внимание студентов на возможность применения изученного лексико-грамматического материала в их будущей профессиональной деятельности.

3. Использование для решения задач методов изученных наук; например: терапии, стоматологии, фармации, при выполнении заданий по более узким учебным ситуациям: “At the therapeutist’s” – “Beim Internisten”, “At the Ophthalmologist's” – “Beim Augenazt”, “At the Cardiologist’s” – “Beim Arzt fuer Herzkrankheiten” и др.

4. Анализ условий реализации и уровня эффективности учебной коммуникативной проектной деятельности.

5. Анализ и критическая оценка прошлого опыта учебной коммуникативной проектной работы сокурсников по содержанию, методам и результатам работы.

6. Анализ языкового материала, необходимого для выполнения творческого задания (составление монолога, диалога по изученной теме, составление текста научной конференции на тему: «Actual Problems of Modern Medicine» и др.

7. Анализ результатов овладения новыми речевыми и профессиональными (организаторскими, планировочными, контролирующими и т.д.) навыками в ходе учебной коммуникативно-проектной деятельности на иностранном языке.

2. Конструктивно планирующая компетенция.

Специалист обладает конструктивно-планирующей компетенцией, если в процессе обучения иноязычному профессиональному общению выполняет следующие действия:

1. Правильная постановка цели и формулировка задач работы над проектом по выбранной теме, связанных с реализацией профессионально-медицинских функций.

2. Построение модели для описания учебной коммуникативно-проектной деятельности на иностранном языке, например, при построении модели длительной коммуникативной ситуации: “Our Polyclinic” – “Unser Krankenhaus”. При подготовке данного проекта студенты используют элементы метода глобальной симуляции.

3. Управление ресурсами и командой проекта.

4. Составление текста выступления на научной конференции, конспекта сценария устной презентации, а также письменного отчета о работе над проектом.

3. Организаторская компетенция.

Организаторская компетенция проявляется в организации учебной коммуникативной проектной деятельности студентов на английском и немецком языках, в сочетании объема деловой активности лидера и других членов проектной группы: в рациональном использовании индивидуальных и групповых форм работы, материально-технических информационных ресурсов.

4. Контролирующая компетенция.

Контролирующая компетенция означает способность обеспечивать управление процессом решения профессиональных задач и его корректировку на основе обратной связи, информирующей лидера группы о наличии и уровне сформированности необходимых знаний, умений и навыков у студентов-участников проектной работы. Данный вид компетенции предполагает также способность лидера группы контролировать и корректировать собственную профессиональную деятельность. Большую роль в организации и осуществлении коррекции коммуникативной деятельности студентов на изучаемом иностранном языке играет правильный анализ допущенных речевых ошибок и определение путей их устранения: повторение изученных лексическо-грамматических тем.

5. Коммуникативно-интерактивная компетенция

Данный вид компетенции предполагает способность специалиста понимать и употреблять в речи высказывания на изучаемом иностранном языке с учетом лингвистических, социальных и профессиональных правил, которых придерживаются носители языка в различных профессиональных-детерминированных ситуациях.

Таким образом, в современных условиях компентностный подход к обучению медицинских специалистов становится приоритетным направлением модернизации образования.

Возрастающая потребность в специалистах, способных к иноязычному профессиональному общению обусловила повышенное внимание со стороны методистов преподавателей к совершенствованию образовательного процесса по иностранным языкам в неязыковых вузах.

1 Афанасова В.В., Долтмурзиев Д.О., Черезова Т.Л., Английский язык для медицинских специальностей. - М.: Издательский центр. «Академия», 2005. – С. 5-7.

2 Бородулина М.К., Карлин А.М., Лурье А.С., Минина Н.М. Обучение иностранному языку как специальности (Немецкий язык) – М.: «Высшая школа». 1975. - С. 88-97.

3 Зимняя И.А, Общая культура и социально-профессиональная компетентность человека. И.А. Зимняя // Высшее образование сегодня, № 11. - М.: «Высшая школа»,2005. – с. 28-36

4 Маслова А. М., Вайнштейн З. И., Плебейская Л. С. Учебник английского языка для медицинских вузов. - М.: «Лист Нью», 2005, - С. 3-5.

5 Марковина И.Ю., Максимова З.К., Вайнштейн М.Б. Английский язык для медиков - М.: «ГЭОТАР-Медиа», 2013. – 3 с.

6 Муравейская М.С., Орлова Л.К. Английский язык для медиков. - М.: Флинта: «Наука» , 2011. - С. 3-4.

7 Скалкин В.Л., Основы обучения устной иноязычной речи. – М.: «Просвещение», 1981. - С. 248-252.

8 Садыбеков С.И. Обучение специалиста иноязычному профессиональному общению на основе компетентностного подхода. Материалы РНПК: «Компетентность как основа качества подготовки специалистов». – Алматы, 2009. - С. 26-28.

9 Сулейменова О.Я., Еленова А.К., Немецкий язык. – Алматы: «Deluxe printery», 2005. - С. 3-10.

Түйіндеме

Сулейменова О.Я. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Садыкова А.А.- аға оқытушы,
Лозенко И. В. - аға оқытушы С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ

Медик – мамандарды шет тілдік кәсіби қарым-қатынасқа құзыреттілік тәсіл негізінде оқыту

Қазіргі заманғы педагогика теориясы мен практикасының-құзіреттілік тәсіл,яғни оқытушыдан студентке білімнің, іскерлікті және дағдыны қарапайым жолмен беру ғана емес,сонымен қатар медицинаның ЖОО болашақ түлектерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды қарастырады. Медициналық саласында кәсіби жетістікке жеткізетін жеке тұлғаның қасиеттері мен қабілеттері кәсіби құзыреттілікке кіреді. Осыған байланысты, көптеген медициналық жоғарғы оқу орындарында түлектердің болашақ мамандықтарына қажет болатын білімдерін, іскерліктері мен дағдыларының сапасын тексеру жүргізілуде.

Түйін сөздер: кәсіби қарым-қатынас, құзыреттілік тәсіл, білім беру саясаты, гностика құзыреті, ұйымдық құзыреті, сындарлы жоспарлау құзыреті, бақылау құзыреті, коммуникативтік - интерактивті құзыреті.

Summary

Suleymenova O.Ya. – associate professor,
Sadykova A.A. – senior teacher,
Lozenko I.V. – senior teacher Kazakh National Medical University named after S. Asfendijarov

Medical specialists teaching professional communication in foreign language on the ground of competence approach

At present time the improvement of educational quality, its conformity to perspective requirements of persons and society is the most important problem of educational policy.

The main aim of national project in the sphere of education is the creation of mechanisms, improving its quality. In the connection with this aim, problems and contents of medical students foreign languages teaching. Searching new technologies, methods and innovative processes in foreign languages teaching medical specialists professional improvement.

The leading direction of modern pedagogical theory and practice is the competence approach, which assumes not only the simple transference of knowledges and skills from teachers to students, but the formation of professional competence in future graduates of medical universities professional competence includes such abilities and qualities of person, which are necessary for successful professional activity in the sphere on the medicine.

Keywords: professional communication, competence approach,, educational policy, gnostic competence, constructive- planning competence, organizing competence, controlling competence, communicative-interactive competence.

УДК 37.017.92

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Дабылтаева Р.Е. – *к.п.н., доцент УИЯиДК, dabyltaeva@bk.ru*
Куратова О.А. – *к.п.н., профессор УИЯиДК, k-olga55@mail.ru*

В настоящей статье рассматриваются научно-методические пути формирования корпоративной культуры будущих специалистов иноязычного образования. Целенаправленную важную деятельность в этом плане осуществляет институт эдвайзеров. Нужное оказание помощи студенту в адаптации к новым условиям жизни, его деятельности – это главная особая специфическая задача эдвайзера академической группы.

Ключевые слова: корпоративная культура, иноязычное образование, научно-методическое сопровождение, эдвайзер.

С XVIII в. под культурой начинают понимать все, что появилось благодаря деятельности человека, его целенаправленным размышлениям. По нашему мнению***, культура – это одно из фундаментальных понятий социально-гуманитарного познания.***

Корпоративную культуру можно определить как набор базовых ценностей, убеждений, негласных соглашений и норм, разделяемых всеми членами организации. Это своего рода система общих ценностей и предположений о том, что и как делается в организации, которая познается по мере того, как приходится сталкиваться с внешними и внутренними проблемами. Она помогает предприятию выжить, победить в конкурентной борьбе, завоевать новые рынки и успешно развиваться. Корпоративную культуру определяет формула: общие ценности – взаимовыгодные отношения и сотрудничество – добросовестное организационное поведение [1, с. 54].

В свою очередь, на базе анализируемых литературных источников по корпоративной культуре, мы попытались дать определение корпоративной культуре студента. Корпоративная культура студента - обобщенная характеристика: мотивации, ценностно-смысловые ориентации, знания, умения (корпоративные компетенции), а также способности к их саморазвитию и самореализации в условиях реализации групповых задач. Таким образом, корпоративная культура студенческого сообщества понимается как субкультура корпоративной культуры вуза в целом и представляет собой систему духовных и материальных ценностей, предположений, верований, ожиданий, норм и образцов поведения, которые разделяются и поддерживаются большинством студентов вуза, а также определяют способ их действий и взаимодействий внутри и вне сообщества, в повседневной деятельности и будущей профессиональной деятельности.

Нами проведен анализ зарубежной и отечественной литературы, посвященной анализу и диагностике корпоративной культуры, где приводится ряд показателей эффективности культуры корпорации.

Классические работы по диагностике корпоративной культуры принадлежат Г. Хофштеде, Г. Моргану, С. Роббинсу, Э. Шейну [2, 3, 4, 5].

Из всех показателей корпоративной культуры для оценки корпоративной среды вуза, нами выделена в первую очередь духовная и материальная составляющая, первая обеспечивает формирование морально-этических ценностей и установок жизнедеятельности студентов вуза, побуждающих потенциал интеллектуальной и духовной энергии человеческих ресурсов на эффективную реализацию ее миссии; вторая составляющая является условием реализации и поддержания ценностей, норм и общей идеологии, а так же комфортного пребывания студентов вуза в корпоративном пространстве.

В связи с тем, что высшее учебное заведение является специфическим типом корпорации, корпоративная культура в нем приобретает воспитательные функции, которые влияют на процесс формирования будущих специалистов.

If the Maturity of the skills to learn can be identified by a variety of diagnostic techniques, such as "Skills of the training activities", the actual stock of knowledge in the subjects and subject Maturity skills can be checked by means of tests of the teaching or diagnostic examinations.

Most of the researchers in the field of training measurement believe that the teaching tests must meet a number of requirements: compliance with the content of training, in one test should be presented one problem at this level, an unambiguous formulation of the task, the uniqueness - the presence of the standard solution of the problem; objectivity, so the development of the tests should be handled by experts, which implies the need for a long qualimetricmonitoring and application of standardized gauges of the quality of knowledge and skills of students. The requirement of having of a clear answer to each question tests limits their field of application by tasks of reproductive nature, as tests with free answers are almost impossible to standardized assessment procedure is therefore less reliable and objective.

The level of training of the students directly depends on the efficiency of the organization of educational process in the classroom.

S.M.Vishnyakova in their work defines learning as preparedness for any kind of professional activity, possession of understanding of the essence, knowledge, skills and abilities required to successfully perform of tasks of specific content and level of difficulty [1].

A somewhat different definition of learning results in their work G.M.Kodzhaspirova. Education defines it as a result of training (organized or spontaneous), including both existing to date the stock of knowledge and developed methods and techniques of acquisition (ability to learn) [2].

An essential factor contributing to the impact of educational technologies on the quality of student learning, is to define themselves quality of formed indicators, at which is aimed the whole teaching process. In this context, we will build upon existing methods of teaching of the history approaches to the definition of system of historical information to be mastering. The first approach is represented in the schoolbookon the history edited of F.P.Korovkina.

As elements of historical knowledge of authors highlights the system of historical facts; history and space (perform localization function and ensure the establishment of temporal and spatial relations); historical images, representations of objects, people, the environment; an explanation of historical facts through the disclosure of their essence, through the establishment of a system of connections and relationships, through a system of historical concepts; methodological knowledge (a system of knowledge about the ways of knowledge of the past); elements of the evaluation of historical events and figures, knowledge assessment; knowledge of the science of history and source; ways of working with historical material.

The second approach is presented in the textbook "Methods of Teaching History" edited by S.A.Ezhova, where the elements of historical knowledge are highlighted historical facts, historical period, historical space, methodology, evaluation, historical sources, and methods of action.

According L.N.Aleksashkina historical fact has systemic characteristics: historical time; historical space; historical movement. Historical time is represented by chronological categories: year, millennium era, period, phase, and actions - correlating, comparing, determining of the duration and sequence, correlation of synchrony / asynchrony, it provides localization of the historical past in time and promotes the development of temporal orientation. Historical space is represented by the historical and geographical categories and actions on localization of historical processes in space. Historical flows reflect the activities of man and society in various fields of activity: employment, social, political, cultural, informativeand international, for their own development.

Summing up these approaches, we present the structure of studies on historical discipline (Table 1).

Thus, the content of history education can be represented by a system of historical facts, logical forms of thinking and other activities that provide knowledge of the history, value judgments, conclusions. The concretization of the goals and objectives of history teaching leads to the following conclusion. System of historical facts, theories represents the cognitive component of historical consciousness and indicates about the ability to navigate in the historical process. The operational component of the historical consciousness of the student contains a system of intelligent, mental strategies, action to ensure the processing and usage of historical information. Value-semantic component is a system of values, motives and meanings of studying history. For the successful assimilation of all these elements the teacher of history is necessary to use all the psychological and cognitive processes to contribute the formation of students' personal way of orientation in historical experience [3].

The development of cognitive component of historical consciousness can be detected using tests that detect the level of mastery of knowledge. The tests found tasks with open and closed answers. Test task consists of instructions, setting the text, answer options and correct answer. As jobs may be offered jobs correlation, grouping, selecting, and sequencing.

The main indicator of the development of the cognitive component of historical consciousness is the awareness that characterizes the human aspects of education that show when playing of historical experience.

The accuracy and completeness of reproducibility of people assimilated social experience are indicators of knowledge, by which we can judge about the depth of human erudition in any areas or private matters relating to historical phenomena.

Under the consciousness is meant the measure of the impact of assimilate them of historical experience, his ability to express his or her own attitude to themselves and to the environment. Consciousness is based on the comprehension and understanding by the human of an essence of digestible elements of historical experience. It manifests itself in the conviction of the subjects of assimilation in the truth of the reflected by their experience, that is, in the transition of social experience in subjective knowledge.

The operational component of historical consciousness can be estimated in terms of "skillfulness". Under the able understood measure of competenceprovides the use of historical knowledge and the establishment of relations, based on which is possible to carry out an activity through the application of their knowledge[4].

Skillful of people, based on knowledge, awareness and effectiveness, characterizes their education in terms of the ability to apply the obtained of social experience in his life.

Cognitive problems can detect an operational side of the historical consciousness and appreciate the ability to understand and to explain the historical process.

Diagnostic tools of value-semantic component of historical consciousness are a value judgment, which combines object of value attitude shown he reaction in the form of a value judgment. Value-semantic components of historical consciousness are determined through the "Effectiveness" category. Under the efficacy understood the measure of the impact of historical experience on the student attitude toward themselves and the historical past, the involvement in the practical implementation of the different aspects of their life. The main feature of effectiveness is the ability to respond in the light of the acquired knowledge.Acquired knowledge becomes for human a kind of evaluation "tool", which he uses in his life.People tend to explain what is happening, based on their knowledge, experience (in the first place, the internal data of nature, and affect the preconditions as it were automatically, i.e. without of the focus).Even when confronted with the contradictions between personal knowledge and observable phenomena, events, etc., people tend to react to them, first of all, on the basis of their knowledge. The resolution of such conflicts occur often painful, difficult, indicating that the "force" the effectiveness of knowledge as education human characteristics.

The effectiveness of knowledge is manifested in the activation of various aspects of human activity. The assimilation of historical experience leads to the growth of human belief in the truth of his knowledge.

Based on the above, are the following levels of historical consciousness of pupils.

The first - at the level of historical events and facts reflect a system of historical representations ready assessment of historical events and personalities, localized in space and time. The student has the basic techniques of reproduction of historical facts in the logic of historical development.

The second - at the level of historical phenomena reflects the basic mental operations related to the knowledge of the historical experience and its assignment taking into account individual characteristics of students. Students are able to choose a historical assessment, give detailed explanations and value judgments, to hold a dialogue with the past.

The third level - at the level of historical processes associated with the development strategy of social behavior in different situations, as well as using historical experience in the system of solutions of vital tasks. The base level of historical preparation for primary school is the presence of historical concepts and skills to work with sources of historical information.The students at this level can have a mark from satisfactory to excellent. A satisfactory mark on the basic level may be set for a complete description of the historical events with obligatory spatial and temporal locality.The rating of "good" is put for the reproducing operation on the level of description of historical events with the use of historical concepts. The rating of "excellent" can be set for a detailed description of the historical process [5; 6; 7; 8].

The level of training of pupils detected by means of various types of control (testing, independent work, test work, dictations, oral responses, etc.).

Computer tests, as practice shows, are the only way of pedagogical measurements, allowing to obtain objective assessments of the level of training and to influence on the teaching process in order to create positive dynamics in the learning process. The use of computer technologies in the educational process requires serious consideration of new learning conditions.

Table 1 - The structure of the teaching students on the historical discipline

Components of educational elements	**Cognitive**	**Operative**	**Value-semantic**	**Levels**		
Components for the Benjamin Bloom				Thefirst event-level	The second - at the level of the pheno-menon	The third at the pro-cess level
Knowledge	He knows historical facts, events, dates, names, terms	Selects external signs,performs a localization in space and time	Accepts a system of universal and national cultural values	+	+	+
Understanding	Awareness and understanding by the pupil of that knowledge which he operates	Reveals the essence of the historical phenomenon the process	Understands conditionality of cultural values by historical events	+	+	+
The use	He operates by knowledge mastered previously in new conditions	He applies the historical knowledge in a new situation	He uses values as the norms of individual behavior	+	+	+
Analysis	He uses the arguments reasonably to prove the correctness of the solution of cognitive tasks	He estimates historical phenomenon, the actions of the people in the history	He assesses independently the activities of historical figures and politicians		+	+
Synthesis	Generalization, mastery of	He operates with the historical	He produces personal style of behavior			+

	concepts, laws, theories	knowledge extracts them from the historical sources				
Evaluation	Understands the purpose and conditions of the problem, ways of its solutions, validation methods for performing	Defines the historical significance and the place of events in similar chain	Substantiates the personal relationship to historical events, their participants, creations of culture			+

1 Вишнякова С.М. Профессиональное образование: Словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика – М.: НМЦСПО, 1999. – 538 с.

2 Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь: Для студ. высш. и сред.пед. учеб. заведений / Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров. – 2-е изд. стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 176 с.

3 Сидельников А.А. Исследование условий и результатов формирования исторического сознания старшеклассников: дис...канд.пед.н., – Санкт-Петербург, 2012. - 203 с.

4 Постников П.Г. Дидактика истории (на пути к профессиональному мастерству): [Курс лекций] /П.Г.Постников; Нижний Тагил: НТГПИ, 2003. - 151 с.

5 Короткова М.В., Студеникин М.Т. Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях. – М.: Владос, 1999.

6 Вяземский Е.Е. Историческая наука и историческое образование: некоторые проблемы теории и методологии // ПИиОШ. 2001. № 3. С. 13-21.

7 Баранов П.А. О тенденциях развития современного школьного исторического образования // ПИиОШ. 2001. № 3. С. 21-26.

8Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Курс лекций для дистанционного обучения. Как преподавать историю в современной школе: теория и методика // История. № 20-24, 2006.

Түйіндеме

Шауханов А.А. – п.ғ.к.,«Жалпы педагогика және психология» кафедрасының доценті

Тарих пәні бойынша үйретілу құрылымы

Мақала тарих пәндерін оқытумен тікелей байланыстағы «үйретілу» түсінігін сипаттайды. Қазіргі таңда оқушылардың сапалы білім алуына жоғары талаптар қойылуда. Білім беру үрдісін түрлі формалары мен қолдану оқушылардың жоғары талпынысынкөтеруге,сабақтардың кәсіби-тәжірибелікбағытылығынкөтеруге зор мүмкіндік береді, нәтижесінде өзінің кәсіби педагогикалық әрекетінде жоспарланған нәтижелерге жете алады.

Заманауи ақпараттық-білім беру технологиялары мектепті жаңартудағы маңызды құрал болып табылады. Ол педагогтың жұмысын жеңілдетеді, оқытудың формалары мен тәсілдерін түрлендіреді, оқушының жеке тұлғалық сипаттарын ескере отырып, оқыту үрдісін ұйымдастырады, сонымен қатар білім берудің нақты нәтижелерін қадағалауға ықпалын тигізеді,мұның барлығы үйретілу мен оқушылардың білімсапасына да тікелей әсер ете алады.

Түйін сөздер: оқушының үйретілу сапасы, тарих пәні бойынша үйретілу құрылымы, тарихи білімінің мазмұны, оқушылардың тарихи сана-сезімнің дамуы деңгейлері.

Резюме

Шауханов А.А. – к. пед.н., доцент кафедры «Общая педагогика и психология»

Структура обученности по исторической дисциплине

Статья описывает понятие «обученность», связанное с преподаванием исторических дисциплин. В настоящее время предъявляются высокие требования к качеству знаний учащихся. Использование различных форм и методов организации образовательного процесса позволяет повысить мотивацию обучающихся, профессионально-практическую направленность занятий и в итоге добиваться гарантированных запланированных результатов своей профессиональной педагогической деятельности.

Современные информационно-образовательные технологии становятся одним из важнейших инструментов модернизации школы. Они облегчают труд педагога, позволяют разнообразить формы и способы обучения, организовать процесс обучения с учётом личностных характеристик ученика, а также отследить конкретные результаты образования, все это оказывает прямое воздействие как на обученность, так и качество обучения учащихся.

Ключевые слова: качество обученности школьника, структураобученности по исторической дисциплине, содержание исторического образования, уровни развития исторического сознания школьников.

ӘӨК 37.013.2

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ БІРЕГЕЙЛІК ҰСТАНЫМ (5В012300 – «ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» МАМАНДЫҒЫ МЫСАЛЫНДА)

Сламбекова Т.С. – *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, п.ғ.к., профессор м.а.*
tolkyn_1969@mail.ru
Албытова Н.П. – *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, п.ғ.к., профессор м.а.*
nalbytova@mail.ru

Мақалада Болондық процесс талабына жауап беруші, Қазақстандық білім беру жүйесі үшін жаңа принциптер: білім беру бағдарламасын әзірлеудегі жоғары оқу орнына берілген еркіндік; білім алушылардың академиялық ұтқырлығына қол жеткізу, қос дипломды білім беру; білім беру нәтижесіне жетудегі құзіреттілікке бағдарланған бағдар қарастырылған. Мақалада 5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасындағы бірегейлік ұстанымның сақталуының артықшылығы мазмұндалған.

Түйін сөздер: академиялық ұтқырлық, қос дипломды білім беру, құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, білімділік, іскерлік.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғарғы технологиялық және ғылыми қамтылған өндірістері үшін кадрлар қорын жасауымыз қажет. Бұл талаптар білім саласы қызметкерлеріне үлкен міндеттер жүктейді. Себебі әрбір мемлекеттің болашағы оның білім ордаларында шыңдалады» - деген [1].

Олай болса, бүгінгі Қазақстан ішкі ғана емес, сыртқы еңбек нарығында да бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мен жоғары білімнің халықаралық сапасына батыл қадам жасап отырғандықтан жоғары мектеп маманды даярлау сапасына аса мән беруде. Бұл жоғары білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай ЖОО берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, оны бітіруші түлектерді үлкен кәсіби өмірге дайындау қажеттігі туындайды.

Жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігін құраушы дамыған алдыңғы қатарлы елдердің басты ұстанымы Болон декларациясының қағидаларын басшылыққа алу. Осы Болондық үдеріс талаптарына жауап беруші, біздің білім беру жүйеміз үшін жаңа принциптер қатары пайда болды. Олардың бастылары:

- Мамандарды үш деңгейлі жүйеде даярлау: бакалавр – магистр - PhD доктор;
- Білім беру бағдарламасын әзірлеудегі жоғары оқу орнына берілген еркіндік;
- Білім алушылардың академиялық ұтқырлығына қол жеткізу,
- Қос дипломды білім беру;
- Білім беру нәтижесіне жетудегі құзіреттілікке бағдарланған бағдар.

Академиялық ұтқырлық еліміздегі кез-келген жоғары оқу орнында оқып жатқан білім алушының оқу орнын, оқу бағдарламаларын, профессор-оқытушыны еркін таңдауына мүмкіндік беру, оқу кезеңінің аралығында білім алушының белгілі бір оқу бағдарламасын елеміздегі немесе шетелдегі жоғары оқу орында игеруге жағдай жасау. Қазіргі таңда академиялық ұтқырлық екі бағытта жүзеге асуда: сыртқы (Халықаралық) және ішкі (Ұлттық). Сыртқы академиялық ұтқырлық білім алушының шетелдердегі жоғары оқу орындарында оқуы, сонымен қатар зерттеуші оқытушылардың шетелдік білім беру немесе ғылыми мекемелерде жұмыс жүргізуі. Ішкі академиялық ұтқырлық деген білім алу-шылардың оқуы және зерттеуші оқытушылардың Қазақстандық ЖОО жұмыс істеуі. Ұтқырлықтың негізгі мақсаты білім алушыға өзі таңдаған мамандық бойынша көпжақты білім алуына мүмкіндік беру.

Академиялық ұтқырлық - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз жоғары оқу орнында немесе өзге оқу орнында білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру [2].

Қос дипломды білім беру қазақстандық жоғары мектеп дамуының Халықаралық білім беру кеңістігіне бірігудегі аса маңызды тәжірибелік жол. Қос дипломды білім - екі тең бағалы диплом (Double Major) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (Major Minor) алу мақсатында екі оқу жоспары (білім беру бағдарламалары) бойынша параллельді білім алу мүмкіндігі.

Бүгінде Қазақстандық көптеген жоғары оқу орындарында даярланатын әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімінің жұмыс бағыттары өте күрделі. Ол туралы біліктілік туралы сипаттамада айтылып, онда кең ауқымды қызметтік міндеттемелердің тізімі берілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен жалпыға міндетті білім беру стандартында маманның атқаратын кәсіби іс-әрекет түрлері төмендегідей берілген:

− әлеуметтік-педагогикалық;
− оқу-тәрбиелік;
− мәдени-ағартушылық;
− ұйымдастырушылық-әдістемелік;
− жарнамалық-насихаттаушылық;
– ғылыми-зерттеу;
– аниматорлық [3].

Қазіргі таңда болашақ маманның функционалдық сауаттылығы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Бұл дегеніміз ЖОО білім алушы меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы, яғни оқытудың түпкі нәтижесі білім алушы бо-йында қалыптасатын құзыреттіліктің қалыптасуында. Заманауи маман даярлаушы жоғары мектеп оқытушысының басты назары өз пәнінде ғана емес, алдында даярланып жатқан маманның болашақ-тағы алатын орны, іскерлігі, маман ретінде дамуы мен жетілуінде.

Кузьмина Н.В. пікірінше, құзыреттілік педагогтың басқа бір адамды дамытуына негіз болатын білімділігі мен абыройлығы. Кривцов Л.Ю.: «Кәсіби құзіреттілік - маманның білім, іскерлік және дағдыларды меңгеруін көрсететін сапаларының жиынтығы» десе, көпшілік педагогикалық әдебиеттерде: «Кәсіби кәмелеттілік, кәсіби іс-әрекетті шығармашылық деңгейде қазіргі сәтте социумда қабылданған нормалар мен стандартқа сәйкес жүзеге асыру» тұрғысында анықтама берілген [4, 89 б].

Құзыреттілік – маманның білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті. Біліктілік – адамның қандай да бір кәсіби-еңбек қызметін орындауға деген дайындық деңгейі немесе біліктілік – кәсіпті меңгеру деңгейі.

Кәсіби құзыреттілік - педагогикалық қызметті жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі. Белгілі ғалымдар С.Е. Шишов пен В.А. Кальней өскелең ұрпақтың бойына білім мекемелері мынадай құзырлылықты қалыптастыруы тиіс деп есептейді:

1. Саяси және әлеуметтік құзыреттілік. Олар адамның өзіне жауапкершілік ала алуында.

2. Көп мәдениетті қоғамда өмір сүре алуға байланысты құзыреттілік. Ұлтаралық келісім, басқа мәдениет, дін өкілдерін құрметтеу.

3. Жазбаша және ауызша қарым-қатынас жасай алу құзыреттілігі. Бұл әрбір адам үшін аса маңызды мәселе, бұған сонымен қатар бірнеше тілді білу де жатқызылады.

4. Ақпараттық қоғамда өмір сүре алуға байланысты құзіреттілік. Бұл жаңа технологияларды білу, ақпараттар ағынынан қажеттісін таба білу, оған сыни баға беру білу деген мағынаны береді.

5. Тұлғаның жеке және қоғамдық өмірінің негізі болып табылатын - өмір бойы білім алуға қабілеттілік [5,109 б].

М.А. Чошанов құзыреттіліктің төмендегі белгілерін ажыратқан:

- тұлғаралық және еңбектегі байланыс мәдениеті;
- қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі;
- қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы;
- практикалық кәсіби тапсырмаларды орындауға дайындық әлеуеті;
- нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану;
- біліктілігі;
- тиімді шешім кабылдау қабілеті [6, 3 б].

5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша жалпыға міндетті білім беру стандартының 8.4 пунктінде кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар төмендегіше берілген:

Арнайы құзыреттілік – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану саласындағы кәсіби іс-әрекеттерді жеткілікті деңгейде меңгеруі, өзінің алдағы кәсіби тұрғыда дамуын жобалай алу қабілеттілігі.

Коммуникативтік құзыреттілік – басқа адамдармен қажетті қарым-қатынасты орната алуға және қолдай білуге, түсінікті болуға, еркін қарым-қатынас жасай алуға қабілеттілігі; жоғары деңгейдегі мәдениетті меңгеруі.

Ақпараттық құзыреттілік – ақпараттық технологияларды меңгеру, ақпараттардың барлық түрлерімен жұмыс істей алу қабілеттілігі; қажетті ақпаратты жеке іздестіруі, талдауы мен іріктей алуы, оларды ұйымдастыруы, жаңартуы, сақтауы және жеткізе білуі.

Зерделілік құзыреттілік – өзінің міндеттерін орындауды аналитикалық ойлау мен кешенділік тұрғысынан шешу қабілеттілігі; тұлғалық өзін-өзі іске асыру мен өзін-өзі дамыту амалдарын, тұлғаның кәсіптік деформациялануына қарсы құралдарды меңгеруі;

Әлеуметтік құзыреттілік – әлеуметтік өзара әрекеттестікте тиімді өмір сүру мен жемісті қызмет етуге қабілеттілігі; рационалды және жауапкершілікті пікіп-таластарда және басқалармен келісім-ділікте жетістікке жетуде өзгере алуы мен бейімделуі; кәсіптік қауымдастықта дұрыс қарым-қатынаста болуы, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелеріне әлеуметтік жауапкершілікте болуы.

Жеке құзыреттілік – өзінің дамуы перспективасын, кәсіптік талаптар мен шектеулерді, қоғамдық өмірдің сұраныстарын айқындауға, талдауға және бағалауға қабілеттілігі; өзінің дарындылығын көрсете білуі, өмірлік жоспарын жасауға және дамытуға, дене, рухани және зерделілік тұрғысынан өзін-өзі дамытудың, эмоционалдық тұрғыда өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі қолдаудың тәсілдерін меңгеруі, өзінің жұмысының нәтижелерін жақсартуға қабілеттілігі мен даярлығы, жекелік-тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіптік-психологиялық әлеуетін жеке пайдалану есебінде еңбек тиімділігін көтеруі, өзі, өзінің сапалары, ерекшеліктері, қажеттіліктері, мотивтері, құндылық бағдарлары туралы дұрыс түсініктерінің болуы.

Кәсіби құзыреттілігі – білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына бағытталған кәсіптік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қабілеттілігі; жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің қалыптасуы мен әлеуметтенуіне, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы таңдауы мен біріздiлікпен меңгеруіне ықпал ету; әлеуметтік тәрбиенің әр түрлі амалдары мен әдістерін пайдалану; білім беру мекемелерінің әлеуметтік саласын үйлестіруге ықпал ету; өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі көтеріп отыру, әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарына және әдістемелік жұмыстың басқа да түрлеріне қатысуы, ата-аналармен (олардың орнындағы адамдармен) байланысты жүзеге асыруы, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын орындауы, білім беру процесінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыздандыруы [3].

Соңғы жылдары ғылыми-педагогикалық еңбектерде кәсіби құзыреттілік маман иесінің дайындық сапасына қойылатын талабы немесе кәсіби теориялық білімдері мен практикалық біліктілігі ретінде қарастырылады. Біздің түсінігімізше, кәсіби құзіреттілік – ерекше міндетті жүзеге асыруда қолданылатын, барлық білім мен дағдының жиынтығын құрайтын нәтижелі кәсіби іс-әрекетке деген қатынасы.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әлеуметтік ғылымдар факультеті, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасында 5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша даярланатын білім алушыларға арналып жасалған білім беру бағдарламасында жалпыға міндетті мемлекеттік стандартта нақтыланған маманның атқаратын кәсіби іс-әрекет түрлері мен кәсіби құзіреттілік түрлеріне сәйкес білім беру бағдарламасы әзірленген [7] (Кесте - 1). Білім беру бағдарламасы - білім алушылардың қандай да бір академиялық дәреже немесе біліктілік алуы үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді меңгеруге бағытталған оқыту бағдарламасы.

Кесте 1 - 5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша дайындалған модульдік білім беру бағдарламасы (Қабылдау 2015-2016ж.)

№	Модуль	Ұсынылатын элективті (таңдау) пәндер	Құзіреттіліктер
Мамандық модульдері (біреуін таңдау) – 1			
1	Педагогикалық антропология	Өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздері	*Арнайы құзыреттілік* - өзінің алдағы кәсіби тұрғыда дамуын жобалай алу қабілеттілігі; *Жеке құзыреттілік* – зерделілік тұрғысынан өзін-өзі дамытудың, эмоционалдық тұрғыда өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі қолдаудың тәсілдерін меңгеруі. *Кәсіби құзыреттілігі* – кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы таңдауы мен бірізділікпен меңгеруіне ықпал ету; білім беру процесінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыздандыруы.
		Өзін-өзі танудың антропологиялық негіздері	
		Қазіргі заманғы адамтану	
	Салауатты өмір салтын қалыптастыру	Педагогикалық валеология	
		Денсаулық психологиясы	
		Педагогикалық анимация	
Мамандық модульдері (біреуін таңдау) - 2			
2	Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің теориясы және практикасы	Әлеуметтік педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы және әдістері	*Ақпараттық құзыреттілік* – ақпараттардың барлық түрлерімен жұмыс істей алу қабілеттілігі; қажетті ақпаратты жеке іздестіруі, талдауы мен іріктей алуы, оларды ұйымдастыруы, жаңартуы, сақтауы және жеткізе білуі. *Зерделілік құзыреттілік* - өзінің міндеттерін орындауды аналитикалық ойлау мен кешенділік тұрғысынан шешу қабілеттілігі; *Кәсіби құзыреттілігі* – әлеуметтік тәрбиенің әр түрлі амалдары мен әдістерін пайдалану.
		Әлеуметтік педагогикалық диагностика	
		Психологиялық-педагогикалық практикум	
Мамандық модульдері (С)			
3	Әлем халықтарының педагогикасы және психологиясы	Ұлттық тәрбие негіздері	*Зерделілік құзыреттілік* – өзінің міндеттерін орындауды аналитикалық ойлау мен кешенділік тұрғысынан шешу қабілеттілігі; *Коммуникативтік құзыреттілік* – жоғары деңгейдегі мәдениетті меңгеруі.
		Этнопсихология	
Мамандық модульдері (біреуін таңдау) - 3			
4	Әлеуметтік педагогикалық түзету және кеңес беру	Әлеуметтік психология	*Арнайы құзыреттілік* – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану саласындағы кәсіби іс-әрекеттерді жеткілікті деңгейде меңгеруі, өзінің алдағы кәсіби тұрғыда дамуын жобалай алу қабілеттілігі; *Кәсіби құзіреттілігі* - білім беру мекемелерінің әлеуметтік саласын үйлестіруге ықпал ету; *Зерделілік құзыреттілік* – өзінің міндеттерін орындауды аналитикалық ойлау мен кешенділік тұрғысынан шешу қабілеттілігі.
		Әлеуметтік педагогикалық кеңес беру және түзету	
	Девиантты мінез-құлықты және жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	Балалар үйіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	
		Девиантология	
Мамандық модульдері (С)			
5	Деонтология	Деонтологияның жалпы негіздері	*Әлеуметтік құзыреттілік* - өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелеріне әлеуметтік жауапкершілікте болуы; *Жеке құзыреттілік* – өзінің дамуы перспективасын, кәсіптік талаптар мен шектеулерді, қоғамдық өмір-дің сұраныстарын айқындауға, талдауға және бағалауға қабілеттілігі; өзінің дарындылығын көрсете білуі, өмірлік жоспарын жасауға және дамытуға, дене, рухани және зерделілік тұрғысынан өзін-өзі дамытудың, эмоционалдық тұрғыда өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі қолдаудың тәсілдерін меңгеруі.
		Кәсіби деонтология	
	Білім беру жүйесіндегі лидерлік	Лидерлік теориясы мен практикасы	
		Педагогикалық іс-әрекеттегі лидерлік	

Мамандық модульдері (біреуін таңдау) - 4			
6	Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру	Инклюзивті білім беру негіздері	*Кәсіби құзыреттілігі* – әлеуметтік тәрбиенің әр түрлі амалдары мен әдістерін пайдалану; білім беру мекемелерінің әлеуметтік саласын үйлестіруге ықпал ету. *Арнайы құзыреттілік* – кәсіби іс-әрекеттерді жеткілікті деңгейде меңгеруі.
		Әлеуметтік педагогтың реабилитациялық қызметі	
	Әлеметтік-педагогикалық реабилитация	Ювенальды педагогика	
		Әлеметтік-педагогикалық виктимология	
Мамандық модульдері (біреуін таңдау) - 5			
7	Бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік педагог пен өзін-өзі тану мұғалімінің жұмысындағы технологиялар	Медиапедагогика	*Коммуникативтік құзыреттілік* – басқа адамдармен қажетті қарым-қатынасты орната алуға және қолдай білуге, еркін қарым-қатынас жасай алуға қабілеттілігі; жоғары деңгейдегі мәдениетті меңгеруі. *Ақпараттық құзыреттілік* – ақпараттардың барлық түрлерімен жұмыс істей алу қабілеттілігі; қажетті ақпаратты жеке іздестіруі, талдауы мен іріктей алуы, оларды ұйымдастыруы, жаңартуы, сақтауы және жеткізе білуі. *Кәсіби құзыреттілігі* – жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің қалыптасуы мен әлеуметтенуіне, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы таңдауы.
		Әлеуметтік педагог жұмысының әдістемесі және технологиясы	
	Әлеуметтік педагогикалық жұмысты басқару	Әлеуметтік педагогикалық менеджмент	
		Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс	
Мамандық модульдері (біреуін таңдау) - 6			
8	Педагогикалық процестегі шағын кешенді мектеп және 12 жылдық білім беру	Шағын кешенді мектептегі педагогикалық процесс	*Зерделілік құзыреттілік* – өзінің міндеттерін орындауды аналитикалық ойлау мен кешенділік тұрғысынан шешу қабілеттілігі; тұлғалық өзін-өзі іске асыру мен өзін-өзі дамыту амалдарын, тұлғаның кәсіптік деформациялануына қарсы құралдарды меңгеруі; *Кәсіби құзыреттілігі* – әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарына және әдістемелік жұмыстың басқа да түрлеріне қатысуы.
		12 жылдық білім берудің теориясы мен практикасы	
	Педагогикалық рефлексия негіздері	Педагогтың рухани-адамгершілік негіздері	*Әлеуметтік құзыреттілік* – әлеуметтік өзара әре-кеттестікте тиімді өмір сүру мен қызмет етуге қабілеттілігі; кәсіптік қауымдастықта дұрыс қарым-қатынаста болуы, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелеріне әлеуметтік жауапкершілікте болуы; *Жекелей құзіреттілік* - өзінің жұмысының нәтижелерін жақсартуға қабілеттілігі мен даярлығы, өзінің сапалары, ерекшеліктері, қажеттіліктері, мотивтері, құндылық бағдарлары туралы түсініктерінің болуы.
		Педагогикалық рефлексия	

Айта кетеріміз, білім беру бағдарламасындағы пәндер қатып қалған догма емес, ол уақыт талабына, демек әлеуметтік тапсырысқа, жұмыс берушілер тарапынан келіп түскен талаптар мен сұраныстарға сәйкес өзгертіліп, толықтырылып отырылмақ.

Олай болса, егер, Қазақстандық жоғары оқу орындары әрбір мамандықтар бойынша нормативті құжаттарға сәйкес, демек ондағы құзіреттіліктерге сәйкес білім беру бағдарламасын құрастырғанда біріге, кеңесе келе білім беру бағдарламасын жасаса, онда білім алушылардың академиялық ұтқырлық, қос дипломды білім алу бағдарламасын іске асыруға мүмкіндіктері кеңеймек.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар негізінде даярланатын болашақ мамандарға арналған оқыту бағдарламаларында бірегейлік ұстанымның болуы уақыт талабы, өйткені Республика көлемінде даярланатын мамандардың бір бағдарда, бір бағытта, бір ұстанымда даярлануы жоғарыда аталған мәселелерді шешуге оңтайлы ықпал етпек.

1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан, 2012 ж.

2 Қазақстан Республикасы ЖОО-да білім алатындардың академиялық ұтқырлығы тұжырымдамасы. Астана,19 қаңтар, 2011 ж.

3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мамандығы 5В012300 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» 09.01.2010.

4 Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. - М.: Высшая школа. 1990. - 119с.

5 Гребенкина Л.К. Формирование профессионализма учителя в системе непрерывного педагогического образования: Монография. - Рязань, 2006. - 224 с.

6 Чошанов М. А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Методическое пособие. - М.: Народное образование, 1996. - 160 с, ил.

7 Модульдік білім беру бағдарламасы. Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015-2016 жж. қабылдау.

Резюме

Сламбекова Т.С. – Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева к.п.н, и.о.профессора, tolkyn_1969@mail.ru

Албытова Н.П. – Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева к.п.н, и.о.профессора, nalbytova@mail.ru

Принцип идентичности в образовательной программе (на примере специальности 5В012300 – «Социальная педагогика и самопознание»)

В статье рассматриваются новые принципы системы образования в Республике Казахстан, отвечающие требованиям Болонского процесса, такие как, предоставление большей свободы вузам в построении образовательных программ; академическая мобильность; двудипломное образование; компетентностно-ориентированный подход к результатам обучения. Также в статье представлены примущества принципа идентичности при составлении образовательной программы специальности 5В012300 – «Социальная педагогика и самопознание».

Ключевые слова: академическая мобильность, двудипломное образование, компетентность, профессиональная компетентность, образованность, умение.

Summary

Slambekova T – Gumilyov Eurasian national university. Candidate of pedaqoqical sciences, executive professor, tolkyn_1969@mail.

Albytova N – Gumilyov Eurasian national university. Candidate of pedaqoqical sciences, executive professor, nalbytova@mail.ru

Identity principle in educational proqramme (in the context of specialty 5B012300 –“ Social pedaqoqy and self knowledqe»

This article deals with new principles in educational system of the Republic of Kazakhstan, meetinq all the requirements of Boloqna process such as representinq more university freedom in the buildinq of educational proqrams, academic mobility, double diploma education, competitive-base approach to the educational results. Principle advantaqes of identity in makinq educational proqramme on specialty 5B012300 –“ Social pedaqoqy and self knowledqe» are dealt as well.

Keywords: academic mobility, double diploma education, competitiveness, professional competensy, education, skill.

ӘӨК 37.031.4

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Сламбекова Т.С. – *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, п.ғ.к., профессор м.а.*
tolkyn_1969@mail.ru

Мақалада «сауаттылық», «функционалдық сауаттылық» түсініктерінің өзара байланысы мен білім беру кеңістігіндегі функционалды сауаттылықтың өзектілігі қарастырылған. Мақалада жеке тұлға қалыптасуындағы функционалды сауаттылықтың орны, компоненттері, түрлері мазмұндалған. Сондай-ақ, мақалада функционалды сауаттылық концепциясы дамуының негізгі кезеңдері берілген.

Түйін сөздер: сауаттылық, функционалдық сауаттылық, білімділік, функционалды білім, функционалды іскерлік, функционалды дағды, кәсіби құзіреттілік.

Біз сауаттылықтың бар екендігін сауатсыздықты көргенде ғана байқаймыз. Сауаттылық мәселесі сауатсыздықты жоюда, халық, мемлекет, мәдениет жоғалтып алғандарын қалпына келтіруге талпынғанда ғана өзекті болады. Сондықтан да функционалды сауаттылықпен қоса қоғамды артқа тартатын факторлардың бірі болып саналатын функционалды сауатсыздық та бар. Функционалды сауатсыздық ұлттың экономикасына, интеллектуалдық потенциалына, мәдениетіне қауіп төндіретіні сөзсіз. Функционалды сауатсыз адам жоғары әлеуметтік статусқа иелік ете алмайды және олардың әлеуметтік ұтқырлығы да төмен болмақ. Функционалды сауатсыздық тұрақты түрде еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделуге кедергі болады, кәсіби біліктілікті көтеруде қиындыққа соқтырады, жаңа жұмыс табу мүмкіндігінен айырады. Өнеркәсіптегі келеңсіз оқиғалар, жарақат алу, экономикалық шығындар осы функционалды сауатсыздықтың арқасы. Функционалды сауатсыз адамның тіпті тұрмыстық деңгейде де көптеген проблемаларға ұшырайтыны анық. Мысалы, тіпті оған дүкеннен зат сатып алудың өзі қиындық тудырады, өйткені ол заттың тұтынылу уақытына емес, оның безендірілуіне қарайды, тіпті саяхатқа шыққанда да жол картасын қолдана алмау да функционалды сауатсыз адамның әрекеті. Функционалды сауатсыз адам бала тәрбиесінде де, балаға үй тапсырмасын орындатуда да қиындыққа душар болады, ол тіпті мұғалімнің ата-анаға жазған хатының мазмұнын да, тіпті өзінің де, өзгенің де әрекетін түсінбеуі де мүмкін.

Тегеранда 1965 жылы болған Халықаралық ағарту министрліктерінің конгресінде сауатсыздықты жоюда функционалды сауаттылық түсінігін енгізу ұсынылды, 1978 жылы түсінік ЮНЕСКО тарапынан қарастырылып сауатты деп топтың тиімді қызмет атқаруы үшін барлық іс-әрекет түрлерін атқара алатындарды атайтындығы айтылған.

Сауаттылық мәселесі ХХ ғ. ортасынан бастап Халықаралық ұйымдардың назарына ілікті, ЮНЕСКО тарапынан 1990 жыл Халықаралық сауаттылық жылы болып аталды, 2002 жылы Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ) сауаттылықтың он жылдығы ретінде 2002-2012 жыл аралығын белгілеген.

Заманауи ғылымда «сауаттылық» ұғымы кеңейтіліп, «функционалдық сауаттылық» ұғымына ұласты. «Функционалдық сауаттылық» ұғымының енгізілуі адамның сауаттылық компоненттерін атап айтқанда, білімді, іскерлікті, дағдыны, іс-әрекет тәсілдерін, мінез-құлықтық және дүниетанымдық сапаларды кеңейтті. Көптеген ғалым-зерттеушілердің пікірінше, «функционалдық сауаттылық» компоненттерін меңгеру өте ұзақ, әрі өмір бойына созылатын үдеріс.

Бүгінгі жаңа жағдайда қазақстандық ЖОО болашақ педагогтарды (мамандарды) сыртқы шекараның айқара ашылуына орай ақпараттандыру, компьютерлендіру, жаңа технологиялардың енгізілуі, нәтижесінде кәсіби құзіреттілік пен функционалды сауаттылық деңгейіне қойылатын талаптардың күшеюіне сәйкес функционалдық сауаттылық мәселесін зерттеудің өзектілігі артуда. Бүгінгі ХХІ ғасырға, яки ғасыр талабына ілесу үшін адам қызметкер, жұмысшы, азамат, маман, тұлға ретінде функционалды сауатты болуы өте қажет.

Бүгінгі функционалдық сауаттылықтың, оның әлеуметтік-тұлғалық қажеттілік ретінде, үздіксіз білім беру үдерісінің нәтижесі ретінде және кәсіби білім беру контексінде зерттелуі осы мәселенің өзектілігінің айғағы.

«Функционалдық сауаттылық» мәселелерімен айналысқан ғалымдар: В.В Мацкевич, С.А. Крупник, В.А. Крутецкий, Е.Д. Херш, Б.С. Гершунский, В.В. Мацкевич, С.А. Тангян, И.А. Колесникова, А.В. Хуторской, О.Е. Лебедев, Т.И. Акатова, Л.М. Перминова, О.Е Лебедев, Л.Н. Полищук, В.А. Ермоленко, Р.Л. Перченок, С.Ю. Черноглазкин, Н.Н. Сметанникова, В.Ю. Кричевский және т.б. [1; 2; 3; 4; 5; 6; 7; 8].

В.А. Ермоленко заманауи контекстегі функционалды сауаттылықтың дидактикалық негіздерін қарастырған [6]. В.Ю. Кричевскийдің дамушы қоғамдағы функционалды сауаттылық бойынша еңбегінің де мәні зор [7].

«Функционалдық сауаттылық» ұғымына қатысты жүргізілген зерттеулерді қарастыра келе, бүгінгі таңда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын қолдануда бірізділік жоқ екені байқалады.

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді.

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Сауаттылық – дәстүрлі тұрғыда, адамның белгілі мөлшерде оқи алуы мен жаза алуы. Оқи алу мен жаза алудың пайда болуы адамзат тарихын өзгертті. Бірақ алғашқы кезеңде адамдардың барлығы оқи алу, жаза алу, санай алу қабілетіне ие болмады. Өркениет дамыған сайын жазуға, оқуға, санауға деген қажеттілік арта түсті, білім қоғам ішінде кең тарала бастады. Сауаттылық күнделікті іске айналып, жазу, оқу, санау барлық адамға тән сапаға айналды. Мұндағы оқи алу сауаттылығы – жазбаша мәтінді түсіну қабілеті, оның мазмұнын өзіндік мақсатқа жетуде қолдану, қоғам өміріне белсене қатысу үшін білім мен мүмкіндіктерін дамыту.

Алайда, бүгінде уақыттың өзгеруіне байланысты сауаттылық ұғымы тарихи тұрғыдан өзгеріске ұшыраганын, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта түсіндіріледі. Олай болса, әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Бүгінде тұрғылықты халықтың сауаттылығы – олардың әлеуметтік-мәдени дамуының базалық көрсеткішінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Жоғарғы білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай ЖОО берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, оны бітіруші түлектерді үлкен кәсіби өмірге дайындау қажеттігі туындайды. Сондықтан ЖОО білім алушы меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде білім алушы бойында қалыптасатын құзыреттіліктер алынады. Білім алушылардың функционалды сауаттылығының жоғары деңгейі қоғамда тиімді қызмет ете алу, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілеттілігі. Қазіргі зерттеушілер (С.Г.Вершловский, Б.С.Гершунский, О.Е. Лебедев, Л.М. Перминова) функционалды сауаттылықты қоғамдық-экономикалық құбылыс ретінде қарастыра отырып оның қалыптасу деңгейін мемлекет пен ондағы тұрғындардың жағдайы деңгейімен байланыстырады.

«Функционалды сауаттылық» ұғымы әр түрлі ракурстарда Р.Н. Бунаев, Е.В. Бунаева, Б.С. Гершунский, Л.Ю. Комиссарова, О.Е. Лебедев, З.И. Курцева, О.В. Чиндилова, И.А. Колесникова, С.А. Крупник, В.В. Мацкевич, Л.М. Перминова, С.А. Тангян еңбектерінде қарастырылған. О.Е. Лебедев, Е.А. Огарев, А.В. Хуторский функционалды сауаттылықты білім алушылардың білімділік деңгейі мен білім беру нәтижесі тұрғысынан қарастырады [9;10].

Нақты айтсақ, функционалды сауаттылық білім беру философиясы деңгейінде Б.С.Гершунский, В.В. Мацкевич, С.А. Крупник еңбектерінде қарастырылса, үздіксіз білім берудің бір аспектісі ретінде С.А. Тангян, И.А. Колесникова зерттеулерінде, құзіреттілік контексінде А.В. Хуторский, О.Е. Лебедев еңбектерінде қарастырылған [3;4;9;10].

Б.С. Гершунский «сауаттылық дегеніміз – білімділіктің де, кәсіби құзіреттіліктің де және адам мәдениеттілігінің де қажетті баспалдағы. Ол өзінде тұлға дамуының келесі кезеңдерінің өсіндісін демек, «эмбрионын» сақтауы қажет» [3, 69 б].

В.А. Ермоленко, Р.Л. Перченок, С.Ю. Черноглазкин жалпы, кәсіби және қосымша білім беру жүйесінде функционалды сауаттылықты қалыптастыру технологиясын ұсынған, Н.Н. Сметанникова функционалды сауаттылықты оқуға үйретудің стратегиялық бағдары шеңберінде зерттеген [6;8].

Н. Пошконяк функционалды білім беруді адамға үздіксіз білім берудің негізі ретінде қарастыра отырып оның адаптивті және пропедевтикалық қызметін атап көрсетеді. Мұнда әлеуметтік бейімделу индивидтің белсенді түрде талабы, нормасы қоғам тарапынан қойылатын әлеуметтік орта жағдайына бейімделуі ретінде қарастырылады [10, 28 б].

Ресейлік ғалым П.Р. Атутовтың да функционалды сауаттылықты зерттеуде үлесі үлкен. Ғалым нарық жағдайында нақты бір қоғамдық пайдалы іс-әрекетті орындауда құзіреттіліктің жетіспеушілігіне байланысты функционалды сауаттылықты күшейтуде білім берудің орны мен рөлін қарастырады. П.Р.Атутов бойынша функционалды сауаттылық екі аспектіден тұрады: Бірінші аспект ұзақ уақыт бойы тиімді практикалық жұмыс атқару үшін жеткілікті базасы бола отырып, білім алушыларды болашақ іс-әрекетіне енгізуді қамтамасыз ететін қажетті және жеткілікті біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырумен байланысты. Екінші аспект үнемі іскерлік формасында болуға және жүйелі түрде өзгеріске ұшырап отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайға селқос қарамауға мүмкіндік беретін білімді, іскерлікті және тұлғалық сапаларды үздіксіз жетілдіру мотивімен байланысты [8, 100 б].

Функционалды сауаттылық феноменінің туындауы сауаттылық компоненттерін кеңейтті: білім, іскерлік, дағды, іс-әрекет тәсілдері, мінез-құлықтық пен дүниеге көзқарастық сапалар. Функционалды сауаттылық тұрғылықты халық пен мемлекеттің жағдайымен тікелей байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыс. В.В. Мацкевич, С.А. Крупник шартты түрде функционалды сауаттылық деңгейін былайша тұжырымдаған: «Қазіргі еуропалық (азамат) білуі және істей алуы қажет және ол әрбір мемлекет үшін спецификалық мәдениет пен аймақтың қалыптасуы ескеріле отырылып анықталады». Қазіргі уақытта және қазіргі территорияда қалпына келтірілген функционалды білім (функционалды іскерлікпен қосқанда) сол жер тұрғындарының функционалды сауаттылығының мазмұнын құрайды.

А.С. Тангян анықтамасы бойынша: «функционалды сауаттылық – адамның қоғам мен өз мемлекетінің экономикалық, саяси, азаматтық және мәдени өміріне толыққанды және тиімді қатысуға қажетті, қоғам мен жеке тұлғаның қажеттілігінің дамуына сәйкес білім мен іскерлік деңгейінің, жекелей алғанда оқи алу мен жаза алу іскерлігінің артуы» [4, 59 б].

Осындай ойлар, «функционалды сауаттылық» тұжырымдамасының дамуын бағдарлай отырып, оның концепциясының эволюциясы негізінде, функционалды білім мазмұны мен құрылымы туралы айтуға мүмкіндік береді.

В.А. Ермоленко халықаралық симпозиум материалдары мен ЮНЕСКО сессияларын, ресейлік және шетелдік ғалым-зерттеушілердің (П.Р. Атутов, Б.С. Гершунский, В.А. Ермоленко, А.М. Новиков, С.А. Тангян, М. Скилдек, Г. Хинцен және т.б.) еңбектерін саралай отырып, функционалды сауаттылық концепциясы дамуының негізгі кезеңдерін анықтаған. Және осы үдеріс барысына басты негіз болғандар - функционалды және дәстүрлі сауаттылықтың өзара байланысы, оның құрылымы мен негізгі функцияларының өзгерісі, функционалды білімнің басымдылық сипаты. Нәтижесінде 4 кезең анықталған:

1-ші кезең (1960 - жылдың аяғы мен 1970 жылдың басы) – функционалды сауаттылық дәстүрлі сауаттылыққа қосымша ретінде қарастырылған, мұндағы ең бастысы экономикалық сипат ескеріле отырылып құрылатын функционалды білім, нәтижесінде сауаттылыққа үйретудің функционалды әдісі келіп шығады; функционалды сауаттылықтың концепциясы мен стратегиясы оқу мен жазуды меңгеру процестерінің байланысын қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру мен жұмысшы мен оның отбасы жағдайын жақсарту деп түсіндіріледі;

2-ші кезең (1970 - жылдардың ортасы мен 1980 жылдардың басы) – функционалды сауаттылықты дамыған елдердің мәселесі ретінде сезіну; оның дәстүрлі сауаттылықтан ерекшеленуі; функционалды білім құрамы мен мазмұнының қоғамдық өмірдің барлық жағына (экономикалық, саяси, азаматтық, қоғамдық, мәдени) сәйкес кеңеюі; ЮНЕСКО – ға «функционалды сауатсыз адам» (топ пен қауымдастықтың тиімді тіршілік етуіне қажетті, өзін және қоғамды дамыту үшін оқуды, жазуды, санауды қолдануға мүмкіндік беретін іс-әрекеттің барлық түріне қатыса алмайтын адам); қоғамдық өзгеріс жағдайында функционалды сауаттылықтың өзгермелілігі туралы пікірдің пайда болуы;

3-ші кезең (1980 – жылдардың ортасы мен 1990 – жылдардың басы) функционалды сауаттылықтың жазуды меңгеру деңгейінің артуымен, жалпы білім берумен, еңбек сферасындағы өзгерістермен байланысын орнату; дәстүрлі сауаттылық құрамына енгізу; функционалды сауаттылықтың екі

деңгейлі құрылымын сезіну (глобальды және локальды), оның «өмір бойғы» немесе ғұмырлық білім мен жеке тұлғаның қалыптасу негізі ретіндегі рөлі;

4-ші кезең (XXI ғасырдың басы) – постиндустриалды қоғамға өтуге байланысты функционалды сауаттылықтың құрамы мен мазмұнындағы өзгерістерді белгілеу; функционалды сауаттылықты адамның өмір қауіпсіздігіне кепілдік пен өзгермелі әлемде оның жетістікке жету құралы ретінде қарастыру; функционалды сауаттылықты дамыту құралы ретінде басты назарды функционалды оқи алу рөліне аудару [6, 78 б].

Тұтастай алғанда В.А. Ермоленко бастатқан ғалымдар анализінен функционалды сауаттылықтың құрамы мен мазмұнының адам мен қоғамның қажеттілігінің дамуына сәйкес үнемі өзгеріп отыратындықтан динамикалы және интегративті білім екенін байқаймыз.

Мәселен, бүгінде ғылыми айналымда функционалды сауаттылықты қалыптастырудың 3 бағдары қолданылады. Олар: әлеуметтік-мәдени, жүйелілік және іс-әрекеттік.

Функционалды сауаттылық – тіршілік барысында жинақталған білімді, іскерлікті, дағдыны адами іс-әрекеттің әртүрлі сферасында қолдана білу; кең көлемдегі маңызды өмірлік міндеттерді шешу қабілеті.

Функционалды сауаттылық – адамның ерікті түрде мойнына алған қызметін атқаруға дайындық деңгейі; қолданбалы білімді қолдана отырып тіршіліктің әр түрлі сферасында стандартты міндеттерді шешу қабілетімен сипатталатын білімділік деңгейі; іс-әрекеттің барлық түрін атқаруда адамның сауатты түрде тіршілік ету қабілеті; сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу мен оған тез бейімделу қабілеті; нақты мәдени ортада тұлғаның белгілі іс-әрекетті атқаруы.

«Функционалдық сауаттылық» білім берудің нәтижелі маңыздылығын «жеке тұлғаның функционалды сауаттылығы», «түйінді құзыреттіліктер», «жалпы оқудағы біліктілік» ұғымдарын айқындайды. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығының жалпы оқу біліктілігіне: жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруді іске асыра білуі; интеллектуалдық, оқу-танымдық, креативті шығармашылық қабілеттері мен біліктіліктері; мағыналық-құндылық, көзқарастық қатынастары мен ұстанымдары; қарым-қатынастағы біліктілік; субъект ретінде кездестірген функционалдық проблемаларды шеше білу; оқуды, қарым-қатынас жасауды, әлеуметтік жұмысты және кәсіпті таңдай білу мен оны жауапкершілікпен меңгеру жатады.

Қазіргі ақпараттық уақытта сауаттылық қоғамның барлық топтары үшін аса қажет. Уақыт озған сайын сауаттылық түрлері де көптеп анықталуда (ақпараттық сауаттылық, техникалық сауаттылық, музыкалық сауаттылық, медициналық сауаттылық, инженерлік сауаттылық, экономикалық сауаттылық, экологиялық сауаттылық және т.б.) және де ол мәдениеттің атрибуты статусына айналуда.

Функционалды сауаттылық түрлері:

- *Жалпы сауаттылық* - мазмұндама, шығарма немесе баяндама, реферат жазу, калькуляторсыз есептеу, анкеталарды, бланктерді толтыру және т.б.;
- *Компьютерлік сауаттылық* - XXI ғасырды ақпараттың көлемінің ұлғаюына сәйкес ақпараттық дәуір дейміз. Осы ретте пайда болған сауаттылықтың түрі – сандық сауаттылық. Ол бірнеше құрама бөлшектерден тұрады. Сандық сауатты адамды сандық азамат деп атаған. Сандық азаматқа тән қасиеттер: ол – кибернетикалық кеңістікке кіруіне мүмкіндігі бар адам; ол – сандық коммерцияны, атап айтқанда онлайн-дүкендерден тауарлар мен қызметтер ала алатын, интернет арқылы интернет картасын пайдалана алатын т.б. адам; ол – интернет желісі арқылы басқалармен байланыс орната алатын, хаттарды тасымалдайтын қызметтерді дұрыс пайдалана алатын адам; ол – сандық заңдарды білетін; ол – сандық құқықтарды білетін; ол – сандық сауатты, демек адам ағзасына инновациялық технологиялардың әсерін білумен қатар, интернет арқылы өз денсаулығын сақтай алатын, сандық қауіпсіздікті меңгерген, демек жеке ақпараттарды сақтай және оларды дұрыс пайдалана алуға қабілетті адам.

Математикалық сауаттылық – қазіргі және болашақ қажеттілігін қанағаттандыру үшін қабілетті, шығармашыл, өмір сүруге құлшынысы бар азаматқа тән ақылға қонымды математикалық тұжырымдарын дәлелдеу, әлемдегі математиканың рөлін анықтау мен түсіну; жеке тұлғаның математиканы әр түрлі контексте қолдана алу қабілеті; құбылыстарды сипаттау, түсіндіру, болжау үшін математикалық дәлелдерді, математикалық түсініктерді, процедураларды, факт мен инструменттерді қолдануы; математикалық тәсілдер арқылы шешімін табатын қоршаған ортада туындаған проблеманы анықтауы; математика тілінде проблеманы құрастыруы; математикалық білім мен математикалық модельдеуді қолдана отырып проблеманы шешуі; қолданылған шешу тәсілдерін анализдеуі; соңғы нәтиже шығаруы. Математикалық сауаттылықты анықтаушы аспектісінің бірі «математикалық құзіреттілік».

Жаратылыстану ғылымдары саласындағы сауаттылық – қоршаған орта мен ондағы өзгерістерді түсіну мақсатында ғылыми әдістерді қолдану, қорытынды жасау.

Коммуникативтік сауаттылық - топта жұмыс жасау, басқаларды өзіне қарату, өз көңіл-күйінің жетегінде жүрмеу, мәдениетті сөйлеу және коммуникативтік құзіреттілік т.б. Коммуникативтік құзіреттілік – жүйелі құрылым, ол тіл меңгерудің біліктері мен дағдыларын білдіреді.

- *Шет тілдерді меңгерудегі сауаттылық* - сөздікті қолдана отырып қиын емес мәтінді аудару, әр түрлі тауарлар этикеткасындағы кеңесті түсіну, шетелдік таныстармен тұрмыстық мәселелерді талқылау;
- *Тұрмыстық сауаттылық* - дүкеннен тағамдарды, қажет заттарды дұрыс таңдау, ақшалай шығындарды жоспарлау, нұсқауды қолдана отырып әр түрлі тұрмыстық тауарларды қолдану, анықтама, карта арқылы таныс емес қалада жүру;
- *Құқықтық және қоғамдық-саяси сауаттылық* - өз құқығың мен қызығушылығыңды қорғау, құқықтық, әкімшілік және тәртіптік құқық бұзушылықтың арасындағы айырмашылықты ажырату, ол - жастардың қандай саяси құқықтары мен бостандықтары бар екендігін білуге және оларды орынды да тиімді пайдалана білуге үйретеді; мемлекеттік саяси маңызды мәселелерді шешуде халықтың саяси белсенділігінің төмендемеуіне септігін тигізеді; мемлекетте болып жатқан саяси реформаларды, саяси құбылыстарды дұрыс қабылдауға, түсінуге, саяси баға беруге көмектеседі; жаппай саяси бассыздыққа, теріс әрекеттерге бармауына, олардың бойында қазақстандық патриотизмді жетілдіруге, шыңдауға әсер етеді. Саяси сауаттылық қоғамды адамгершілік құндылықтарға қарсы жүйеден сақтандырады.

Сонымен, функционалды сауаттылық - қоғамдық жетістік индикаторы. Сауаттылықтың жоғарғы деңгейі қоғамның белгілі бір әлеуметтік-мәдени жетістігін мегзесе, төменгі деңгейі – әлеуметтік дағдарыстың туындау мүмкіндігіне мегзейді. Сондықтан Қазақстан ғылымы үшін білім мазмұнының мақсаттары мен нәтижелерін қайта қарау; білім мазмұнының принциптерін жаңалау; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту амал-тәсілдерін, технологияларын және өнімді формасын қайта қарастыру көзделген.

Функционалды сауаттылық туралы жоғарыдағы ойларды қорыта келе «функционалды сауаттылық дегеніміз білім алу жүйесінде және тұрмыс-тіршілікте қалыптасатын функционалдық білім, функционалдық іскерлік, функционалдық дағдыны адами іс-әрекеттің әртүрлі сферасында, қарым-қатынаста, қоғамдық қатынаста қолдана білу, демек кең көлемдегі маңызды өмірлік міндеттерді шешу құзіреті» - деген ой түйіндейміз.

Олай болса, функционалды сауатты тұлға – әлем мен ақиқаттағы қоғамдық құндылық пен мүддеге сәйкес әрекет ететін адам. Функционалды сауатты адам – адами іс-әрекеттің әр түрлі сферасында, қарым-қатынаста және әлеуметтік қатынаста кең диапазонды өмірлік міндеттерді шешуде тіршілік барысында үздіксіз алынған білімді, іскерлікті, дағдыны пайдалануға қабілетті адам».

1 Грамотность: жизненная необходимость. - Париж, 2005. - 505 с.

2 Терешкович П., Крупник С. Новый порог функциональной грамотности: вызов 21 века

3 [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://worvik.narod.ru/method/fg-porog.htm

4 Гершунский Б.С. Грамотность 21 века // Советская педагогика. – 1990 г.

5 Тангян С.А. Грамотность в компьютерный век // Педагогика. – 1995, № 1.

6 Фролова П.И. Формирование функциональной грамотности как основа развития учебно-познавательной компетентности студентов технического вуза в процессе изучения гуманитарных дисциплин // автореферат канд. диссер, - Омск, 2008.

7 Ермоленко В.А.Развитие функциональной грамотности обучающегося: теоретический

8 аспект. Электронное научное издание Альманах Пространство и Время Пространство и время образования, Т. 8. Вып. 1, 2015.

9 Кричевский В.Ю. Функциональная грамотность в развивающемся обществе//

10 Функциональная грамотность взрослых: современное состояние исследований и их перспективы (материалы к международному семинару). - Спб., 1992. - С.74-81.

11 Чтение и грамотность в образовании и культуре: вторая междунар. науч.-практ. конф.:

12 По итогам Десятилетия грамотности ООН «Грамотность для всех»: докл. и тез. / Русская ассоц. чтения. – М., 29-31 марта 2012 г. - 235 с.

13 Чтение и грамотность в образовании и культуре: (К10-летию проекта «Школа, где

14 процветает грамотность»): материалы Междунар. науч.-практич. конф. – М., 26-29 марта, 2009 г.

15 Пошконяк Н. Образование: традиция и нововведения в условиях социальных изменений //Инновации и традиции в образовании. Сб. российско-югославских конференций, 1996.

Резюме

Сламбекова Т.С. – Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева к.п.н, и.о.профессора

Функциональная грамотность в педагогической теории

В статье рассматриваются взвимосвязь понятии «грамотность», «функциональная грамотность» и актуальность функциональной грамотности в образовательном пространстве. Расскрываются значимость функциональной грамотности в становлении личности. Также в статье представлены основные этапы развития концепции функциональной грамотности.

Ключевые слова: грамотность, функциональная грамотность, образованность, функциональное знание, функциональное умение, функциональные навыки, профессиональная компетентность.

Summary

Slambekova T. – Gumilyov Eurasian national university. Candidate of pedaqoqical sciences, executive professor

Functional literacy in pedaqoqical theory

This article is devoted to the interrelation of notions like «literacy», «functional literacy», and relevance of functional literacy in educational space. Importance of functional literacy which becominq an individual and main steps of the development of functional literacy concepts are revealed too.

Keywords: literacy, functional literacy, education, functional education, functional skill, functional habit, professsional competitiveness.

ӘӨЖ 372.12

САМООБРАЗОВАНИЕ СТУДЕНТОВ В СИСТЕМЕ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ И СПОРТУ

Оразов Ш.Б. – *д.п.н., профессор*

Международный казахско-турецкий университет им Х.А. Ясави

В статье рассматривается самообразование студентов в системе подготовки специалистов по физической культуре и спорту, профессиональное повышение студентов и их самоконтроль над наблюдениями, их знание и мастерство.Также рассматривается индивидуальная и творческая характеристика студентов в процессе формирования личности.

Ключевые слова: самообразование студентов, подготовка специалистов по физической культуре и спорту, процесс формирования личности.

В условиях развитого народа все более возрастает уровень учащейся молодежи и саморегулирование личностью своей учебной деятельности. В связи с этим важной задачей высших учебных заведении является формирование у студентов способности к самоуправлению своей учебной деятельностью.

Профессиональная подготовка студентов вузов будет протекать успешнее при наличии у них готовности у работе над собой для освоения будущей профессиональной деятельности. Важнейшей задачей современного воспитания молодежи специалисты считал развитие самостоятельности. Без полной самостоятельности молодежь не сможет выработать из себя хороших специалистов.

Студенческий возраст 18-25лет характеризуется тем, что к этому времени человек достигает определенные социальной зрелости и готовит себя к новый социальной ролы в обществе. Этот возрастной период – решающий в становлении человека как личности. Здесь именно завершается период образования отдельных верениц представлений, и если не все они. То значительная часть их группируется в одну сеть, достаточно обширную, чтобы дать решительный перевес тому или другому направлению в образе мыслей человека и его характера.

Учебная деятельность студента состоит их следующих компонентов:

1) аудиторной (лекции, семинарии, лабораторные занятия и т.д.),

2) внеаудиторной обязательной работы. Регламентируется, определяется и оценивается преподавателем. Студент самостоятельно устанавливает ее режим, продолжительность и объем;

3) внеаудиторной дополнительной, не регламентируемой преподавателем учебныйдеятельности студента, связанной с глубоким изучением специальных дисциплин. Эта часть учебной деятельности не входит в учебное расписание, полностью зависит от активности студента и имеет выраженный творческий характер. На основы глубокого понимания стоящих перед ним целей студент самостоятельно изучает дополнительную литературу, ведеттворческий поиск в научном кружке. Эта деятельность студента имеет выраженную профессиональную направленность и называется профессиональным

самообразованием. Студент стремится самостоятельно искать пути решение задач, которые встретятся в его будущей профессиональной деятельности.

Рассматривая сущность профессионального самообразования, мы исходим из того, что развитие личности осуществляется самодвижением, спонтанным, внутренние необходимым движением, а не какой-то внешней силой.

Методика исследования.Задачей настоящего исследования было выявить причины и условия функционирования профессионально самообразования студентов и определить возможности управления им. Им предлагалось оценить по балльной системе отношение студентов к профессиональному самообразованию, устойчивость профессионального интереса и сформированность основных профессионально – педагогических умений.

Результаты исследования и обсуждение. Анализ результатов анкетного опроса студентов свидетельствует, что лишь часть из них занимаются профессиональным самообразованием.

Опрос студентов и преподавателей показал, что большая часть студентов с устойчивым интересом и к выбранной профессии занимаются профессиональным самообразованием. Прослеживается тенденция снижения числа студентов (от I курса к IV) с недостаточно устойчивым и неустойчивым интересом к профессии, занимающиеся профессиональным самообразованием.

Подробные результаты были обнаружены нами при анализе влияния склонности к педагогической деятельности на занятие студентов профессиональным самообразованием.

Количество студентов, занимающихся профессиональным самообразованием с учетом склонности к педагогической деятельности (в%).

Стержень выраженности склонности	**Курсы**			
	I	II	III	IV
Высокая	94	90	87	95
Средняя	80	82	66	57
Низкая	62	46	10	3

Опрос студентов и преподавателей показал, что большая часть студентов с устойчивым интересом к выбранной профессии занимаются профессиональным самообразованием. Прослеживается тенденция снижения числа студентов с недостаточно устойчивым и неустойчивым интересом к профессии, занимающихся профессиональным самообразованием.

Таким образом, сформированный устойчивый профессиональный интерес и наличие склонности к педагогической деятельности – необходимые условия включения студентов в профессиональное самообразование. Анализ взаимосвязи между профессиональным самообразованием и профессионально – педагогическими умениями показал, что для студентов, занимающихся профессиональным самообразованием, характерен высокий и достаточный уровеньсформированный профессионально – педагогических умений.

Любая деятельность человека мотивирована. Чем же мотивируется профессиональное самообразование как самостоятельная и неконтролируемая работа студента над собой? Настоящее исследование показало, что студенты при этом руководствуются следующими мотивами: интерес к выбранной профессии, стремление лучше подготовиться к будущей работе, стремление к самосовершенствованию, осознание необходимости изучения дисциплин. Все они имеют опосредованный характер и профессиональную направленность.

В профессиональном самообразовании, также как и в самовоспитании, большое значение имеют самооценка и само убеждение. Самооценка формируется в процессе учебы в вузе и выполняет на этом этапе важную функцию в становлении специалиста. Самооценка – это знание студента самого себя. В профессиональном аспекте она включает выделение собственных знаний и умении и соотнесение их с требованиями, предъявляемыми к нему как специалисту. Только адекватная самооценка будет способствовать включению студентов в профессиональное самообразование. Выявление характера самооценки у студентов представляется необходимым и постоянным на протяжении всего периода обучения студентов и служит одним из путей к эффективному руководству профессиональным самообразованием студентов. Само убеждение как средство профессионального самообразования принимается студентом на основе критической самооценки себя как личности. При этом студент должен убедить себя в необходимости постоянной дополнительной работы над собой, выходящей за рамки обязательной учебной деятельности. Само убеждение будет эффективным в том случае, если студент

самостоятельно прибегает к этому средству. Большое значение при этом имеет развитая волевая сфера студента.

Определенную роль в возникновении профессионального самообразования играет идеал. Как указывалось, только треть студентов имеет идеал тренера. Большая часть из них “83%” постоянно работают на собой, т.е. занимается профессиональным самообразованием.

Важным условием профессионального самообразования является организация непрерывной производственной практики студентов в течение всего периода обучения в вузе. Только постоянное столкновение студента с задачами, ситуациями, встречающимися в практической деятельности, будет способствовать постепенному его включению в профессиональное самообразование.

Профессиональное самообразование – результат осознания студентом работы над собой и большого умственного труда, который стимулируется включением в учебный процесс деловых игр при прохождении основных профилирующих дисциплин (педагогики, психологии спорта, теорий физического воспитания, основ спортивной тренировки, организации и управления физкультурным движением в физиологии спорта, спортивной медицины, специализации) и решения проблемных ситуаций.

Один из важнейших факторов, сдерживающих включение студентов в профессиональное самообразование отсутствие у них психологической готовности к трудовой деятельности.

Сегодня значительная часть студентов институтов физкультуры психологически еще не готова к трудовой деятельности, так как главное для них – повышение спортивного мастерства.

Важность профессионального самообразования студентов заключается в том, что в период обучения в вузе они должны научиться критически, мыслить, находить новые и оригинальные способы решения профессиональных задач, ориентироваться в потоке научной информации. В условиях включения студентов в профессиональное самообразование преподаватель становится организатором, помощником, наставником в познавательной деятельности студентов, что, в свою очередь, повышает требования к преподавателю.

В управлении процессом профессионального самообразования принимают участие не только преподавательский коллектив, но и общественные организации, коллектив учебной группы и специализации при этом данный процесс должен осуществляться на основе изучения мотивов выбора студентами в профессии, профессионального интереса, склонности к педагогической деятельности, готовности к самообразованию и т.д., иначе говоря на основе всестороннего изучения личности студента. Большую помощь в этом должна оказывать организованная в вузе психологическая служба.

Заключение. Профессиональное самообразование – движущая сила в формировании личности молодого специалиста.

1 Аренова А.К. Научно-педагогические основы самостоятельной учебной деятельности младших школьников. Дисс. д. п. н.: 27.06.01. – Алматы, 2005.

2 Қасымбекова С.И. Научно-педагогические основы формирования физической культуры учащихся молодежи. Дисс. д.п.н.: 13.00.04. - Алматы, 2002.

3 Малинина С.В. Теория и методики педагогических исследований в физическом воспитании. – М.: Физкультура и спорт, 2003

4 Оразов Ш.Б. Практическая подготовка – фундамент воспитание специалистов в области спорта. //Достояние нации. (Ұлт тағылымы). №3. – Алматы, 2006. – С.122-123.

5 Евсеев С.П., Шапкова Л.В. Адаптивная физическая культура . – М.; Советский спорт, 2000. – 240 с.

Түйіндеме

Оразов Ш.Б.– п.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ – түрік университеті

Дене тәрбиесі және спорт мамандарын дайындау жүйесінде студенттердің өз бетімен кәсіби білімін жетілдіру

Кәсіби білімін өз беттерімен жетілдіруінің маңызды шарты – жоғары оқу орындарындағы оқу кезеңінде студенттердің үздіксіз практикасының ұйымдастырылуы маңызды болып табылады. Тек студенттердің практикалық қызметінде кездесетін міндеттермен, жағдайлармен үнемі бетпе-бет келіп отыруы ғана, олардың біртіндеп өз беттерімен кәсіби білімін жетілдіруіне әсерін тигізбекші.

Студенттердің өз беттерімен кәсіби білімін жетілдіруінің маңыздылығы мынаған келіп саяды: жоғары орындарында оқыған кезінде олар сыни ойлауды, кәсіби міндеттерін шешудің жаңа да тың тәсілдерін табуды үйренулері керек, ғылыми ақпарат тасқынында бағыттарын анықтай білуі тиіс. Студенттердің кәсіби білімін өз беттерімен жетілдіру процесінде оқытушы студенттердің танымдық қызметіндегі ұйымдастырушысы, көмекшісі, тәлімгері болуы керек, бұл өз кезегінде оқытушыға қойылатын талапты күшейтеді. Кәсіби білімді өз беттерімен жетілдіруін басқаруға тек оқу тобы мен мамандандырудың оқытушылары ғана қатысып қоймайды. Сонымен қоса, осынау процесс студенттердің кәсіпті таңдауымен, кәсіби қызығушылығымен, педагогикалық қызметке

бейімділігімен, өз бетімен білімін жетілдіруге талпынысымен, басқаша айтқанда, студент тұлғасын жан-жақты зерттеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда жоғары оқу орындарында психологиялық қызметтің ұйымдастырылуы маңызы. Кәсіби білімін өз бетімен жетілдіру – жас маманның тұлғасын қалыптастырудағы қозғаушы күш. Өз бетімен кәсіби білімін жетілдірудің дербестік, шығармашылық сипаты студент жеке тұлғасының қалыптасуында да маңызды роль атқарады.

Түйін сөздер: студент, кәсіби білім, оқу үдерісі, бақылау, бағалау.

Summary

Orazov Sh.B. - d.p.n., professor the International Kazakh-Turkish university him Kh.a. Yasavi

The importance of professional advancement of students in the process of self-preparation

The efficiency of preparation of the students of pedagogical higher educational institutions to optimum purposeful pedagogical activity at school and realization of professional self-education at a creative level, depends on, as far as the opportunities of each educational discipline were full used, from the point of view of its contribution in mastering by the future teacher by knowledge and ways of interaction with object of professional activity, in formation both development gnostic abilities and skills, future subjects of pedagogical work.

Training of university students will proceed successfully if they have the willingness to work on in a development for the future professional activity. The most important task of modern education of youth development specialists considered independent. Without complete independence of the youth will not be able to work out of themselves good specialists.

Student age characterized by the fact that by the time a man reaches a certain social maturity and preparing itself to new social rolls in the society. This age period - decisive in the formation of man as a person. It was completed during the formation of the individual strings representations, and if not all of them. That much of their grouped into one network, extensive enough to give a decisive preponderance of one or the other direction in the image of the human mind and its nature.

Keywords: student, professional education, education process, control work.

УДК 37.013

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МЕН БІЛІКТІ МАМАН ҚОЛЫНДА

Жусупова Ж.А. – *п.ғ.к., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

Мақалада қазақ жастарын ұлттық рухта, ұлттық құндылықтарды игеру барысында тәрбиелеу бағыттары көрсетіледі. Ұлтымыздың келешегі білікті ұстаздардың қолында, олай болса оқу-тәрбие үдерісі ұлттық тәрбиенің негізгі идеяларын басшылыққа алу негізінде жүргізілсе, келешек ұрпағымыздың сана-сезімі, патриоттық көзқарасы, азаматтық және әлеуметтік белсенділігін арттыру мәселелері қарастырылған. Жаңа білім парадигмалары бірінші орынға тұлғаның білімін, білігі мен дағдысын емес, оны жан – жақты дамыту, ұлттық тәлім – тәрбиені бойына сіңірту, рухани жан дүниесін қалыптастыру міндетін қойып, мемлекетіміз білім кеңістігіне аяқ басқан кезеңінде, ғылым – білімнің құндылығын, рухани маңыздылығын қоятындығы туралы сөз етіледі. Болашақ маманның бәсекеге қабілетті кәсіби маман ретінде қалану жолында ұлттық тәрбиенің ролі баяндалған.

Түйін сөздер: ұлттық патриотизм, ұлттық дүниетаным, ұлттық тәрбие, бәсекеге қабілетті маман.

«Тәрбиеден мақсұт - бала тәрбиесінің дәл өзіндей шығаруында емес, өз заманына лайық қылып шығару. Әр тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі» деп М. Жұмабаев айтқандай, ұрпақ тәрбиесі білікті де, білімді ұстаздар қолында. Ұстаздың пайдаланатын негізгі қолданатын құралы – ұлттық тәлім-тәрбие. Әр ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл хақында, халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстазға ұлы құрмет. Себебі, ұрпақты ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз», - деген. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкірттің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Халықтардың ұлт болып қалыптасуында ұлттық тәрбиенің негізгі кілті халық даналығынан бастау алатындығы туралы М.Қ.Жұбанова «Ұлттық тәрбие тағылымы» атты еңбегінде: «Ғылыми педагогика әр халықтың ұлттық тәрбиесінің сол үздік амал-тәсілдерін зерделеп, оқу-тәрбие ісінің ғылыми әдістерін дамытып, молайтып отырады: Олай болса, ұлт өкілдерінің ұлттық тәрбие тәсілдеріне көңіл аударып,

оны зерттеп, ғылым елегінен өткізуінің маңызы зор. Ол-ұрпақ тәрбиесінің жаңа қыры мен сырын ашуға үлес қосатын қазына» деген құнды пікірін білдірген. Олай болса, халықтық салт дәстүрлердің тәлім – тәрбиелік, білім танымдық ролі зор. Осындай қазынаны ұрпақ беруші, жеткізуші ол - білікті маман.

Сонымен қатар, ұлттық тәрбиенің тағы бір өзіндік ерекшілігі мынада, ғылыми педагогика тәрбиені оқыту мен білім беру үдерісімен бірлікте, тұтастықта іске асыруында. Ұлттық тәрбие тәрбие мен білімді бірлікте қарастырады. Ұлттық тәрбие бір орында тұрып қалмайды. Қоғамныңөзгеруіне, адамның санасының дамуына байланысты жаңарып отырады.

Ел Президенті Н. Назарбаев халыққа жолдауында: «Еліміздің ертеңі мен бүгіні - жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздардың қолында» - деп, ұстаздарға үлкен міндет жүктеген.

Сол себепті, қазіргі формация мұғалімі қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, жаңалыққа жаны сергек, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, білім алушылардың қызығушылығы мен қабілетін, сондай-ақ, өз іс-әрекетін ұйымдастыра алатын әрі шығармашылықпен еңбек ете алатын маман болуы тиіс.Сонда ғана еліміздің болашағына өз үлесін қоса алады. Сонымен қатар, өзінің қабілетін, шеберлігін, алған теориялық білімін тәжірибемен ұштастырғанда ғана құзыретті мұғалімге тән іскерлік, шеберлікті қалыптастырады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі өзгеруі қоғамдағы ірі өзгерістермен бірге ұлттық сананы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді, халықтық қадір-қасиетімізді жаңартуымызға елеулі септігін тигізіп отыр.

Мемлекеттің одан ары өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын парасатты және білімді тұлғаны дайындауда ұлттық тәрбиенің атқаратын маңызы орасан зор екені сөзсіз. Бұған дәлел ретінде бір-қатар ғалымдарымыздың пікірін келтіргім келіп отыр. Қазақстан ПҒА-ның президенті, п.ғ.докторы, профессор, академик А.Құсайынов: «Білім беру деңгейі – экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің бастау көзі, мемлекет пен қоғамның табысты кепілі. Қазақстанда, тарихи тұрғыда, білім беру идеялары қашан да берік рухани-адамгершілік бағдарларға сүйеніп келген. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын іске асыру мақсатында балаларды тәрбиелеуде және оқытуда ғасырлық тарихи дәстүрі бар қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізгі идеялары мен құндылықтарын қалпына келтіріп, кеңінен пайдалануымыз керек» десе, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, ҚР ҰҒА академигі С.Пірәлиев: «Біз Қазақстан «Ұлы Дала Елі» бедел-бейнесінің терең мағынасы бар екеніне сенімдіміз. Бұл идеяны бүгінгі жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін, патриоттық рухын, азаматтық және әлеуметтік белсенділігін, тарихи санасы мен әлеуметтік жадысын дамытпайынша жүзеге асыру мүмкін емес» деген құнды пікірлерін аңғаруға болады [1].

Расында да, озық жетістіктерге негізделген білім нәрімен қатар, ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ұлт тағдырын терең таразылап, болашағын болжай алатын, қоғам сұраныстарына жауап беретін бәсекеге қабілетті тұлға ретінде танылады.

Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, өз халқының мәдениетін, оның өткені мен бүгінін білмеу жалпы адамның және халықтың дамуына орны толмас шығын әкеледі:

1) ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен уақыт байланысының бұзылуына;

2) жастар арасында сан алуан діни көзқарастардың белең алуына;

3) кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында қылмыстың өсуіне;

4) маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлық; өзіне қол жұмсау жағдайларының, жезөкшеліктің, қатігездік пен зұлымдықтың көбеюіне;

5) әскери борыш пен әскери кәсіпке деген жағымсыз қатынас және дене дайындығының әлсіреуі арқылы сипат алатын жас ұландарымыздың өз Отанын қорғауға дайын еместігіне.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын белгілеген Елбасы Жолдауында осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлар біліктілігі мен оларды қайта даярлау жүйесіне зор маңыз берілген. Сондықтан, егеменді еліміздің ең басты мақсаты - өркениетті елдердің қатарында болу, бүкіл әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын жаңа арнаға, жаңа сапаға жеткізудің қажеттілігін алға тартады.

Әл-Фараби ізгі қоғам құру үшін мәселені ең алдымен жастар тәрбиесінен бастау керек – дейді. Себебі, келешек қоғамның болашағы тәрбиелі, білімді жастар. Сондықтан тәрбие мәселесін білім беруден бөліп алуға болмайды. Қайта оны үнемі басты назарда ұстап, ең маңызды мәселе ретінде қарастыру толыққанды ұлттық тұлғаны тәрбиелеуге негіз болады. Білім сапасы саналы тәрбиемен ұштасқанда ғана ұлт, мемлекет және халық мүддесіне қызмет етіп, қоғам өзінің рухани дамуында үлкен серпіліс жасайды. Тәрбие мен білім бірегей, қатар жүретін үрдіс. Кез-келген білім - таным мен тағылымның нәтижесі. Олай болса, тәрбиеден тыс білім – рухани нысанадан алшақ, патриоттық, отансүйгіштік сезімі жоқ, біржақты ұрпақты тәрбиелеуге әкеледі. Тәрбие абстрактілі берілмейді. Тәрбие –

белгілі бір қоғамда өмір сүруде, ұлыс пен ұлтты дамытуда нәтижеге қол жеткізетін, ұлты мен қоғамды дамытатын қозғаушы күш. Ендеше, жас буынның бойында ұлтжандылықты қалыптастыру – жаппай жаһандану заманында ұлттық үрдістерімізді сақтап қалудың бірден-бір жолы.

Жаңа білім парадигмалары бірінші орынға тұлғаның білімін, білігі мен дағдысын емес, оны жан – жақты дамыту, ұлттық тәлім – тәрбиені бойына сіңірту, рухани жан дүниесін қалыптастыру міндетін қойып, мемлекетіміз білім кеңістігіне аяқ басқан кезеңінде, ғылым – білімнің құндылығын, рухани маңыздылығын қояды.

Қазақстан ғасырлар тоғысында тәуелсіз елге айналып, саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесі елімізде өркениет улгісінде қайта құрылуы білім беру саласындағы – қазақтың ұлттық, мектебін жасау, оқушыларға ұлттық, тәрбие беру, оған қазіргі мектеп мұғалімдері мен болашақ, мұғалімдерді дайындау проблемаларын шешу қажеттігін қойып отыр.

Қоғамның ұлттық негізде жаңаруы жоғары мектепте ұлттық тәрбие ісін дамытудағы жетекші фактор болып саналады. Бұл оқу орындары жұмысын ұлттық негізде құру, яғни ұлтымыздың өмірінен орын алған ұлттық білімдер жүйесін тандап, соның негізінде студенттерді даярлау қажеттігін дәлелдей түседі.

Ұлттық мектепке ұлтжанды ұстаздар даярлау педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының басты міндеті. Сондықтан болашақ ұстаздарды арнайы этнопедагогикалық дайындықтан өткізу қазіргі кезде ең басты көкейкесті проблемалардың бірі. Оған дәлел, М. Дулатов қазақ ұлттық мектебінің мақсаты: «... жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге ұлттық тәрбиені қоса беру», қазақ ұлттық мектебінің міндеттерін М. Жұмабаев: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген ойларын ерекше атап көрсетуге болады [2].

Тек білімді болу адам үшін жеткіліксіз, адам бір мамандықтың иесі болып, құзырлы маман болуға тырысуы керек және сол өзі меңгерген мамандығы арқылы өзінің тұлғалық әлеуетін жан-жақты іске асыра алады.

Болашақ мамандардың білім-біліктері, кәсіби құзіреттіліктері адамның жалпы мәдениетке, соның ұлттық мәдениетке қатынасын анықтайтын қажетті компонент болып табылады. Себебі, қазіргі кезеңде Қазақстанда білім және тәрбие беру саласындағы саясаттың негізгі бағыттарының бірі – жастарды демократиялық өркениеттілік мемлекетте өмір сүре білуге, қоғамдық жауапкершілікті көтеруге дайын ерікті азаматтарды құндылығы жоғары, адамгершілік мақсатқа бағыттап тәрбиелеу.

Соның ішінде ұлттық және жалпыадамзаттық, құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық, мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғырту болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне жаңа талаптар қояды, солардың ең бастыларыныц 6ірі - болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау проблемасы.

Ендеше, жоғары мектептің алдындағы міндет: студенттерді жаңа қоғамда өмір сүру жағдайына және кәсіби іс-әрекетке даярлау, оларды осы ортада әрекет жасауға үйрету, оның мүмкіндіктерін пайдалану, жағымсыз жағдайлардан қорғана білуге бейімдеу.

Болашақ мамандардың білім-біліктері, кәсіби құзіреттіліктері адамның жалпы мәдениетке, соның ұлттық мәдениетке қатынасын анықтайтын қажетті компонент болып табылады. Себебі, қазіргі кезеңде Қазақстанда білім және тәрбие беру саласындағы саясаттың негізгі бағыттарының бірі — жастарды демократиялық өркениеттілік мемлекетте өмір сүре білуге, қоғамдық жауапкершілікті көтеруге дайын ерікті азаматтарды құндылығы жоғары, адамгершілік мақсатқа бағыттап тәрбиелеу.

Соның ішінде ұлттық және жалпы адамзаттық, құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық, мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғырту болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне жаңа талаптар қояды, солардың ең бастыларының 6ірі - болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау проблемасы.

Еліміздің болашағы – жастар, сондықтан оларға ұлттық тәрбие беру – басты міндет.

Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу мен оларға этномәдени тәлім-тағылым беру бүгінгі Қазақстан дамуының, оның бәсекелестікке қабілетті елге айналуының бірден – бір көзі.

1 М.Ахмет. «Ұлы Дала Елі» болашағы – қазақ тілі мен ұлттық тәрбиеде //Білімді Ел. Образованная страна. 2016. №7(44). – Б. 12-13.

2 Жұбанова М. Ұлттық тәрбие тағылымы.– Алматы, 2012.

3 Жусупова Ж.А. Болашақ маманды ұлттық тәрбие құндылықтары негізінде тәрбиелеу мәселелері//Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына арналған «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясы Қазақстан Республикасының жоғары білім саласындағы жүйеқұраушы фактор: оның мәселелері мен іске асыру перспективалары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция, - Алматы. 24 желтоқсан 2015 жыл.

Резюме

Жусупова Ж.А. – *к.п.н, доцент кафедры общей педагогики и психологии* zhanna.zhusupova@inbox.ru

Воспитание подростающего поколения - дело национального воспитания и квалифицированного специалиста

В статье указываются направления воспитания национального духа казахской молодежи, в ходе освоения ими национальных ценностей. Рассмотрены проблемы развития самосознания, патриотического воззрения, гражданственной и социальной активности подростающего поколения. В статье идет речь о том, что новые образовательные парадигмы нашего государства, входящего в мировое образовательное пространство, на первое место ставят не знания, умения и навыки личности, а задачи разностороннего развития личности, привития им национального воспитания, формирования в нем духовного внутреннего мира. Также в статье озвучена роль национального воспитания на пути становления выпускника как конкуретноспособного профессионального специалиста.

Ключевые слова: национальный патриотизм, национальное самосознание, народное воспитание, конкуретноспособный специалист.

Summary

Zh.A.Zhusupova – Candidate of Pedagogical Sciences, Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov

Upbringing of the younger generation-is a core goal of national education and a training of gualified specialists

The article specifies the directions of bringing up of the national spirit of Kazakh youth in the development of their national values. The article studies the problems of development of consciousness, patriotic beliefs, civic and social activity of young generation. It points out that a new educational paradigm of our country, which is entering into the world educational space, value not knowledge, abilities and skills of an individual, but the goals of personal development, development of national education, the formation of one's inner, spiritual world. The article also underlines the role of national education in the process of becoming of a graduate a competitive professional.

Keywords: national patriotism, national consciousness, national education, competitive specialist.

УДК 37.091.33

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ "МӘҢГІЛІК ЕЛ" ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДЕ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Махмутова К.И. – *М. Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының доценті*, gulsara_isahan@mail.ru

Қуатова Ж.Ж. – *М. Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының доценті*, kuatova_70@mail.ru

Мақалада қазіргі ақпараттандыру, жаһандану дәуірінде жастарға адамгершілік тұрғыдан тәрбие беруде оқу пәндердің мүмкіндіктерін пайдалану. Педагогикалық пәндер негізінде «Мәңгілік Ел» ұлттық даму идеясын ұлттық білім беру мазмұнымен үйлестіріп адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолдарын қарастырып жастар санасына ұлттық даму идеяларын сіңіру. Автор студенттерге "Мәңгілік Ел" идеясы", "ұлттық идея," ұғымдарының мән-мазмұны ұлттық идея мазмұнында тек бір ұлттың мақсат-мүдделері ғана емес, жалпы адамзатқа қызмет ететін идеялар жатқандығы, олардың құрамды бөліктері және көріністері, белгілі бір идея, тұжырым және теориялардың түрлі халықтар тағдыры, мемлекеттердің әлеуметтік дамуындағы ілгері немесе кері әсері, пікірлер мен көзқарастардың түрліше болуына жетудің зәру жақтары, идеологиялық пікірлерді ілгері қоюдан көзделген (дамытушы немесе агрессив) мақсаттар, олардың нәтижелері бар екендігін түсіндіреді. Мақалада студенттерді педагогикалық циклдағы пәндер арқылы"Мәңгілік Ел" ұлттық даму идеялары негізінде рухани тұрғыдан қалыптастыруда көрсеткіштер мен алғышарттары қарастырылған.

Түйін сөздер: ақпараттандыру, жаһандану, руханият, Мәңгілік Ел, ұлттық даму, адамгершілік, ұлттық даму идеясы.

Қазіргі ақпараттандыру, жаһандану дәуірінде қоғам субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынас ақпараттық ағымдар мен ресурстар арқылы жүзеге асады. Бұндай жағдай адамзаттың біртұтас ақпарат және коммуникациялар кеңістігінде жан-жақты бірігуі сияқты тиімділікпен бірге ланкестік, түрлі идеялогиялық ағымдардың да еркін әрекет етуіне жағдай жасайды. Осындай жағдайда жаңа әлеуметтік қатынастарға еркін кірісе алатын, жалпы адамзаттық құндылықтарды жеке бас мүдделерінен жоғары қоятын рухани жағынан кемелденген, әлеуметтік тұрғыдан белсенді, тәжірибелі кадрларды дайындау да өзекті мәселелерден бірі болып табылады. Бұл Елбасы Н. Назарбаевтың халықты бір мақсатқа, бір

мүддеге, бір болашаққа үндеген халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған «Мәңгілік Ел» идеясының түпкі мақсатымен астасып жатыр.

Елбасы елдің болашағын Қазақстан жастарының әлеуетімен байланысты қарап,жастардың заман талабына сай қалыптасып, еңбек етуін, білім алуын, түрлі жаңашылдықтарды жете қабылдап, жастық күш жігерлерін Отаны үшін жұмсағанын қалайды: «Бүгінде Отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақ мерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!» деген болатын Елбасы Н.Ә. Назарбаев [1, б. 1].

Осы жоғарыдағы міндетті жүзеге асыруда «Мәңгілік Ел» ұлттық даму идеясын ұлттық білім беру мазмұнымен үйлестіріп, оны жас ұрпақ санасына сіңіру, келешекке сенімді, ұлттық даму идеясы рухында тәрбиеленген, рухани-идеялық тұрғыдан жоғары қаруланған оқытушыларды дайындау педагогикалық жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінен бірі саналады.

Адам дамуының жоғары көрсеткіші саналатын руханият өте кең, ауқымды ұғым саналады да, ол көп салалы әлеуметтік процесті қамтиды. Сондықтан да ғалымдар оған анықтама бергенде руханияттың түрлі қырларын ашып көрсетеді. Мысалы: А.Г. Косиченко руханиятты адамның болмысқа қатынасында көрінетін идеал формасы, адам табиғатының өзіне тән белгісі ретінде түсіндіреді [2, б. 25].

Өзбекстандық философ ғалым Ж. Туленов: “Рухани кемелденген адам ақылымен әрекет етеді. Отанға, халқы мен ұлтына шын берілген болу да мәдениеттілік, мұның өзі рухани кемелденгендіктің белгісі болып табылады”, - дейді. Сондай-ақ, ғалым адамның жасампаздық әрекетінің өсуін оның рухани кемелденуі ретінде сипаттайды [3, б.153].

Философ ғалым Э.Юсупов руханияттың мазмұнын адамгершілік, білім, іскерлік, дағды, қабілет, дарын иман, сенім, ұждан, ынсап, дүниетаным сияқты элементтер құрайтынын айтып, оған мынадай анықтама береді: “Руханият адамның құлықтылығы, білімі, қабілеті, дарыны, іскерлік дағдылары, ожданы, имандылығы, дүниетанымы сияқты идеялық көзқарастарының өзара байланысты болып, қоғам дамуына қызмет ететін құндылықтар жүйесі”[4, б.13].

Демек, “Руханият” ұғымы өзіне қоғам дамуына қызмет ететін идеяларды да қамтиды деп айтуға болады. Ал қоғам дамуына қызмет ететін ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар “Руханият” ұғымының мазмұнын тереңдетіп, оны байыта түседі. Рухани тұрғыдан жетілген азаматтар ғана қоғам өмірінде белсенді әрекет етіп, оны ілгері дамытуға жеткілікті үлес қоса алады.

ТМД ғалымдары К.Ш. Ахиярова, И.Н Сиземская, Н.А. Савотина, Л.А. Харисовалардың жұмыстарында болашақ мұғалімдерді ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды үйренуге бағыттау, онда идеологиялық білім, әлеуметтік норма және қағидалардың жалпы адамды қоғамда өмір сүруге, онда әрекет етуге, өзін көрсете алуға бағыттайтын құндылықтарды игеруі оқытушының рухани қалыптасуы, оның өзін жеке тұлға ретінде сезінуі, әлеуметтік мәнге ие іс-әрекетті жүзеге асыру және оның нәтижесін бағалай алуы рухани жетілгендік және жоғары мәдениеттілік көрсеткіші ретінде сипатталады [5, 6,7, 8].

Философ, педагог ғалымдардың руханият мәселесіне байланысты зерттеулерін талдау нәтижелері “Руханият” ұғымының кең ұғым екендігін, “Рух” араб тілінде “Жан” деген мағынаны берсе, Руханият адамның жан-жақты жетілгендігін көрсететін білімділік, әдептілік, қабілет, ұждан, сенім, имандылық, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеру, еліне, отанына қалтқысыз қызмет ету, отансүйгіштік сияқты қоғам дамуына қызмет ететін игі қасиеттер оның негізін құрайтынын және ұлттық идея мен руханият ұғымдары мән-мазмұны жағынан бір-бірімен өзара ішкі байланыста болып, олардың мазмұнында қоғамның рухани, әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге қызмет ететін идеялар жинақталғанын байқау мүмкін.

Студенттерді "Мәңгілік Ел" идеясы негізінде рухани тұрғыдан қалыптастыруды педагогикалық проблема ретінде қарастырғанда, бұнда мәселені педагогикалық циклдағы пәндердің қоғамда алатын орны мен өзара байланыста алып қарау қажет. Сондай ақ, жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыруда оның даму жолы руханият мәселесінің тарихи негіздеріне барып тірелетінін ескеру керек.

Мәңгілік Ел ұлттық даму идеялары мен педагогикалық циклдағы пәндер мазмұнындағы өзара жақын байланыстылық жеке тұлға дамуы мен оны рухани тұрғыдан қалыптастыруда үлкен мүмкіндіктерді туғызып, педагогикалық циклдағы пәндер мазмұнына ұлттық даму идеялары жөніндегі мәліметтерді сіңіруге қаратылған іс-әрекеттің нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.

Жастар санасына ұлттық даму идеяларын сіңіру оларға осы идеялардың мәнін түсіндіретін теориялық білімдерді беру және идеялық иммунитетті қалыптастыруға бағытталған педагогикалық іс-әрекетті

ұйымдастыру процесінде жоғары оқу орындарында өтілетін педагогикалық циклдағы пәндер үлкен мүмкіндіктерге ие саналады. Себебі ғылым мен техника, технологиялардың дамуы, ақпарат алмасу процесінің жеделдеуі және идеологиялық процестердің өзектенуі жағдайында ұлттық даму идеясының идеялық күші мен педагогикалық циклдағы пәндердің ғасырлық дәстүрлері, олардың мүмкіндіктерінің өзара үйлесуі жастар тәрбиесінде пайда болған проблемалардың оңды шешімін табуға септігін тигізеді. Өйткені, педагогикалық циклдағы пәндер мен "Мәңгілік Ел" ұлттық даму идеясы арасында мазмұндық байланыс болып, ол төмендегі мәселелермен сипатталады:

- "Мәңгілік Ел" ұлттық даму идеясы және педагогикалық циклдағы пәндер мазмұнында әлеуметтік қоғам дамуы және рухани кәмелетті қамтамасыз ететін идея, көзқарастардың жетекші орынға ие екендігі;
- педагогика және ұлттық даму идеясы аясындағы білімдердің жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталғандығы, тәрбиелік сипатта екендігі;
- педагогикалық циклдағы пәндер және ұлттық даму идеясы аясындағы білімдер мазмұнында әлеуметтік қатынастар және оларды мақсатқа сай ұйымдастыру жөніндегі көзқарастардың болуы.

Педагогикалық пәндерді оқыту барысында студенттерге ұлттық идея мен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде теориялық білімдердің берілуі төмендегі міндеттердің ойдағыдай шешімін қамтамасыз етуге көмектеседі:

1. Студенттерге "Мәңгілік Ел" идеясы", "ұлттық идея," ұғымдарының мән-мазмұны ұлттық идея мазмұнында тек бір ұлттың мақсат-мүдделері ғана емес, жалпы адамзатқа қызмет ететін идеялар жатқандығы, олардың құрамды бөліктері және көріністері, белгілі бір идея, тұжырым және теориялардың түрлі халықтар тағдыры, мемлекеттердің әлеуметтік дамуындағы ілгері немесе кері әсері, пікірлер мен көзқарастардың түрліше болуына жетудің зәру жақтары, идеологиялық пікірлерді ілгері қоюдан көзделген (дамытушы немесе агрессив) мақсаттар, олардың нәтижелері түсіндіріледі. Өткен ғасыр соңында идеологиялық процестердің күшейуін қамтамасыз еткен факторлар, дүние жүзі қоғамдастығына кірген мемлекеттер жағынан жүргізіліп жатқан геосаяси мақсаттар мен идеологиялық саясаттардың мәні, жер шарындағы барша территориялар және ол жерлерде өмір сүріп жатқан адамдарды түрлі идеологиялық пікірлер әсеріне алу жолындағы әрекеттер, Орталық Азия аумағында болып жатқан идеологиялық процестердің өзіндік ерекшеліктері, идеологиялық проблемалар, атап айтқанда идеялық вакуум және зиянды идеялардың елдердің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына тигізіп жатқан әсерлеріне назар аударылады.

2. Студенттерде өз іс-әрекеттерін дұрыс бағалай алуы, рухани-моральдік қасиеттерді қалыптастырып және байытып баруы, әлеуметтік өмірде болып жатқан түрлі құбылыстар мен оқиғаларға объектив баға беруі және оларға саналы қатынаста болуы, талдай алуы, мемлекеттің гүлденіп дамуы, ел тыныштығы, халықтың тұрмыс-жағдайын жақсарту жолында қызмет ету, түрлі ұлт пен ұлыстардың құқықтары, сондай-ақ,ар – ұждан бостандығына құрмет көрсету, олардың еркі мен тәуелсіздігіне қол сұқпау жөніндегі дағдыларды қалыптастыруға көңіл бөлінеді.

3. Студенттердің рухани жағынан кемелденген адам ретінде өзін тануы, өз мүмкіндіктерін еркін көрсете алуы, әлеуметтік қатынастарды ұйымдастыру процесінде әріптестері сондай-ақ, тәрбиеленушілерге өздері үлгі болуы, оқу және еңбек процесінде түрлі ұлт пен ұлыстар арасында татулықты нығайтуға өз үлесін қосу, дүние жүзі мемлекеттері мен әлеуметтік саяси, экономикалық және мәдени салаларда тең құқықты қарым-қатнасты орнату процесінде белсенді әрекет етуі, сондай-ақ, жалпы адамзат үшін қызмет ететін идея, теория және тұжырымдарды ар - ұждан бостандықтарын құрмет етуге қажетті әрекеттерді ұйымдастыру дағдылары қалыптастырылады.

Бұнда педагогикалық циклдағы пәндердің студенттерді рухани тұрғыдан қалыптастырудағы мүмкіндіктері, рухани қалыптастыру жолдары, формасы, мен әдістері, студенттерді рухани тұрғыдан қалыптастыруда аудиториядан тыс уақытта жүзеге асырылатын жұмыстардың орны, оның білім беру процесімен байланыстылығы сияқты мәселелерді де назарда ұстау қажет. Сондай ақ, жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде педагогикалық циклдағы пәндерді оқыту барысында студенттерді рухани тұрғыдан қалыптастыру студенттерде осы пәндерді үйренуге деген ішкі қажеттілік, қызығушылықты ояту, бұл пәндерден терең білім беру, білімдерді игеру, ол үшін қажетті жағдай жасау, сондай-ақ қажетті рухани-моральдік қасиеттерді игеру арқылы жүзеге асады. Бұл үшін алдымен педагогикалық пәндердің студенттерді рухани жақтан қалыптастыру мүмкіндіктерін білу маңызды. Осы міндеттің шешімін табуда педагогикалық циклдағы пәндер мазмұнында сипатталған, руханиятты қалыптастыру мүмкіндігіне ие болған тақырыптар бойынша студенттердің игеруі, оларда қалыптасуы көзде тұтылған білім, іскерлік және дағдылар жүйесін жасау қажет. Сол жүйе мазмұнынан педагогикалық циклдағы

пәндердің студенттер арасында ұлттық даму идеясын тарату, осы негізде олардың рухани тәрбиесін жүзеге асыру барысындағы мүмкіндіктері жоғарыда аталған үш бағытта өз көрінісін табады:

"Мәңгілік Ел" ұлттық даму идеялары мен педагогикалық пәндердің мазмұндық байланыстарын ескере отырып, педагогикалық пәндерді оқыту барысында студенттерді ұлттық даму идеясы негізінде оларды рухани қалыптастыру жолдарын төмендегіше белгілеуге болады(1-кесте).

Кесте 1. Педагогикалық пәндер арқылы студенттерді рухани қалыптастыру жолдары

Қарастырылып отырған мәселенің ойдағыдай шешімін қамтамасыз етуде төмендегі талаптарға негізделу оңды нәтиже береді:

- педагогикалық пәндерді оқытуда ұлттық даму идеяларына методологиялық негіз ретінде сүйену;
- педагогикалық білімдерді терең және жақсы игеру үшін кәсіпке деген қызығушылық пен сүйіс-пеншілікті оята алу;
- студенттерде өз бетінше ізденуге деген қажеттілік пен ынтаны қалыптастыра алу;
- педагогикадан беріліп жатқан материалдарды тартымды және сенімді жеткізе алу;
- студенттердің педагогикадан игерген теориялық білімдерін практикада қолдана алу дағдыларын қалыптастыру.
- Студенттерді педагогикалық циклдағы пәндер арқылы"Мәңгілік Ел" ұлттық даму идеялары негізінде рухани тұрғыдан қалыптастыруда төмендегідей көрсеткіштерді басшылыққа алу қажет:
- қоғам дамуы жолында қызмет етудің жоғары адамзаттық борыш екендігін білу;
- азаматтық, ынтымақтастық, ұлтаралық қатынас ұғымдарының мәнін түсіну, өз іс-әрекетінде оларға негізделу;
- жан-жақты дамыған адам, әлеуметтік қарым-қатынас ұғымдарының мән-мазмұнын білу;
- өзге ұлт және ұлыстардың құқықтары мен еркіндіктерін құрмет ету;
- толеранттық (сабырлылық) қасиетке ие болу, өзге ұлт өзге діндегі адамдардың діни сенімдеріне, ар – ұждан бостандығына құрмет көрсету;
- кісілік қасиеттер (білімділік, кішіпейілділік, қарапайымдылық, әдептілік, еңбек сүйгіштік т.б.) ұғымдарының мәнін түсіну, оларды сипаттай алу.
- Бұндай іскерлік, дағдыларды қалыптастыру келесі міндеттерді шешумен байланысты:
- педагогикалық пәндерді оқыту барысында студенттерде ұлттық даму идеялары жайлы білімдерді игеруге деген ішкі қажеттілік пен қызығушылықты оята алу;
- педагогикалық пәндер мазмұны арқылы ұлттық даму идеялары жайлы білімдерді беру;
- студенттер тарапынан педагогикалық және ұлттық даму идеясы жөніндегі білімдердің терең игерілуі үшін жағдай жасау;
- педагогикалық және ұлттық даму идеялары жөніндегі білімдер негізінде студенттердің рухани-адамгершілік қасиеттерін байыту;

- оқыту процесінде студенттердің пікірлері, қызығушылықтары мен бастамаларына негізделе отырып оқыту.

Бұл міндеттердің ойдағыдай жүзеге асуында келесі педагогикалық шарттар басшылыққа алынады:

- оқыту процесінің анық мақсатты көздеуі;
- мақсаттардың анық болуы ұстуденттер оқу іс-әрекетінде көрінетіндей, өлшенетіндей етіп белгіленуі);
- студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыра алу, міндеттерді дұрыс бөліп беру.

Дидактикалық талаптар:

- оқу материалын саралау, талдау, дайындау;
- оқытудың техникалық құралдарын пайдалану;
- оқу материалын анық, сенімді түрде жеткізе алу.
- Перцептив талаптар:
- студенттердің рухани жан дүниесіне әсер ете алу;
- студенттердің эмоционалды жағдайларын объектив бағалай алу,
- ізденушілік қабілет:
- педагогикалық жағдаяттарды дер кезінде анықтай алу және объектив баға беру;
- педагогикалық технологияларды қолдана алу т.б.

Педагогикалық іс-тәжірибе барысында жоғарыда баяндалған пікірлер негізінде “Педагогика”, “Педагогика тарихы” пәндерінен студенттерді рухани қалыптастыру мүмкіндігіне ие болған тақырыптар бойынша бірнеше сабақтар ұйымдастырылды.

“Педагогика” пәнінен “Біртұтас педагогикалық процесте оқушылардың ғылыми дүниетанымы мен санасын қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың үйлесімдігі негізінде ұлттық сана мен демократиялық пікірді қалыптастыру”, “Оқу-тәрбие процесінде азаматтық тәрбие”, “Оқушылардың рухани моральдік тәрбиесі”, тақырыптарын өту арқылы студенттерде ғылыми дүниетаным, ұлттық сана, идеология, елжандылық, ұлтжандылық - азаматтық тәрбиенің негізі екендігі, елжандылық ұғымының мәні, саналы тәртіп, саналы тәртіп - жеке тұлғаның рухани жақтан қалыптасуын қамтамасыз ететін және әлеуметтік қоғам дамуын белгілеуші фактор екендігі жөніндегі ұғымдарды қалыптастыруға баса назар аударылды.

Мысалы, “Біртұтас педагогикалық процесте оқушылардың ғылыми дүниетанымы мен санасын қалыптастыру. ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың үйлесімдігі негізінде ұлттық сана мен демократиялық пікірлеуді қалыптастыру” тақырыбын өтуде студенттердің ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды үйренуге деген қызығушылықтарын оятуға, “Педагогика тарихы” пәнінен “Ескі жазба ескерткіштерде тәлім-тәрбие мәселелері”, “Шығыс ренесансы дәуірі және онда тәлім-тәрбиенің өркендеуі”, “Авесто” шығармасын өтуде ондағы негізгі идеялар “Ізгі пікір, ізгі ниет, ізгі әрекет” концепциясы, ондағы бейбіт және өркендеген қоғам құру идеялары, қоғам дамуы, ел бостандығы мен қауіпсіздігі жолында аянбай қызмет ету, ұлт пен ұлыстар арасында өзара татулық орнату, Абу Наср Фарабидің “Кемелденген адам” концепциясы әлеуметтік қатынастар мәні жөніндегі пікірлері, жан-жақты кемелденген адам жайлы көзқарастары, жан-жақты дамыған адам бейнесі, Абу Наср Фарабидіңел басқару саясаты туралы пікірлерінің "Мәңгілік Ел" ұлттық даму идеялары мазмұны мен сарындас екендігіне студенттер назары аудару қажет.

Болашақ педагог-мамандарды "Мәңгілік Ел" ұлттық даму идеялары негізінде рухани тұрғыдан қалыптастыруда оларды жан-жақты кемелдендіруге қызмет ететін ғылым, әдебиет, өнер, дін, сияқты қайнар көздер мен руханияттың құрылымдық элементтері саналатын білім және ғылымдарды игеру негізінде жүйелі жүзеге асырылғанда тиімді болып табылатындығын ескерген жөн.

Жоғарыда аталған мәселелерді жинақтай отырып, төмендегідей ой қорытындылауға болады:

1. Оқыту, білім беру процесін демократиялық принциптер негізінде ұйымдастыру студенттердің әлеуметтену процесін жеделдетіп, азаматтық позициясын қалыптастырады.

2. Студенттерді рухани тұрғыдан қалыптастыруда олармен өзара тең құқықтылық, өзара көмек, ынтымақтастық принципі негізінде жұмыс жүргізу олардың өзіне деген сенімін арттырып, өз бетінше іздену, білімін нығайту мүмкіндіктерін жүзеге асыруға септігін тигізеді.

3. Студенттерді ұлттық даму идеялары негізінде рухани тұрғыдан қалыптастыруда педагогикалық циклдағы пәндер мән-мазмұнымен үлкен мүмкіндіктерге ие саналады.

4. Студенттерді рухани – адамгершілік жақтан қалыптастыруда әлеуметтік факторлардың (жағымды, жағымсыз) ықпал ету күшін реттеу білім беруде көзделген нәтижелерге жетуде оңды нәтиже береді.

5. "Мәңгілік Ел" ұлттық даму идеялары негізінде жастарды рухани тұрғыдан қалыптастыруда, білімділік, жоғары моральдік қасиеттер: қоғам дамуы жолында қызмет ету, отансүйгіштік сезімге ие болу, ел тыныштығы, ұлт азаттығы, Отан азаттығы және тәуелсіздігі жолында қызмет ету, интернационалдық, толеранттық қасиетке ие болу, ұлттық мақтаныш, адамгершілік сезімдері негізгі көрсеткіш болып есептеледі.

1 Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар

2 Косиченко А.Г. Духовный путь: от осуществления к осмысленному бытию \\ Проблемы духовного развития. Алматы: Ақыл кітабы, 1998. - 37 с

3 Туленов Ж., Ғафуров З. Философия : Олий уқув юртлари учун дарслик. - Т.: Уқитувчи, 1997. 294-б.

4 Юсупов Э. Инсонкамолотинингмаънавийасослари. – Т.: Узбекистон, 1995. - 32 б.

5 Ахияров К.Ш. Формирование ценностных ориентации будущих учителей. // Ж. Педагогика. 2002. № 3. - С. 50 - 55.

6 Сиземская И.Н., Гессен С.И.: Всякое хорошо поставленное образование по необходимости будет национальным. // - Ж.: Педагогика. 2002. № 4. – С. 44-50.

7 Савотина Н.А. Гражданское воспитание: традиции и современные требования. әә Ж. Педагогика. 2002. № 4. – С. 39-44.

8 Харисова Л.А. Ислам: Духовно-нравственное обучение школьников: Конспекты занятий. –М.: Гуманит. изд. центр Владос. 2002. - 176 с.

Резюме

Махмутова К.И. – *ЮКГУ им.М.Ауэзова доцент кафедры «Общая педагогика и музыкальное образование»*
gulsara_isahan@mail.ru
Қуатова Ж.Ж. – *ЮКГУ им.М.Ауэзова доцент кафедры «Общая педагогика и музыкальное образование»*
kuatova_70@mail.ru

Формирование нравственных качеств студентов в рамках реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел» на основе обучения педагогических дисциплин

Статья посвящена реализации национальной идеи «Мәнгілік ел» в ВУЗе в рамках возможностей дисциплин педагогического цикла в формировании духовно-нравственных ценностей и личностных качеств студентов. В статье анализируется такое понятие духовность, мәнгілік ел, национальная идея. Автор анализирует понятия идея мәнгілік ел, национальная идея, их содержания с точки зрения автора способствует не только формированию национального духа, но и формирует у студентов общечеловеческие ценности и стремление служит во благо всему народу. Также рассмотрены пути формирование основных понятий у студентов в процессе обучения педагогических дисциплин таких как: нравственность, национальное воспитания, нравственные качества, национальные ценности, и разработаны эффективные методы формирование духовно-нравственных качеств в процессе обучения в ВУЗе.

Ключевые слова: информационность, глобализация, духовность, Мәнгілік ел, национальное развитие, нравственность, развитие национальной идеи.

Summary

Mahmutova K.I. - *SKSU* named adter M.Auezov departmeht general pedadody and musical education
gulsara_isahan@mail.ru
Kuatova Zh.Zh. - SKSU named adter M.Auezov departmeht general pedadody and musical education
kuatova_70@mail.ru

The jormation of spiritnal and moral dualities of students on the basis of national idea «Manqilik El» in the process of teachind of pedaqoqical disciplines

The article is devoted to the realization of the national idea "Məngilik el" at the university within the framework of possibilities of pedagogical cycle subjects in the formation of spiritual and moral values and personal qualities of students. The article analyzes such concepts as spirituality, məngilik el, national idea. The author analyzes the concept of the idea "Məngilik el", national idea, the ir contents from the point of view of the author not only promotes the formation of the national spirit, but also forms the students' human values and the desire to serve for the benefit of all the people. Also, ways of the formation of the students' basic concepts in the learning process of pedagogical disciplines such as morality, national education, moral qualities, and national values are considered, and effective methods for the formation of spiritual and moral qualities in the learning process at the university are developed

Keywords: Information, globalization, spirituality, national, development, moral, development, national idea.

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ

УДК 37.1

РЕФОРМИРОВАНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ВЫСШЕГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ НЕЗАВИСИМОСТИ РК

Кайдарова А.Д. – *д.п.н., профессор, КазНПУ им. Абая*

В статье на основе законодательной и нормативной правовой базы прослеживается реформирование высшей школы в целом, и содержания высшего педагогического образования в частности, в новых социально-экономических условиях в период с 1991 по 2001 гг., рассматриваются условия, факторы и детерминанты, влияющие на генезис высшего педагогического образования.

Ключевые слова: содержание высшего педагогического образования, реформы, подготовка, учитель.

История науки и объективные закономерности развития практики свидетельствуют, что для решения многих актуальных современных педагогических проблем необходимо глубокое осмысление прошлого опыта.

Цель нашей статьи – показать как формировалась новая модель высшего образования Республики Казахстан в условиях независимости в период с 1991 по 2001 г.г.

Начало и середина 1990-х годов в сфере образования отличалась реформаторской эйфорией, чувством полного обновления и свободы. В течение 3-4 лет появились новые типы учебных заведений: лицеи, колледжи, гимназии, альтернативные школы, расширилось оказание платных образовательных услуг, начал формироваться негосударственный сектор (частные школы и детские сады). В то же время, по признанию историков, распад империи СССР привел к глубокому социально-экономическому кризису в обществе: к смене ценностных ориентиров, сокращению финансирования системы образования, усилению центробежных тенденций в государственном устройстве и т.д.

В Казахстане, как и во всем мире, начинает формироваться новая модель высшего образования. Это сопровождается большими изменениями в организации, управлении и стандартизации учебных процессов, активным внедрением новых информационных и педагогических технологий, развитием дистанционного и непрерывного образования. Причины образовательных реформ в обретшем государственную независимость Казахстане принципиально отличаются от предпосылок экономических и политических преобразований в республике, хотя их контекст не мог не отразиться и на трансформационных процессах в образовании. Социально-экономические реформы были вызваны глубоким кризисом экономики, исторической неадекватностью политических отношений, серьезным отставанием от передовых стран в структуре и результатах производства, уровне и качестве жизни населения, в эффективности государственного управления. Логическим завершением политического кризиса стала ликвидация монопольного правления КПСС, снявшая с повестки дня вопрос о «политике партии» в области образования.

Если по многим показателям экономического развития республику к началу 90-х годов можно было отнести к числу развивающихся стран, то по уровню образования и квалификации населения, эффективности учебного процесса, научному потенциалу она превосходила многие развитые страны. Практически поголовная грамотность населения, всеобщность среднего и высокий уровень доступности высшего образования, бесплатность обучения на всех ступенях, научный характер и фундаментальность образовательных программ, многообразие научно-исследовательских направлений, огромный по любым международным меркам кадровый потенциал образования и науки явились бесспорными историческими достижениями предыдущего советского периода. Однако именно жесткая государственная опека, не оставлявшая никаких «лазеек» для проникновения рыночных регуляторов, сделала интеллектуальную сферу наиболее беззащитной перед экономико-политическим коллапсом, возникшим в результате крушения СССР. Острейшие проблемы, появившиеся в образовании и науке, были порождены факторами, находившимися, главным образом, не внутри, а вне интеллектуальной сферы. В течение нескольких лет в Казахстане была почти полностью разрушена система дошкольного воспитания. Следующей жертвой стало профессионально-техническое образование. Количество профтехшкол сократилось в 1997 г. по сравнению с 1991 г. почти на 40%, а контингент обучающихся в них - более чем на 40%.

Массового закрытия общеобразовательных школ не было. Однако, сокращение более чем втрое числа интернатных учреждений на фоне роста безработицы и бедности, особенно в сельской местности, создало ранее неизвестную государству проблему непосещения школ значительной частью детей школьного возраста. Ограничение возможностей бюджетного финансирования быстро привело к сокращению плана приема в государственные вузы. Он уменьшился с 59950 человек в 1991 г. до 40160 в 1995 г., то есть на 33%. С 1991 по 1997 гг. контингент студентов государственных вузов упал с 288371 до 246390 человек. Это серьезное сокращение было компенсировано значительным ростом приема на платное обучение в государственные вузы и открытием частных учебных заведений. Так, в 1997 г. более четверти студентов обучались на договорной основе (с полном возмещением затрат на обучение).

Реформы высшего педагогического образования тесно связаны с изменениями в школьной образовательной системе. Проанализируем происходившие *изменения в системе среднего образования* со времени приобретения Казахстаном суверенитета. Принятый 18 января 1992 г. Закон Республики Казахстан «Об образовании» стал, скорее, декларацией целей [1].

Страна провозглашала приверженность общечеловеческим ценностям, национальной и мировой культуре, свободе выбора языка обучения и типа учебного заведения как базовым принципам формирования и развития личности. Первый ощутимый результат развития данной школы в годы государственной независимости – это усиление элитности образования, появление школ с углубленным обучением и специализацией, с платностью «дополнительных услуг».

С 1990/91 до 1995/96 учебного года число школ с углубленным изучением отдельных предметов почти удвоилось, количество гимназий возросло с 16 до 131, лицеев – с 10 до 112. В последующие годы специализированных школ стало меньше, а численность лицеев и гимназий продолжала расти, хотя значительно менее высокими темпами (в 1998/99 учебном году в Казахстане насчитывалось 1964 школы с углубленным изучением отдельных предметов, 195 гимназий и 149 лицеев). Однако проблемы обеспечения качества школьного образования связаны были именно с обозначенной тенденцией, возросла проблема материально-технической и кадровой обеспеченности «массовых» и сельских школ, что требовала внесения коррективов в содержание подготовки учителя. Появились и негосударственные школы, однако их общее количество составляло небольшую долю: около 0,6 % в пересчете на число учащихся.

В 1995-1997 гг. была произведена оптимизация сети образовательных учреждений, в ходе которой было закрыто более 300 малокомплектных школ. Это не только увеличило число сельских детей, не посещающих школу, но и лишило многие сельские поселения последних очагов культуры.

В 1993 г. Правительство Казахстана утвердило первое Положение о порядке лицензирования частных учебных заведений, в 1995 г. – Положение о негосударственных учреждениях образования. В 1996 г. были приняты Положения о гимназии и лицее. Первым серьезным, имевшим действительно стратегическое значение, шагом на пути качественной модернизации казахстанской школы, стало распоряжение Президента Н.А. Назарбаева «О государственной поддержке и развитии школ для одаренных детей» [2].

В соответствии с этим распоряжением была открыта республиканская школа для одаренных детей «Дарын», осуществлена целая система мер по выявлению таких детей и предоставлению им различных форм государственной поддержки.

Государственная программа информатизации среднего образования, принятая в сентябре 1997 г. по инициативе и распоряжению Президента страны, положила начало преобразований в школе, связанных с формированием информационно-коммуникативного пространства и введением информационных технологий в учебный процесс.

В соответствии с приказом главы государства правительство разработало развернутый план мероприятий. В результате, только за один 1998/99 учебный год, компьютерным оборудованием было оснащено 1562 школы, в том числе 917 сельских. В следующем году компьютеры получили еще свыше 1000 школ. Появились новые оригинальные учебники по информатике, электронные учебно-справочные материалы и первые варианты электронного учебно-методического обеспечения программ общего среднего образования. Очевидно, что рассмотренные преобразования потребовали повышения квалификации и переподготовки всего педагогического корпуса системы школьного образования, а также введения соответствующих блоков содержания образования в учебные планы и программы высшей педагогической школы.

Более системный характер реформа среднего образования в республике приобрела в 1998 г. Были восстановлены малокомплектные школы.

Высшая школа также перенесла социально-экономическую «ломку», но с меньшими потерями, так как проявила гораздо более высокую адаптивную мобильность к формирующимся рыночным отношениям. Многие государственные вузы быстро освоили платные услуги, изыскали иные внебюджетные источники финансирования, сумели получить различные гранты, включиться в международные программы. В итоге, при значительном сокращении планов приема студентов на финансируемое госбюджетом обучение, описанное в выше, фактически не был ликвидирован ни один государственный вуз. Имело место лишь укрупнение и слияние высших учебных заведений, в частности – путем образования так называемых региональных университетов, объединивших высшие учебные заведения большинства областных центров, или объединения близких по профилю вузов (например, создание Казахского государственного аграрного университета на базе Казахского сельскохозяйственного института и Алматинского зооветеринарного института).

10 апреля 1993 г. был принят Закон Республики Казахстан «О высшем образовании» [3].Высшее образование объявлялось важнейшим структурным звеном системы непрерывного образования. Система высшего образования РК в структурном представлении включала в себя:

1 ступень – бакалавриат (4 г. обучения), дипломированный специалист (5 летнее обучение)

2 ступень- магистратура (2 г. обучения);

3 ступень – постдипломное обучения и повышение квалификации (аспирантура, докторантура).

Одним из действенных инструментов в решении проблемы явилось введение в 2001 году государственной аккредитации вузов - признание (подтверждение государством на очередной срок) государством статуса организации образования. Аккредитованы 59 вузов страны (37 - государственных и 22 - негосударственных), в том числе 36 университетов, 9 академий и 14 институтов. Наряду с аккредитацией вузов, с целью повышения качества подготовки специалистов, постановлением Правительства РК от 28 декабря 2001 года усилены квалификационные требования, предъявляемые к лицензированию образовательной деятельности вузов. В 2001 году проведена государственная аттестация 29 вузов, из которых 2 вуза признаны не аттестованными.

Качественно новый этап в реформах высшей школы Казахстана наступил в 1999 году. Ключевыми пунктами нового этапа реформ стали переход к новой системе формирования студенческого контингента,

разгосударствление и приватизация большинства высших учебных заведений.

Начало реализации первого из названных направлений положило Постановление Правительства РК «О новой модели формирования студенческого контингента государственных высших учебных заведений Республики Казахстан», согласно которому прием студентов по государственному заказу должен осуществляться на основе государственных образовательных грантов и кредитов [4]. Одновременно устанавливалось, что вступительные экзамены в государственные вузы проводятся по единой технологии специализированными центрами комплексного тестирования. В 2001 г. это положение было распространено на все высшие учебные заведения, независимо от формы собственности. Система государственных грантов и кредитов, практика централизованной организации и государственной сертификации вступительных экзаменов были заимствованы с незначительной адаптацией из опыта развитых стран и очень быстро продемонстрировали ощутимые преимущества.

Второе направление нового этапа реформирования высшей школы - приватизация государственных вузов, получило реальное выражение уже в начале XXI века. Весной 2000 г. была принята концепция приватизации высших учебных заведений. Но Казахстан избрал для перевода вузов в частную собственность иные принципы. Декларировалось, что с прямого бюджетного финансирования должно быть снято большинство вузов. «Первый эшелон» приватизации планировалось создать из учебных заведений, наилучшим образом сумевших приспособиться к рынку. Однако не подлежали приватизации вузы, получившие статус «национальных» (КазГУ им. аль-Фараби, Казахский национальный технический университет им. К.И. Сатпаева, Казахский государственный аграрный университет), а также педагогические учебные заведения и вузы культуры и искусства. В 2001 г. Постановлением Правительства РК № 1398 было утверждено Типовое положение о государственных высших учебных заведениях, имеющих особый статус, которое разработано в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 5 июля 2001 года № 648 «О предоставлении особого статуса отдельным

государственным высшим учебным заведениям» [5]. Согласно Положению, особый статус присваивался решением Правительства Республики Казахстан государственным высшим учебным заведениям за выдающийся вклад в воспитание, обучение, профессиональное становление личности, за особые заслуги в формировании и подготовке высококвалифицированных кадров с высшим профессиональным образованием, выполняющим фундаментальные исследования по приоритетным направлениям развития науки, техники и технологий.

Логика преобразований высшей школы в Казахстане в рассматриваемый период, как отмечается в Национальном докладе по развитию системы высшего образования Республики Казахстан, была следующая: *1991-1994 гг.* - становление законодательной и нормативной правовой базы; *1995-1998 гг.* - обновление содержания высшего образования; *1999-2000 гг.* - децентрализация управления высшей школой и расширение академических свобод организаций образования. Что касается высшей педагогической школы, то на начало периода реформирования содержания высшего педагогического образования в условиях независимости Казахстана система высшего педагогического образования включала в себя 18 педагогических институтов, функционировавших в каждом областном центре страны. Учебный процесс проводился по советским учебным планам. На этом этапе существенно снижается доля расходов на образование, происходит отток наиболее талантливых квалифицированных педагогических кадров в другие отрасли. Осуществляются первые шаги по разработке нормативно-правовой базы функционирования всей системы образования, разработаны государственные гарантии бесплатности и общедоступности общего среднего образования. К числу законов и нормативно-правовых актов, принятых на этом этапе, относятся: Законы Республики Казахстан «Об образовании» (1992), «О высшем образовании» (1993), Национальная программа государственной поддержки обра-зования, Концепция гуманитарного образования. Появляются первые негосударственные учебные заведения.

В 1994 году четыре педагогических института (Павлодарский, Талдыкурганский, Восточно-Казахстанский и Атырауский) преобразовываются в университеты. В 1998 году педагогические институты (за исключением Казахского женского и Аркалыкского) решением Кабинета Министров объединяются с другими отраслевыми вузами и преобразовываются в университеты. Теперь педагогическое образование начинает реализовываться как университетское. В 1995 году появляются первые государственные стандарты образования. Взят курс на гуманизацию и гуманитаризацию образования. Вводится многоуровневая подготовка педагогических кадров. В 1999 году утвержден новый Закон «Об образовании»[6].

Таким образом, стратегические приоритеты государственной образовательной политики республики нацеливали на существенную трансформацию содержания высшего педагогического образования, поскольку все приоритеты связаны с ним самым непосредственным образом. С приобретением независимости Казахстана и вхождением в мировое образовательное пространство первоочередной задачей в области образования следует считать повышение роли учителя в реформировании системы образования.

Именно в 90-е гг. были приняты 6 Классификаторов специальностей высшего образования и 3 поколения государственных общеобязательных стандартов высшего профессионального образования. Важно подчеркнуть, что концептуальная база реформирования образования также обновлялась в этот период с беспрецедентной интенсивностью. При этом внутри рассматриваемого этапа развития содержания высшего педагогического образования можно выделить 3 подэтапа: *1991-1994* гг. – подготовка педагогических кадров старым методом по советским учебным планам; *1995-2001 гг.*- переход на университетскую систему подготовки учительских кадров; *2002 по настоящее время* – подготовка и переход на европейскую модель образования. В рассматриваемый период активизировалось международное сотрудничество Казахстана в сфере высшего образования. Происходит подписание, ратификация и утверждение Указом Президента Республики Казахстан № 202-13 РК от 13 декабря 1997 года Лиссабонской конвенции о признании квалификаций, относящихся к высшему образованию. В 1998-2000 гг. Казахстан ратифицировал основополагающие конвенции в области образования, принятые под эгидой ЮНЕСКО и Совета Европы. Подписано значительное количество двусторонних межправительственных договоров о сотрудничестве с высшими школами зарубежных стран, существенно возросло число прямых договоров с зарубежными университетами.

Начало 2001 г. было ознаменовано разработками и научными изысканиями в области создания казахстанской модели образования XXI века. Был создан совместный проект Министерства образования и науки Республики Казахстан и Фонда Сорос-Казахстан «Развитие Национального стандарта в условиях

изменяющегося мира». Результаты данного проекта послужили основанием для принятия в качестве стратегии развития среднего общего образования Республики Казахстан модели ***образования, ориентированного на результат*** (ООР). Раскрывая сущность и особенности перехода современной системы образования Республики Казахстан на основы Всеобщего Управления Качеством, исследователи описывают и анализируют требования к квалификации и компетенции учителя в системе образования, ориентированного на результат. Они подчеркивает, что в данной ситуации кардинально меняется суть профессиональной деятельности учителя, поскольку главным становится творческие конструирование учебного процесса для достижения ожидаемых результатов.

Следовательно, образование, ориентированное на результат, – это система целей, содержания образовательных программ, направленных на формирование компетентностей ученика как результата среднего общего образования. По мнению исследователя, интерес педагогической общественности к модели ООР связан с необходимостью переосмысления концепции образовательного процесса, пересматривающей отношения между тремя его главными компонентами: учителем, учебником и учениками.

Переход от одной формы общественного устройства к другой всегда сопровождается кризисными явлениями, поражающими экономическую, политическую, духовную сферы общественной практики. Все это актуализирует начало реформ в области образования. Реформирование национальных систем образования характерно практически для всех стран мира, и связано оно с признанием образования в качестве инвестиционной сферы, сферы продуктивных вложений. Слабость и исчерпанность факторов социализации личности и усиление потребности сохранения и развития индивидуальности личности [7].

Подведем объективные итоги реализации этапа реформирования содержания высшего педагогического образования в условиях независимости Казахстана. Доля специалистов с высшим образованием в общей численности населения республики изменилась за 1990-2001 годы с 9,7 до 13,5%. В 2001 году уровень общей безработицы по республике составил 12,7%, в том числе - среди специалистов с высшим образованием - 7,7%. С 2001 года введен Классификатор направлений подготовки и специальностей высшего профессионального образования, переработанный в сторону укрупнения специальностей (тенденция *интеграции СВПО*) и содержащий 274 наименования специальностей по 43 группам. В предыдущей редакции Классификатора, принятой в 1996 году, было 342 специальности. Классификатор в дальнейшем будет приводиться к международной стандартной классификации образования, рекомендованной ЮНЕСКО государствам, подписавшим Лиссабонскую Конвенцию.

Таким образом, в рассмотренный период произошли поистине глобальные преобразования в организационно-финансовом механизме системы высшего профессионального образования республики, которые не могли не стимулировать существенную трансформацию содержания высшего педагогического образования. Проявились тенденции *этнизации и плюрализации СВПО*, продолжалось усиление *гуманизации и гуманитаризации* содержания педагогического образования. В то же время, далеко не все стратегические задачи на этом этапе были решены.

Также рассматриваемый нами период отмечен беспрецедентной инновационной активностью в сфере образования. В Казахстане начинает формироваться новая модель высшего образования, что сопровождается большими изменениями в организации, управлении и стандартизации учебных процессов, активным внедрением новых информационных и педагогических технологий, развитием дистанционного и непрерывного образования. Произведен пересмотр концептуально-программных подходов к образовательному сектору, конкретизация путей и направлений преобразований. Утверждено 18 концепций, в числе которых Концепция государственной политики в области образования, Национальная программа государственной поддержки образования и другие. В рамках международного сотрудничества определена стратегия развития среднего общего образования республики на основе модели *образования, ориентированного на результат*, что предопределило направления преобразований в СВПО. К моменту завершения этапа подавляющее большинство педвузов трансформировано в университеты широкого профиля; расширена их автономия; сформированы вариативность и многоуровневость СВПО по «Болонской модели»; введены новые учебные предметы, значительно обновлены учебно-методические комплексы.

Реформирование национальной системы педагогического образования было продолжено в последующие годы развития независимого Казахстана.

1 Закон Республики Казахстан «Об образовании». – Алматы, 1992.

2 Распоряжение Президента Н.А. Назарбаева «О государственной поддержке и развитии школ для одаренных детей». – Алматы, 1996.

3 Закон Республики Казахстан «О высшем образовании». – Алматы, 1993.

4 Постановление Правительства РК «О новой модели формирования студенческого контингента государственных высших учебных заведений Республики Казахстан». – Астана, 1999.

5 Постановление Правительства РК № 1398 «Типовое положение о государственных высших учебных заведениях». – Астана, 2001.

6 Закон Республики Казахстан «О высшем образовании». – Алматы, 1999.

7 Кайдарова А.Д. Развития содержания высшего педагогического образования в Казахстане // Учебное пособие. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2009. - 130 с.

Түйіндеме

Кайдарова А.Д. – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

ҚР тәуелсіздік жағдайында жоғары педагогикалық білім мазмұнын реформалау

Бұл мақалада заңнамалық және нормативтік құқықтық базаның негізінде жалпы білім реформасы және жоғары педагогикалық білім беру мазмұнының 1991 жылдан 2001 жылға дейінгі кезеңдегі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында дамуы, сонымен қатар, жоғары педагогикалық білім беру генезисіне әсер ететін шарттар, факторлар және детерминанттар қарастырылады.

Түйін сөздер: жоғары педагогикалық білім беру мазмұны, реформа, дайындық, мұғалім.

Summary

Kaydarova A.D. – d.p.n., professor, KAZNPU the name of Abaya

Reformation of maintenance higher pedagogical terms of independence of RK

This article, on the basis of the legislative and normative base is tracing the reform of higher education in general, and the content of the higher pedagogical education in particular, in the new socio-economic conditions for the period from 1991 to 2001, considering the conditions, factors and determinants that influence the genesis of higher pedagogical education.

Keywords: content of the higher pedagogical education, reforms, teacher, preparation.

ӘӨЖ 37.01/06-51
Ш-29.

КАЙҚАУЫСТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ

Шауенова М. – *Абай атындағы ҚазҰПУ 6D010100 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие» мамандығының 2-курс докторанты*, meruert1175@mail.ru

Манкеш А.Е. – *п.ғ.д., профессор- Абай атындағы ҚазҰПУ - Мектепке дейінгі және әлеуметтік педагогика кафедрасының профессоры*, a.mankesh@mail.ru

Мақалада Кайқауыстың "Қабуснамасындағы" педагогикалық идеяларын зерттеу мәселесі қарастырылған. Осыған орай, оның педагогикалық көзқарастарының идеялық бастауларына қатысты мәселелер шеңберін талдап, анықтау болғандықтан, зерттеуіміздің маңызды міндеттерінің бірі ғұлама-ойшыл әрі тамаша педагог Кайқауыстың жалпы дүниетанымының бастау алар қайнар көздері, оның педагогикалық идеялары мен дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуына арқау болған философиялық негіздері мен жетекші педагогикалық идеяларын анықтау мәселесі сипатталады. Мәселенің мәнін ашу мақсатында «Қабуснаманы» басшылыққа ала отырып, ортағасырларда қалыптасқан оқу-тәрбие жүйесіне қатысты отандық және шетелдерде жарық көрген ғылыми-педагогикалық зерттеу еңбектеріне, ортағасырлық ғұлама-ойшылдардың оқу-білімге, ғылымға, тәлім-тәрбиеге қатысты тағылымдық ой-пікірлеріне жүгіне отырып, Кайқауыс көзқарастарының идялық бастауларына жасалған талдаулардан оның әртүрлі қалалар мен мемлекеттерде өмір сүргендігі, әртүрлі, тіптен қарама-қайшы идеялық факторлардың ықпалында болғандығы баяндалады.

Түйін сөздер: Кайқауыс, "Қабуснама", педагог, педагогикалық идеялар, ортағасыр, ғұлама-ойшыл, дүниетаным.

Бүгінгі жастар – халқымыздың болашағы, еліміздің ертеңі. Жаһандық өркениетке жол тартқан сол ұрпақтың ұлттық, патриоттық сана-сезімінің дұрыс қалыптасуы үшін терең тамырлы тарихымызды, даналарымыздың үлгі-өнегесін ұғындырып, болашаққа мирас ету – бізге парыз. Ұлттық мемлекет қоғамдық өмірді қайта жаңғыртуы үшін оның негізін, тарихи ұлттық танымының ерекшеліктерін ескере отырып, дайындауы керек. Егер адам мен ұлттың мәдениеті дамыған болса, онда ол қоғамның экономикалық және әлеуметтік саяси жақтарының дамуына мүмкіндік берері анық. Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаевтың Ұлттық Кеңестің отырысында сөйлеген сөзіндегі: "Салынған жол, тұрғызылған ғимарат, тіпті ең озық технологияның өзі күн сайын тозады, ескіреді, ал бабаларымыз айтқандай, ешқашан азбайтын, тозбайтын, керісінше, уақыт озған сайын сан қырынан жарқырап, ұрпақ санасына

шұғыла шашатын мәңгі өлмейтін құдіретті күштің аты - ғылым мен мәдениет. Ендеше, сол ата бабаларымыздың тарихи мәдени мұрасын бірлесіп түзетейік" деген ойларының да тамыры терңде жатқанан ескерер болсақ [1], тарихи мұралар, соның ішінде ортағасырлық ойшылдардың мұраларындағы тағылымдық ойлардың бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі ерекше болмақ.

Осы мақсатта біз өз алдымызға ортағасырлық ғалым-педагог Кайқауыстың "Қабуснамасындағы" педагогикалық идеяларын зерттеу мәселесін қойдық. Зерттеуіміздің негізгі маңызды міндеттерінің бірі ғұлама-ойшыл әрі тамаша педагог Кайқауыстың жалпы дүниетанымының бастау алар қайнар көздерін, оның педагогикалық идеялары мен дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуына арқау болған философиялық негіздер мен жетекші педагогикалық идеяларды анықтау болып табылады. Сондықтан, Кайқауыс дүниетанымының негізін қалаушы ұстанымдарын, оның педагогикалық ілімдерімен қоса, мүмкіндігінше дұрыс беру үшін оның педагогикалық көзқарастарының идеялық бастауларына қатысты мәселелер шеңберін талдап, зерттеу қажет. Өйткені, мұндай жағдайда, біріншіден, олардың интеллектуалды және теориялық тамырының параметрлері, екіншіден, олардың алдағы ғасырлардағы даму деңгейі айқындалады. Мәселенің мәнін ашу үшін, біз «Қабуснаманы» басшылыққа ала отырып, ортағасырларда қалыптасқан оқу-тәрбие жүйесіне қатысты отандық және шетелдерде жарық көрген ғылыми-педагогикалық зерттеу еңбектеріне, ортағасырлық ғұлама-ойшылдардың оқу-білімге, ғылымға, тәлім-тәрбиеге қатысты тағылымдық ой-пікірлеріне жүгіндік.

С. Далимов деректеріне назар аударар болсақ, Кайқауыс аса оқымысты, білімді, сауатты адам болған. Ол «Қабуснаманы» жазбас бұрын Тахирлер кезеңіндегі танымал әдебиеттермен, педагогикалық еңбектермен танысып, зерттеп-зерделейді және ғылым мен әдебиеттің, мәдениеттің ірі ошақтары Бұхара, Самарқанд, Хорезм қалаларында болып, ондағы көрнекті ғалымдармен кездесіп, еңбектерін талдаумен шұғылданады [2, 20]. Демек, Кайқауыстың дүниетанымдық көзқарастарын өзінің өмірлік тәжрибесінен туындаған кесек философиялық ой-толғамдары мен өз дәуірінде қалыптасқан саяси-әлеуметтік тұжырымдар, мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметке қатысты заңдылықтар, қарапайым тұрмыстық сипаттағы әдептілік ережелері мен ғылым-білімге қатысты тұжырымдарының жиынтығы және «Қабуснаманың» өн бойынан орын алған имандылық, діни қағидалардан құралғандығы орынды.

Қалыптасқан әлеуметтік-саяси, мәдени жағдайларға байланысты Кайқауыс өмірі мен қызметі әртүрлі аймақтарда өтті. Сондықтан, ғалымның дүниетанымдық көзқарастары мен педагогикалық идеяларының қалыптасуына өзіндік ықпал еткен әртүрлі бастаулар туралы айтуға тура келеді. Бірақ, саяси ілімдердің, идеологиялық ағымдардың, идеялық-дүниетанымдық бағыттардың, мәдени дәстүрлердің әртүрлілігіне қарамастан, Кайқауыстың дүниетанымы мен педагогикалық ілімі, ортағасыр, соның ішінде, түркі халықтарының саяси-әлеуметтік, философиялық және педагогикалық ойларының тікелей ықпалында қалыптасты деген қорытындыға келуге болады.

X-XI ғғ. ортағасырлық Орта Азияда нақты ғылымдар қатары қарқынды дамып, ірі нәтижелерге жетті және көптеген көрнекті есімдер қатарын алға тартты. Сол кездің өзінде-ақ, Орта Азия қалаларының ғылыми орталықтарға айналуына себеп болған ғылыми ойдың дамуы үшін барынша қолайлы жағдайлар жасалды [3, 162]. Ғылымның философия, астрономия, медицина, география, химия, математика т.б. сияқты салалары ірі жетістіктерге жетті. Ғылымның дамуы феодалдық қоғамның дамыған өндірістік күштерінің сұраныстарымен және түркітілдес халықтардың бай мәдени дәстүрлерімен тығыз байланысты болды. Бұл кезеңнің ғалымдарының өзіндік сипаты – энциклопедисттігі еді. Олардың әрқайсысы өз уақытындағы ғылымдардың көптеген салаларының маманы атанды, өздерінің жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін философиямен, керісінше, философия бойынша ілімдерін жаратылыстану ғылымы мәселелерін зерттеумен байланыстырды [4, 42]. Ғылымның дамуы үшін ғылыми-философиялық әдебиеттерді грек, сирия және басқа тілдерден араб, парсы тілдеріне аудару маңызды мәнге ие болды. Дегенмен, ортағасыр ғалымдарының қызметі тек ғылыми-философиялық еңбектерді аударумен я түсіндірумен шектелмегендігін де атап өткен жөн. Олар өз тарапынан да тамаша шығармалар қатарын әкеліп, әлемге танымал ғалым-жаратылыстанушы, философтар деңгейіне көтерілді. Бұл қатарға, Рази, әл-Фараби, әл-Беруни, ибн Синалар жатады. «Қабуснаманы» зерттеуде олардың Кайқауыстың жалпы дүниетанымы мен педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткендігін байқаймыз. «Қабуснамадағы» Рази, Беруни есімдерінің аталуы айтқандарымызға дәлел болмақ. Ал, еңбекте Фараби, ибн Сина есімдерінің аталмауы бізге Кайқауысты олармен, олардың еңбектерімен таныс болмаған деген ой туындата алмайды. Өз уақытының алдыңғы қатарлы оқымыстыларының бірі бола отырып, Кайқауыстың Фараби, ибн Сина шығармашылығымен таныс болмауы мүмкін емес. Оның үстіне, Кайқауыс мұрасындағы Платон мен Аристотель, Сократ сөздерінің қолданылуы, оның, ежелгі грек ойшылдарының ілімдерін Фараби аудармалары мен түсіндірмелері және

Орта Азия ғалым-ойшылдарының ғылыми трактаттары негізінде жоғары деңгейде білгендігін дәлелдейді [2, 29].

Сонымен, Кайқауыстың мұрасына мазмұндық талдау жасау, оның педагогикалық көзқарастарының негізгі бастаулары ретінде мыналарды көрсетеді: а) түркітілдес халықтардың исламға дейінгі мәдениеті; ә) Саманилер дәуірі өркениеті; б) араб-парсытілді теориялық ой мен практикалық педагогика-философиясының озық дәстүрлері (Рази, әл-Фараби, ибн Мискавейх, ибн Сина шығармашылығы); в) ойлау мен өмір бейнесі образы шеңберінде білдірілген исламдық-теологиялық педагогика.

Осылардың ең негізгісі – исламға дейінгі мәдениет болып табылады. Әрине, Кайқауыстың педагогикалық көзқарастарының идеялық-теориялық қайнар көзінің бірі – исламға дейінгі мәдениет деп негіздеу түсініксіз көрінуі мүмкін, әсіресе, зороастризмнің педагогикалық-өнегелік ілімі. Осыған байланысты зороастризмнің педагогикалық-өнегелік көзқарасы тек Кайқауыс дүниетанымына емес, бүкіл түркітілдес ойшылдар мен Батыстың да ғалым-ойшылдары қатарының көпшілігіне ықпал еткендігін атаған жөн. Мәселен, «Табиғаттың алғашқы негіздері мен элементтерін құдайға айналдыру және оларды құдайлармен тең дәрежеде құрметтеу грек философиясына «Авестаны» үйрену арқылы кірді, әсіресе, Кіші Азиядағы Милет мектебінің натурфилософтар еңбектеріне (Гераклит, Фалес, Анаксимен, т.б.), соның арқасында ежелгі грек философиясы әлемдік атаққа ие болды» [6, 255]. Расында, зороастризмде, мойындаудың онтологиялық ұстанымы негізінде «әлемде екі бастаудың: әлемнің өзегі мен мазмұнын құрайтын, жақсылық пен жамандық күресі» беріледі және тағылымдық ұстанымдардың негізін қалаушылардың көзқарасы бойынша, экологиялық бағыттағы тәрбие мен отбасылық тәрбие мәселелері қарастырылады. Кіші «Авестада» Заратуштра нағыз ізгі адам үлгісі ретінде танылады. Жақсылық пен жарықтың әрі өмірдің әділ құдайы – Ахура Мазда мен жамандық пен қараңғы түнектің әрі өлімнің әзәзілі – Ангра Майню бір-біріне қарсы тұрады. Өнегелік парыз Ахура және оның аспан әскерилері, шыншылдықты, жақсылықты, әділдікті, пайдалы еңбек пен барлық игілікті қорғауды, зұлымдық пен жамандыққа қарсы соғысуды, адамды өтіріктен қашуға және сенімділіктің жауын жою мен еңбектенуді міндеттейді [6, 268]. Демек, зороастризм тағылымының іргетасы «адамның парасатты әрекеті – шыншылдық, адалдық, әділдіктің логикалық тізбегі ретінде» анықталатын, өзіндік өнегелік үштаған – ізгі ой, ізгі сөз және ізгі істен қаланады. Оның тағылымдық көзқарастары негізінде бастан-аяқ жақсылық пен жамандық идеясы жатыр. «Қабуснама» мазмұнын осы көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ, еңбектің бірде-бір тарауы формальді түрде бұл педагогикалық категориялармен берілмесе де, педагогиканың әртүрлі мәселелерін Кайқауыс аталған категориялар төңірегінде шешеді. Сондықтан, «Қабуснамада» «жақсылық пен жамандықты айыра білу» мен жақсылық істер Кайқауыстың адамгершілік идеялы ретінде оның басты назарында болады. Бұл пайымдауларға Кайқауыстың «Авестаның» пехлевей тіліндегі мәтіндерімен таныс болғандығы дәлел. «Және оқыдым мен,-деп жазады Кайқауыс,-пехлевей жазуымен жазылған парсылар кітабында, Зардуштрадан сұрайды: тірі жандардың неше түрі бар? ...» немесе «Гуштасп өз тағынан айрылғанда, ол Константинияға барады, ал онымен бірге әлемдік байлығынан ештеңеде болмайды» [5, 79]. Айтылған ой-пікірлерімізді қорытындылайтын болсақ, Кайқауыстың педагогикалық көзқарастарының бірінші қайнар көзі – зороастра ілімі.

Екіншіден, ойшыл «Қабуснамада» өз ойларын өзінің өмірлік тәжірибелерінен туындаған тұжырымдары мен тәрбиелік мәндегі қосалқы әңгімелермен, өзіне дейінгі және өзімен тұстас ғалымдар мен ежелгі грек философтарының нақыл сөздерімен толықтырып отырады. Мұның барлығы Кайқауыстың өз заманының озық ойлы ойшылы ғана емес, тамаша педагог-ғалымы болғандығын айғақтайды. Ендеше, Саманилер дәуірінің практикалық философиясы өкілдері идеяларының Кайқауыс дүниетанымына ықпал еткендігі еш талас тудыра қоймайтын факт, өйткені саманилік өркениеттің өкілдері Рази, Фараби, ибн Мискавейх, ибн Синаның ғылыми-философиялық және педагогикалық ілімдерінің озық қағидалары мен ережелері тек Шығыста емес, Батыста да мойындалған. Расында, Саманилер билігінің Қарахандық шапқыншылықтан құлдыруға ұшырауынан Саманилер дәуірі өркениеті өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Керісінше, ол Орта Азия халықтарының аяғынан тұрып, мәдениетінің дамуына үлкен ықпал етті. Осы орайда, И. Брагинскийдің:««Қабуснама» авторы Гилан тайпаларының бірінен шыққан, және ұзақ уақыт бойына Саманилердің мәдени ортасымен тығыз байланыста болды»-дегенін ескерген жөн [7, 272].

Мәселен, Әбубакр Разидің (865-925 жж.) бай ғылыми-философиялық мұрасында оның педагогикалық көзқарастары белгілі бір деңгейде орын алады. Екі ойшыл да рақат, зейнет бойынша трактаттар жазған. Мысалы, Кайқауыс «Қабуснамасы» мен Разидің «Рухани медицинасының» кейбір тарауларының аты мен мазмұны жағынан бір-біріне жақындығын байқаймыз [8, 88]. Бірақ, мұндай

формальді және мазмұндық жақындық Кайқауыстың тағылымдық идеалы Разиге көзсіз сенгендігін я «Қабуснамада» оның көзқарастарын ізбе-із қайталағандығын білдірмейтіндігін атаған жөн. Демек, Г. Грюнебаумның: «... ертедегі ақындардың олардың алдыңғыларына тәуелді болғаны сонша – кейде, бәрі бірін-бірі көшіргендей көрінетіндігі ең үстірт бақылаудан-ақ байқалады»-деген ойымен келісуге тура келеді [9, 128]. «Қабуснамадан» байқағанымыз, Кайқауыс Рази еңбектерін терең, жіті оқып-үйренген. Мысалы, махаббат туралы туындаған ойларын баяндауында ол Закари көзқарасынан үзінді-мысал келтіреді: «... Мұхаммад-и-Закарийя «Кеселдер жүйесі» еңбегінде, ғашықтық дертіне және одан айығу еміне қатысы қалай екендігін айтады» [5, 54]. Ал онтологиялық жағынан Кайқауыс көзқарасы Разидің дүниетанымдық ұстанымымен түйіспейтіндігін атаған жөн, өйткені соңғысы ортағасырлық діни-философиялық ағым асхоби хаюло (друзей материи) өкілдерінің бірі болды және ислам креационизміне қарсы бес негіздің мәңгілігін мойындады (алғашқы материя, уақыт, орын, жан, жаратушы) [8, 129], ал Кайқауыстың философиялық-педагогикалық ойлары жиынтығының негізі ислам теологиясы болды, сол себептен, ол тек жаратушы жалғыз, мәңгілік болып табылады және ол өз қалауымен материалды әлемді жоқтан бар етеді деп пайымдайды.

Келесі шығыстық перипатетизмнің өкілі Әбунасыр әл-Фарабидің (870-950 жж.) әлеуметтік-саяси және педагогикалық ілімінің Кайқауыстың педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткендігі хаһ. Ол шығыстық философиялық-педагогикалық ойды ежелгі грек ғылымымен таныстырып, Аристотель шығармаларына түсініктемелер жазды. Аристотельдің түпнұсқалық ілімін қалпына келтіруі және ортағасырлық схоластикамен күресі Фарабидің әлемдік ғылымға сіңірген еңбектерінің ең маңыздыларының бірі.

Фараби ілімінде, әлеументтану, саясат, педагогика – осы үш ғылымның бір-бірімен тығыз байланыстылығы сонша, кейде оларды айыру өте қиынға соғары анық, олар бүтіндей өзіндік бірлік – қоғам және жеке тұлға туралы ғылымды құрайды. Фараби ғылымдарды аристотельше жіктеуді қолдайды. Педагогиканы, адамның әртүрлі іс-әрекеттері мен қажеттіліктерінің сипатын зерттейтін ғылымдар қатарына жатқызады және іс-әрекеттің не үшін істелу мақсатын анықтайды. Фарабише, педагогика адам мінез-құлқының негізгі нормалары мен ережелерін зерттейді. Фараби тек бүкіл Әлемді емес, адамды да құдай жаратты дегенді мойындайды. Бірақ ол адамды әлсіз мақұлық, өмір сүруге қабілетсіз деп санамайды, оның пікірінше, адам құдайдың күшімен өзіне қажеттінің барлығын жасай алатын, өзіндік ақылы бар, табиғаттың ең жоғарғы жетістігі және «адам жан-жануарлардан ерекше қасиеттерімен ерекшеленеді, өйткені адамда дене мүшелерінің әрекетімен күш алатын, жан бар, бұдан бөлек, адамда дене мүшелерінің қатысынсыз-ақ әрекет ететін күш бар: бұл күш ақыл болып табылады» [10, 191]. Нақ осындай идеяны Кайқауыстан да кездестіруге болады. Бұл жай ғана механикалық түйісу емес, қайта, идеялық байланыстың белгісі сияқты. Дегенмен, Фараби мұраларында бұл тезис қатаң ғылыми-логикалық түрде мазмұндалса, «Қабуснамада» насихаттық-баяндау сипатын алады: «Бізді жаратушы-деп жазады Кайқауыс,-ол разы болсын, өзінің барлық жаратылыстарының ішінде адамды барлығынан артық жаратты, және адам барлық хайуандардан денесіндегі он сезім түрінде артықшылыққа ие: бес ішкі және бес сыртқы... Осы себептен адам – басқа хайуандар үстінен қарайтын патшасы әрі ұлығы» [5, 20].

Кайқауыс пен Фарабидің педагогикалық көзқарастарын салыстыра талдау барысында, олардың идеялық қатынасында көп ортақтық бар екендігі айқындалады. Фарабише, адамға өзінің қоғамдық қызметін орындау үшін, ең алдымен өзге адамдармен қатынас қажет, екіншіден, ол кәсіптік дағдыларды игеруі керек. Адам қоғамнан тыс және қоғамдық еңбексіз өмір сүре алмайды. Адамның әрбір талпынысы, арманы, сұраныстары, оның барлық ойлағандары мен мүдделері қоғамда ғана қанағаттандырыла алуы мүмкін. Бұл ойды Аристотель айтқан болатын, бірақ бұл пікір Шығыс жағдайларында алдыңғылардың бірі болды. Фараби өнер мен кәсіптің адамға қажеттілігі туралы айта келе, қоғамды пайдалы еңбек қызметінсіз елестете алмайды. Қоғамдық пайдалы еңбек – қоғамдық дамудың маңызды шарты. Кайқауыс тұжырымы бойынша да жас жеткіншекті дұрыс дамытуда еңбек ең маңызды шарт болып табылады. Нақ еңбек – материалды құндылықтарды құрудың басты факторы. Кайқауысша: «Дүниенің рақаты – еңбек ете білуде. Бүгінгі рақатың – кешегі еңбегіңнің жемісі» [5, 67].

Фарабидің педагогикалық идеяларының Кайқауыс дүниетанымына ықпалы бақыт пен оған қол жеткізу жолдары мәселелерін, рухани кемелдену құралдарын, әлеуметтік әділдік ерекшеліктерін, зайырлы және конфессионалды факторлардың тәрбие үдерісіндегі байланысын және қоғамдағы басқару әдістерін баяндауында да айқын байқалады. Мәселен, тәрбиенің нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін алға мақсат қоя білу керек, сол сияқты бақытқа қол жеткізу де мақсат болып табылмақ. Фарабише: «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады»

[10, 173]. Фараби бақытқа жету үшін маңызды шарт – ғылымды үйрену және кемелділік дәрежесіне ие болу деп санайды. Адам кемелденуге білімді игеру мен ғылымды үйрену арқылы қол жеткізеді. Білім адамды қолдап, қорғайды, мейірімді әрі ақылды етеді, білімсіз адам өмір сүрудегі мақсатына жете алмайды. Фараби идеялары ағартушы әрі ойшыл-педагог ретінде танылған Кайқауысқа да оң ықпалын тигізеді. Расында, Кайқауыс жоғары білімді, ғалым адам болды, сондықтан, Фарабиге еліктеп: «адамға жақсы қоғамдық ахуалды жаулап алу үшін, білім мен шешендік (ділмарлық) керек»-деп санайды [5, 34]. Байқасақ, Фарабидің әлеуметтік-педагогикалық идеялары қоғамдық-педагогикалық көзқарастар жүйесінде жаңа бағытқа жол ашты.

Сөзсіз, Саманилер дәуірі өркениетінің жарқын тұлғаларының бірі, озық ойлы идеялары арқылы Кайқауыс дүниетанымын қалыптастыруға ерекше ықпал еткен, «сол кездегі ұлы ағартушы – бүкіл Шығыс пен грек даналығын бойына сіңірген энциклопедист, философ әрі дәрігер»-Әбу Әли ибн Сина (980-1037 жж.) [11, 12]. Расында, Кайқауыс ибн Сина ілімі мен әл-Берунидің ғылымилығын бағалаған ортада өсті. Ибн Сина мен Кайқауыс белгілі бір деңгейде замандас болса да, олардың бір-бірімен жолыққандығы туралы әлі күнге дерек жоқ. Кейбір мәліметтер бойынша, ибн Сина Сұлтан Махмұдтың қудалауына ұшырап, Қабустың (976-1012 жж.) атасынан пана іздейді, өйткені «Қабус ибн Вошимгир уақытында оның Каспий маңы сарайы X-XI ғг. Парсының ең маңызды әдебиет ошақтары мен әмірліктерінің бірі болды, ...» [13, 525]. Шамсулмаоли Қабус ибн Вошимгир сарайы маңында ибн Синаның басқа бір замандасы, энциклопедист Әбурайхан Беруни (973-1088 жж.) де өмір сүріп, еңбек еткендігін әрі Қабусқа, құрмет белгісі ретінде «Өткен ұрпақтың естелігі» атты еңбегін арнағандығын атап өткен жөн және келесі бір ойшыл-моролист, салмақты педагогикалық-этикалық трактаттар авторы ибн Мискавейх (1030 ж. өлген) те Шамсулмаолидің замандасы болды [13, 328]. Тәжік әдебиеттанушысы А. Абдуллоевтің айтуынша, Кайқауыс медицинаны Гурганда ибн Сина ілімі ықпалымен үйренген [14, 490]. Ибн Сина мен Кайқауыстың педагогикалық және психологиялық ілімдерінің жақындығы олардың еңбектері «Тадбири манзил» мен «Қабуснаманы» салыстыруда анық байқалады және оның педагогикалық көзқарастары «Махаббат туралы трактат», «Жан туралы трактат», «Құс туралы трактат», «Соломон және Абсол» т.б. шығармаларында беріледі. Ибн Сина пікірінше, педагогика, бұл – адамның өзін-өзі жетілдіруінің жемісі, оның өзін-өзі бақылауының нәтижесі және оның мінез-құлқының бағасы туралы ғылым. Демек, ибн Сина педагогиканы, адамдардың мінез-құлық нормалары мен ережелерін зерттейтін ғылым деп санайды. Ибн Сина педагогикасы оның саяси және қоғамдық-философиялық ілімдерімен тығыз байланысты. Оның саяси және қоғамдық-философиялық көзқарастарын ескермей педагогикалық көзқарасын анықтап, бағалау мүмкін емес [15, 105].

Ибн Синаның педагогикалық көзқарастары идеалистік сипатта болды. Әрі, ибн Синаның педагогикалық көзқарастары психологиямен тығыз байланысты. Ибн Сина ілімінде: жақсылық пен жамандық, зейнет пен бейнет, ләззат, рахат, бақыт сияқты педагогикаға қатысты категорияларға үлкен назар аударылады. Мәселен, жақсылық категориясы ойшылда екі мағынаға ие. Біріншісі, бұл, шындығында бар нәрсе және өзінің мәніне қарай жақсылық болып табылатын құбылыс, объективтік құндылық ретінде өмір сүреді. Мұндай интерпретацияда «жақсылық» сөзі жалпыфилософиялық сипат алады, жеке тұлғаның өнегелік сапаларымен тікелей байланысты емес; екінші жағынан, ол бағалаушылық мәніндегі, педагогикалық категория ретінде танылады яғни жеке тұлғаның адамгершілік қасиетіне тәуелді. Жақсылық ұғымы, педагогикалық әрі психологиялық категория ретінде де екі аспектіде анықталады. Біріншіден, ол жақсылық жасаушы адамға қатысты, екіншіден, жақсылықты қабылдаушы адамға қатысты. Ибн Сина әрбір адам жақсылықты әртүрлі сипатта жасайды деп санайды: жай жақсылық жасау және еріксіз жақсылық жасау. Жақсылықтың жай, күштеусіз, белгілі бір мақсатқа негізделмей жасалуын ол нағыз кемелденген жақсылық деп санайды. Мұнда ибн Сина, шынайы әлемде қол жетпейтін жақсылықты меңзейді. «Адамның өмірде лайықты болуы өте сирек құбылыс, ал кімде-кім лайықты болса, ешкім кемелділікке жете алмайды, өйткені оның ақылы, денеден бөлініп кетпейінше және әрекеттің өзгермелі жағдайынан тәуелсіз болмайынша, ешқашан әрекет барысында кемелділікке жете алмайды» [16, 162]. Ойшыл зейнет пен бейнет категорияларын да аранайы қарастырады. Ол зейнет пен бейнет қабылдаудан туындайды деп санайды. Қабылдау сезім және қиял мен ақыл сияқты іштен туындайды. Зейнет – лайықты қабылдау, ал бейнет – лайықсыз қабылдау. Ибн Синаның «Зейнет пен бейнет туралы» ілімінен байқағанымыз, зейнетке ұмтылмайтын адам жоқ. Бірақ, зейнетке тек, рухани күш арқылы жеткенде ғана жоғары болады, ал зейнеттің төменгі түріне сезімдік, сыртқы күштер арқылы жетеді. Адамгершілігі жоғары, рухани бай адам жоғарғы түрімен рахаттанады, ал ақылсыз, мейірімсіздер тек сезімдік рахатқа ұмтылады. Мұндай пайымдаулар оның гедонизм теория-сын ұстанғандығын дәлелдейді. Ибн Сина бақыт категориясын зейнет категориясымен қатар

қарап: «Бақыт – бұл олардың әсемдік пен ұлылық жолындағы үнемі бір нәрселерді қажет етпейтін жоғары кемелділік» [16, 164]. Ол адамның зейнеттілік шегіне дейін ұлғаятын жағдайы. Адамды жоғары кемелділік ретінде дәріптей отыра, ибн Сина, адам дәл осы өмірде бақытты болып, өзінің соңғы мақсатына жетуі керек дегенді айтады. Байқасақ, ибн Сина идеяларының Кайқауыс дүниетанымына ықпалы зейнет, бақыт, ата-ананы құрметтеу, баланы күтушінің көмегімен тәрбиелеу, баланы кәсіпке оның икемін ескеріп үйрету, үй шаруасы ұстанымдары бойынша алғашқы оқыту бағдарламасы, отбасын құрудың мақсаты мен міндеті, отбасындағы ер азамат орны т.б. мәселелерді қарауда сезіледі. Ибн Сина мен Кайқауысша отбасын құру мақсатының негізі – экономикалық аспект байлықты жинау және ұрпақ жалғастыру болып табылса, екі ойшылдың да алғашқы оқыту жұмыстары ауызша ғылым-дар мен Құранды және шариаттың негіздерін үйретуден басталуы керек деген пікірлері түйіседі. Мына ойларында екі ойшыл да бала тәрбиесі күтушінің тікелей басқаруымен жүзеге асуы керек деп ұйғарады. Ибн Сина: «бала алты жасқа толған соң, оны тәрбиеші мен мұғалімнің қолына тапсырған жөн»-десе [3, 166], Кайқауыс: «...перзентіңді ақылды, мейірімді тәрбиешіге тапсыр»-дегенді алға тартады [5, 77].

Жоғарыда мазмұндалған жағдай, расында, «Ибн Сина, көптеген ғасырлар ағымында Шығыс пен Батыстың ақылы мен ғылыми-ойларына ықпал еткен және ықпал ете беретін өзінің көпсалалы талантымен бүкіл әлемдік мәдениетті елестетеді. Адамзат ойының даму тарихында ол алдыңғы орындардың бірін иеленеді» деп айтуымызға негіз бола алады.

«... тәрбиенің діни және мәдени аспектілері басты рөлде болуы проваславтық-мұсылмандық ортаға да тән» дегендей [16], Кайқауыстың педагогикалық ілімінің маңызды қайнар көздерінің бірі, сөзсіз, мұсылмандық дін мен оның нормативтік құқықтық бастаулары болып табылады. Өйткені, ол ойшыл-педагог ретінде өмір сүріп, еңбек еткен дәуірде қоғамда үстемдік құрған идеология ислам болды. Сол себептен, автор «Қабуснаманың» алғашқы тарауларын ислам қағидалары мен олардың орындалу тәртібіне арнайды. Бұл орайда ол Алланың бірлігі мен құдіретін қабылдап, қолдайтындығын оған деген мадақ, мінажат ету арқылы білдіреді. Мадақ сол кездегі діни-ағартушылық мақсат пен діни насихат жүргізуде, елдің бірлігі мен ынтымағын сақтауда таптырмас құрал ретінде танылды. Сол кездегі барлық танымал ғалымдар мен ойшылдар өз еңбектерін Аллаға, Мұхаммед (с.ғ.с.) мен оның сақабаларын мадақтауға арнады. Мұндай ұстаным исі мұслман жұртының, қала берді, бүкіл әлем жұртының бірлікте, ынтымақта өмір сүруіне үлкен ықпал еткендігі белгілі болып отырған жайт. Мәселен, И. Жеменей еңбегінде мадақ сонау Мысыр еліндегі перғауындар заманынан бері келе жатқан өзіндік тәрбиелік мәні бар әдеби тақырыптардың бірі ретінде және адам баласының психологиялық ерекшеліктеріне қарай олардың бүкіл болмысымен біте қайнасып жатқандығы жайында сөз қозғала келе, мақтау сарынындағы мұндай өлеңдер бертін келе, Орталық Азияда ислам дінінің кеңінен таралып, қанат жаюына орай, араб әдебиетіне және сол арқылы түркі, парсы әдебиеттеріне де еніп, сіңісіп кеткендігі [17, 140] айтылады, дәлел ретінде ортағасырлық ғұламалар Ж. Баласағұнидің дидактикалық сарындағы дастаны «Құтты білік» [18, 14] пен М.Х. Дулати туындылары «Тарихи Рашиди» мен «Жаһаннамедегі» деректерді ұсынады. Екі ғұлама да исламның өркендеуінің басты шарты – Аллаға иман екенін жақсы түсіне білгендіктен, бүкіл түркі халқы бойына Алланың иманын, Пайғамбардың (с.ғ.с.) махаббатын және оның сахабаларының игі іс-әрекеттері мен қадір-қасиеттерін сіңіре білу мақсатында мадақты пайдалана отырып, Алланың шексіз құдіретіне илануды, Пайғамбар (с.ғ.с.) мен оның сахабаларының ұлықтығын дәріптей келе, олардың да Алланың жаратқан пенделері әрі фәни дүниенің қонақтары екендігін ескертеді. Мұндағы мақсат – олардың өмірін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отыра, бұл әлемдегі тіршілік атаулының уақытша сынақ екенін еске салу. Бұдан біз мадақтың танымдық қырынан бөлек тәрбиелік, өнегелік, тәжірибелік мәндерін де тани аламыз [19, 15]. Кайқауыс та исламдық дін ілімінен Алланың бірлігі мен құдіретін, оның шынайы әлемді жоқтан бар еткендігі идеяларын қабылдап, Мұхамммедті (с.ғ.с.) елші ретінде және оның төрт дінге сенуші халифтерін мойындап, діни ғылымдарды қолдайды. «Ғылымның абзалы – сенім туралы ғылым, өйткені оның негізі – үнемі құдайдың бірлігін мойындау, өндірістік пәндер – шариаттың бұйрығы немесе «елші «Мұхаммед (с.ғ.с.) айтқан, алла жарылқасын оны және оған рақымшылық жіберсін: ғылымның екі түрі бар: діндер туралы ғылым және тәндер туралы ғылым» [5, 78].

Кайқауыстың педагогикалық ілімдері мен оның бүкіл дүниетанымын талдаудан, оның сол дәуірдің философтары, дәрігерлері, астрономдары, әлеуметкерлері, саясаткерлері мен педагогтері және басқа да белгілі ғылымдарының өкілдері еңбектерімен жақсы таныс болғандығы мен кейбір ежелгі грек ойшылдары мен олардың көзқарастарын жақсы білген деген қорытындыға әкеледі. Кайқауыстың грек тілін меңгермегендігін, сондықтан, оның ежелгі грек авторлары мұраларын Орталық Азия ойшылдары,

соның ішінде, Рази, Фараби, Беруни, ибн Мискавейх және ибн Сина трактаттары арқылы таныс-қандығын ескерген жөн. Оның үстіне, Кайқауыс өзінің педагогикалық көзқарастарын баяндауларында, ұлына берген өнегелерінде ежелгі грек ойшылдары Гален мен Гиппократ, Сократ, Платон, Птолемей, Аристотель айтқандарына жүгінеді. Мысалы, махаббат мәселелері туралы берген өмірлік кеңестерінде ол грек ойшылдарының беделін мысалға алады. «Шын сүйіп қалмауға тырыс, ал егер біреуді сүйген екенсің, онда соған тұрарлық жанды сүй. Птолемей мен Платондарша ғашық болудың қажеті шамалы» [5, 56].

Сонымен, Кайқауыс көзқарастарының идялық бастауларына жасалған талдаулардан оның әртүрлі қалалар мен мемлекеттерде өмір сүргендігі мен әртүрлі, тіптен қарама-қайшы идеялық факторлардың ықпалында болғандығы анықталды. Әртүрлі ағымдар мен мектептердің ойшылдарының философтарының ілімдері мен көзқарастарының Кайқауыстың педагогикалық көзқарастарының туындауына ықпал еткендігі жайлы айту бір қарағанға сенгісіз болуы мүмкін. Оның көзқарастары негізінен, өзінің бойына адамзаттық өркениеттің озық тенденцияларын сіңірген, түркітілдес, әсіресе парсы халықтарының ғылыми, философиялық, педагогикалық және әдеби ойларының тікелей ықпалында қалыптасқандығы талас тудыра алмайды. Кайқауысты онтология мен гносеология мәселелері аса қызықтырмайды және аталған философиялық мәселелерге арнайы тоқталуды қажет деп санамайды. Дегенмен, бұл Кайқауыстың болмыс пен танымның философиялық мәселелерін кемсіткендігін білдірмейді. Оның еңбегінің ерекшелігі – негізінен педагогика мен дидактиканың мәселелерін беру мақсатын ұстанғандығында.

1 Мәңгі өлмейтін құдіретті күштің аты – ғылым мен мәдениет /Н.Ә.Назарбаев //Алматы ақшамы.– 2003.– 2 желтоқсан (№135).– 1 б. Қазақстан Республикасы Ұлттық Кеңесінің 3-мәжілісінде сөйлеген сөзі (28 желтоқсан 2003 жыл).

2 Долимов С. Кабуснома. – Кабуснама (на узб. яз.). – Ташкент, 1968.– С. 5-23.

3 Григорян С.Н. Средневековая философия Ближнего и Среднего Востока. – М.: Наука, 1966. – С. 162.

4 Грюнебаум Г.Э. Основные черты арабо-мусульманской культуры. – М.: Наука, 1981. – 128 с.

5 Қабуснама. – Алматы: «Қасиет» баспасы, 2006. - 156 б.

6 Брагинский И.С. Литературы Ирана и Средней Азии. – История всемирной литературы. – М.: Наука, 1984. – Т. 2. – С. 248-272.

7 Брагинский И.С. Предисловие. – Энциклопедия персидско-таджикской прозы. – Душанбе, 1986. – С.3-10.

8 Брагинский И.С. Литературы Ирана и Средней Азии. – История всемирной литературы. – М.: Наука, 1984. – Т. 2. – С. 248-272.

9 Грюнебаум Г.Э. Основные черты арабо-мусульманской культуры. – М.: Наука, 1981. – 128 с.

10 Аль-Фараби. Существо вопросов. – Избранные произведения мыслителей Востока. – М.: Соцэкгиз, 1961. 173 с.

11 Семенов А.А. Абу-Али ибн Сина (Авиценна). - Сталинабад: Таджикгосиздат, 1953. – 65 с.

12 Крымский А.Е. История Персии, ее литературы и дервишской теософии. – М., 1961. – Т. 1. – С. 525-552.

13 Браун Е. История литературы Персии. – Кембридж: Университетское издание, 1969. – 568 с.

14 Абдуллоев А. Унсурулмаоли Кайковус. – Энциклопедия совети точик. – Душанбе, 1987. – Т. 7. – 490 с.

15 Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII в.в. – М., 1960. – 328 с.

16 Султанзаде М. Философские аспекты теории воспитания Ибн Сины яркого представителя эпохи Саманидов. – Душанбе, 1999. – С. 105-106.

17 Жеменей И. Мұхаммед Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы-қаламгер. – Алматы, 2007. – 357 б.

18 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 613 б.

Резюме

Шауенова М.А. – докторантка 2-курса по специальности 6D010100-Дошкольное образование и воспитание,
Манкеш А.Е. – д.п.н., профессор КазНПУ им. Абая, a.mankesh@mail.ru

Истоки педагогических идей Кайкауса

Статья рассматривает проблему изучения педагогических идей Кайкауса, отраженных в его труде «Кабус-наме». В связи с этим главной задачей исследования является выявление идейных истоков педагогических взглядов Кайкауса, а также осмысление философской мысли того времени, которое оказало огромное влияние на формирование мировоззренческих взглядов ученого-мыслителя. Для изучения данной проблемы, основываясь, в первую очередь, на «Кабус-наме», мы изучили отечественные и зарубежные научно-педагогические исследования, посвященные системе воспитания и обучения в средневековом обществе, а также взгляды ученых-мыслителей средневековья относительно науки, образования и воспитания. В статье излагается о том, что Кайкаус жил в разных городах и странах, и тем самым на его педагогическое воззрение могли существенно повлиять различные, а иногда и противоречившие друг другу, факторы.

Ключевые слова: Кайкаус, «Кабус-наме», педагог, педагогические идеи, средневековье, ученый-мыслитель, мировоззрение.

Summary

Shauyenova M.A. – 2th course phD specialty of Pre-School Education, Scientific supervisor:
A.E. Mankesh – professor, Abai KazNPU

The origins of pedagogical ideas of Kaykaus

The article concerns the problem of studying the pedagogical ideas of Kaykaus reflected in his work “Qabus-nama”. In this regard, the main task of the study is to identify the origins of pedagogical views of Kaykaus and to comprehend the philosophical ideas of the Middle Ages, that had a tremendous impact on the formation of philosophical views of scientist-thinker. To study this problem, based primarily on the "Qabus-nama", we have studied domestic and foreign scientific and pedagogical researches of the system of education and training in the medieval society, as well as the views of scientists and thinkers of the Middle Ages concerning science, education and upbringing. There is said that Kaykaus lived in different cities and countries, thereby it had a significant impact on his educational views.

Keywords: Kaykaus, "Qabus-name", educator, pedagogical ideas, the Middle Ages, scientist-thinker, world-view.

УДК 37:94 (574)

ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ДО СОЗДАНИЯ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ТРУДОВЫХ РЕЗЕРВОВ

Казимова Д.А. – *Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, к.п.н., профессор*
Шрайманова Г.С. – *Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, к.п.н., профессор*
Тажигулова Г.О. – *Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, д.п.н., профессор*
Турсынова Ж.Ж. – *директор Карагандинского областного государственного архива, к.п.н.*

Авторами сделан историографический обзор трудов казахстанских ученых, свидетельствующий об огромной работе по освещению основных проблем развития профессионального образования в Казахстане. Изучены процессы создания и развития образовательного и научного потенциала технического и профессионального образования, который сложился в исследуемый период и на который опирается современное казахстанское общество, имеет большое научное и практическое значение. Выбор хронологического периода объясняется тем, что в это время окончательно сформировались все образовательные и научные ветви советской науки. Именно на эти годы приходятся значимые достижения казахстанской советской образовательной системы, в частности подготовки рабочих кадров**.** В статье использованы материалы государственного архива Карагандинской области. Обширный фактический материал о развитии системы профессионально-технического образования извлечен из партийного архива института истории партии при ЦК Компартии Казахстана, текущих архивов ЦК ЛКСМ Казахстана и Государственного комитета по профтехобразованию Казахской ССР, партийного архива Карагандинского обкома КП Казахстана.

Ключевые слова: профессиональное образование, техническое образование, подготовка кадров, школы фабрично-заводского ученичества, учебно-производственный комбинат, комбинат рабочего образования.

В настоящее время, образование, стало важнейшим, системообразующим ресурсом модернизации общества, важнейшим фактором создания инновационной системы и развития страны.

Техническое и профессиональное образование является важной и составляющей частью уровня среднего образования и направлено на подготовку высококвалифицированных специалистов технического и обслуживающего труда по основным и направлениям общественно-полезной профессиональной деятельности [1].

Повысить качество подготовки будущих специалистов и соответствовать требованиям времени, экономики предполагает необходимость более глубокого изучения исторических основ системы технического и профессионального образования

Развитие технического и профессионального образования в теоретико-методологическом плане не возможно без опоры на научные принципы, в частности принцип историзма, т.е. поэтапного развития, предусматривающей непредвзятое и всестороннее изучение вопроса; гражданственности - значимости исследуемой проблемам для общества; толерантности - уважительного отношения к творчеству казахстанских историков и педагогов той поры.

В связи с этим, изучение процесса создания и развития образовательного и научного потенциала технического и профессионального образования, который сложился в исследуемый период и на который опирается современное казахстанское общество, имеет большое научное и практическое значение. Актуальность исследования обусловлена многими факторами, но наиболее значимыми из них, являются следующие: открывается целый ряд инновационных возможностей для восприятия проблемы и введения в научный оборот новых фактов и данных, характеризующих становление и развитие технического и профессионального образования; концептуальное переосмысление научной деятельности, освободившейся от идеологических догм и стереотипов советской эпохи, а также реформирование системы образования в соответствии с мировыми стандартами, невозможно без учета ретроспективного анализа как позитивного, так и негативного опыта развития образования и науки в Казахстане в исследуемый период.

В статье использованы материалы государственного архива Карагандинской области. Обширный фактический материал о развитии системы профессионально-технического образования извлечен из партийного архива института истории партии при ЦК Компартии Казахстана, текущих архивов ЦК ЛКСМ Казахстана и Государственного комитета по профтехобразованию Казахской ССР, партийного архива Карагандинского обкома КП Казахстана.

В целом историографический обзор свидетельствует, что казахстанскими учеными проведена огромная работа по освещению основных проблем развития профессионального и технического образования в Казахстане, создан мощный арсенал фактографических данных. В связи с бурным развитием восточных районов страны, в частности, Казахстана, перед системой профессионально-технического образования (на современном этапе развития образования Республики Казахстан «Техническое и профессиональное образование (ТиПО)») встала задача обеспечить абсолютный и относительный рост профессионально-технических училищ (ПТУ) в этих районах и всемерно расширить подготовку квалифицированных рабочих из молодежи. На XIII съезде Коммунистической партии республики, состоявшемся в феврале 1971 года, подчеркивалось: «Важно и впредь расширять сеть профтехучилищ, укреплять их учебно-производственную базу, больше готовить механизаторских кадров. Всемерно улучшать учебно-воспитательный процесс, формировать достойное пополнение рабочего класса - это главное в работе системы профессионально-технического образования [2].

С победой Великой Октябрьской социалистической революции, утверждением диктатуры пролетариата началось воплощение идеологических принципов обучения и воспитания нового поколения, молодого отряда рабочего класса, который определял судьбы будущего.

Осуществление их проходило в обстановке неимоверных трудностей, вызванных сопротивлением классовых врагов, хозяйственной разрухой, культурной отсталостью страны, острой нехваткой квалифицированных кадров и средств.

Основной и наиболее массовой формой подготовки квалифицированных рабочих из молодежи впервые годы осуществления Советского государства было индивидуальное ученичество на производстве. Сроки обучения ученика и степень овладения им профессиональными знаниям, почти целиком зависели от рабочего времени, таких учеников уходила на выполнение различных подсобных работ, не требующих квалификации. Никаких теоретических знаний по изучаемой специальности молодежь не получала и получать не могла. Ученики очень медленно овладевали своей профессией, подготовка их была узкой, а полученная квалификация – весьма низкой.

Между тем осуществление задач по восстановлению народного хозяйства страны и дальнейшему его развитию требовало, чтобы промышленность и транспорт в короткие сроки получили большое пополнение подлинно квалифицированных рабочих, чтобы молодежь была значительно шире вовлечена в производительный труд. Сложившаяся система подготовки рабочих на производстве не соответствовала повышающимся требованиям к квалификации рабочих. В связи с этим Коммунистическая партия и Советское правительство решили радикально изменить систему ученичества. Были намечены меры по ускорению подготовки рабочих в сети профессионально-технического образования при одновременном коренном улучшении качества обучения. Особое внимание обращалось на повышение общего культурного уровня и коммунистическое воспитание молодых рабочих.

В процессе осуществления разработанных мер до реформ ученичества на производстве в 1920 году были созданы школы фабрично-заводского ученичества (ФЗУ). Они представляли собой новый тип советского профессионально-технического учебного заведения, где обучение и воспитание подростков было тесно связано с их трудом на предприятии. Созданная новая, социалистическая школа

фабрично- заводского ученичества была призвана подготавливать технически грамотных и инициативных, политически воспитанных квалифицированных молодых рабочих.

В школах ФЗУ были созданы необходимые условия для систематического и последовательного овладения молодежью профессиональными навыками и знаниями. Производственное обучение начиналось в школьных учебных мастерских и заканчивалось в цехах и промышленных предприятиях. Занятия проводили квалифицированные инструкторы. Процесс профессионального обучения обучаемых указывался с повышением их общеобразовательного, культурно-технического и политического уровня.

В связи с общим низким уровнем образования рабочей молодежи в первые годы своей деятельности школы ФЗУ комплектовались подростками, окончившими 2-3 класса начальной школы. Поэтому в учебных планах много времени отводилось изучения общеобразовательных дисциплин. Сроки обучения доходили до 3-4 лет. По мере повышения уровня общего образования в стране удельный вес общеобразовательных дисциплин в школах ФЗУ сокращался, и они превращались в резко выраженные профессиональные учебные заведения.

Как и во всей стране, большая работа по обеспечению народного хозяйства необходимыми квалифицированными рабочими кадрами развернулась и в Казахстане. Уже в начале 20-х годов здесь шла организация планомерной подготовки квалифицированных рабочих. Одна из главных задач состояла в том, чтобы охватить обучением казахских юношей и девушек и вовлечь их в промышленное производство.

В целях улучшения подготовки квалифицированных рабочих Совет Народных Комиссаров КазССР в феврале 1921 года преобразовал существовавший отдел профессионально-технического образования в Главный комитет профессионально-технического образования Наркомпросса республики. На вновь созданные Главпрофобр была возложена организация подготовки квалифицированных рабочих и руководство всем профессиональным образованием, которое до того осуществлялось профсоюзами, различными ведомствами и организациями. Причем, и формы организации профессионально-технического образования, и профиль подготовки кадров в Казахстане в эти годы имели свою специфику, тесно связанную с особенностями развития хозяйства республики. В результате колонизаторской политики царского правительства Казахстан был превращен в сырьевую базу развивающегося российского капитализма. Тяжелую индустрию здесь представляли лишь несколько предприятий добывающей горнорудной промышленности. Преобладали же мелкие предприятия легкой и пищевой промышленности, кустарные промыслы. Это наложило отпечаток на организацию профессионально-технического образования. Шире всего были распространены всевозможные курсы; в меньшей степени – профессионально-технические, сельскохозяйственные школы и другие учебные заведения.

Важным этапом в деле подготовки квалифицированных рабочих кадров в Казахстане явились годы первой пятилетки. Особенно быстрое развитие промышленности происходило в Центральном Казахстане, на территории Карагандинской области.

В соответствии с требованиями социалистического строительства в годы первой пятилетки были установлены следующие формы подготовки кадров для народного хозяйства [3]:

1) школы фабрично-заводского ученичества;

2) курсовая система подготовки кадров на предприятиях, состоявшая из двух этапов:

- первый этап - вводные курсы с целью дать элементарные навыки работы;

- второй этап - дальнейшее повышение квалификации рабочих через систему так называемого дополнительного рабочего образования;

3) бригадное и индивидуальное ученичество рабочих.

Уже в 1927 году школ ФЗУ в республике насчитывалось 21, обучалось в них 810 человек. Действовало также несколько долгосрочных профессионально-технических курсов на 168 учащихся, которые по профилю подготовки квалифицированных рабочих приближались к школам ФЗУ. В Центральном Казахстане с 1929 года школа ФЗУ действовала при Карсакпайском медеплавильном заводе. Она готовила слесарей, токарей по металлу, кузнецов, столяров, бурильщиков, флотаторов, взрывников, проходчиков и рабочих других профессий. К концу 1931 года ее контингент составил 341 человек. В числе обучающихся казахов насчитывалось 141 человек, а в 1932 году занималось 535 человек, из них 81,3% казахи. Курсовым обучением на комбинате было охвачено 355 человек, инструкторским – 64, ученичеством – 90 человек [4].

Успеху рабочего образования способствовала забота со стороны всех партийных, хозяйственных, общественных организаций страны. В этом отношений большую роль сыграли I Всесоюзная

конференция работников социалистической промышленности (январь 1931г.) и Всесоюзное совещание хозяйственников при ЦК ВКПб (22-23 июня 1931 года.)

Вопросы подготовки рабочих кадров стояли в центре внимания работы УП Всеказахстанской партийной конференции, на которой указывалось, что «плановая потребность в кадрах для Казахстана, исчисляемая в 616 тысячах человек, должна быть покрыта путем концентрация и расширения контингента учащихся в школах повышенного типа и путем применения методов подготовки кадров через специальные курсы и школы» [3].

Особенно усилилась подготовка квалифицированных рабочих для угольной, металлургической и горнорудной промышленности. Так, одной из крупнейших новостроек первой пятилетки являлся Балхашский медеплавильный завод. Поэтому партийные, советские и хозяйственные органы Карагандинской области много внимания уделяли подготовке кадров для Прибалхашстроя. С целью повышения профессионально-технического уровня рабочих были приняты конкретные меры. На заседании бюро Прибалхашского райкома ВКПб в январе 1932 года был обсужден вопрос о планах повышения квалификации рабочих на текущий год [5].

На строительстве новой угольной базы страны в Караганде подготовка квалифицированных рабочих началась в 1931 году. Она проводилась в двух учебно-производственных комбинатах (УПК). В составе первого УПК находились стационарные заведения: горнопромышленное училище на 320 учащихся, горный техникум и рабфак.

Второй УПК, или как он иначе назывался, комбинат рабочего образования (КРО), объединял различные курсы с продолжительностью обучения от одного до шести месяцев, КРО имел своей задачей подготовку для угольного бассейна забойщиков, крепильщиков, бурильщиков, запальщиков, токарей, слесарей, машинистов врубовых машин, шоферов и др. В сеть КРО входили также курсы по технике безопасности, повышению квалификации бригадиров подземных работ. Эффективной формой учебы горняцких кадров являлся так называемый учебный забой. На каждой шахте к опытным, высококвалифицированным специалистам прикреплялась группа новичков. По мере приобретения производственных навыков ученики переводились в бригады, работающие в других забоях.

С 1 февраля 1932 года при тресте «Карагандауголь» был создан специальный сектор техпропаганды, который занимался организацией обучения рабочих в технических кружках. Для повышения технических знаний рабочих ведущих профессий было разработано 28 программ. Через различные технические кружки прошло 818 человек, в том числе 316 казахов [6].

К концу первой пятилетки количество национальных рабочих кадров увеличилось в семь раз. Это были совершенно новые национальные рабочие кадры, обладающие высокой квалификацией, в совершенстве овладевшие современной техникой и технологией производства, индустриальной культурой труда. Являясь славным отрядом героического рабочего класса нашей страны, они повели за собой крестьян-кочевников на активную борьбу за построение социализма, крутой подъем материального и культурного уровня всего казахского народа.

В сентябре 1933 года ЦИК и СНК СССР приняли специальное постановление о школах ФЗУ, в котором признали необходимым перестроить их деятельность в соответствии с установленными темпами индустриализации страны. Эти школы были преобразованы в резко выраженные профессиональные учебные заведения, готовящие из молодежи с семилетним образованием квалифицированных рабочих массовых профессий. Сроки подготовки сокращались до шести месяцев – одного года. На производственное обучение отводилось 80 % учебного времени и только 20 % - теоретическим дисциплинам, и непосредственно связанным с изучаемой профессией. При этом внимание концентрировалось на освоении профессиональных навыков по основным, наиболее важным операциям изучаемой специальности. Вся общеобразовательная, общетехническая и общественно-политическая подготовка учащихся была перенесена на часы внешкольной работы. Совершенствовать квалификацию молодые рабочие должны были уже в процессе производственной деятельности. Оканчивающие школу ФЗУ молодые рабочие обязаны были проработать на производстве по своей специальности не менее трех лет.

В 1934 году курсы второго учебного комбината Караганды окончили 722 человека, из них 463 казаха [7]. Курсы строителей выпустили 1195 человек, горпромуч - 608. Всего через учебную сеть повышения технических знаний в 1934 году прошло 2525 человек. Без преувеличения можно сказать, что Карагандинский угольный бассейн превращался в своеобразный учебный комбинат.

Осуществление широких мероприятий по формированию новых отрядов квалифицированных рабочих обеспечивал успешное освоение высокой техники и передовой технологии производства.

В дело совершенствования рабочими своей производственной квалификации, освоения новой техники и повышения производительности труда настоящий переворот внесло широко развернувшееся социалистическое соревнование, выросшее в эти годы под руководством партии в массовое движение передовых рабочих-новаторов. Новаторы ломали устаревшее и вводили новые, более высокие технические нормы. Это движение содействовало ускорению темпов развития всех отраслей народного хозяйства, повышению материального и культурно-технического уровня трудящихся [8].

Основоположником широкого движения новаторов в Казахстане был кадровый рабочий-шахтер, бригадир навалоотбойщиков из Караганды коммунист Т. Кузембаев. Его выработка составляла 400 процентов нормы.

В годы второй пятилетки система профессионально-технического образования достигла значительных результатов в подготовке квалифицированных рабочих кадров.

XVIII съезд ВКП/б/ поцвел итоги выполнения второго пятилетнего плана и утвердил третий пятилетний план развития народного хозяйства страны. Важнейшим условием выполнения третьей пятилетки являлась подготовка квалифицированных рабочих кадров, для чего предусматривалось «развертывание широкой сети школ и курсов по подготовке и переподготовке квалифицированных рабочих и мастеров» [9].

В соответствии с дальнейшим возрастание индустриальной мощи Центрального Казахстана в годы третьей пятилетки партийные, профсоюзные и комсомольские организации проводили многогранную работу по сплочению рядов рабочего класса и подготовке квалифицированных кадров.

За предвоенные годы численность рабочих и служащих промышленных центров Карагандинской области заметно выросла. По численности рабочих эта область занимала в Казахстане первое место. За эти же годы была успешно решена проблема обеспечивания предприятий Центрального Казахстана инженерно-техническими кадрами [10].

Таким образом, в предвоенные пятилетки в Центральном Казахстане сформировался крупный отряд рабочего класса, значительную часть которого составляли национальные кадры, занятые в основном в угольно-металлургической промышленности. Вместе с тем, на новом этапе развития к системе профессионально-технического образования предъявлялись уже более высокие требования. Несмотря на то, что развивающиеся из года в год школы ФЗУ и различные курсы подготовили сотни тысяч квалифицированных рабочих, однако это составляло лишь около 25% новых рабочих. Основная же часть осваивала профессию в производственных условиях. Подготовка квалифицированных рабочих в школах ФЗУ далеко не соответствовала темпам развития народного хозяйства республики, и это сдерживало вовлечение молодежи в производственную деятельность. Кроме того, качество подготовки рабочих во многом еще не отвечало требованиям технической оснащенности развивающегося народного хозяйства. Сказалось снижение сроков обучения, которое было вызвано в годы второй пятилетки необходимостью ускоренного пополнения рабочими кадрами промышленных, строительных, транспортных и других предприятий. Молодежь не получала того объема знаний, который требовался для квалифицированного труда.

Установленные требования комплектования школ ФЗУ молодежью с образованием не ниже семилетки (при общем своем положительном значении для повышения культурно-технического уровня рабочих) имели отрицательные стороны. Такие требования ограничивали прием в школы ФЗУ и вовлечение в промышленное производство даже городской и особенно сельской молодежи, которая далеко еще не была охвачена семилетиям обучением.

Все это вместе взятое ставило вопрос о совершенствовании системы профессионально-технического образования в стране.

1 Система технического и профессионального образования// http://www.edu.gov.kz/ru/sistema-tehnicheskogo -i-professionalnogo-obrazovaniya

2 ЦГА КазССР, ф.206, ол.1, д.246, л.26.

3 ЦГА КазССР, ф.206, ол.1, д.86, л.29.

4 ЦГА КазССР, ф.206, ол.1, д.86, лл.29,30

5 Кийкбаев Н. Промышленность Казахстана в вервой пятилетке. Алма-Ата: Казгосиздат, 1951. - С. 62.

6 ГАКО, ф.23, оп.1, д.19, лл.9,11

7 7ГАКО, ф.23, оп.1, д.67, л.4

8 XVII съезд Всесоюзной Коммунистической партии/б/.Стенографический отчет. М.: Партиздат, 1934. - 17 с.

9 КПСС в резолюциях и решениях, изд.7, ч.3. - М.: Партиздат,1954. - 353 с.

10 ГАКО, ф.341, оп.41, д.56, л.37.

Түйіндеме

Казимова Д.А . – п.ғ.к., профессор, академик, Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Шрайманова Г.С. – п.ғ.к., профессор, академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Тажигулова Г.О. – п.ғ.д., профессор, академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Турсынова Ж.Ж. – п.ғ.к. Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағатының директоры

Қарағанды облысында кәсіптік – техникалық білім беру, қалыптасу тарихы, мемлекеттік еңбек резервтерінің жүйесін құру

Мақалада Қарағанды облысының кәсіптік-техникалық білім беруді қалыптастыру мен дамыту кезендері қарастырылған. Халық шаруашылығының қалыптасуы және құрылымдарының дамуы, білікті жұмысшылардын болуын талап етті, жұмысшы кадрларды дайындау мәселесін шешу қажет болды. Авторлармен Қазақстандағы кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту бағытында жүргізілген іс-шаралар туралы сипаттама берген отандық ғалымдардын еңбектеріне шолу жасалынған. Кәсіптік білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы, ғылыми тұрғыдан маңызды екенің, қоғамның біліктілік және ғылыми потенциалының қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетінін айқындайтын көптеген деректер келтірілген. Кенес одағының ғылыми бағыттарының қалыптасуын көрсету мақсатында, мақалада кәсіптік білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму кезеніне келтірілді. Осы кезенде Қазақстанның білім жүйесі маңызды жетістіктерге жетті, мәселен, жұмысшы кадрларды дайындау. Мақалада Қарағанды облысының мемлекеттік мұражайынан алынған деректер қолданылды.

Түйін сөздер: кәсіптік білім беру, техникалық білім беру, мамандарды дайындау, оқушылардың фабрикалық-зауыттық мектебі, оқу-өндірістік комбинаты, жұмыс білім беру комбинаты.

Summary

Kazimova D.A. – the Karaganda state university of the nameof academician E.A. Buketova., к.p.n., professor
Shraimanova G.S. – it is the Karaganda state university of thename of academician E.A. Buketova., к.p.n., professor
Tajigulova G.O. – it is the Karaganda state university of the name of academician E.A. Buketova., d.p.n., professor
Tursunova J.J. – it is a director of the Karaganda regionalrecord office, к.p.n

In the Karaganda region of vocational education, history of development, the establishment of the state system of labor reserves

The authors made a historiographical review of the works of Kazakhstan scientists testifying about a huge operation to highlight the main problems of development of vocational education in Kazakhstan. The processes of creation and development of educational and scientific potential of technical and vocational education. It emerged during the review period and on which rests the modern Kazakh society and it has great scientific and practical importance. Selecting of chronological period is explained in that all educational and scientific branches of Soviet science formed finally at that time. Significant achievements of Kazakhstan Soviet education system is fallen in these years, in particular personnel training.

The article draws upon the State Archives of the Karaganda region. Extensive factual material about the development of the system of vocational education is taken from the archive of the Party History Institute of Party under the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan, the current archives of the Central Committee of Youth of Kazakhstan and the State Committee on vocational training of the Kazakh SSR, the Regional Committee of the Party Archives of the Karaganda Party of Kazakhstan.

Keywords: vocational training, technical education, training, schools factory training, teaching and production plant, working on plant-education.

УДК 159.9

ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИДЕИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Мустояпова А.С. – *Зав.кафедрой педагогики и психологии, к.п.н., доцент*
Шуриева А.Б. – *магистр пед.наук, ст.преподаватель*

В статье рассматриваются проблемы становления и развития идеи инклюзивного образования, как в Казахстане, так и в зарубежных странах. В отличие от зарубежной системы образования, в которой инклюзия имеет богатый опыт и законодательное закрепление, наша системаинклюзивного образования только недавно начала складываться и развиваться.

Инклюзивное образование само по себе осуществить нельзя, оно связано с переменами на ценностном, нравственном уровне. Трудности его организации в прогрессивной школе связаны в первую очередь с тем, что школа как общественный институт нацелена на школьников, которые способны двигаться в темпе, предусмотренном нормальной программой, на тех, для кого необходимыми считаются типовые способы педагогической работы.

Система инклюзивного образования подключает в себя учебные заведения среднего, профессионального и высшего образования. Целью инклюзивного образования считается создание без барьерной среды в обучении и профессиональной подготовке людей с ограниченными возможностями. Этот комплекс мер предполагает как техническое оборудование образовательных учреждений, так и разработку особых учебных курсов для учителей и педагогов, а также других учеников, нацеленных на становление их взаимодействия с инвалидами. А также, важны особые программы, нацеленные на облегчение процесса привыкания школьников с ограниченными возможностями в общеобразовательном учреждении.

Ключевые слова: инклюзивное образование, образовательная программа, дети с ограниченными возможностями здоровья.

Одной из более своевременных задач прогрессивной системы образования считается становление инклюзивных подходов к обучению. В базу концепции инклюзивного образования была положена мысль о равных правах на воспитание всех школьников вне зависимости от их телесных, психологических, умственных, культурно-этнических, языковых и других индивидуальностей, провозглашенная в этих основных документах, как Повальная Декларация прав человека (ООН, 1948 г.); Декларация прав ребёнка (ООН, 1959 г.); Конвенция о борьбе с дискриминацией в области образования (ЮНЕСКО, 1960 г.); Декларация общественного прогресса и становления (ООН, 1969 г.); Всемирная декларация об образовании для всех – удовлетворение базисных образовательных потребностей (Всемирная конференция по образованию для всех, г. Джомтьен, 1990 г.); Саламанкская декларация о принципах, политике и практических деяниях в сфере образования лиц с особенными необходимостями (Всемирная конференция по образованию лиц с особенными необходимостями: доступ и качество (г. Саламанка 1994 г.) и др.

Признание права лиц с ОВЗ на инклюзивное воспитание и образование было доказано и в Конвенции о защите прав инвалидов (2006). Так, в согласовании со ст. 24 сего документа все государства-участники подтверждают право инвалидов на воспитание и образование, в целях его реализации без дискриминации и на базе равенства обеспечивают инклюзивное воспитание и образование на всех уровнях. В данном контексте инклюзию, возможно, рассматривать как процесс становления максимально доступного образования для всех детей в доступных школах и образовательных учреждениях, составление процессов обучения с постановкой адекватных целей всех учащихся, процесс ликвидации всевозможных барьеров для большей помощи всякого школьника и предельного раскрытия его потенциала.

Первые инклюзивные образовательные учреждения в нашей стране были замечены на этапе 1980–1990-х гг., но за это время инклюзивные школы скорее работали на свой страх и риск: буквально отсутствовала нормативно-правовая основа, в высшей степени низок был и уровень доступности образовательной среды.

Сопоставляя инклюзивное и интегрированное образование, почти все авторы обращают внимание на значительную разность в его содержании. Так, с точки зрения Р. Дименштейна и И. Лариковой, в случае если интеграция (от лат. integratio – соединение) есть процесс становления, итогом которого считается достижение целостности и единства изнутри системы, основанной на взаимозависимости отдельных предназначенных составляющих, то инклюзия (калька с англ. Inclusion – включение) является добавлением, присоединением чего-нибудь. Исходя из этого, можно сделать вывод, что интеграция – процесс двусторонний, симметричный, а инклюзия – однонаправленный, асимметричный. Интеграция в

нашем осознании подразумевает возведение поочередно усложняющихся образовательных (коммуникативно-познавательных) сред, которые позволяют определенному ребенку помаленьку увеличивать личный образовательный и общественный потенциал. Любая из данных сред обязана помогать расширению возможностей детей и подготовить их к переходу на следующую степень интеграции. В отличие от интеграции, инклюзия, терминологически, считается более узким термином. Как видно из словарного анализа термина, инклюзия – однобокий процесс, который представляет «внедрение» кого-либо куда-то (очевидный носильный оттенок), итогом которого считается присутствие в некоей среде постороннего для нее «тела» [4с., 232].

Представленный терминологический спор, несмотря на то, что активно продолжается в среде специалистов, не считается, с нашей точки зрения, важным. Абсолютно бесспорно, что есть группы школьников, организация общего обучения которых с нормальными школьниками невыполнима по ряду беспристрастных оснований, но настолько же обоснованно и представление о том, что излишняя сегрегация и изоляция значимо ущемляет права тех школьников, которые готовы учиться и развиваться в обыкновенной школьной среде. Данный вывод подтверждается уже образовавшейся практикой выделения в общеобразовательных школах классов, в которых учатся дети, которые требуют увеличенного внимания. Аналогичная система очень развита в тех же США, а еще Канаде и Англии, где особые программы образования «настроены» на обеспечение потребностей всякого отдельного подростка. Специальные преподаватели дают конкретный перечень предложений, в рамках которого ориентируется уровень помощи на базе персональных потребностей детей. В любом случае ориентируется формат обучения: коррекционная или же обыкновенная школа, а в случае если принимается решение об обучении в обыкновенной школе, разрабатывается отдельная учебная программа, учитывается поддержка специалистов, гарантируется передача предназначенных приспособлений, которые очень максимально упрощают подростку роль в образовательной среде. В аналогичных программах предусматриваются, в том числе и такие аспекты, как возможность подростка добираться до учреждения, доступность отдельных классов, эмоциональные потребности. К примеру, в случае если комиссия определяет, что учащийся не может писать от руки по причине телесных дефектов, то школа выделяет ребенку компьютер. В случае если учащийся не может выполнять письменные задания, то он может отвечать устно и т.п. Учтены еще особые реабилитационные кабинеты и помещения для специальных занятий.

Обзор мировой практики демонстрирует, что возможно отметить некоторое количество форматов обучения школьников с особыми образовательными потребностями:

– специальные учреждения;

– выделение в рамках общеобразовательного учреждения отдельных классов для школьников с особенными потребностями, которые учатся по особым программам;

– комбинированное обучение, при котором учащийся часть программы осваивает совместно с одноклассниками, но кроме этого получает вспомогательную образовательную помощь, к примеру, логопедическую, эмоциональную и др. Ряд предметов подросток может исследовать и по иным программам;

– обучение, при котором подросток всецело интегрирован в обыденную школьную среду.

Иначе говоря, к инклюзивным моделям можно отнести все форматы, допускающие обучение школьников с различными образовательными потребностями в рамках одного и того же учреждения и Казахстан, как и другие государства мира в целом довольно благополучно продвигался по пути становления специального образования. Однако на конкретном рубеже появилось, если можно так выразиться, «технологическое отставание» таких школ.

На данный вопрос свое внимания обращал и Н.Н. Малофеев, который указывал в одной из собственных статей, что успешность обучения и общественной адаптации в нормальных критериях различна для школьников с особенными потребностями. Особые, которые учитывают особенности развития школьников с ОВЗ, обстоятельства формируются не для всех школьников. К примеру, особенному ребенку для осознания материала могут быть важны другие наглядные средства или же дополнительное внимание учителя. Могут мешать обычному общению со сверстниками и преподавателями и трудности в поведении [5, с 138].

Материальное обеспечивание школ, создание без барьерной среды – ключевые трудности общеобразовательной школы в развитии инклюзии. Необходимо обозначить, что попытки их решения стали предприниматься лишь только в последние годы. В согласовании со ст. 2 закона инклюзивное

образование является обеспечением равного доступа к образованию для всех обучающихся с учетом контраста особенных образовательных потребностей и персональных возможностей.

Ограниченное внимание к конкретным потребностям учащихся и школ в распределении ресурсов приводит к неравенству в школьной системе. Существует очень мало программ и ресурсов, направленных на учащихся из неблагополучных семей или с трудностями в учебе. Отчасти это объясняется тем, что текущее понятие «уязвимых учащихся» является слишком узким, так как оно направлено только на детей с ограниченными возможностями и учащихся с очень низким социально-экономическим статусом, таким образом, относительно небольшое число учащихся имеют право на получение поддержки. Страны ОЭСР, напротив, признают, что школы с наиболее высокой долей малообеспеченных учащихся, имеют большую вероятность возникновения социальных и экономических проблем, которые могут препятствовать обучению учащихся и развитию механизмов их поддержки. Это означает, к примеру, что школы могут не иметь достаточно ресурсов для адекватной поддержки учащихся, которые отстают от персонального и интенсивного вмешательства на ранней стадии. Случаи учеников с особыми потребностями и ограниченными возможностями представляют особый интерес, поскольку большинство из них продолжают получать образование в отдельных «коррекционных» школах или на дому, а не в обычных школах.

Конкретные механизмы реализации права детей-инвалидов и школьников с ограниченными возможностями здоровья на включение в существующую образовательную среду на уровне дошкольного, совместного и проф образования (права на инклюзивное образование), такие как возможность получения инклюзивного образования по месту жительства, гарантии его качества зафиксированы и Указ Президента Республики Казахстан от 10 февраля 2016 года №192 [2, с 288].

Важным условием перехода к инклюзивной форме образования и его успешности считается система сопровождения и помощи школьников с ОВЗ. За границей преподаватели, которые оказывают похожую помощь, называются тьюторами (от англ. tutor – учитель, опекун; лат. tueor – надзор и забота). Любопытно, что сама специальность тьютора появилась ещё в XIV в. в традиционных институтах – Оксфорде, а чуть позднее и в Кембридже. За это время задачей тьютора было своеобразное посредничество меж студентом и профессором. Как раз посреднический элемент, а еще ориентация на индивидуальные потребности учащегося и составляют базу современного тьюторства. Сейчас тьютор – это человек, который организует условия для складывания и реализации персональной образовательной траектории ученика и как раз данная функция считается ключевой для тьюторства в отношении школьников с ОВЗ.

Проблема в том, что таких специалистов в нашей стране пока очень мало, а в регионе - вообще единицы.

Тьютор с английского переводится как «наставник». Это личный куратор ученика, не совсем учитель и не совсем психолог, но соединяет в себе функции и того, и другого. Тьютор нужен, чтобы выявить особенности ученика и с их учетом скорректировать образовательную программу под него. Это специалист, который должен научить ребенка понимать себя, свои сильные и слабые стороны и в итоге научить самостоятельности. Научить учиться, привить интерес к этому процессу.

Казалось бы, многое из вышеперечисленного должен делать учитель. Но реальность такова, что в стремительно меняющейся системе образования педагоги озабочены в первую очередь тем, чтобы отработать учебную программу и провести всех своих учеников через итоговую аттестацию. Обилие бумажной работы не добавляет возможностей заниматься индивидуальным подходом. Отсюда - повальная работа детей с репетиторами.

«Школа сегодня предлагает пакет услуг. Туда могут входить различные специализации, углубленное изучение тех или иных предметов. И родители выбирают, какой «набор» больше подходит их ребенку. Но такой функции, как выход на индивидуальный учебный план, школы практически не уделяют внимания», - говорит руководитель Международного тьюторского центра, кандидат психологических наук Галина Пазекова.

Но в инклюзивных школах (то есть школах, где в образовательный процесс включены дети с ограниченными возможностями здоровья) без индивидуального подхода никак не обойтись.

Должность тьютора официально закреплена в числе должностей работников общего, высшего и дополнительного профессионального образования в России. Об этом - приказы Минздравсоцразвития РФ от 5 мая 2008 года № 216-н и 217-н. Должность внесена в Единый квалификационный справочник должностей руководителей, специалистов и служащих. Таким образом, такая штатная единица может

быть введена и оплачена из бюджетных средств. В Казахстане данная должность находится на начальном этапе своего развития.

В начале 2013 года начало свою деятельность Общественное объединение «Тьюторская ассоциация» в городе Алматы. В апреле 2013 года ассоциация выступила в качестве одного из партнеров Учебного проекта «Международная тьюторская школа» НОУ ДПО «Национальный институт современного образования» (Россия) в подготовке и проведении I Международной онлайн- конференции для родителей и педагогов «Высший балл». С 1 по 8 августа 2013 года несколько членов нашей ассоциации участвовали в работе Межрегионального семинара-конференции «Черноморский университет тьюторства» (Одесса, Украина), решающего, прежде всего, задачу формирования общего ценностно-смыслового поля тьюторского сообщества, единой концептуальной и технологической платформы сети Межрегиональной тьюторской ассоциации.

В начале нового 2013-2014 учебного года Научно-инновационный центр ОО «Тьюторская ассоциация» (Республика Казахстан, г. Алматы) при научно-методической поддержке «Межрегиональной тьюторской ассоциации» планирует провести курсы повышения квалификации по теме «Теория и технология тьюторства: инструменты реализации принципа индивидуализации образовательного процесса» (72 часа) в целях содействия решению задач, поставленных перед системой образования и общественными организациями Республики Казахстан «Государственной программой развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы» и «Национальным планом действий на 2012-2016 годы по развитию функциональной грамотности школьников».

Тьюторская практика развивается в трех вариантах: тьюторская позиция педагога, тьюторская деятельность, особый уклад жизни организации образования. В республике Казахстан подготовленность по теории и технологии тьюторского сопровождения пока еще не достигла уровня, позволяющего полноценно организовать тьюторскую деятельность и переход школ к тьюторскому режиму учебно-воспитательного процесса. Основное внимание в настоящее время может и должно быть уделено формированию и развитию тьюторской позиции у педагогов и специалистов системы управления образованием.

Тьюторская позиция существенно отличается от традиционной преподавательской позиции. Тьютору интересен сам ученик как человек, а не наука, основы которой изучает ученик под руководством учителя. Предметом заботы тьютора является содержание самосознания, личной мыследеятельности учащегося, его цели, его успехи и неудачи, отношение ученика к самому себе в образовательной реальности [1, с.13]. Такая культура отношения к предмету своей деятельности, цели и смыслу своих трудов характерна очень небольшому числу учителей современной школы. И такую культуру нелегко взрастить. Для формирования культуры тьюторской позиции и культуры тьюторского сопровождения в казахстанской педагогической среде необходимо сделать очень много.

Прежде всего, нужно внедрять в систему дополнительного образования педагогических кадров не просто ознакомительные лекции, а спецкурсы, например, курс «Тьюторского сопровождения ученической деятельности» с учетом специальности учебной группы института повышения квалификации. Это предполагает, как считают методисты с опытом организации повышения квалификации по тьюторской модели [3, с. 28], рассмотрение всех проблем профессионального деятельности педагогов сквозь призму возможностей тьюторского сопровождения, в центре внимания которого – освоение культуры работы с собственным будущим.

При этом непосредственное обучение технологии тьюторского сопровождения должно проводиться посредством постоянной рефлексии курсантом собственного образовательного движения в профессиональном пространстве с опорой на два основных принципа технологии тьюторства: принцип индивидуализации и принцип открытости. Первый понимается как актуализация индивидуального, специфического только для данной личности развития, что влечет за собой изначальное проектирование разных результатов образовательного процесса. Второй связан с представлением об образовательном потенциале социальной и культурной среды, преодолении внешних рамок, контекста высшей школы (жестко очерченного программами и т.п.).

Следствием такого представления становится организация специальной работы по поиску индивидуального образовательного ресурса и методов его присвоения. Курсант за время обучения в режиме работы с тьюторским сопровождением проходит через три этапа учебной деятельности: формирование образовательного запроса, проектирование индивидуального образовательного плана, реализация этого плана, завершающаяся презентацией и оценкой результатов, осознанием нового образовательного запроса.

В инклюзивном образовании тьютор выступает в роли проводника ученика в образовательное пространство школы, помогая ребенку, контролируя его положение, поддерживая его как в образовательном процессе, так и коммуникативном проекте. Следовательно, в инклюзивном образовании тьютор выступает в качестве специалиста, который организует условия для удачной адаптации школьника с ОВЗ, его действенной включенности в образовательную и социальную среду образовательного учреждения.

Быстрое развитие тьюторства в Казахстане подтверждает и составление конкретной институциональной среды. В 2013 г. была образована Тьюторская ассоциация, которая помогает наладить диалог между представителями данной пока же ещё сравнительно редчайшей профессии, организуя семинары, обучение, публикуя материалы, помогающие специалистам лучше организовать собственную работу. Но предпринимаемые старания пока же ещё недостаточны.

Естественно, нынешний Казахстан делает лишь первые шаги по организации полновесного инклюзивного образования. Конкретного «рывка» в данном отношении необходимо ждать в самое обозримое время. Сейчас в число школьников входят поколение школьников, родившихся во 2 половине нулевых, когда в стране стартовал бум рождаемости, и уже сейчас правительство ставит довольно принципиальные задачи по строительству новых школ и реконструкции уже работающих, которые готовы принять на обучение, быстро увеличившееся число учеников. Возможно, с полной уверенностью представить, что новые школы станут готовы брать на обучение школьников с наиболее различными образовательными потребностями. Для них будет создана безбарьерная среда, кабинеты логопедии, зоны развлечений и целебной физкультуры. Но к этому моменту должно быть готово и педагогическое объединение, вследствие этого задача подготовки учителей, готовых работать в инклюзивной среде, считается сейчас одной из первоочередных.

1 Агавелян О.К. Некоторые вопросы социально-трудовой адаптации выпускников вспомогательной школы.//Дефектология. - 1974. - № 1.

2 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания / Б.Г. Ананьев. – СПб.: Питер, 2011. – 288 с.

3 Ефименко О.В. Особенности состояния здоровья детей раннего возраста в домах ребёнка. Автореф. дисс. канд. мед.наук. М.: 1991. – 28 с.

4 Карвасарская И.Б. В стороне. Из опыта работы с аутичными детьми. – М., 2003. - 232 с.

5 Коррекционная педагогика и специальная психология: Словарь: Ученое пособие/ Сост. Н.В. Новоторцева. - 4-е изд., перераб. и доп. - СПб.: КАРО, 2006. - 138 с.

Түйіндеме

Мустояпова А.С. – *«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент*
Шуриева А.Б. – *пед.ғ.магистрі., аға оқытушысы*

Инклюзивтік білім берудіңдамуы мен қалыптасуының тарихы

Инклюзивті білім беру өз бетімен жүзеге асырылмайды, ол құндылықтық және адамгершілік деңгейдегі өзгерістермен байланысты. Қазіргі мектептерде оны ұйымдастырудың қиыншылықтары бірінші кезекте мектеп қоғамдық институт ретінде қалыпты бағдарлама бойынша оқитын оқушыларға, педагогикалық қызметтің типтік тәсілдерін қажетсінетіндерге бағдарланған.

Инклюзивті білім беру жүйесі орта, кәсіптік және жоғары білім беру мекемелерін қамтиды. Инклюзивті білім берудің мақсаты мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқытуда және кәсіби даярлауда кедергісіз орта құру болып табылады. Бұл шаралар кешені білім беру мекемелеріндегі техникалық құралдарды, сондай-ақ оқушылар мен педагогтарға арналған арнайы оқу курстарын ұйымдастыруды, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандар мен өзара әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған оқушылар ұжымын да қамтиды. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жалпы білім беретін мекемелерге үйренісу процесін жеңілдетуге бағытталған арнайы бағдарламалар да маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: инклюзивтік білім беру, білім беру бағдарламасы, мүмкіндігі шектеулі балалар.

Summary

Mustoyapova A.S. – candidate of pedagogical sciences,Departmentchair of pedagogy and psychology
Shuriyeva A.B. – master's degree of pedagogical sciences

The history of formation and development of the idea of inclusive education

In this article we consider the problems of formation and development of the idea of inclusive education in Kazakhstan and in foreign countries. In contrast to the foreign system of education, in which inclusion has a wealth of experience and legal definition, our domestic inclusion is just beginning to emerge and develop.

Inclusive education itself cannot be carried out, it was associated with changes in values, moral level. The difficulties of its organization in a progressive school associated primarily with the fact that the school as a public institution aimed at students who are able to move at a pace prescribed by a normal program, for those who need considered typical ways of teaching.

Inclusive education connects itself in educational institutions of secondary, vocational and higher education. The aim of inclusive education is the creation without the barrier environment in the education and training of people with disabilities. This includes both the technical equipment of educational institutions and the development of special training courses for teachers and educators, as well as other pupils, aimed at the establishment of their interactions with persons with disabilities. And also the important special programmes, aimed at facilitating the process of adjustment for students with disabilities in educational institution.

Keywords: inclusive education, educational program, children with disabilities.

УДК 378 (0 75.8): 78

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ӘНДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ

Махметова Б.Т. – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры МАНПО-ға корр.мүше.*

Тарихи уақиғаларды суреттеу әндері халықтың тағдырына байланысты өмірлік маңызы бар көптеген оқиғаларды үлкен көркемдік дәрежеде бейнелеп отырған.Тарихи әндер сол тарихи оқиғалардың кезінде ғана пайда болмай, сондай-ақ ондаған жылдар өткеннен кейін де ақындар мен әнші-композиторлар өздерінің музыкалық туындыларын жасаған.

Түйін сөздер: өнер, мәдениет, ән-күй.

Тарихи әндерде өз дәуірінің оқиғасы, замандастарды толғантқан нақтылы құбылыстар алынып, олар замандас көзімен бағаланады. Кейде "тарихи дәлелдікті бұзудың" өзі - оқиғаны білмегендіктен емес, оны белгілі дүниетанымға бейімдеп суреттеудің нышаны. Тарихи әндер - жалпы өмірде болатын оқиғалар емес, белгілі кезеңдегі әлеуметтік-тарихи тартыстардың елесі.Тарихи әндерді жасаушы - белгілі уақиғалардың куәгерлері, әрі қатысушысы халықтың өзі.Мәселен, А.В.Затаевич 20-шы жылдардың басында халық жанында сақталып қалған байыргы ән - Александр Македонский /біздің эрамызга дейінгі 356-323/ туралы "Ескендер", Орта Азия қолбасшысы және жаулап алушы Әмір Темір /1370-1405/ туралы "Асқақ Әмір" әндерін жазып алғаны мәлім. Халық өмірінде өздерінің туған елін басқа бөтен жаққа тастап, үдіре көшуі сияқты жайлар ғасырлар бойы халық есінде ұмытылмайтын қайғылы оқиғаға айналып, халық әндерінде кескінделген. Сондықтан да тарихи тақырыптарындағы әндер жүрек сыздатар қайгылы қасіретті болып келетіндігі осыдан.Қазақ халқының тарихындағы өте-мөте қайғылы жай 1723 жылдың көктеміндегі жойқын жоңғар басқыншылығының жорығымен байланысты болды. Мұндай қиын-қыстау кезең қазақ тарихында Ақтабан шұбырынды" деген атпен қалды. Осындай трагедияны бүкіл қааақ халқының қайғы-қасіретін білдіретін эпизодтардың бірі "Елім-ай" әнінде суреттелген. Туған елін сагынган, зарыққан сарындар, елдің кенеттен тиген соққыден есеңгіреп қалғаны, түпсіз қасіретке душар болғаны әсерлі де анық айтылады. Қазақтың ХХ гасырдагы тарихи әндерінің бір тобы Жан-қожа, Бекет Досан есімдеріне байланысты. Осы әндердің жанрлық бітімінде кейде дәл тарихи әндердің, енді бірде қаһарман эпостың, тағы бірде салт әндерінің /қоштасу, көңіл айту, естірту,жоқтау, жұбату/ белгілері молырақ ұшырасады. Тарихи оқигалар желісіндегі ән нұсқалары "Бекет батыр", "Ерназар Бекет" тарихта өмір сүрген Бекет Серкебаевтың басындагы оқига әңгімеленеді.

1916 жылғы ұлт-азаттың көтеріліс туралы да көптеген поэмалар мен ән-өлеңдер шығарылды. Олардың көпшілігі дерлік Россия патшасының қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына алу жарлығына байланысты туған. Бұқара бұл жарлыққа наразы болып ңана қоймай, қолына қару алып, патшаның жазалаушы әскерімен ұрысқа шықты. Майдан окобын қазуға алынған жігіттердің бастан кешкендері, елді сағынуы, басындағы еріксіз мұңдары, ауылдағы жаңындарына сәлем хаттары, ұзақ жолға шығардағы қоштасулары 1916 жыл әндерінен мол, нақтылы көрініс берді. Мағынасыз құрбандыққа наразы болған халықтың күресі, кедей қолбасшыларының өкіметке бағынбандар деген үндеулері "Құты қашты патшаның" деп аталатын әнде анық байқалады. Бұл әннің интонациялық құрылысы өткір де жылдам ырғақты, көтеріңкі дауыспен айтылатын дәстүрлі терме өлеңімен келеді: Ел болмас бұған солдат бергенменен, Патшаның дегеніне көнгенменен. Жақсылық таппас қазақ жауыздардан, Соғысқа босқа барып енгенменен.

Ал "Амангелді маршында" азаттық үшін айқастың жеңіске жеткізетініне сенім білдіреді.Қазақ халқының тарихындағы азаттың күресті бейнелейтін шығарманың бірі сол көтерілістің куәгері Кенен

Әзірбаевтың "Қайран елім қайда?" деген әні. Бала кезінен -ақ өмірдің ащы-тұщысын көріп өскен Кенен ұлт - азаттық соғысына қатысады. Жетісуда болған жауынгерлік топтың ішінде болып, өз әндерімен көтеріліске қатысушылардың көңілін көтереді.

1916 жылғы Торғай облысындағы көтерілістің басшысы ерекше көзге түскен Амангелді Иманов /1873-19I9/еді. Оның атағы өзінің көзі тірісінде елге таралып, ақын-жауынгерлер батырдың ерлігі жөнінде әндер шығарды. Сондай туындылардың бірі "Амангелді сарбаздарының әні". Жігерлі, батыл интонациялармен ерекшеленіп, бірқалыпты ырғақпен келеді. Тарихи әндердің көріністері I94I-I945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде жалғастық тапты. Майданға жауынгерлерді аттандырып салудағы қоштасулар, ұрыс далаларынан елге жазылған сәлем хаттар ұлы оқиға жылдарының көп сырларын ұқтырды. Бұл топтағы шығармалар тарихи әндердің тағы бір кезеңін белгілейді.Тарихи әндердің бір түрі - шежіре-әндер, терме түрінде ата-бабаларымыздың тарихи шежіресін тарату мақсатында өмірге келгендер. Шежіре әуендерде ірі уақиғалар суреттелмегенімен, айбынды аталарымыздың кімдер екенін, кім-кімнен тарайтындығын анық көруге болады. Сонымен, тарихи әндер қазақ музыкасының үлкен бір бөлігін құрайды, тақырыптарының идеялық мазмұны күшті, халық есінен өткендегі тарихи жайлар ұмыт қалмай, ұл-қыздарымызды елін-жерін сүюге, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде маңызы зор. Әлеуметтік-теңсіздік әндерінің тақырыптары қазақтың ән жанрларының әр түрлерінде көрініс тапқан. Олар әсіресе еңбек тақырыптарындағы сонымен бірге сатиралық әндерде көп кездеседі. Халық творчествосында демократиялық бағыттарының дамуында болып, негізгі тақырыбында әлеуметтік мәселе басты орын алады. Өзінің құрылым жағынан әлеуметтік-теңсіздік әндер лирикалық әндерге жақын болғанымен, өзінің мақсаттылығымен, интонациясының қаһарлығымен, мелодиясының айшықтылығымен және сергек те ширақ ырғағымен, кең диапозонымен ерекшеленеді. Әлеуметтік-теңсіздік ән үлгілерінің ішінде халық композиторы, әнші-орындаушы, ғажайып талант иесі Біржан Қожағұлұлының шығармаларын жатқызуға болады. Оның "Жанбота" атты әні -болыс Жанботаның қорлығына шыдамаған ашу-ызасының айғағы. Мәнерлілігі ән мелодиясының диапозоны кеңіп, шарықтай отырып, аса биіктен көрінеді. Ән өте ашулы жоғары регистрдегі биік дауыстан басталады да, ол әнге ерекше ашу-ыза, назалы интонация туғызады.

Көптеген әндер 1916 жылдары қазақ жігіттерінің ақ патшаның жарлығы бойынша майданға қара жұмысқа алуына байланысты туған еді. Осындай әндердің бір үлгісі "Аққалу" әні еді. Бұл әнде халықтың шеккен азабы, еріксіздікке қарсылығы, артта қалған туған-туыстарының күні не болады деген қайғылы көңіл -күйін білдіреді.Осы кезендегі тақырыпта К.Әзірбаевтың "Қайран елім қайда?" атты әні де үн қосады.

Бұл топтағы әндерде теңдік, ерлік, жалғыздық, кедейлік, байлардың зорлық-зомбылығы жайында ашу-ыза басым болды. Осы тақырыптағы әндерге Мәди Бапыұлының "Қаракесек" әні өзінің драмалық қуаттылығымен ерекшеленеді. Әннің поэтикалық және музыкалық мазмұны ашу-ыза мен кекке толы. Әлеуметтік-теңсіздік тақырыбындағы "Гүлдер-ай" әнінде қалың малдың құрбаны болған қыздың ішкі зары мен жан азабы, толғанысы қарапайым да жайбырақат күйде берілсе, "Туған жер" әнінде сүйген жарымен қол ұстасып ата-ананың рұқсатынсыз кетіп қалса да, артына қарайлап туған жерге қош айтысып, өз арманына жетуге ұмтылған қыздың бел байлағанын көреміз. Қалың малдың құрбаны болған Дайрабайдың қызы Дәмештің әні «Әупілдек» аса ғажап сұлу әндердің бірі. Қыз ағасы Сыздыққа жазған хаты осы "Әупілдектің" негізгі мазмұны болса керек. Бірақ ағасы Дәмештің өз тағдырына риза болуы керектігін айтады. Қасірет-қайғыға шыдамаған Дәмеш беліне тас байлап Әупілдекке тұншығып батып өледі. Осындай өз тағдырына нала айтатын, қам көңілділікті үйлену әні «Көрісуден» де көруге болады.

Шаруа әндерінің мазмұны тіршілігінің тауқыметі, оған кінәлі залым адамдар туралы айта келіп, келешектен күткен арман-тілектері жырланады. Осындай әндердің бірі «Қойшы». Ән шумағында жай ғана өз өмірінің қиыншылығын хабарлап отырса, ал қайырмасында «Өте ме күнім осылай?» деп ішкі арпалысын мелодияның биік регистрге өрлей дамуынан көруге болады. Әлеуметтік-теңсіздіктің ащы шындығын «Бердібек» әнінен де көреміз» Бердібек тұрмыс тауқыметін айта келе,онымен күресуге шарасыздығын, біраң өзінің адамгершілігін ешкімнің алдында бөгелмейтінін айтады.

XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында қазақ пролетариаты пайда болды. Жұт пен барымтаға, ауыр салым-салыққа төзе алмай, күн көрісі қиындаған қазақтар Қарағанды мен Успенскінің шахтасы мен рудниктеріне, Спасскінің мыс заводына, Екібастұздың таскөмір кендеріне келіп, жалшылыққа жалданды. Сол кездегі ашу-ыза, теңсіздік тақырыбына «Ақшамды бермей қойды ғой», «Қайысты қабырғасы», «Ауыр еңбек астында», «Бұл бір тұрған сұм өмір» сияқты әндерді жатқызуға болады.

'Ертеден халық сүйген жанрдың бірі - эпикалық жырлар. "Эпос - идеясының, көркемдік мәні және композициялық құрылысы жағынан музыкалық-поэтикалық фольклордың ең күрделі, ең ірі жанры. Өйткені оның негізінде халық тарихындағы қилы-қилы кезеңдер, халық тағдырына байланысты ірі проблемалық мәселелер алынған. Қазақ тарихы мен этнографиясының фольклоры мен археологиясының жетік маманы Ә. Марғұлан "Қазаң эпосы кейде жылнамалық жазбалардан кем түслейді, олар көп сәттерде жазу-сызуға машықтанбаған халық арасында жылнамалық жазбалардың орнына жүрген. Осы оқиғалардың эпоста суреттелуінің дұрыстығы соншама - оларды тіпті, тарихи әдебиеттер де дәлелдеп отыр",-деп жазды. Эпостың негізгі ерекшелігі - оның тарихпен, тарихи оқиғалармен тығыз байланыстылығы. Нақтылы оқиғаларды суреттеуден гөрі, белгілі бір дәуірге ортақ типтік оқиғаларды көрсетеді. Поэтикалық тұрғыда "Қазақ эпосында батырлар жыры мен ғашықтық жырларға қоса тарихи жырлар да мол. Бұл жырлар ХҮП және ХІХ ғасырларда әсіресе кең өрістеп дамыған", - дейді М.Эуезов.

Ал музыкалық тұрғыдан белгілі мақаммен орындау ерекшелігіне байланысты Т. Бекқожина эпикалық жырлардың архитектоникасында мелодияның екі түрлі өрістеуін: біріншісі - ашы айқаймен бір-екі тактылық бастамалардан соң эпикалық жыр айтылатын мелодия жалғасы кетеді. Орындаушының импровизаторлық шеберлігіне байланысты, мелодия түрлі дәрежеде өзгеріп, құлпыруы мүмкін; екінші - шығарманың мазмұнын ашу терендету мақсатымен жырдың негізінде бірнеше мелодия алынады.

В.Т. Ерзакович эпостың музыкалық орындалуы жағынан үш түрге бөледі: әнді речтативті; музыкалы - иллюстративті /фрагментті/ және музыкалық аяқталымды.

Эпикалық жырлар домбыра немесе қобызға қосып отырып, әншілік, әртістік, сахналық өнердің нағыз шеберлігінің үлкен өнерін қажет етеді.

Әнші-жырау бастамас бұрын дауысын күшіне келтірерліктей қобызды не домбыраны сарната тартып, не ойнақыландырып, бірнеше рет қайталап, әуелгі үнді барынша асқақтата созып, әндете жөнеледі, аспаннан төккен нөсер жауындай құйылдыра төгіп, екпіндете бастай жөнеледі.

Қобыланды жыры күй ырғағы тәріздес бірде дауысты дыбыспен ағылып келіп отырса, бірде қатаң дыбыспен, нақпа-нақ, домбыраның төменгі шегінен көмейлете шыққан қатты үн тәріздес ширатыла түседі. Жырдың басында алуан түрлі ырғақтар араласып, алдағы оқиғаның ыңғайын танытады.

Жырда сұлу қыз Құртқаның портретін жасағанда жас әйелдің сымбатты пішінін, сәнді жүрісін, әсем қозғалысын, сұлу бейнесін шебер кестелеп, әсем сурет көз алдымызға келеді. Жырда қаһармандардың жан күйзелісі, қуанышы, қиыншылық уақыттағы мұң-зары күйші-жыршының дауыс ырғағымен, ән сазымен, домбыра күйімен өзгеріп отырады.

Әрбір халық эпостан өзінің тарихын көреді, ол жырларда халықтың басынан кешкен тарихи-әлеуметтік жағдайы негізінде тарихи болған адамдардың ерлік салты, әдет-ғұрпы, рухани күші бейнеленеді. Эпостарда қанатты философиялық сөздер жиі ұшырасады. Батырлар жырында кездесетін афсризмдер елге үлгі боларлықтай ерлік істі, қаһармандықты бейнелесе, ғашықтық жырлардағы қанатты сөздер, жырдың ішкі мазмұнына сай әр алуан лирикалық сезімдерге құрылған.Батырлар жыры мен лиро-эпос жырлары ертеден келе жатқан жанр. Батырлар жыры айтылуға ықшам 7-8 буынды жыр үлгісімен келеді. Жырда Отанын қорғаған батырдың ерлік-қимылын, тұлпарға мініп жауға аттанған шабысын, алып түлғасын, жекпе-жекке шыққан ұрысын суреттеуде көкейге қонымды. Жырдың кейбір қайғылы сезімді бейнелейтін шумақтары ән текстеріне айналып "Баянның зары", "Жібектің жоқтауы" халық музыкасына сіңісіп кеткен.

Эпикалық жырлардың көркемдік құндылығын, орасан зор ықпалын батырдың ерлігін, елдің елдігін, замана шежіресін ұрпаққа жеткізуші жыраулардың мәні аса зор. Терме - қазақ поэзиясының және вокальді ән музыкасының жанры.Халқымыздың қадірлі өнері ретінде танылып тындаушыны қызықтыратын ерекшелігі тақырыбының ауқымдылығы мен адамгершілігі ғибрат береді.Мәңгі проблема-өмір мен өлім, жастық пен кәрілік, жақсылық пен жамандықты жырлап қай кезде де мәнді сауалдарды қозғап қызықтырады.

Бұған Асан, Қазтұрған, Бұхар жыраулардан бастап, Махамбет, Базар жырау, Қашаған, Нұрым, Майлықожа, Нұралы, Жамбыл, Мұрын, Тұрмағамбет секілді сөз жүйріктерінің туындыларынан мол мысал келтіруге болады.Терменің ұлы міндеті - елге ізгі ұғымдарды тарату, халықты тарихтың тағлымы арқылы рухани жетілдіру, әрі эстетикалық ләззат беру.Терме өнерінің көркемдігі кемел, ғибраттылық қуанышы мол, асқақ та әдемі. Ерекше. сүйкімді тыңдаушының құлағын елтіп, жүрегін билейтін сазы, әуені, өздеріне лайық мақамы мен ырғағы бар. Өзінің халыққа ерекше

ұнамдылығымен, ғасырдың көркемдік даналылығын саф таза қалпында бүгінгі қауымға жеткізуге мүмкіндігінің молдығымен, өткен өмірдің ең жүрек жарды өсиетін, ата-бабалардың өмір-сабағын, дүниетанымдылық құбылыстарға берген бағасын, үміті мен арманын айта алатындығымен, терме өнері - рухани байлығымыздың, мәдениетіміздің заңды мұрагері. Жас буынды парасаттыққа, биік адамгершілік, сергектік, әдептілік, ата-бабаның үлгі-өсиетін, қағидасын қадір тұту, кең ойлап үйренушілік, дүниета-нымдық рухында тәрбиелеуде қызметі ерекше. Термеде дидактикалық пәрменділігі риторикалық сауалдар арқылы "Біріншіден не жаман?" - деп оған қолма-қол жауап беріліп, тәрбиенің шұрайлы сөздері мен жүрек қағысын еліктететін әуені мен қосыла отырып, тағлым сырлары төгіле береді. Сөйтіп, тыңдаушының назарын негізгі мақсатқа аударып, мәселеге ойлантып, адамның ақыл-ойы мен санасына эмоцияналдық әсер береді.Нәзік мысқыл мен жұмсақ әзіл-қалжың арқылы әр адамдардың әлсіз жерін байқап, педагогикалық такт сақтай отырып, оның кемшіліктерін әлсіздігін әжуалайды.

Эмоционалдық тәрбиелік әсерін күшейту үшін, музыка әуенінің ырғақты формалары, қайталау жиі қолданылады.Терме өлең мен әннің түрі, "теру", "тер" деген мағынаны білдіреді. Желдірме - желдір, речтативті әуен. Оның синонимі -"төкпе", "төк" жылдам темптегі дыбыстар төгілмесі.Терме жоғарғы дауыспен басталған кіріспеден, кейде кіріспесіз айтылады, екпінді, жүрдек, ырғақты әнге құрылады. Әдетте ән ортасында екпін жылдамдай түсіп, шеткі бөлімдері баяулау" орындалады. Желдірме көтеріңкі дауыспен желдіртіп айтылады. Жырлардың музыкалық ырғағы речтативті түрдегі -толғау монолог түрінде келіп , әдетте үш бөлімнен тұрады "Махамбеттің термесі", "Иса-ның желдірмесі", "Жыршының қаратпа сөзі". Әндік речтативтік түрі - халық арасында кең тараған, баяндауға қолданылатын сарын өлеңінің құрылысына сай, көлемі жағынан шағындау, речтативтік түрде келеді. Қобыз, домбырада сүйемелдеп немесе сүйемелдеусіз айтыла береді. Терменің ерекше бір түрі - желдірме. Желдірме - речтативтік, көтеріңкі желдірте айтылатын әннің түрі. Екпіні мен ырғағы жылдам, қарқынды жүреді. Халық арасында орындау ерекшелігіне қарай қызбалы, өрлене "төкпе" деп аталады. Мысалы, И. Байзақовтың "Желдірмесі" Ал, алқа келді кезің жайнайтұғын. Желдірмеде көбінесе тарихи оқиғалар мен халықтың тұрмыс-салты жырланады. Ақын әрі әнші Исаның желдірмелері көркемдік мазмұны жағынан күшті, өте жігерлі және төгілмелі, әннің классикалық түріне жатады. Иса өзінің асқан дарындылығымен, шебер орындаушылығымен халық творчествосының бұл түрінің қалыптасқан принципін сақтай отырып, әрі қарай дамытты.

Мысалы, қазіргі күні қазақ халқы өзінің жаңа дамуын басынан кешіп, тәуелсіздік алып, өз туын, өз ұранын қабылдап, тілін, дінін тереңірек игеруге бет алып отырған жағдайда "Елім-ай" әнінің ырғағы әр жүректі дүрсілдетіп, елін, жерін, Отаным деген ой-санасымен болашақтағы зор үмітімен астасып жатқанын айтуға болады. Үлкен жүректі ел ағалары көтерген игі бастамаларын осы "Елім-ай" атымен айдарлап халық игілігіне үн қосуда. Сонымен дәстүрлі халық әндері өмірлік мәні бар дидактикалық маңыздылығы мен бала тәрбиесінде қолдануға өте қолайлы болып келеді. Оның поэтикалық тексі сезімді билеп қана қоймайды, ақыл-қиялын шарықтатып, түрлі ой салады, терең толғанысқа түсіреді. Ал осы ой толғанысы, қиялдың самғауы тек ән тыңдаған шақта ғана емес, одан кейін де тіпті ұзақ уақыттар бойы қайталанып отырады. Әннің мазмұнындағы өмірде болатын әр түрлі құбылыстар, көріністер төңірегіндегі көркем образдарының іс-әрекеттері жастардың өміріндегі қарым-қатынастарына да әсер етеді. Сонымен қазақтың халық әндері тәрбиелік мүмкіндіктерінің молдығымен, адамзаттың идеяларының өркениеттілігімен, қоршаған ортадағы қарым-қатынастардың тазалығын бейнелеуімен, көркемдік мәнерлілігінің айшық-тылығымен оқушылардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесінің қуатты құралы болып табылады.

1 Аравин П.В. Даулеткерей Традиционная музыка Азии. - Алматы,1996.

2 Асафьев Б. Великие богатства казахской народной музыки //Музыкальна культура Казахстана. - Алма-Ата, 1955.

3 Асафьев Б. Три статьи о казахской народной музыке //Музыкальная культура Казахстана. Алма-Ата, 1955.

4 Ауэзов М. Мысли разных лет. - Алма-Ата, 1961.

5 Ауэзов М. Энкидиада: к проблеме единства миров кочевья и оседлости // Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.

6 Әлімқұлов Т. Қаратау өрнектері. - Алматы, 1980.

7 Әлімқұлов Т. Кертолғау. Алматы, - 1972.

Резюме

Махметова Б. Т. – к.п.н.,профессор КазНПУ им.Абая член корр. МАНПО

Воспитательный роль исторических песен казахского народного музыкального фольклора

Описание исторических событий имеет жизненно важное значение связанных с судьбой населения в большой степени описывают исторические события. Исторические песни не только появляются в одних и тех же исторических событий, а также десятилетия после того, как поэты и певцы-композиторы внесли свои музыкальные произведения.

Ключевые слова: творчество, культура, музыка.

Summary

Mahmetova B. T. – candidate of pedagogical sciences, professor ,Abai KazNPU

The educational role of the historical songs of Kazakh folk musical folklore

Description of historical events is of vital importance related to the fate of people heavily describe historical events. Historical songs not only appear in the same historical events as well as the decades after the poet and singer-composers made their musical works

Keywords: creation, culture, music.

ӘОЖ: 37.013.74

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Сманова А.А. – *PhD докторант,Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалықуниверситеті*
email: alua_87.87@mail.ru.

Мақалада бүгінгі таңда кәсіби білім беру жүйесінде өз нәтижесін көрсетіп отырған дуалды оқытудың қалыптасуы мен даму тарихы қарастырылады. Ерте кезеңдегі Азия мен Европада қалыптасқан кәсіби білім беру кезеңдері, оның ішінде дуалды оқыту элеметтері жайлы баяндала келе, ерекше назар Германия мемлекетіндегі кәсіби білім беруде дуалды оқытудың тарихы көрсетіледі. Мұнда дуалды оқытудың құрамдас бөлігі – практикалық, теориялық және шәкірттік жүйенің, кәсіптік мектептердің пайда болуы, кәсіптік білімнің теоретигі дуалды оқытудың негізін қалаушы Георг Кершенштайнердің теориялық тұжырымдамасы және кәсіби білім беруде дуалды оқытудың пайда болуы себептері қарастырылады. Кәсіптік білім беруді талдай келе, шәкірттік – тек немістерге ғана тән құбылыс емес, ол индустриаландыруға дейінгі кезеңде көптеген Еуропа, Араб, Азия және Батыс Еуропа елдерінде кеңінен таралғандығы баяндалады.

Түйін сөздер: кәсіби білім беру; дуалды оқыту; кәсіптік мектеп; практика; теория; шәкірттік жүйе; шебер; кәсіпорын; іскер; дағды.

Қазіргі таңда, әлемдік тәжірбиеде зор жетістікке жетіп отырғанкәсіби білім беру жүйесіндегі дуалды оқыту үрдісі бүгінде еліміздегі бір қатар ЖОО еңгізіліп, өз нәтижесін көрсетуде. Сондықтан біз мақаламызда дуалды оқытудың даму тарихына тоқталуды жөн көрдік:

Кәсіби білім беру жүйесінде дуалды оқытудың даму тарихы тамыры тереңде жатыр. Азия мен Европада мыңдаған жылдам астам уақыттан бері құқықтық тұрғыда реттелген кәсіби білім беру жүйесі болған. Негізінен кәсіптік білім алушылар ер балалар болған, олар кәсіп үйрену үшін *кәсіп иесіне*, яғни *шеберге* шәкірттікке барған. Шебер өз қолынан келетін, кәсіпке қажетті іскерліктер мен дағдыларды үйреткен. Алайда кез келген кәсіпке тән және олардың өзге кәсіптерден артықшылығын қамтамасыз ететін сырлары, құпия күйінде сақталып, шәкірттерге жариялауға тиым салынды. Кәсіби білім берудің мұндай тәртібі біздің жыл санауымыздың басында Ежелгі Грециядa да қалыптасқан.

Кәсіби білім беруде дуалды оқыту оқу үрдісінің дидактикалық-әдістемелік аспекті имитациялық (еліктеушілік) қағидасы бойынша құрылды: шебер техникалық амалды көрсетеді, ал шәкірт еліктей отырып, оны қайталауға тырысқан. Оқу өтетін орын - кәсіпорын болған. Кәсіпке баулудың мұндай түрі ғасырлар бойына, тіпті мыңдаған жылдар бойына ешқандай қиындықсыз жұмыс жасап келген. Мұндай оқудың алмасуы бірінші мыңжылдықта орын алды.Кәсіби білім берудің түбегейлі өзгерістерге енуіне – кафедралды храмдар соғуда, архитектуралық стильдің өзгеруі, яғни қарапайым романтика стилінің әлдеқайда күрделі готикаға ауысуы себеп болды. Сол кезде шеберлер үлкен қиындыққа тап болды, өйткені жаңа архитектуралық стиль мүлдем жаңа құрылыс технологиялары мен құрылыс теориясын талап етті. Соған байланысты оқыту үрдісі өзекті мәселеге айналып, ол мынадай жолмен шешілді:

- Құрылысшы кәсібін тігінен және көлденеңінен дифференциациялау (кәсіби дифференциация);
- Әртүрлі кәсіби деңгейдегі үрдістердің коммуникациясы мен дидактиканы қалыптастыру (жазба құралдардың пайда болуы – құрылыс пен архитектура бойынша кітаптар; техникалық көмекші құралдар – құрылыс моделдері мен шаблондары);
- алғашқы өндірістік шәкірттер шеберханасының құрылуы (кафедралды соборлардың құрылыстары үлкен құрылыс алаңдарында жүзеге асты, олардың жанында арнайы шеберханалар құрылып, шәкірттер оқытылды).

Осылайша, екінші мыңжылдықтың басында кәсіби білім берудің екінші орны – шәкірттерге арналған шеберхана пайда болды, онда шәкірттер «теориялық» дайындықтан өтті [1].

Европада Ренессанс дәуірінің басталуы (шамамен 1400 ж.) өнерде мүлдем жаңа архитектуралық стиль, оның жаңа бағыттарының пайда болуымен ерекшеленді. Қолөнершілер, мысалы, алтынмен жұмыс істейтін темір ұсталары қиын жағдайға тап болды, өйткені жаңа стиль қысқа мерзім ішінде жаңа техника мен дайындау технологиясын меңгеруді талап етті.

Бұл жағдайдан шығудың амалы мынадай тәсілдермен шешілді:

- басқа шеберден үйреніп, біліктілікті шыңдау (біліктілікті арттыру) (көбінесе өнердегі жаңа стиль қалыптасқан Италияға сапарға шықты);
- оқытудың графикалық құралдардың дамуы, кітап басылымы пайда болғаннан кейін бұл білімді таратуға ықпал етті;
- алғашқы кәсіптік мектептердің ұйымдастырылуы (өнер мектебі), онда қолөнершілер мен суретшілер бірге оқыды. Осылайша, кәсіптік білім беруде жаңа оқу орны - *кәсіптік мектеп* пайда болды, арада бес жүз жыл өткеннен кейін ол осы атқа ие болды [2].

Батыс европалық кәсіби білім беру тарихынан алынған бұл екі мысал келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: қоғамдық өмірде жаңа нормалар мен құндылыққа байланысты түсініктер пайда болған кезде, кәсіптік білім берудің алдында оқытудың дәстүрлі формасының көмегімен шешуге болмайтын күрделі мәселелер тұрады, сондықтан да жаңа жолдар ізделінеді және олар мынаған әкеп соқтырады:

- *оқыту үрдісінің жақсаруы мен кәсіптік оқытудың жаңа әдістері мен құралдарының пайда болуы (дидактизация);*
- *оқыту орнының дифференциациясы (оқыту тек кәсіпорында немесе жұмыс жасау кезінде ғана емес, басқа жерде де, мысалы, шәкірттер шеберхансында жүзеге асырылды);*
- *кәсіптік білім беруде оқыту үрдісіне теориялық зерттеудің енгізілуі.*

Германияда кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуы елдің тарихи-экономикалық даму ерекшеліктері (герман мемлекеттерінің ұзақ уақыт жікке бөлінуі, алдыңғы қатарлы Батыс Европа мемлекеттерінен экономикалық дамуы жағынан артта қалуы, «жоғарыдан» бірігу мен XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап тез экономикалық өркендеу, неміс империализмінің сипаты және т.б.) едәуір әсерін тигізді.

Ортағасырларда Германия едәуір экономикалық өрлеуді бастан кешірді. Экономиканың барлық салаларында тауар-ақша қатынасы тарайды. Өзін-өзі басқаруда ауқымды құқықтарға қол жеткізген қалаларда айрықша артықшылықтар сақталады (жеке бас еркіндігі, қала құқығы, т.б.). Осының бәрі қала қолөнершілерінің белгілі бір өндіріс құралдарының меншік иелеріне айналуына; қолөнершілердің мүддесін қорғайтын салалық ұйымдардың дамуына ықпал етті. Бұл Германияда қалалық қолөнер мен қолөнер шәкірттігінің дамуына жақсы әсерін тигізді.

Еңбекті ұйымдастырудың қолөнерлік дәуірінде Германияда кәсіби білім беру мәселесі сословиелік қоғам өмірі белгілеген талаптар контектсінде көрініс тапты. Кәсіпке үйрету шәкірттерді белгілі бір операцияларды орындау дағдысына баулумен қатар сол мамандық арқылы әлеуметтік рөлге кіруді де білдірді. Қолөнерлік оқыту формасында үйренушіге теориялық білімді жүйелі түрде беру болған жоқ, сондықтан да оқытудың сапасы ұстазына, оның тәрбиеші ретіндегі талантына және де, әрине, оның кәсіпқойлығына байланысты болды. Бұл ортағасырлық халықтардың бәріне тән «догматикалық» деген атауға ие болған көрініс болды. Мұнда оқытудың мақсаты, мазмұны, үрдісі, әдістері мен амалдары бірнеше ұрпақ бойына іс жүзінде ешқандай өзгерген жоқ.

Орта ғасырда қолөнер мектебін ұйымдастыру бойынша тарихи құжаттарды сараптау қолөнер шәкірттікте қалыптасқан идеологиялық мотивтер кәсіптіктен басым болған деп айтуға мүмкіндік береді. Кәсіби дайындық шәкірттің бойындағы іскерлік-дағдылармен емес, қайта, ынта, әдептілік және қоғамға

пайдалылық секілді адамның әлеуметтік қасиеттерімен анықталған. Осылайша, Германияда қолөнерге баулу арқылы заңды орындайтын азаматтарды қалыптастыру мен тәрбиелеу жүзеге асырылды, бұл үрдіс барысында цехтар маңызды әлеуметік қызмет атқарды. Пруссияда кәсіптік оқуды аяқтағаны туралы куәлікте (1734 ж.) шәкіртке ешқандай квалификация берілмеген, қайта, «өзін құдайды құрметтейтін және әдепті жас жігіт ретінде ұстауға» кеңес берілу факті кәсіптік оқытуда идеологиялық бастаманың басымдығын растайды. Дәстүрді сақтау қолөнершінің өмірлік позициясы мен мүддесінің көрінісі болып табылды. Қолөнердегі дәстүрлілік цех жарғысы шеңберінен шығатын кез-келген әрекетті жоққа шығарды, осылайша шәкірттердің тек цех регистріне енген қолөнерлік мамандықтарды ғана меңгеруіне ықпал етті. Қолөнер-сословиелік дәстүрді сақтау цех жарғысында көрініс тапты, онда цех мүшелері ең лайықты азаматтар болуы тиіс екені айтылған. Ал қолөнершілер өз қызметінде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бекіткен канондарды ұстануға міндеті.

Бір жағынан, мұнда цехтар техникалық прогрессті қабылдамағанын, ал екінші жағынан – олардың шәкірттерді тәрбиелеуде авторитарлық талаптарын көреміз. Бұл барьерді фабрика қызметкерлері ұсынған оқытудың прогрессивті формаларының көмегімен жеңу мүмкін емес, өйткені онда оқығандар цех шеберлерінің құқықтарын пайдалана алмайтын және, цех старейшиндерінің пікірі бойынша, тек олардың ортасында ғана тәрбиеленетін әдептілік, тәртіптілік деген қасиеттерден жұрдай болды.

Германиядағы қолөнер шәкірттігінің тарихы мемлекеттің әртүрлі шектеулерге қарсы, «әдептілік, тәртіптілік» туралы заң дегенді қоса, күресін де қамтиды. Дегенмен мемлекет цехтарға қатысты бейтараптылық позициясын ұстанды, өйткені олар мемлекет анықтаған қызметті атқаратын адамдардың сословиелік ұйымының бір бөлігін білдірді. Мемлекеттің цехтық нормалар мен белгіленген уақытта өзін ұстау ережелерінің әсер күшін әлсіретуге тырысуы табысты бола алмады, себебі цех жарғысы белгіліген өзін-өзі ұстау нормасы қолөнершілер сословиесінің күнделікті өмірімен тығыз байланысты болды [3].

Германиядағы кәсіби білім беруде қолөнерге баулу үрдісін зерттей отырып біз: *дуалды оқытудың құрамдас бөлігі – **практикалық,** өндірістік-қолөнерлік, мазмұнының қалыптасу жолын байқадық.Ол қазіргі дейін кәсіби білім беруде дуалды оқытуда шешуші рөл атқарады.*

Орта ғасырларда діни жексенбілік мектептерде дуалды оқытудың басқа саласы пайда болады – ***теориялық***. Мұндай мектептер Германияда XVI-XVII ғасырларда кездеседі.

Қолөнер сословиесі заңға мойынсұнатын азаматтарды тәрбиелеудің белгілі бір ережелерін берік ұстанғанымен, олар шәкірттердің жүйелі теориялық білімді меңгеруінің маңыздылығын жоққа шығарған жоқ. Мұндай позиция көптеген герцогтардың цехтық жарғысынан көрініс тапқан. Мысалы, Веймар Саксониясы герцогтығының 1821 жылғы цехтық жарғысында шәкірттердің белгілі бір теориялық білім мен практикалық іскерліктерді меңгеріп шығуы тиіс және осылайша ары қарай жазу мен санауды үйренуге жағдай жасалуы туралы кеңестер жазылған. 1869 жылы қолөнер туралы Ереже қабылданған, соған сәйкес кәсіпорындар өз шәкірттерін кәсіптік мектептерге жіберуі тиіс болған [3].

Демек, осылайша екінші сала – шәкірттер теориялық білім алатын кәсіптік мектеп қалыптаса бастаған. Кәсіби білім беруде дуалды оқытудың қалыптасуы мен дамуы мәселесімен айналысатын неміс ғалымдары арасында (Грюнер Г., Кениг К. Мюнх И, Штратманн К.) сол кездегі кәсіби білім берудегі кәсіптік мектептердің рөлін анықтауға байланысты көптеген талқылаулар болды.

Соңғы ғасырдың басында ғана діни жексенбілік мектептер (кешкі) күндізгіге алмастырылды, олар едәуір дәрежеде шәкірттердің белгілі бір теориялық білімдерді меңгеріп шығуына ықпалын тигізді. Сондықтан да зерттеушілер оны кәсіби білім берумен қатар жүретін мектеп деп атады. Дегенмен, талқылаулар барысында бұл кәсіби білім берумен «қатар жүретін» бөлігі ғана емес, оның ажырамас бөлшегі, кәсіби білім беруде дуалды оқытудың міндетті құамдас компоненті деген пікірлер айтылды.

Дуалды оқытуда кәсіптік мектеп әу бастан-ақ жалпы білім беретін мектептің функцияларының бір бөлігін өз мойнына алды: Арнайы пәндермен қатар онда жалпы білім беретін пәндер де оқытылады (саясат, математика, ана тілі, религия, спорт). Соңғы жылдары осы мәселеге байланысты ГФР (ФРГ) ғалымдарының (Р.Арнольд, Х.Беннер, П. Денбостель) пікірлері әртүрлі болды. Алайда ГФР облыстарының мәдениет және білім министрлері конференциясында кезекті рет мақұлданып бекітілгенін айта кеткен жөн.

Жоғарыдағыларды қортындылай келе, бүгінде кәсіптік мектеп пен кәсіпорын шәкірттеріне жүйелі білімнің қажеттігі ешқандай күмән туғызбайды. Алайда дуалды оқытудың өзара әрекеттестігі бүгін де аса өзекті мәселе және егжейлі-зерттеу нысаны болуы қажет. Капиталистік қарым-қатынастың пайда болуы өндірістің қолөнерлік амалын экономикалық тұрғыдан түбірімен өзгеруіне алып келді. Бұл бұдан былайғы тауар-ақша қарым-қатынасының таралуымен, қолөнершілер өнімінің үлес

салмағының қысқаруы, олардың рынокқа жеткізілуінің артуымен байланысты болды. Көптеген қолөнершілер жеке өндіруші ықпалынан айрылды. Тарихи құжаттар көрсетілгендей, көпестерге тәуелді болу арқылы олар көбінесе өз үйінде отырып кәсіпкер-капиталистке жұмыс істейтін жалдамалы жұмысшыларға айналды. Әлі де болса кең таралған цехтық қолөнер елдің техникалық және экономикалық дамуында прогрессивті рөл ойнаудан қалып, өндірістік кәсіпорынның жаңа формаларына орын берді. Осылайша цехтық жүйе құлдырып ыдырауға әкеп соқты. Өнеркәсіптің дамуына қарай кәсіптік қызмет енді сословиелік беделмен емес, табыспен және өнімге деген сұраныспен өлшене бастайды. Осылар кәсіпорын қызметінің табыстылығын анықтайтын факторларға айналып, кейін олар кәсіби білім беруде басты рөл атқарды [4].

XIX ғасырдың басында көптеген герман мемлекеттерінде цех жарғысын жойылып, қолөнер бостандығы туралы Ережені енгізуге байланысты шаралар атқарылды. Дегенмен оны іске асыру бірнеше ондаған жылдарға созылып кетті. Осылайша 1806-1810/11 жылдары Пруссияға осы бағытта алғашқы қадамдар жасаудың сәті түсті. Пруссия қолөнер бостандығы туралы Ереже қабылданған бірінші германдық мемлекет болды, және өндірістік кәсіпорын ретінде мануфактура мен фабрикалар интенсивті дами бастады. Басқа герман мемлекеттерінде цех жарғылары әлі бірнеше ондаған жылдар бойына қала берді.

Мұндай саясатты жүргізуге ықпал еткен реформалар Штайн-Гарденберг реформалары деген атпен белгілі болды. Олар әрбір азаматқа қолөнер кәсібімен айналысуға мүмкіндік берді, және мұнда оның жеке басының мүддесі мен игілігі қоғамға қайшы келмеді. Бұл заңдар жинағы герман қоғамының әртүрлі сословие өкілдері тарапынан әртүрлі бағаланды (бір жағынан –қолөнершілер мен дворяндар, екінші жағынан – экономикалық тұрғыдан белсенді буржуазия).

XIX Өткен ғасырдың екінші жартысында германияда өндірістің дамуы, жақсы дайындалған білікті жұмысшыларға деген сұраныстың артуы кәсіби білім беруді модернизациялау мәселесі күн тәртібіне қойды. Қолөнердегі шәкірттер кәсіпке баулу тәжірибесін өндіріс шеберлері әртүрлі өндіріс саласына қажетті білікті мамандарды кәсіби дайындауда пайдаланды. Қолөнер дәстүрін өндіріс саласына тасымалдау Германиядағы өндірістік кәсіпорынның ары қарай дамуы қоғамдық өзгерістермен тығыз байланысты шәкірттік жүйеге едәуір әсерін тигізді.

Пруссия королдігі өкіметі мен Солтүстік герман одағын басқарған Бисмарктың басшылығымен 1871 жылдың қаңтарында Герман империясының құрылуымен герман мемлекеттерін біріктіру аяқталды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде өндірістік революция аяқталды, Германия машина өндіретін әлемдегі екінші индустриалды мемлекетке айналды. Өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің едәуір артуы, жаңа техниканың көптеп енгізілуі, жұмысшылар білігінің артуымен және оларды пайдалануды күшеюімен байланысты болды. Еңбек өнімділігі үшін еңбек құралы –машина дайындау ауқымының артуы мен оны дайындау мерзімінің азаюы үлкен маңызға ие болды [1].

Индустриализацияның әсерімен еңбек сипатының өзгеруі Германияда кәсіби білім берудің жаңа кезеңіне әкелді. Қолөнерлік шәкірттік тым таяз мамандану, теориялық дайындық деңгейінің төмендігі салдарынан білікті мамандарға деген сұранысты қанағаттандыра алмады. Ол кезде кең таралған тәжірибелі қолөнер шеберлерінің басшылығымен «қарап ал- қайтала -машықтан» қағидасын ұстанған бақылау мен еліктеу әдісі аса төмен сапасымен ерекшеленді, өйткені кәсіби деңгейді жетілдіру өзгеріс енгізуді талап етікендей, олар моралдық тұрғыдан ескірген құндылықтарды ұстанды және оқытудың консервативті амалын сақтауға бағытталды.

Жаңа технологиялар мен еңбекті ұйымдастырудың жаңа формаларын сынықтан өткізген сол кездегі Германияның алдыңғы қатарлы өндіріс салалары қолөнерге оқыту жүйесінде ауқымды реформалардың инициаторы болды. Қолөнер шәкірттігінен кәсіпорында кәсіби оқытуға көшу педагогикалық ортада серіктестер ықпал етті. Кәсіби білімнің теориялық бөлімі кәсіптік мектептердің еншісіне тиді. Кейінірек, өндірістік кәсіпорынның интенсивті дамуы жағдайында кәсіби оқытудағы практикалық үрдісті теориялық негіздеме жасау қажеттігі туындады, оның ұйымдастыру түрлері діни жексенбілік мектеп дәстүрінде өсіп шыққан «қолөнер» мектебі базасында жеткілікті қалыптасқан болатын.

Қолөнерде кәсіби білім беруді толығымен сабақты жүргізетін адам анықтайтын, ал оның білімі өндірістің даму деңгейіне әрқашан сай келе бермейтін. Теориялық білімді қолданып оқыту, оқытудың осындай практикасын жеңудің маңызды құралына айналды. Сол кездегі ғалымдар мамандығы үшін сәйкес ғылым саласына сүйенетін негізді теориялық білімді ерекшелеп айтады, мысалы, қолөнер-техникалық мамандықтар үшін – технологияны (бұл терминді алғаш рет неміс тілінде 1777 жылы И.Бекман қолданды), сауда – нарықтық экономика мен оңтайлы шаруашылық жүргізу туралы ілім, фермерлер үшін – жерді рациональды пайдалану негіздері. Яғни, жүйе құрушы курстардың құрылуы кәсіби білім беру жүйесіне дамыту жасалған маңызды қадам деп айтуға болды.

Кайзерлік Германияда 1870 және 1918 жылдар аралығында кәсіптік білім социализмге қарсы күрес қорғанына айналды. Мұнда мемлекет ұйымдастыру және құқықтық шаралар қолданды. Нарықтық-саяси заң ретінде сипаттауға болатын Рейх заңы арқылы қолөнер туралы Ереже енгізілді (1867 - 1871 жж.), Ереже кәсіптік мектепке міндетті түрде оқуды енгізуге мүмкіндік берді (оның сол кезеңдегі атауы – орта кәсіптік білім беру мекемесі). Кәсіптік мектепте жалпы міндетті оқу заң жүзінде Германияда тек 1938 жылы ғана енгізілді.

Бұл уақытты кәсіби білім берде дуалды оқытудың, шәкірттік жүйесі туылған жылы деп санайды. «Кәсіби білім беруде дуалды оқыту» ұғымы кәсіптік білім беру саласының педагогы Х. Абелге тиесілі (1908-1965 жж.).

XIX ғасырдың 70-жылдары экономистер өндірістің индустриалды секторында еңбек бөлінісінен туындаған қолөнерлік дағдылардың қирау үрдісіне мазасызданды. Олар қолөнерлік дәстүрлердің сақталуы мен оларды өнеркәсіпке ендіруді қолдап, шәкірттік оқушылардың бойында жан-жақты іскерліктер мен дағдыларды, еңбекке деген оң көзқарас дамытуға мүмкіндік береді деп түсіндірді. Бұл идеяны неміс педагог-реформаторлары қолдады және XX ғасырдың кәсіптік білім беру саласындағы неміс педагогтары тарапынан идеология ретінде ары қарай даму алды.

Мемлекет «саяси білім алуға» ықпал ететін «Азаматтану» атты жаңа пәнді оқу жоспарына енгізу арқылы кәсіптік мектептің міндетін кеңейтті. Кәсіптік білімнің теоретигі Георг Кершенштайнер осы пән негізінде кәсіптік мектептің білімдік-теориялық міндеттерін негіздеу арқылы кәсіби білімнің теориялық тұжырымдамасын қалыптастырды. Осылайша ол кәсіптік мектептің қызметін және кәсіби білім беруде дуалды оқыту заңдастырды.

Георга Кершенштайнер тұжырымдамасын сараптау онда басты екпін жұмысшының бойында оның демократиялық қоғамда алатын орнына сәйкес жұмыс орнында азаматтық қасиеттерді тәрбиелеуге жасалды. Бұл тәрбие мен білім беру дәстүріне толық сәйкес, гимназияларда азғана оқушыға жақсы білім берілді, ал жастардың басым бөлігі негізінен халықтық мектептерде оқыды (Volksschule), бұл мектептер кейінірек негізгі, жаппай мектеп деп аталды (Hauptschule). Халықтық мектепті аяқтаған соң жастар оқуын жалғастыру үшін шәкірттік жүйе барды [5].

Германияның көптеген облыстарында оқушылар бағыттау сатысы деп аталатын (Orientierungsstufe) төртжылдық бастауыш мектепті бітіргеннен кейін оқуын ары қарай жалғастыру үшін жалпы білім беретін мектептің үш түрі таңдалатын, ол күні бүгінге дейін таңдалады: гимназия (Gymnasium) - 9 жыл, реаль мектеп (Realschule) - 6 жыл, негізгі (жаппай көпшіліктік) мектеп (Hauptschule) - 5 жыл.

Бастауыш мектептен гимназияға таңдалған азғантай оқушы ғана толық орта білім алып (Abitur), университетке оқуға түсетін, ал оқушылардың басым көпшілігі үшін шәкірттік жүйеден басқа таңдау болмады. Реаль мектеп негізгі мектепке қарағанда едәуір жоғары деңгейде жалпы білім берді, және негізгі мектепке қарағанда қызметкер немесе одан да тартымды мамандықтарға дайындалуға жақсырақ мүмкіндік ұсынды. Қабылдаудың шектеулілігіне қарамастан гимназия оқушылары мен университет студенттерінің саны жылдан-жылға арта түсті. 1980 жылы елде 972 мың университет студенті және 2 716 мың шәкірттік жүйесінде болды. 1990 жылы Германияның тарихында алғаш рет студенттердің саны шәкірттік жүйесінің оқушыларының санынан артып түсті: 1 559 мың студент және 1 500 мың шәкірт. Жұмыс берушілер бұл жайлы «маманданған жұмыс күшінің жетіспеуі» деген атпен газеттерде жариялады. Араға жарты жыл салып олар «білім беру мен жұмыспен қамту теп-теңдік жойылды» деп жар салып, орта және жоғары білім инфляциясын сынға алды. Abitur (аттестат) иелері мен студенттердің күткені олар меңгерген іскерліктер деңгейімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды, ал оларды университтік білім алуға бағыттау шәкірттік саласында көптеген маңызды мамандыықтарда оқитындардың санының күрт төмендеуіне әкеп соқтырды. Мысалы, 1991 жылы өңдеу өндірісінде шәкірттік салада орынның жартысына жуығы бос қалды.

Германияда кәсіби білім беруде дуалды оқытудың табысты болуы мектептің үш типі ұсынатын альтернетиваның шектеулілігіне байланысты болды. 90 жылдардың басына дейін оқушылардың басым бөлігі шәкірттік жүйесіне қосылғанға дейін негізгі және реаль мектептерде оқыды. Hauptschule (негізгі мектеп) деген атауының өзі білім беру жүйесінің саяси мақсатын көрсетеді, яғни оқушылардың басым көпшілігінің академиялық білімнен бас тартуына ықпал етті. Алайда жақсы білім алуға деген әлеуметтік қажеттілік реаль мектеп пен гимназия оқушыларының санының артуына әкеп соқтырды (кейбір қалаларда олардың әрқайсысы 60% дейін артуы), ал «негізгі жаппай мектеп» төменгі әлеуметтік топтар мен мигранттарға қалды.

XX ғасырдың 90-жылдары Германияда ГДР мен ФРГ бірігуімен байланысты үлкен саяси өзгерістер орын алды және Елдің бүкіл территориясында кәсіби білім беру жүйесінің қызметіне әсерін тигізбей қойған жоқ.

Шығыс Германияның жалпы білім беру жүйесі батыс германиялық жүйеге бейімделді. Жалпы мектептік білім беру жүйесі дәстүрлі батыс германиялық үш звенолық жүйе қауіпті болуы мүмкін деп саналған оның кейбір элементтері жойылды. Парламент, өкімет кәсіби білім беру Федеральды институты кәсіпорындарға кәсіптік оқытуды енгізу, яғни шәкірттікті енгізуді қолдап дауыс берді. ГДР-ғы онжылдық мектеп дәстүрлі батыс германдыққа ауыстырылды. Бұрын ГДР-да болған кәсіптік оқытудың толық орта білім алумен ұштасқан формасы (Abitur/ аттестат) енді мүмкін болмады. Бұрын Шығыс Германияда 6% жуық жастар қос квалификацияны алды, ал олардың көбі оқуды ЖОО жалғастырды. Жастардың қос квалификацияны алуын экономикалық тұрғыдан объективті бағалау келе ресми ведомостволар кәсіби білім алуды рационалды емес деп тапты.

Дегенмен, ГДР кәсіптік білім жүйесі батыс германдық жүйеден мектептік білім беру жүйесіндей қатты ерекшеленбегенін айтқан жөн. Кәсіптік білім жүйесі кәсіпорындар мен кәсіптік мектептерде ұйымдастырылды. Германия біріккеннен кейін фирмалар жеке меншікке айналды, ал кәсіптік мектептер мемлекеттік болды. Дуалды оқыту қайта енгізілді, бірақ бұл жолы «ескі облыстардың» стандартталған схемасы бойынша. Көптеген мамандықтар бойынша дайындық ұзақтығы батыс германдық стандарттарға сәйкестендірілді және екі жылдың орнына 3 немесе 3,5 жыл болды. Маман дайындау ұзақтығы негізінен практикалық іскерліктерді қалыптастыру үшін қажет деп саналды. Көптеген шығыс еуропалық фирмалардың құлдырауына байланысты шәкірттердің саны 135 мыңнан (1989 ж.) 90 мыңға дейін (1991 ж.) азайды.

"Konkurslehrling" – шәкірт-банкрот деген жаңа термин, және мамандық алу мүмкіндігінің болмауы экономикалық кризис тұсында шәкірттік жүйенің осалдығын көрсетеді. Шығыс Германиядан 20 мыңнан астам немістің шәкірттіктен өту үшін шығыс еуропалық фирмаларға орналасты. Ал Шығыс Германияның метал өңдеу және құрылыс өндірісі шәкірттік жүйесінде жұмыс орындарын компенсациялауда үлкен қиындықтарға кездесті. Батыс Германиядағы сияқты мамандықтың жасырын иерархиясы белгілі болды. Жастар шәкірттікке негізінен беделді мамандықтар: коммерсант, сақтандыру агенті, банк қызметкері бойынша өтуге талпынды [6].

Біздің жүргізген зерттеуімізде қолөнер мамандығы негізінде кәсіби білім беруде дуалды оқытудың қалыптасуын және оның өндірістік кәсіпорындық амалы жағдайында дамуын зерделеуге, педагогикалық үрдісте оқытушы персоналдың (шәкірттікте қолөнер шебері, ал кәсіпорында өндіріс шебері) рөлін бағалауға талпыныс жасалды. Жоғарыда айтылғанды сараптай келе келесідей қорытынды жасауға болады:

- қосарланған оқу-өндірістік орта ретінде кәсіби білім беруде дуалды оқытудың пайда болуы мен дамуы әлеуметтік экономикалық және педагогикалық алғы шарттар кешеніне байланысты болды;
- мамандыққа дайындаудың қолөнерлік түрі дуалды оқытудың өндірістік дамуының бастамасы болды. Оның еңбекті ұйымдастырудың қолөнерлік формасының пайда болуы неміс халқының тарихи рухани дәстүрлерімен тығыз байланысты болды. Оқытудың қолөнерлік формасына тән нәрсе –шәкірт мамандығының құндылықтары мен дәстүрлі құрылымын иерархиясын сақтай отырып, өндірістік жүйеге тез әрі үйлесімді интеграциялануға ұмтылуы, осы жүйенің бір бөлігіне айналу, өзара қарым-қатынастар орнату;
- дуалды оқытудың пайда болуы қолөнер цехтарында шебердің бақылауымен оқуға ықпал етті. XII және XIII ғасырдың өзінде-ақ мұндай оқыту сол кезеңнің әлеуметтік серіктестерінің - кәсіптік-сословиелік ұйымдардың - бақылауында болды және олар «сайлау органдары» немесе «ақсақалдар кеңесі» құрастырған ережелер мен қаулыларға сүйеніп реттеп отырды. Соларға сәйкес қоғамдық өмірде қолөнер мен сауда айрықша құқыққа ие болды. Алайда индустриализацияның өсуі жастарды еңбекке баулумен өндіріс те, ал кейінірек халық шаруашылығының барлық салаларымен айналыса бастады. Дей тұрғанмен, дуалды оқыту шын мәнінде XIX ғасырдың басы кәсіби білім беруде кәсіптік мектептер қосылған сәттен басталды.

Кәсіптік білім берудің талдау көрсеткеніндей, шәкірттік – тек немістерге ғана тән құбылыс емес. Ол индустриаландыруға дейінгі кезеңде көптеген Еуропа, Араб, Азия және Батыс Еуропа елдерінде кеңінен таралды. Германияға тән нәрсе – шәкірттіктің қолөнер секторынан заманауи өнеркәсіп, сауда және экономиканың басқа салаларына ауысуы. Және мұнда шәкірттікті ортағасырдан келе жатқан шәкірттік үлгісінің жай ғана жалғасы деп емес, қайта, кәсіптік білім беру саласындағы мақсатты саясат деп қарастырған. Германияда оны жұмыс берушілер мен олардың мекемелері қызығы бақылап, едәуір дәрежеде ықпал етіп отырады.

Германияда кәсіби білім беруде дуалды оқытудың пайда болуының екінші көзі – саяси. XIX ғасырдың соңында Герман үкіметі жұмысшы жастардың саяси тәрбиесінің күйіне мазасыздық танытып,

социализм идеясынан сақтауға тырысты. Осы мәселеге байланысты Германияда үкіметтің инициативасымен басталған ауқымды талқылауда Бавариялық кәсіптік мектеп шебері Георг Кершенштайнерге сыйлық берілді. Ол бұл проблеманың өзіндік шешу амалын: кәсіптік оқыту жұмысшы жастарды саяси тәрбиелеу амалы ретінде қолдануды ұсынды.

Осы зерттеу барысында кәсіби білім беруде дуалды оқытудың қалыптасуы Еуропаның әсіресе Германияның саяси, экономикалық, діни және технологиялық тарихына терең орын алғандығы анық көрсетеді.

1 *Федотова Г.А. Развитие дуальной формы профессионального обарзование (опыт ФРГ и России): дисс. ... д-ра пед. наук. – М: 2002. - 46 с.*

2 *ШелтенА.Введение в профессиональную педагогику. Учебное пособие. Под ред.Г.М. Романцева. - Екатеринбург: УГППУ. – С. 1996 - 223.*

3 *Bundesministerium für Bildung und Wissenschaft (Hrsg.): Grund- und Strukturdaten 1993/94. Bonn 1993, S. 111.*

4 *Корнеева Л.И. Педагогические особенности деятельности и подготовки обучающего персонала в дуальной системе профессионального образования ФРГ: Автореф. дисс. ...канд. педнаук. - Екатеринбург: 1994. - 19 с.*

5 *Александрова Т.Л., Зборовская Г.В. Лемперт В. Профессиональное образование и социальная ответственность на рабочих местах в России и в Германии. - Екатеринбург, 1996. – 248 с.*

6 *Приступа О.В. Педагогические основы подготовки к трудовой занятости выпускников школ Германии: дисс. ... канд. пед. наук. - Томск, 2002. – 88 с.*

Резюме

Сманова А.А. – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая

История развития дуального обучения в профессиональном образовании

В статье рассматривается история формирования и развития дуального обучения, которая сегодня показала результат в профессиональной системе образования. Описывая формирования, этапы порфессионального образования в древней Азии и Европе, а именно показываем историю элемента дуального обучения Германии в порфессиональном образовании. Здесь рассматривается система составной части дуального обучения – практическия, теоретическия, появление профессиональных школ, теория, концепция Георга Кершенштайна, основателя дуального обучения, теоретик профессионального образования и появления дуальной формы в профессиональном образовании. Анализируя профессиональное образование, здесь докладываем ученичество, присущее не только немцам. Также, до индустрии, данная система во многих странах широко распространена как в Европе, Азии, Аравии и Западной Европе.

Ключевые слова: профессиональное образование; дуальное обучение; профессиональная школа; практика; теория; система ученичества; ремесленник; предприятие; умение.

Summary

Smanova A.A. – PhD students, Kazakh National Pedagogical University named after Abai

History development of dual training of vocational education

In the article today revealed the results of its dual training of vocational education will be the history of the formation and development of teaching. Early stages of professional education in Europe and Asia, including dual élemetteri been reported, with particular focus on the history of professional education in the State of dual training in Germany. There are an integral part of the dual training - practical, theoretical and student system, vocational schools, dual vocational education theorist George Kerşenştaynerdiñ founder of theoretical training and vocational education are the reasons for the emergence of dual training.Analyzing vocational education, mentoring is not a phenomenon unique to only the Germans, many of the pre-industrialization of Europe, Arab, Asian and Western European countries reported widespread.

Keywords: vocational education, dual training, professional school, experience, theory, apprenticeship system, remeslennïk, enterprise, skill.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА

УДК 373.1.013:37.026.9.373.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Амирова А.С. – *п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры,*
Стамғалиева Б. – *Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистрі*

Мақалада ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сыныптарда оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары қарастырылады.Тұлға зияткерлігінің дамуы өмірлік міндеттердің жаңа шеңберін меңгеруде таным процесін жүзеге асыруға және мәселелерді тиімді шешуге қабілеттіліктің дамуы деп қарастырады. Тұлға зерттеушілік негізінде оқушылардың ойлау сапасына әсер ететін табиғи нышандар жатыр. «Зерттеушілік» ұғымының психологиялық мазмұны кең және анықталмаған сипатқа ие, оған зияткерлік, ақыл-ой қабілеттері, ақыл-ой дамуы, ойлау т.б. жатады. Педагогикалық талдаулар бойынша адам зерттеушілік қабілетін белгілі бір қоғамдық мәдени ортада қалыптастырып, дамытуға болады.

Қазіргі кездегі көзқарастарды талдау негізінде зерттеушілік белсенділікті іздестіру әрекеттері мен зерттеушілік шеберліктердің көмегімен жеке тұлға үшін маңызды мәселені шешуге бағытталған оның нақты да табанды талабы деп анықтауға болады. Субъектінің жаңа білімді алуы, іс-әрекеттері мен алдағы уақыттағы таным мүмкіндіктері зерттеушілік белсенділіктің нәтижесі болып қалады. Зерттеушілік беймәлімді, жаңаны «ашуға» бағытталған, белсенді, ізденушілік, зерттеушілік әрекеттер формасында байқалатын оқушылардың танымдық қажеттіліктерін дамыту үшін өмірдегі бұл жас мөлшері өте маңызды. Ол заттарды ұстап қана қоймайды, зерттеушілік жолымен таныс заттардың қасиеттерін жаңа жағдайға қатысты көшіреді және қосады, нысанмен практикалық әрекеттер жасай отырып, оны таниды.

Оқушылардың жасаған практикалық әрекеттері нысанның мазмұндары ашылатын жағдайлар туғызып, танымдық, бағдарлы-зерттеушілік қызмет атқарады. Бастауыш сыныптарда оқыту міндеттерінің біріретінде әрбір оқушыныңзерттеушілік қабілеттерін дамыту көзделуі тиіс. Мақалада бастауыш сыныптарда ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары көрсетіледі.

Түйін сөздер: зерттеушілік, зерттеушілік қабілет, бастауыш, сынып, оқушы.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасында: «Оның мәні еліміздің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті жаңа білімдерді игеруге негіз болатын тұлғаның шығармашылық қабілеттері және кәсіби-мамандық, біліктілік деңгейлері арқылы ашылады»,- деп көрсетілген [1]. Бұл қазіргі кезеңде білім беру үдерісіне ғылыми-зерттеу жұмысын енгізудің, сонымен қатар оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытудың негізгі ерекшелігі оның қолданбалы бағыттылығын, пәндердің мазмұнын өзара байланыстыра сәйкестендіретін оқытудың мақсаты мен мазмұнынынңіске асыратын жолдарын іздестіруді талап етеді. Бүгінгі күн талаптарына сай оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілетін дамытудың құралы ретінде ақпараттық технологиялар негізінде зерттеушілік әрекеттердің мүмкіндіктері елеулі басымдықтарға ие болып отыр.

«Зерттеушілік қабілет», «зерттеушілік іс-әрекет» сөздердің мағыналы бір-бірімен тығыз байланысты. Негізге алынатын «зерттеушілік қабілет» болғандықтан, қарастырылатын мәселе бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілетін дамытуда ең алдымен «қабілет» сөзін психологиялық тұрғыда түсіндіру арқылы зерттеушілікпен байланыстыра сипаттаймыз.

Қабілеттілік мәселесінің теориялық және практикалық негізін қалауда С.Л. Рубинштейн еңбектері зор рөл атқарады. Ең алдымен қабілеттіліктің дамуы туралы, қабілеттің қалыптасуының негізін салса, кейінірек олардың көрінуінің психологиялық құрылымын ашып берді.С.Л.Рубинштейн қабілеттілікті нақты бір іс-әрекетке икемділік деп түсіндіреді.Оның айтуы бойынша қабілеттілік - жаңа бір іс-әрекетті жеңіл меңгеруімен, сонымен қатар индивидтің бір іс-әрекеттен екінші бір әрекетке көшуі мен қабылдау тәсілдерін терең меңгере алуы. Оның айтуы бойынша қабілеттің негізі - туа біткен нышан, тұқым қуалаушылықтың белгісі болып табылады, яғни, адамның жүйке ми аппараттарының анатомиялық-физологиялық ерекшелігі болып табылады. Осыған орай ғалым қабілет нышандардың негізінде дами отырып, нышанның өз бетінше функциялануы емес тек дамудың негізгі кезеңі алғы

шарты деп жазды. С.Л. Рубинштейн іс-әрекет барысында қабілет пен ептіліктің өзара байланысы ерекше роль атқаратынын айтады [2]. Бұл екеуінің бір-бірімен тығыз байланыста екендігін еске сала отырып, бір жағынан ептілік, білім тағы басқа меңгеру қабілеті бар екенін білдірсе, қабілеттің қалыптасуы сол іс-әрекеттердің ептілігі мен білімдерді меңгеру арқылы іске асатындығын түсіндіреді.

Б.М. Теплов қабілетті адамдар арасындағы жеке даралық психологиялық өзгешілік деп қарастырады. Б.М. Теплов қабілеттілікке анықтама бере отырып, қабілеттіліктің үш белгісін көрсетеді. Біріншіден қабілеттілік бір адамды екінші адамнан ажыратуға негіз болатын жеке даралық психологиялық ерекшелік; екіншіден, қабілеттілікке барлық жеке даралық ерекшеліктерді жатқыза беруге болмайды, тек қандай да бір немесе бірнеше іс-әрекетті орындау барысында нәтижесі табысқа сәйкес жететін ерекшеліктерді, қабілет деп атауға болады; үшіншіден, «қабілет» түсінігі адамда бар білім, ептілік және дағдымен ғана шектеліп қоймайтындығын айтады, яғни тек ептілік, білім, дағды ғана бар деп айтуға болмайды, керісінше, сол ептілік, білім, дағдыны меңгеруге қабілетті,- деп санайды [3].

Ақпараттық технологияны бастауыш сыныпта қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады; оқушылардың компьютерде бірлесіп жұмыс істеулері оларды өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірімен ақылдасып барып әрекет жасауға үйретеді; компьютерде оқушылардың өзіндік жұмыс жасауы олардың шығармашылық, зерттеушілік сияқты ең қажетті қабілеттерінің көрініп, шыңдала түсуіне көмектеседі. Ал психологиялық тұрғыдан ақпарттық технологияны мектепте қолдану әсіресе бастауыш сынып оқушыларының білуге, оқуға құмарлығы, танымдық қызығушылығы, қиялы, логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілеттерінің дамуына үлкен септігін тигізеді.

Б.Г. Ананьев қабілет мәселесін жетілдіре отырып, қабілет тек индивидтің белсенді іс-әрекетінде қоғамдық тәжірибені меңгерудегі психологиялық аспектісі ретінде ғана көрсетпей, сонымен қатар психологиялық құрылым ретінде жеке адамның қабілетке байланысын көрсетеді. Оның айтуы бойынша, қабілеттілік - ақылдың шығармашылық дамуының көрінуі. Тек білімдердің жинақталуы, әрі бұл білімдерді шығармашылық көрсетуінде ғана емес, жаңа бейне, жасампаздық әрекет құра алуы деп көрсетеді [4].

М. Мұқановтың пайымдауынша, баланы оқуға итермелейтін күш, негізінде, мынадай екі түрлі түрткіден құралады: бірінші – сыртқы түрткіден, бұл жағдайда бала өзгелерден сескенетіндігінен оқитын болады. Бала тікелей талпынбайды, жанама түрде, өзгелердің оған қолданған шарасынан өзін аман сақтап қалудың амалы деп түсіну керек. Екіншіден – оқуға іштей талпыну түрткісі – баланың өзінің ықыласымен сан алуан құбылыстардың өзіне тән сырларын білуге ұмтылуынан болады [5, Б.47]. Баланың айналасындағы адамдар қарым-қатынасына, танымдық әрекеттеріне итермелейтін ішкі күштері мотив мәселесінің екі қырын белгілейді. Оның бірі – оқушы белсенділігін өзі меңгеретін объектіге бағыттайтын танымдық мотивтер де, екіншісі – оқушы белсенділігін басқа адамдармен қатынасына негізделген, әрекет нәтижесіне бағытталған әлеуметтік мотивтер. Зерттеу мәселеміздің психологиялық негізі болып табылатын оқыту үдерісінің субъектілік қарым-қатынасы біз үшін маңызды болмақ.

Қабілеттерді қарастырудағы айырмашылыққа қарамастан, әрбір жеке жағдайда қабілеттер «қасиет», «қатынас» ретінде анықталуы қабілеттерді зерттеу және диагностикалау әдістеріне шектеулер қояды.

Зерттеушілік қабілет сапаларының толық жиынтығы: ақыл-ой белсенділігі; тез үйрену жылдамдығы; шығармашылық және көркемөнерлік; нақты практикалық іс-әрекетті орындауға қажетті білім алуға тырысушылық; талпынушылық; тапсырмаларды таңдауда және оларды шешудегі қабілеттік; өздігінен орындаушылық; еңбексүйгіштік; әртүрлі және ұқсас құбылыстардан жалпы және негізгі нәрселерді көре білу т.б. жатады.

Бастауыш мектеп оқушыларының өзінде жеке даралық қызығушылығы мен зерттеушілік қабілеттері болады. Оқыту барысында еңбектің әртүрін енгізіп, зерттеушіліктің көрінулерін мадақтап отыру қажет. Осындай әртүрлі жұмыстар өз күштерін жан-жақты сынап көру – әрбір оқушының жеке даралық зерттеушілік қабілеттерінің көрінуіне, дамудың қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету, оқыту үдерісін оқушылар үшін қызықты етуге негіз болады.

Оқушылардың жалпы зерттеушілік қабілеттерінің құрамдас компоненттерін анықтауға бағытталған еңбектерге тоқтасақ, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерінің негізгі компоненттеріне мыналар жатады:

1. іс-әрекет барысында оқушы жақсы нәтижеге жетіп, зерттеушілік қабілетін дамыту үшін, алдымен, осы іс-әрекет пен қабілетке деген оның қызығушылығы, ынтасы болуы керек.

2. көңіл-күй – бұл кез келген істі орындауда негізгі, қажетті көрсеткіш деуге болады. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін дамытуда, кез келген іс-әрекетке деген көңіл-күйі олардың жұмыстарының нәтижелігіне әсер ететіндігіне мән берген жөн.

3. кез келген іс-әрекет ақыл-ой қабілеттері негізінде ғана іске асырылады.

Сондықтан ақыл-ой қабілеттерін, зерттеушілік қабілетке ұштастыруа білу қажет. Бұл өз кезегінде оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытатын бағыттағы істейтін әрекеттерін, алдымен, осы ақыл-ой қабілеттері арқылы жоспарлап алып, оны тәжірибе жүзінде іске асыруларын талап етуге болады.

Бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияларды қолдана отырып, пәнді меңгеру кезінде жоғары сапалы иллюстративті материалдардың болуының маңызы зор. Білім жүйесінде ақпараттық технологиялар білім алудың нәтижесін арттырады және мультимедиалық жабдықты қолдану оқушының барлық қабылдау қабілетін дамытудың жолдары болып табылады.

Бүгінгі тәжірибеде мультимедиалық проекторды, интерактивті тақтаны, компьютерді, интернет желісіне шығу мүмкіндіктерін пайдаланып сабақ өткізетін мұғалім сапалы білім беруге мүмкіндігі жоғары, өйткені тақырып мақсатына сәйкес таңдалған ақпараттарды аталған құралдарды қолданып ұйымдастырса, оқушылардың қызығушылығын арттырып, танымдық берсенділігінің қалыптасуына ықпалы зор. Электрондық оқыту жүйесі оқушылардың қабілеті мен танымдық қызығушылығын дамытады және өздігінен білім алу дағдысын қалыптастырады.

Бастауыш сыныптарда дүниетану сабақтарында ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланудың жолдарыпрезентациялар, электрондық оқулықтар мен бейнефильмдерді қолдана отырып табиғат, өсімдіктер және жануарлар, аспан, ғарыш әлемімен таныстыру арқылы оқушылардың ізденушілігі артып, табиғат туралы білімдерін тереңдетеді.

Бастауыш сыныптарда дүниетанудан табиғат туралы білім беру барысында электронды оқулықтарды пайдаланып, табысты нәтижеге жетуге болады. Электрондық оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі-пәндік білім, екіншісі-компьютерлік білім. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушының өздігінен шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электрондық оқулыққа ақпараттық оқыту технологиялары жинақталған. 2 сыныпта дүниетану пәні бойынша электрондық оқулықтарды пайдаланып оқушылардың зияткерлік қабілетін дамытудың жолдарына мысал келтірейік.

Мысалы, «Кеңістік және бағытты көрсету» шағын модуліне сәйкес тапсырмаларға тоқталсақ:

а)Бірінші тапсырма бойынша компас пен көкжиек аттары берілген. Суретте негізгі көкжиек тұстарын белгіле;

б) Ойын: Жауабымен келіссең «Ия», деген батырманы басасың, егер келіспесең «Жоқ» деген батырманы басасың.

Солтүстік көкжиек тұстары оңтүстікке қарама-қарсы орналасқан. Жауабы: Ия. Компас-ол ауа райын өлшеу аспабы. Жауабы: Жоқ.

в) Қала аттары жазылған Қазақстан картасының суреті берілген. Қазақстан картасынан Солтүстікте орналасқан қаланы көк түсті дөңгелекпен белгіле. Келесі «Ауа» шағын модуліне байланысты тапсырмалар тәжірибелік жұмыстардан тұрады.

1-тәжірибелік жұмыс.

Мақсаты: *ауаның жануды қуаттайтын қасиеті бар екенін дәлелдеу.*

Аспап және керекті құралдар: *үш майшам, жарты литр, шыны банка 1 литр, 3 литр сыйымдылығымен.*

Жұмыс барысы: *үш майшамды жағып үстел үстіне қой.*

2-тәжірибелік жұмыс. (Су еріткіш)

Мақсаты: *судың еріткіш екенін дәлелдеу.*

Керекті құралдар және аспаптар: *су толтырылған екі стақан, қант, саз бөлігі.*Жұмыс барысы: с*тақандағы суға қантты сал.*

3-тәжірибелік жұмыс.

Мақсаты: *судың буға айналатынын дәлелдеу.*

Аспап және керекті құралдар: *әйнек, су, шам.*

Жұмыс барысы: *таза суды әйнек бетіне тамыз.*

Дүниетану пәнінен тәжірибелік жұмыстарды орындау арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілетінің көрінетін тағы бір жолы, ол ғылыми жобалар орындату болып табылады. Зерттеушілік қабілеті неғұрлым жоғары оқушылар аталған пәннен ғылыми жоба орындауға да белсенді болады.

Қорытынды

Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілетін дамыту кезінде олардың жанына әсер ететіндей сезімдер туғызып, ақыл-ойын, қиялын байытып, зерттеушілік іс-әрекеттерді ұйымдастырудың бірқатар мәселелері жүзеге асырылады. Қорыта келе, бастауыш сыныптарда ақпараттық технологиялар негізінде өзінің білімін қажетті жерде пайдалана алатын, өздігінен қорытынды жасауға, өзінің пікірін дәлелдеуде белсенділік танытатын, зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыратын өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастырғанда оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға болады,- деп санаймыз.

1 Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы– Астана, 2014

2 С.Л. Рубинштейн Проблемы общей психологии. – М., 1973. - 98 с.

3 Б.М.ТепловПсихология. – М., 1966. – 358 с.

4 Б.Г.АнаньевБ.Г.Ананьев.Избранные психологические труды: в 2 томах. - М., 1980. - Т. 2. – 320 с.

5 М.МұқановЖас ерекшелік психологиясы. - Алматы, 1971. – 247 б.

Резюме

Амирова А.С. – д.п.н., профессор КазНПУ им.Абая

Стамғалиева Б. – магистр Атырауского госунив им. Х.Досмухамедова

Пути развития исследовательской способности учащихся начальных классов на основе информационных технологий

В статье рассматриваются пути развития исследовательских способностей учеников начальных классов с помощью информационных технологий. Развитие интеллектуальных способностей личности ученика начальных классов нами рассмотрены в рамках осуществления процесса познания. Основой исследовательского мышления учащихся служат природные задатки. Психологическое содержание понятия «исследование» широкое и до сих пор точно не определено, к нему можно относить и интеллект, умственные способности, умственное развитие, мышление и т.п.

По результатам проведенного анализа исследовательские способности человека формируются и развиваются в определенной социо-культурной среде. Анализ современных подходов к научно-исследовательской деятельности выявил, что важным для человека является навык исследования, направленный на решение конкретной проблемы. Получение новых знаний, прогноз возможных результатов познавательной деятельности являются результатом исследовательской активности субъекта.

Для учеников начальных классов характерны исследования неизвестных форм, «соискательство», активные исследовательские действия направленные на «открытия». Они не только оперирует предметами, но и исследовательским путем копирует свойства знакомых предметов на новую ситуацию, производят практические действия с объектом. Практичесие действия производимые обучающимися создают ситуацию раскрытия содержания объекта, несут познавательную и ориентировочную функцию.

Одна из основных задач обучения в начальной школе, это – формирование исследовательских навыков каждого школьника.

Ключевые слова: исследовательская, исследовательских умений, начальных классов, учащихся.

Summary

Amirova A. S. – д.п.н., professor, Abai KazNPU

Stamgalieva B. – master Atirau of university D. Dosmuhamedov

Ways of development of the research capacity of primary school pupils on the basis of information technologies

The article discusses the development of research abilities of primary school pupils with the help of information technology.Development of intellectual abilities of the individual pupil primary school we considered as part of the learning process.The basis of the research students' thinking are natural inclinations. Psychological content of the concept of "research" widespread and still not precisely defined, it can be true intelligence, mental ability, mental development, thinking, etc.

As a result of the analysis of research abilities of the person are formed and developed in a specific socio-cultural environment. The analysis of current approaches to research and development, has revealed that an important skill for a person - is a study aimed at solving a particular problem.Getting the new knowledge, forecast possible outcomes of cognitive activity are the result of the research activity of the subject.

For primary school pupils characterized the known forms of study, such as "co-competitor", active research activities directed to the "opening".They not only operates on objects, but by researchcopying the properties of familiar objects to the new situation, produce action with the object.Practical actions performed by students, create a situation of disclosure of the contents of the object carries informative and indicative function.

One of the main tasks of primary school - the formation of research skills of each student.

Keywords: skills research of work, skills research of workability, subject, class, student.

УДК 372.3/.4

БАСТАУЫШ МЕКТЕП: БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Албытова Н.П. – *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, п.ғ.к., профессор м.а.*
nalbytova@mail.ru

Мақалада жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі қарастырылады. Онда Қазақстанда әр кезеңде білім беру жүйесінің ажырымас және негізі болып саналатын бастауыш мектептің өз алдына жеке қойып келген мақсаттарына қысқаша шолу жасалады. Өйткені бүгінгі күнгі ұлттық мектептің бастауыш білім беру сатысының өзіндік тарихы мен қол жеткен жетістіктері болғандығын мойындау керек. Бүгінгі күнгі мемлекет талаптарынан туындайтын талап – бастауыш мектепте оқытуды нәтижеге бағдарлау. Сондықтан мақалада функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі және пәндік құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылатындығына; Ұлттық жоспарда белгіленген мақсат-міндеттер, оқушылардың функционалдық сауаттылығын анықтайтын PISA бағдарламасының мазмұнына; Мемлекеттің бастауыш мектепке қойып отырған жаңа тұрпаттағы функционалдық сауаттылыққа тән мақсат-міндеттерінің нәтижесі 6,7-10 жас аралығындағы оқушыдан көрінетіндігіне тоқталады. Яғни, мемлекет талап етеді, бастауыш білім беру жүйесі оларды орындауға тырысады, ал сол ауыр жүкті көтеретін – бастауыш мектеп оқушысы екендігін есертеді. Сондай-ақ, оқу нәтижесіне жетуде ескеруге қажетті өзіндік ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: Ұлттық жоспар, функционалдық сауаттылық, негізгі құзіреттілік, пәндік құзіреттілік, фактор, қосымша білім беру, ұлттық мектептің бастауыш білім беру сатысы.

Білім шын мәнінде капитал және негізгі ресурс болып табылатын қоғамда мектепке деген талап күшейіп, оның білім беру қызметі, жауапкершілігі артып келеді. Халықаралық тәжірибе ерте балалық шақтан ересек жасқа дейін адами капиталға, атап айтқанда, білім беруге бөлінетін инвестицияның экономика мен қоғамға елеулі қайтарымы болатынын дәлелдеп отыр [1].

Осы негізде Елбасы Н. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды [2].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында құзыреттілік тәсіліне және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға негізделген 12 жылдық білім берудің жаңа стандартын әзірлеу және енгізу жоспарланды [3]. Типтік оқу жоспарлары және бағдарламалары функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға; білім алудағы тұлғаның өзін-өзі дамытуын, дербестігін қамтамасыз ететін нәтижеге және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға; ақпараттар мен технологияларды басқара білуге және проблемаларды шешуге; іскерлік пен креативтілікті қалыптастыруға бағытталып отыр.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болып, кейіннен ғылыми-практикалық қолданысқа айналды. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі шексіз ақпарат пен өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Бастауыш саты – оқушының интеллекті дамуының іргетасы – оқу әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Сондықтан осы аса жауапты кезеңде оқытудың мақсатын анықтау бастауыш оқыту жүйесіндегі маңызды міндет болып саналады.

Кеңестік кезеңде бастауыш мектепте оқытудың мақсатын оқушыны келесі орта буында оқуға дайындау деп белгіленгені анық. Ал, еліміз егемендігін алып, білім мазмұнын жаңарту кезеңінде 1997 жылы Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны тұжырымдамасы дайындалды. Онда «...ең алдымен, білім берудің мақсат приоритеті түбегейлі өзгеріп, бірінші кезекке, бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, *оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жекебас тұлғасын тәрбиелеу* мақсаты қойылды» [4]. Сондай-ақ,

білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне бастауыш сынып оқушысын белгілі бір біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әртүрлі мәдениеттермен өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа түсетін автор және жас ерекшелігіне сәйкес өз жасын қалыптастыруға күш жұмсап еңбектенетін бала деп қарастыратын, осыған орай көп қырлы құрылымды білім-тәрбие мазмұнын анықтап құруға көмектесетін қазіргі заманғы дамыта отырып оқыту идеясы алынды.

Бүгінгі таңда 12 жылдық мектепке көшу барысында ұлттық жоспарда белгіленген мақсат, міндеттерді іске асыруда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау белгіленіп отыр.

Ұлттық жоспардың міндеттері:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.

3. Білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету: стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар.

4. Білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.

5. Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.

6. Мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту [5].

Функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін *негізгі және пәндік құзыреттіліктер* жүйесін меңгеруі болып табылады.

Орта мектепті бітірушінің мынадай ***негізгі*** *құзыреттіліктері* белгіленген:

- Басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);
- Ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі);
- Коммуникативтік (қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға қабілеті);
- Әлеуметтік (әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілеті);
- Тұлғалық (өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті);
- Азаматтық (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде өзінің Отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті);
- Технологиялық (тиімді пайдалану деңгейінде технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).
- Жекелеген пәндік салалар шеңберіндегі *пәндік құзыреттілік* – оқу пәні шеңберінде меңгерілген ерекше білім, іскерлік, дағдылар.

Функционалдық сауаттылыққа тән *негізгі және пәндік құзыреттіліктер* нәтижесі халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programmer for International Student Assessment – PISA) арқылы анықталады. PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды. 2000 жылдан бастап жаңартылған білім мазмұнын анықтайтын стандарт деп PISA қабылданып, қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. 2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-сынып оқушылары осы жаңартылған мазмұн бойынша оқытыла бастайтындығы белгілі.

PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б.) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді:

1) білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);

2) оқыту нысандары мен әдістері;

3) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;

4) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;

5) мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);

6) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;

7) ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Қазақстандық бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері ретінде білім беру мазмұны бойынша стандарттар, оқу бағдарламалары мен оқу кешендері және т.б.; білім алушылардың оқудағы жетістіктерін іштей бағалау, диагностикалау мен өзін-өзі бағалау жүйесі; жаңартылған білім мазмұнын іске асыратын педагогтар қауымын дайындау мен қайта даярлау жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Байқап отырғанымыздай, мемлекеттің бастауыш мектепке қойып отырған жаңа тұрпаттағы функционалдық сауаттылыққа тән мақсат-міндеттерінің нәтижесі 6,7-10 жас аралығындағы оқушыдан көрінеді. Яғни, мемлекет талап етеді, бастауыш білім беру жүйесі оларды орындауға тырысады, ал сол жүкті көтеретін – бастауыш мектеп оқушысы.

Бұл Ұлттық жоспарда белгіленген ата-аналармен жұмысты заманауи тұрғыда жаңаша ұйымдастыруды, әсіресе, ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігін күшейтуді, білімін көтеруді талап етеді. Сондықтан да ата-аналардың баланы жақсы тануына, оны түрлі жетістіктер мен сәтсіздіктер жағдайында көре алуына, баланың өзіндік жеке ерекшелігін тануға, олардың қабілеттерін дамытуға, өмірлік құнды бағдарын қалыптастыруға жағымсыз мінез-құлықтарынан арылтуға көмек беруге мүмкіндік беретін функционалдық сауаттылығын арттыру әдіснамасы ғылыми тұрғыда практикамен сәйкестендірілген жағдайда жасалуы қажет. Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбилеуге белсенді қатысуын қамтамасыз етуді мемлекет тарапынан ықпал жасау, олардың сауатын көтеру мәселесін шешу жолдарын іздестіруді қолға алу кезек күттірмейтін басты проблема. Бұл ретте ата-аналарды мектеп өміріне белсенді тартуға бағытталған іс-шаралар жүйесін, яғни, қамқоршылық кеңесін, ата-аналар қауымдастығын, ата-аналар университетін құрудың заманауи жолдары тәжірибеге ену керек.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығына қол жеткізуге ықпал ететін факторларға PISA көшбасшы елдері оқушыларды қосымша біліммен және мектептен тыс сабақтармен қамтуды жатқызады. Себебі жалпы білім беретін мектептердің қызметін қосымша білім беру ұйымдарымен біріктіру оқушының өзін-өзі анықтауына және шығармашылық және инновациялық қызметке деген қажеттілікті қалыптастыруға ықпал ететеді. Қосымша білім беруде театр, хореография, қазіргі би, ырғақты гимнастика, сурет-кескіндеме өнері, бағдарламалау, психология пәндері және дене тәрбиесі, спорт түрлері білім берумен қатар өрістетуі қажет. Оқушы қызығушылығы мен ынтасына сәйкес ғылыми-зерттеу жобаларына, техникалық шығармашылыққа, өнертапқыштыққа, модельдеуге, нанотехнологияларға, робот техникасына, легожобалауға жүйелі түрде қатысуды дағдыға айналдыруға назар аудару керек.

Демек, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісі педагогика тарихында бар, бірақ соңғы уақытта қолданыстан тыс қалып келе жатқан «оқушыға паралельді ықпал ету» қағидасына негізделіп, мемлекет, мектеп, бастауыш сынып мұғалімі, ата-ана, қосымша білім беру орындары оқушының барлық іс-әрекетіне педагогикалық қолдау жасаумен сабақтасуы қажет. PISA талаптары бойынша оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуда паралельді қызмет атқаруға қажетті институттардың бірлесуін қалыпты стеоретип ретінде пән оқытушысының, жеке мектептің міндеті ретінде қараумен шектелмей, саналы да сапалы нәтижеге жету үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсету басты мәселе.

Белгіленген заманауи талаптарға жауап беретін бастауыш мектептің болашағы әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің мәлімделген нәтижелерге сәйкестігі, сырттай бағалау, халықаралық зерттеулерге (TIMSS, PISA және PIRLS) қатысуы төмендегідей жағдайлардың шешімін ескеруге және орындауға байланысты деп қарастырып, бірнеші ұсыныстар жасаймыз:

- жаңартылған білім мазмұнына сәйкес мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың материалдық, психологиялық, моральдық қолдау көрсетуі;

- жоспарлы жұмыстар белгілеу және жұмыс жоспарының орындалуын қадағалау;
- ата-аналардың баламен, мектеппен жұмысына педагогикалық қолдау көрсетуді ғылыми негіздеп, тәжірибелік алгоритмін ұсыну;
- қосымша білім беру орындарында әр оқушының өзін-өзі танып, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беретін ақпараттық, коммуникативтік, тұлғалық дамуына ықпал ететін іс-әрекеттерді ұйымдастыруды нақты жеке мектеппен сабақтастыру;
- оқушының пәндік құзыреттілігін қалыптастыруда бастауыш мектеп мұғалімін қаржылай ынталандыру, кәсіби шеберлігін арттыру.

1 «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді Стратегиясы. 1997 ж.

2 Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдау.2012 ж.

3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2010 ж.

4 Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны тұжырымдамасы. 1997ж.

5 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. 2012 ж.

Резюме

Албытова Н.П. – Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, к.п.н, и.о.профессора

Начальная школа: настоящее и будущее

В статье рассматривается проблема развития функциональной грамотности учащихся в соответствии с обновленным содержанием программы образования. Сделан краткий обзор по определенным целям каждого этапа начального образования как нетъемлемой части образовательной системы Казахстана. Так как надо признать, что современная национальная начальная школа в системе образования имеет свою историю и достижения. На сегодняшний день государство требует ориентированности образования в начальной школе на результат. В связи с этим, в статье рассматривается результат развития функциональной грамотности обучающихся, ориентированных на практику и социальную адатацию, базирующийся на основной и предметной компетентности; излагаются установленные в национальном плане цели и задачи, программа определения о функциональной грамотности учащихся PISA; цели и задачи функциональной грамотности, которые ставит государство по обновленному содержанию программы образования, отражающиеся результативностью 6,7-10 летних учеников. То есть, государство требует, система начального образования способствует, но основная нагрузка приходится на учеников начальных классов. В связи с этим предложены необходимые рекомендации для учитывания достижений результатов обучения.

Ключевые слова: Национальный план, функциональная грамотность, ключевая компетентность, предметная компетенция, фактор, дополнительное образование, национальная начальная школа в системе образования.

Summary

Albytova N.P. – The Eurasian National University L. N. Gumilev, the candidate of pedagogical sciences, acting professor, nalbytova@mail.ru

Elementary school: present and future

The problem of the development of functional literacy of students in accordance with the updated content of education programs. A brief overview of the specific objectives of each stage of primary education netemlemoy part of the education system of Kazakhstan. Since it is necessary to recognize that the modern national primary school in the education system has its own history and achievements. To date, the state requires orientation of education in primary schools on the result. In this regard, the article examines the result of the development of functional literacy obuchajushche focused on practice and social adatatsiyu, based on the main subject and competence; outlines laid down in the national plan of goals and objectives, determine the program of functional literacy of students PISA; goals and objectives of functional literacy, which puts the state on the updated content of education programs that reflect effectiveness 6,7-10 year olds. That is, the state requires that primary education contributes to, but the main burden falls on the primary school students. In this connection, it offered the necessary guidance to take account of the achievements of learning outcomes.

Keywords: National plan, functional literacy, key competencies, subject competence factor, additional education, the national primary school in the education system.

УДК 37.03

ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНІҢ МАҚСАТТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Джанзакова Ш.И. – *Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор м.а.* Email: sholpan.dzhanzakova@mail.ru
Ермекова Ә.Е. – *Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің "Педагогика және психология" мамандығының 2 курс магистранты.* Email: E.aziza-2011@inbox.ru

Мақалада тәрбие үдерісінің мақсаттылығы және оны шешудің жолдарын ашу барысында тәрбие үдерісі тұтас педагогикалық үдерістің бөлігі екенін нақтылай отырып, тәрбиенің мақсаттылығы, тәрбие үдерісі оқыту үдерісінде, мектеп - отбасы - қоғам байланысында атқарылатын жұмыстарды, мектептегі қоғамдық ұйымдар, әртүрлі шараларды толықтай қамтитыны, бұл жерде мақсат нақты айқын және одан шығатын міндеттер алға қойған тәрбие бағыттарды ашуы, іске асыруы керек екеніне тоқталады. Тәрбие мәселесіне байланысты алыс және жақын шетел, қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып тәрбиенің негізгі бағытттарын, тәрбие үдерісінің өзіндік ұстанымдары мен тәрбиенің қоғамда атқаратын қызметіне қарай, өзіндік ерекшеліктері жан-жақты ашылып беріледі.

Түйін сөздер: Педагогикалық үдеріс, тұтас педагогикалық үдеріс, тәрбие үдерісі, мақсаттылық,тәрбие бағыттары, мектеп - отбасы - қоғам, мектептегі қоғамдық ұйымдар, тәрбие ұстанымдары.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында барша қазақстандықтарды біріктіретін және ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар Қазақстанның тәуелсіздігі, ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; тарихтың, мәдениет, тіл, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан ықпал етуін негізгі ұстаным деп қарастырады[1; 2].

Яғни, біздің алдымызда тұрған мақсат жоғарыда көрсетілген құндылықтарды тұлғаның бойына қалыптастыруды мақсат етіп қоюмыз керек. Мұны іске асыруда үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие үдерісі негізгі орын алады.

Тұжырымдамада да тәрбиенің мақсатын ұлттық, дәстүрлі және жалпыәлемдік құндылықтарды өзара кіріктіре отырып жүргізу тәрбие үдерісінің негізі екенін көреміз[3]. Тәрбие үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық үдеріс толықтай мектептегі жан жақты оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтендіру т.б. қамтиды және бұлар бірінсіз -бірі іске аспайды. Тәрбие үдерісі оқыту үдерісінде, мектеп - отбасы - қоғам байланысында атқарылатын жұмыстарды, мектептегі қоғамдық ұйымдар, әртүрлі шараларды толықтай қамтиды. Бұл жерде мақсат нақты айқын және одан шығатын міндеттер алға қойған тәрбие бағыттарды ашуы, іске асыруы керек.

Ғалым Ш. Майғаранованың зерттеуінде «мақсат - дегеніміз алға қойылған биік мұратқа ұмтылу, оны іске асыруға әрекет ету. Мақсат жас ұрпақтың болашағын алдын ала ойластырып, оларды өмірге әзірлеу барысында жүргізілетін тәрбие жұмысының нәтижесінде, жеке басына тән сапалық қасиеттерінің дамуын қамтамасыз ету. Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі қоғамның дамуына тәуелді», - деп атап көрсетеді.

Осыған байланысты тәрбиеге қойылатын негізгі мақсаттар: жеке тұлғаның дүниеге ғылыми көзқарасын дұрыс қалыптастыру; жеке тұлғаның даралық және дене қабілеттерін жан-жақты дамытып, эстетикалық талғамдары мен сезімдерін қоғамның талаптарына сай тәрбиелеу.

Тәрбиелік мақсатқа сәйкес, тәрбие кешенді міндеттерді шешуді алға қояды: дүниетанымы кең, ой-өрісі жоғары, жеке тұлғалық қасиеттері дамыған адамның негізін қалыптастыру; еңбек, таным, қоғам, отбасы, уақытты тиімді пайдалана білу тәрізді әлеуметтік қызметтерді өз мәнінде қабылдап, оларды пайдалана білуге даярлау, кәсіп таңдау; өз тағдырын өзі шешуге мүмкіншілік жасау, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өз бетімен білім алуына мүмкіндіктер туғызу[4, 5-6 б.].

2015 жылы ұсынылған «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» тәрбие қағидасына жан - жақты тоқталады. «Тәрбие қағидасы – тәрбиешілер міндетті түрде сақтайтын, тәрбиені ұйымдасытрудың аса маңызды ережелері, бастапқы ережесі дей келе, қағиданың барлық бағыттарына тоқталады: табиғилылық қағидасы, мәдени сәйкестілік қағидасы, гуманистік бағыт қағидасы, этникалық қағида, бірлік талабы мен сабақтастықты қамтамасыз ету қағидасы, тәрбиенің үздіксіздік қағидасы, әлеуметтік өзара іс-әрекеттер тиімділігі қағидасы, әлеуметтік барабар қағидасы, демократияландыру қағидасы, вариативтілік қағидасы. Ал, *мақстаттылық қағидасына* мақсатты талаптың айқындығын, ұжымдық сұранысқа нақты есеп жасауды, тәрбие қызметінің басты түрлерін дұрыс таңдауды қарастырады», - деп нақты анықтама

берілген [3]. Тәрбие табиғи және әлеуметтік-мәдени үдерістердің өзара байланысының ғылыми түсінігіне және балаларды тәрбиелеуде олардың жеке тұлғалық және жас ерекшеліктерін ескерудің қажеттігіне, жалпы адамзаттық құндылықтарға, құндылықтарға сай дәстүрлер мен ұлттық мәдени нормаларға және аймақтық ерекшеліктерге сәйкес құрылады, әрбір жеке тұлғаға құрметпен қарайтын, оның бостандығын және әлеуметтік құқын мойындайтын гуманистік идеяны және бағытты бірінші орынға қояды; педагогтың білім алушыларға және тәрбиешілерге өздерін-өздері дамытуға жауапкершілікті субъекті ретінде қарауын, сондай-ақ, субъектінің-субъектіге көңіл бөледі [3].

Расында да, мақсат қою арқылы біз тұлғаны қалыптастырудағы нақты бағытттарды анықтаймыз, сол бағытттар негізінде оның бойындағы физиологиялық мен психикалық жетілуіне, рухани құндылықтарды дамытуға, қалыптастыруға бейімдейміз. Тәрбиенің мақсаты қоғамның тарихи дамуына, қоғамның сұранысына сәйкес болуы қажетті және заңды құбылыс. Еліміз егемендік алғаннан бері жалпы тәрбие мен ұлттық тәрбиеге аса мән берілді. Тәрбие арқылы тұлғаның бойындағы тума қасиеттермен бірге әулет, ата - ана, қоршаған ортаның ықпалына аса мән берудің қажеттілігі де негізгі орын алады. Зерттеу жұмысында барысында баланың дүниеге келгендегі темпераментін нақты зерттей отырып, тәрбие беру, тұлғаны әлеуметтендіру, бейімделуіне аса мән бердік. Темперамент те тұлға дамуының негізгі көрсеткіші. Егер мүмкіндігінше тұлға темпераментін зерттей отырып, тұлғаның жетілуін педагогикалық - психологиялық тұрғыда кіріктіре отырып жүргізгенде ғана нақты нәтижеге жетеміз. Біз оқу - тәрбие жұмысында тұлғаны субъект тұрғысынан қарастыра отырып, субъект - субъект қарым - қатынаста жұмыстарды жүргізу тиімді педагогикалық ұстаным екенін диагоностикалық жұмыстарда байқадық. Субьектінің әрекеті тұлға дамуының негізгі факторы. Субьектінің дамуына сыртқы орта мен ішкі фактор ықпал ету арқылы олардың белсенділік әрекеттері, қарым-қатынасы, өзін - өзі басқаруы, өзін - өзі түсінуі, өзін-өзі жетілдіру, басқаруы дамиды.

Тәрбие мәселесіне байланысты алыс және жақын шетел ғалымдары П.И. Пидкасистый, В.С. Кукушкин т.б., қазақстандық ғалымдар Калюжный А.А., Ұзақбаева С.А., Төлеубекова Р.К., Иманбаева С.Т., Майғаранова Ш., Тажибаева С.Г. т.б. зерттеулерінде, ғылыми еңбектерінде тәрбиенің негізгі бағытттарын, тәрбие үдерісінің өзіндік ұстанымдары мен тәрбиенің қоғамда атқаратын қызметіне қарай, өзіндік ерекшеліктері жан - жақты ашылып беріледі. Яғни, «тәрбие - қоғамдық құбылыс. Адам қоғамнан тысқары өмір сүре алмайды. Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты, тәрбиенің мақсаты жаңа жағдайға байланысты толығып отырады.Тәрбие - біртұтас процесс. Тұлғаның кісілік қасиеттерін қалыптастыру бірыңғай жағдайда, бір уақытта іске асырылады. Тұлға жеке адам ретінде тәрбиеленеді. Тәрбие – ұзақ, әрі күрделі процесс. Адам туып, есею барысында тәрбиенің ықпалында болады. Онан кейінгі уақытта өзін-өзі тәрбиелеу процесімен жетіледі. Тәрбие мақсатының нәтижесіне дереу қол жеткізуге болмайды. Мектепте әр оқу сатысындағы оқушылардың тәрбиелік деңгейіне талаптар қойылып, соған қол жеткізу көзделеді. Тәрбиеге іштей және сырттай ықпал жасалады. Тәрбие – көпжақты процесс. Мектеп оқушыларын тұлға етіп тәрбиелеу, қалыптастыру, дамыту, оларды қоғамдық өмірге даярлау барлық қоғам азаматтарының міндеті. Қоғамның тәрбиелік әрекетін бірыңғай бағытта ұйымдастырып, оқушының тұлғалық қасиетін қалыптастыруды жүзеге асыратын мектептегі ұстаздар ұжымы мен отбасы» [4]. «Тәрбие – жеке тұлғаны мақсатты қалыптастыру процесі. Бұл арнайы ұйымдастырылған, басқарылатын және бақыланатын, соңғы нәтижесі қоғамға қажет және пайдалы тұлға қалыптастыру болып табылатын тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара іс-әрекеті» [3].

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде анықталған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу тәрбие жұмысының басым 8 бағытын ұсынады: Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие; рухани-адамгершілік тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасы тәрбиесі; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; зияткерлік тәрбие; ақпараттық мәдениет тәрбиесі; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігін өлшеуші ретінде критерийлер: олар тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және құбылыстарға қарым-қатынастары арқылы байқалады.

Тәрбие үдерісінің мақсаттылығы және оны шешудің жолдарында мектептегі және сыныптағы тәрбие жоспарында әр бағытттың мақсаты мен мәндеттерін нақты аша білдік. Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие. Бұл бағыттың мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптастыруға, тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға ықпал ету, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін, құқықтық санасын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясына, заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран,

ту), құқықтық тәртіпке;елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік мәдени даму саласындағы және әлемдік аренадағы жетістіктеріне; басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;құқықтық біліміне;заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; құқықтың әлеуметтік құндылықтарына құрметпен қарауы,мақтаныш сезімінің болуы және жауапкершілік танытуы.

Іске асыру механизмдеріне: сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру, дебат және пікірталас клубтары. патриоттық форумдар, акциялар, оқушылардың мемлекеттілік нышандарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар т.б. қамтылады.Тұлғаның бойындағы негігі қасиеттер: ерлік, намыс және абырой тағылымдары. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасы, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары. Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлері, соғыс және еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары қызметкерлерімен кездесулер. Балалар мен жастардың бастамашыл жобаларын дамыту. Балалар және жастар қозғалысымен, қоғамдық қорлармен бірлескен қызмет; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер, саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтері», «Мен және заң» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады [3].

Мектептегі тәрбие жұмысының, сыныптағы тәрбие жұмысының оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты нақты мақсаттары қойылады. Сыныптағы тәрбие жұмыс жоспарының мақсаты, мақсатқа негізделген міндеттерге сәйкес тәрбие және сынып сағаттары нақты тақырыптарды қамтиды. Әр тақырыпты ашуға байланысты мақсат қойылады. Тәжірибелік - эксперименттік жұмыс жүргізген мектептің 9 сыныпқа арналған тәрбие жоспарында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауларындағы тұлғаның рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға негізделген шараларда негізгі мақсаты - жолдаулардың мазмұнын түсіну, тарихи маңызын білу, жолдаулардағы қамтылған мақсаттың орындалуын ашып көрсету болды. Тақырыпты ашуға байланысты оқушылармен төмендегідей сауалнама - тапсырмалар берілді:Жолдау дегенімізді қалай түсінесің? Алғашқы жолдау қай мемлекетте халыққа жолданды? Оны жолдаған Президенттің аты жөні? Қазақстанда алғашқы жолдау қашан жарияланды? Қазақтанда Президент халыққа қанша жолдау жолдады? Жолдаулардың негізгі мақсаты неде?

Жоғарыдағы сауалнама - тапсырмаларға жауап ала отырып, нақты тақырып бойынша жолдаулардың мазмұнын оқушылар аша білді. Әр жылғы жолдаудағы тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруға негізделген бағыттарды нақты айқындады.

«Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» көрсетілген 8 бағыттың негізгісі мектепте оқушылардың рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда негізгі мақсат - пән сабақтарындағы білім мазмұны мен сыныптан тыс уақыттағы жүргізілетін тәрбие жұмыстарын өзара байланыстыра, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардан білім мен тәрбие бере отырып елін, жерін сүйетін және оны қорғай білетін, рухани құндылықтары қалыптасқан патриот-азамат тәрбиелеу. Осы мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттер айқындалды:

- оқу-тәрбиені тұтас педагогикалық үрдіс деп қарап, пән сабақтағы білім мазмұнымен сыныптан тыс уақытта жұмыстарды біріктіре отырып, тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;
- ұлттық рәміздердің пайда болуы және олардың шығу тарихын біле отырып, Қазақстан Республикасының рәміздеріне туына, елтаңбасына, әнұранына деген құрметін қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының тұтастығын сақтайтын және халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайтатын азамат тәрбиелеу [4].

Дайындалған тапсырмалар негізінде оқушылардың тұлғалық қасиеті, білім мен тәрбие деңгейлері сауалдамалар, тест тапсырмалары және тұлғаның әлеуметтік ортаға, жолдасына, үлкендерге, кішілерге, т.б. қарым-қатынасы арқылы айқындалады.

Ғылыми - зерттеу жұмысымыз бойынша дайындалған тәрбие жоспарында тұжырымдамада берілген тәрбиенің әр бағыты бойынша оның мақсаты, сол мақсатқа сәйкес міндеттері айқындалды. Тәрбие мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бүгінгі мектептегі тәрбие үдерісі қоғамның бүгінгі талаптарына сай интеллектуалды, бәсекеге қабілетті, ұлттық санасы жоғары тұлғаларды қалыптастыруға толықтай жауап бере алады. Тәрбие үдерісінің мақсаттылығы және оны шешуде педагогикалық үдеріс тұлғаның ұстаздармен бірлескен, олардың басшылығымен жүзеге асатын әлеуметтік тәжірибені меңгеруге және әрбір тұлғаны қалыптастыруға бағытталып, дамуға және қоғамдық өмірде жүзеге асыруға дайын болуын қамтамасыз етеді.

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. Алматы. 2014. - 40 бет

2 «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат. №1, 2013. – 5-27 бб.

3 Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген.

4 Майгаранова Ш., Иманбаева С.Т., т.б. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Оқу әдістемелік құрал. - Алматы. 2009. - 260 б.

5 Кукушин В.С. Теория и методика воспитательной работы. Учебное пособие. – Ростов на Дону. Издательский центр «МарТ», 2002. – 320 с. Серия «Педагогическое образование».

6 Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2004. - 348 б.

7 Калюжный А.А., Тажибаева С.Г., Алимбаева А.А. Классный руководитель. – Алматы. АГУ им. Абая. 2000.

Резюме

Джанзакова Ш. И. - Атырауский Государственный универстит им. Х. Досмухамедова, Заведующий кафедрой педагогики, д.п.н., профессор м.а. Email: sholpan.dzhanzakova@mail.ru

Ермекова А.Е. - Атырауский Государственный универстит им. Х. Досмухамедова

Магистрант 2 курс по специальности “Педагогика және психолоия” Email: E.aziza-2011@inbox.ru

Целенаправленность воспитательного процесса и пути его решения

В статье четко раскрываются цели и направления воспитательного процесса и пути его решения, как часть общего педагогического процесса, воспитательные цели и направления, воспитательный процесс в ходе учебной деятельности, работы в призме «школа-семья-общество», школьные общественные организации, полная популяризация различных мероприятий, и вместе с тем необходимость постановки четких целей и вытекающих из них обязанностей, которые направлены на раскрытие и осуществление воспитательных целей. Опираясь на работы казахстанских ученых и ученых ближнего и дальнего зарубежья, связанные с вопросами воспитания, в статье всесторонне раскрываются основные направления воспитания, воспитательного процесса и специфика воспитательных задач с учетом собственной позиции изанимаемого положения в обществе.

Ключевые слова: педагогический процесс, общий педагогический процесс, воспитательный процесс, целенаправленность, направления воспитания, школа-семья-общество, школьные общественные организации, воспитательные позиции.

Summary

Janzakova Sh. – Head of Pedagogical Department Atyrau State University after Kh. Dosmukhamedov, Doctor of pedagogical science, professor, Email: sholpan.dzhanzakova@mail.ru

Yermekova A. – 2nd course undergraduateof “Pedagogic and Psychology” master science Atyrau State University after Kh. Dosmukhamedov, Email:E.aziza-2011@inbox.ru

Educational Process. Purposefulness and Solutions

The article clearly opens the purposefulness and solutions of the educational process as a part of the overall pedagogical process, educational aims and directions, educational and bringing-up process, activities through the prism of “school-family-society”, school societies, full expansion and popularization of different activities, and also necessity to set clear goals and responsibilities resulting from them and aimed to expand and execute the educational goals. Supported by Kazakhstani, FSU and beyond scientists’ works associated with educational and bringing-up processes, the article displays the main educational directivities, educational process, and peculiarities of the educational tasks with due consideration of individuals’ own positions and ranks in the society.

Keywords: Pedagogical process, overall pedagogical process, educational process, purposefulness, educational directivity, school-family-society, school societies, educational positions.

УДК 37.035.6

РЕАЛИЗАЦИЯ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПОДХОДА В ПРОЦЕССЕ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

Абильдина С.К. – *зав. кафедрой педагогики и методики начального обучения, д.п.н., профессор,*
e-mail: salta-7069@mail.ru
Айдарбекова К.А. – *м.п.н., ст. преп. кафедры педагогики и методики начального обучения,*
e-mail: kuka_aid.73@mail.ru
Мусина В.Т. – *магистрант специальности 6М010200 – «Педагогика и методика начального обучения»*
Карагандинского государственного университета им. академика Е.А. Букетова
e-mail: venerah_m_81@mail.ru

В статье рассматриваются проблемы патриотического воспитания школьников в контексте реализации этнопедагогичекого подхода, освещаются задачи патриотического воспитания учащихся начальной школы, среднего звена, старших классов. Авторами проанализированы работы казахстанских ученых по проблеме воспитания патриотизма, представлены методы и формы патриотического воспитания школьников в рамках реализации этнопедагогического подхода, раскрыты принципы деятельности педагога при осуществлении этнопедагогического подхода в воспитании патриотических качеств у школьников.

Ключевые слова: этнопедагогика, подход, этнопедагогический подход, патриотизм, воспитание, патриотическое воспитание, методы, формы и принципы патриотического воспитания.

Патриотизм является важным компонентов общественного сознания граждан. Недостаточная эффективность воспитательной работы по формированию патриотизма, ослабление духовно-культурных основ общества и государства, низкий уровень осознания обществом глобальных проблем, международных конфликтов, ослабление нравственности на уровне личности и общества определяют важность повышения качества патриотического воспитания в общей системе воспитания подрастающего поколения.

Одной из задач Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы является формирование интеллектуальной нации, представители которой обладают не только конкурентоспособными знаниями, креативным мышлением, но и высокими гражданскими и нравственными принципами, чувством патриотизма и социальной ответственности [1].

Важность патриотического воспитания молодежи подчеркивает Президент Казахстана Н.А. Назарбаев. В своем Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства» Глава государства отметил, что «новый казахстанский патриотизм – основа успеха нашего многонационального и многоконфессионального общества» [2].

Условиями эффективности работы по патриотическому воспитанию являются:

- анализ содержания и состояния воспитательного процесса,
- оценка достигнутых результатов,
- определение новых возможностей и подходов реализации.

К воспитанию и обучению в истории педагогики применялись различные подходы. Наиболее изученными являются системный, деятельностный, комплексный и этнопедагогический подходы.

Существовало две позиции, разделяющие системный (Б.Г. Ананьев, Б.Ф. Ломов и др.) и деятельностный (Л.С. Выготский, Л.В. Занков, А.Р. Лурия, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов и др.) подходы.

Системно-деятельностный подход объединяет оба эти подхода. Системно-деятельностный подход способствует формированию личности ученика и продвижение его в развитии. Данный подход осуществляется в процессе собственной деятельности учащегося, направленной на открытие новой информации. В процессе работы с информацией учащиеся осознают, что потребность в постоянном саморазвитии обеспечит успешную социализацию в современном информационном обществе.

Современные педагоги подчеркивают, что процесс воспитания должен строиться как целенаправленное взаимодействие воспитателей и воспитанников, как организация определенных отношений между учащимися, воспитателями и окружающей жизнью. Это обеспечивает комплексный подход к воспитанию школьников. Он объективно требует сочетания всех сторон личности, связи задач, содержания, методов и форм организации процесса воспитания, согласованного взаимодействия школы, семьи и общественности, а также единства воспитания и самовоспитания учащихся.

На наш взгляд, наиболее эффективным является этнопедагогический подход к воспитанию патриотизма. Этнопедагогический подход к воспитанию:

- интегрирует основные аспекты культурологического и системного подходов;
- выступает основой воспитания патриотизма школьников;
- актуализирует знания педагога и учеников об общественных процессах;
- выдвигает в качестве приоритетных направлений субъект-субъектное взаимодействие и самоактуализацию личности в пространстве культуры.

В научной литературе, этнопедагогика представлена как наука, изучающая народную педагогику как традиционную практику воспитания и обучения, исторически сложившуюся у различных этносов.

Исследователи народной педагогики (К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский), показали взаимовлияние классической, современной и народной педагогики, которые дополняют и обогащают друг друга. Анализ источников показывает, что воспитание тесно перекликается с идеями народной педагогики: в устном народном творчестве. Предания народа тесно связаны с описанием поступков, жизни и деятельности человека.

По мнению Г.Н. Волкова, этнопедагогика изучает процесс социального взаимодействия и общественного воздействия, в ходе которого воспитывается, развивается личность, усваивающая социальные нормы, ценности, опыт. Она собирает и систематизирует народные знания о воспитании и обучении детей, народную мудрость, отраженную в религиозных учениях, сказках, сказаниях, былинах притчах, песнях, загадках, пословицах и поговорках и др., в семейном и общественном укладе, быте, традициях, а также весь педагогический потенциал, оказывающий влияние на процесс культурного формирования личности [3].

Таким образом, этнопедагогический подход к воспитанию определяет цели формирования гражданско-патриотических качеств человека, приобщая к единым нормам и ценностям. У представителей различных культур существуют похожие взгляды на вопросы воспитания подрастающего поколения, представления о патриотизме, доброте, трудолюбии и других общечеловеческих ценностях. Но, при этом каждый народ выделяет качества, имеющие для него первостепенное значение.

Проблемы патриотического воспитания изучаются и казахстанскими учеными. В трудах казахстанских ученых (К.Ж. Кожахметовой, С.Т. Иманбаевой [4], Ш.Т. Таубаевой, К.С. Менлибаева [5], Г.К. Бельгибаевой, С.С. Тауланова, С.К. Нурмукашевой и др.) подтверждается значимость национальной культуры и знаний, представленных в опыте народной педагогики, в гражданско-патриотическом воспитании подрастающего поколения.

С.Т. Иманбаева [4] особое внимание уделяет формированию казахстанского патриотизма, основанного на государственной идеологии страны. Ею предложено следующее определение: «военное воспитание».

Так, К.С. Менлибаев считает, что сохранение национальных традиций и обычаев является результатом многовековой воспитательной деятельности народов, сквозь которую каждый народ воспроизводит свою духовную культуру, особенности национальной психологии.

Актуальность воспитания патриотизма на основе этнопедагогического подхода обусловлена рядом противоречий между:

- потребностью общества в личности гражданина-патриота и недостаточным уровнем сформированности патриотических чувств и качеств у выпускников школ;
- наличием в педагогической практике методик воспитания патриотизма и недостаточным обоснованием условий их использования на основе этнопедагогического подхода.

Этнопедагогический подход к патриотическому воспитанию школьников предполагает учет меняющихся целей воспитания, позволяет добиться целенаправленного и последовательного включения в него педагогического наследия народа, что способствует формированию патриотизма, толерантности, развитию творческого мышления, познавательной активности, инициативности учащихся школ.

Патриотическое воспитание школьников становится эффективным при реализации следующих принципов этнопедагогического подхода:

- реализации традиций народной педагогики;
- усвоение культурных знаний и ценностей;
- планирование воспитательной работы с учетом национального своеобразия школы;
- включения школьников в непосредственную патриотическую деятельность.

Процесс патриотического воспитания, на наш взгляд, кроме вышеперечисленных принципов должен учитывать и такой фактор, как возраст воспитанников. Так, И.И. Валеев [6] выделил следующие школьные возрастные группы, которые влияют на особенности процесса воспитания патриотизма:

1) учащиеся 1-5 классов;
2) учащиеся 6-8 классов;
3) учащиеся 9-11 классов.

Патриотическое воспитание охватывает различные возрастные ступени человека. На каждой ступени оно направлено на решение различных задач с учетом возраста воспитанников. Прежде всего, необходимо рассмотреть особенности учащихся школьного возраста.

Задачей воспитания и обучения учащихся начальной школы возрастная педагогика определяет раскрытие способностей, развитие творчества. Младший школьный возраст характеризуется готовностью к новым обязанностям, ответственностью перед другими людьми. Интерес лежит в основе учебной мотивации младшего школьника.

Учебная деятельность является ведущей в данном возрасте. На основе нее строятся основные отношения ребенка с обществом, формирование основных качеств и отдельных психических процессов личности ребенка.

Для учащихся среднего звена характерны целеустремленность, настойчивость, импульсивность действий, стремление к информации и потребность в общении. Но настойчивость может смениться апатией, повышенная самоуверенность сменяется ранимостью и неуверенностью в себе.

В данный период в деятельности возникает стремление участвовать в общественно необходимой работе, стать значимым. Подросток учится строить общение в различных коллективах с учетом принятых в них норм взаимоотношений, рефлексии собственного поведения. Социальная активность подростка проявляется в восприимчивости к усвоению норм, ценностей и способов поведения и отношений взрослых.

Учащиеся старших классов начинают взаимодействие с новыми коллективами. Данный период характеризуется направленностью на выбор образа жизни, профессии, людей.

Многие старшеклассники не осознают значения общественных норм и ценностей, не имеют четких гражданских ориентиров. Противоречивость и нестабильность выбора жизненных приоритетов сделали очевидной необходимость проведения специальных воспитательных мероприятий по формированию гражданско-патриотических ценностей и ориентаций.

Обобщенное мнение по вопросу задач патриотического воспитания и выбора форм работы в разных возрастных группах, мы представили в виде следующей таблицы.

Таблица 1. Методы и формы патриотического воспитания школьников в рамках реализации этнопедагогического подхода.

Уровень	Задачи патриотического воспитания	Формы работы
Начальные классы	- формирование личности; - подведение к осознанию себя частью общества, гражданином своей Родины	- классные часы, - беседы, - инсценировка народных сказок, - разъяснение поговорок, пословиц, - творческая деятельность, - посещение музеев.
Средние классы	- воспитание уважения к закону, праву, правам других людей, ответ-ственности перед обществом; - обогащение историческими знаниями; - познание правовых норм.	- экскурсии, - походы, - встречи, - благотворительные акции, - творческая деятельность, - организация выставок, - посещение военных музеев, - исторические уроки.
Старшие классы	- расширение знаний о процессах, происходящих в различных сферах об-щества; - о правах людей; - формирование гражданской позиции и социально-политической ориентации.	- экскурсии, - благотворительные акции, - общественные движения, - творческая деятельность, - волонтерство, - фоторепортажи, - создание музеев.

В таблице изложены наиболее эффективные формы патриотического воспитания с учетом этнопедагогического подхода для каждого возрастного периода.

С учащимися начальной школы необходимо раскрывать смысл пословиц, поговорок, сказок, былин, легенд, с помощью народных игр вовлекать учащихся младших классов в процесс изучения народной культуры. Анализ поведения героев народных произведений позволит учащимся усвоить общечеловеческие ценности, их роль в жизни человека и общества во все времена. Такая работа позволяет переоценить прежние ценности и выстроить новую систему гражданско-патриотических ориентаций.

При рассмотрении ситуаций из жизни, описанных в народном творчестве, учащиеся осознают практическое значение предыдущих нравственных идеалов, народная мудрость приобретает для учащихся большое личный смысл.

Более того, в открытой графе школьниками в качестве желаемых форм работы были предложены такие формы деятельности как волонтерство и репортажи.

На основе вышеизложенного, мы выделили несколько принципов деятельности педагога при осуществлении этнопедагогического подхода в воспитании патриотических качеств у школьников:

- соответствие задач воспитательной работы общечеловеческим идеалам;
- гармоничное сочетание национальных и межнациональных особенностей;
- оптимальный подбор методов народной и классической педагогики;
- направленность работы на подготовку школьников к жизни и труду с учетом современных педагогических технологий.

Итак, этнопедагогика имеет исторически сложившуюся систему воспитания молодого поколения, в том числе и патриотического. Одним из ведущих компонентов воспитания в этнопедагогике выступает передача национальных традиций в процессе взаимодействия поколений. С древнейших времен существуют традиции воспитания детей, подростков и юношей, а также подготовки к семейной жизни.

Патриотическое воспитание учащихся на современном этапе нельзя рассматривать без учета этнопедагогических и социальных предпосылок, которые являются основой его совершенствования. По нашему мнению, процесс патриотического воспитания будет более эффективным, если будет опираться на национальные традиции, культуру, обряды, обычаи народа. Реализация этнопедагогического подхода к воспитанию патриотизма у школьников направленна на личность ученика.

В работе по формированию патриотических ценностных ориентаций у учащихся целесообразно использование методов, приемов и средств народной педагогики. Педагогический опыт народа, отраженный в художественных произведениях, устном творчестве, традициях, обычаях давно использовался в воспитании подрастающего поколения, позволяющий сохранять свою культуру и нравственность.

Таким образом, этнопедагогический подход в воспитании патриотизма школьников в учебно-воспитательном процессе школы является важным средством совершенствования данного процесса. Воспитание патриотизма на основе этнопедагогического подхода требует организованного процесса взаимодействия традиционных с современными воспитательными системами, что будет способствовать созданию необходимого воспитательного пространства.

Предложенные нами воспитательные мероприятия по формированию гражданско-патриотических ценностей, учащихся школы повышают потенциал народного воспитания и эффективность этнопедагогического подхода к патриотическому воспитанию современных школьников.

1 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Информационный портал Казахстана. http://zakon.kz.

2 Послание народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства». Информационный портал Казахстана. http://zakon.kz.

3 Волков Г.Н. Этнопедагогика: Учеб. для студ. сред. и высш. пед. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 1999. - 168 с.

4 Иманбаева С.Т. Жаһандану үрдісіндегі қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы: научное издание /С. Т. Иманбаева // Қазақ білім академиясының баяндамалары / Доклады Казахской академии образования. - 2009. - № 1. - С. 38-42.

5 Менлибаев К.Н. Роль национальных традиций в патриотическом воспитании (по материалам конкретно-социологических исследований молодежи Республики Казахстан): автореферат дисс. ...кандидата философских наук. - Алматы, 1995. - 19 с.

6 Валеев И.И. Этнопедагогические основы патриотического воспитания школьников. Дисс. на соиск. учен степ. доктора пед. наук. - М., 1998.

Түйіндеме

Абильдина С.К. – ҚарМУ п.ғ.д., профессор,
Айдарбекова К.А. – ҚарМУ п.ғ.м., аға оқытушы
Мусина В.Т. – ҚарМУ, 6М010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 1 курс магистранты

Оқушыларды патриоттық тәрбиелеу үдерісінде этнопедагогикалық тәсілдемені тарату

Мақалада оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі этнопедагогикалық мәнмәтінде қарастырылады, бастауыш мектеп, ортаңғы буын, жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу міндеттері көрсетілген. Авторлар патриоттық тәрбие мәселесі бойынша қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне сараптамалар жасаған, этнопедагогикалық тәсілдеме аумағында оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу әдістері мен формалары берілген, оқушыларды тәрбиелеу барысында бойларына патриоттық сапаларды сіңіруде этнопедагогикалық тәсілдемені жүзеге асырудағы педагог іс - әрекетінің прниципті ашып көрсетілген.

Түйін сөздер: этнопедагогика, тәсілдеме, этнопедагогикалық тәсілдеме, патриоттық, тәрбие, патриоттық тәрбие, әдістер, патриоттық тәрбие формалары мен принциптері.

Summary

Abildina S.K. **–** professor, Karaganda State University.named after E.A. Buketov,
Aidarbekova K.A. – Edm. , Senior Lecturer
Mussina V.T. – undergraduate of 6M010200 - "Pedagogy and methodology of primary education" specialty, Karaganda State University.named after E.A. Buketov

Implementation of ethnopedagogical approach in patriotic education of pupils

The article deals with the problems of patriotic education of pupils in the context of ethnopedagogical approach, illuminates the problem of patriotic education of primary school pupils, junior and high school. The authors analyzed the works of Kazakh scientists on the issue of education of patriotism, presented methods and forms of patriotic education of pupils in the framework of ethnopedagogical approach, disclosed the principles of activity of the teacher in the implementation of ethnopedagogical approach in the education of patriotic qualities of pupils.

Keywords: pedagogy, ethnopedagogical approach, patriotism, education, patriotic education, methods, forms and principles of patriotic education.

УДК 37.03

ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Нурланова В.С. – *педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)*

Мақалада тұлғаның құқықтық мәдениетін қалыптастыруда өзін - өзі дамытуының ықпалы жан-жақты қарастырылады. Тұлғаның құқықтық мәдениетін қалыптастыруда өзін-өзі дамытуда олардың өзіндік дамуына жағдай жасалуы керек екені, адамның өзін өзгемен салыстыра бағалауы, адамның өзі туралы білімін үнемі жетілдіруі, өзін-өзі тәрбиелеудің жолы мен бағытын айқын білуі, жанның тазалығы, адамның қол жеткеніне қанағаттануы, өзгені тыңдай білуі, тіл табысуы, адамның өзін тұлға ретінде қалыптастыруы,тұлғалық пен азаматтыққа лайық жағдай жасауға талпынысы, адамның өзіне деген талапты күшейтуіне ықпал ету мәселесі қамылған.

Түйін сөздер: Мәдениет, рухани мәдениет, материалдық мәдениет, өзін - өзі тану, тұлға, құқықтық мәдениет.

Мектеп оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Құқықтық тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде аса мән беріліп отырған белгілі. Қазақтан Республикасы «Тәрбие тұжырымдамасында» «тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті, азамат және патриоттық құндылықты қалыптастыруға көмектесу, олардың бойында балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұру дайындығын, құқықтық санасын, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру», - негізгі міндет болып табылады. Расында да, тұжырымдама да құқықтық тәрбие жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптастыруға, тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға ықпал ету, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін, құқықтық санасын қалыптастыра отырып, Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясына, заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық

және әлеуметтік мәдени даму саласындағы және әлемдік аренадағы жетістіктеріне; басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне; құқықтық біліміне; заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; құқықтың әлеуметтік құндылықтарына құрметпен қарауы, мақтаныш сезімінің болуы және жауапкершілік танытуына мүмкіндік жасау қамтылады[1].

Сонымен қатар, құқықтық тәрбиенің іске асыру механизмдері сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру, ерлік, намыс және абырой тағылымдары, дебат және пікірталас клубтары,патриоттық форумдар, акциялар, оқушылардың мемлекеттілік нышандарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар, қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасы, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары, мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлері, соғыс және еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары қызметкерлерімен кездесулер, балалар мен жастардың бастамашыл жобаларын дамыту, балалар және жастар қозғалысымен, қоғамдық қорлармен бірлескен қызмет; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер, саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтері», «Мен және заң» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатынын нақтылайды[1].

Біздің алдымыда тұрған мақсат тұлғаның мәдени құндылықтарын қалыптастыру. Тұлға – ерік-жігерінің іске асуы, өз ойын еркін іске асырудың дайындығы және оның іске асуының нәтижесі. Ерік-жігер механизмі дегеніміз адамның өзіне тән жеке бас қасиеттерін іске асыруы. Тұлға дегеніміз – сезімнің, әсердің ішкі күшінің - сүйініштің бойға жинақтаған көрінісі. Ұлттық тұлға - тілі, діні, мәдениеті, салт санасы қалыптасқан ортада жеке адамға тән қасиеттермен өз ұлтының, халқының тұрмыс тіршілігін бойына сіңіріп, ұлттық намыс, талғам және ұлттық сана белгілерін өз бойында тұтастай көрсетіп, ең жоғары рухани деңгейде дамыған адам (К.Оразбекова), шынайы патриот тұлға – жалпы адамзаттық құндылықтардың негізін салушы және таратушы (С.Л. Рубинштейн).

Тұлғаның құқықтық мәдениетін қалыптастыру жоғарыда көрсетілген механизмдер жүйелі түрде сабақтастық тұрғыда, бірізділікпен іске асқанда ғана мәдениетті тұлға қалыптастыруда үлкен табысқа жетуге болады. Біз, тұлғаның бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыруда жалпы түйінді сөздерді теориялық тұрғыда түсіндіре отырып, оны олардың бойында практикалық тұрғыда іске асуын қадағалуымыз керек. Мәдениет дегеніміз не, құқықтық тәрбие, құқықтық құндылықтар дегенімізді қалай түсінесіз деген сұрақтар мен практикалық тұрғыда тапсырмаларды орындауды талап етуіміз керек. Бұл жерде біз ғалымдардың еңбектеріне, ғылыми зерттеулеріне сүйенеміз. «Мәдениет – адамдардың бірлесе атқаратын ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастар жиынтығы»[2].

Философиялық тұрғыда «Мәдениет халықтың мыңдаған жылдар бойыдағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік бостандығы мен тарихи зейін есі, философиялық жүйелері мен рәміз таңбалық өсиеттері, орны толмайтын шығындары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мұраты осының бәрі мәдениетпен біте қайнасқан, - деп атай келе, мәдениет адам әлемі, мәдениет көріністерінде адамдық парасат, ақыл - ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құралған адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал екеніне тоқталады [3,210]. Құқықтық мәдениет - Ата заңды қорғау, адамзаттың ерік бостандығы мен тарихи зейін есі, ұлттық рәміздерге құрмет, діні мен тілі, діліне деген сыйластық негізінде құқықтық санасын қалыптастыру. Құқықтың өзі рухани құндылықтардың жиынтығы. Құндылық – адам, тұлға, өмір, адамдардың бір-біріне мейрімділік қарым-қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, еңбек, Отан, отбасы, еңбек, мәдениет, жер, бейбітшілік,- деп қарастырамыз.

Т. Ғабитов “Құндылықтар – қасиеттер бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Қасиеттер адам бойына моральдық жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындай түседі. Құндылықтар әлемі – сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығы өлшемін білдіретін, оның адамгершілік санасының, басылымдықтарының саласы. Құндылықтар адам болмысының әр түрлі формаларына деген қатынасты білдіретін адамзат

мәдениеті болып табылады. Құндылықтар - өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас. Құндылықтар - материалдық және рухани қажеттіліктерді өтеу үрдісіндегі қалыпты нәрселер. Қалыпты мәнге қайырымдылық, сұлулық, әділеттілік идеялары ие болуы мүмкін" – деп мәдениет, тәрбие тұрғысынан ұсынады [3].

Мектеп оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыруда қалыптасқан материалдық және рухани мәдениеттің маңызын түсіндіре отырып, олардың даму жолдарын мәдениет адам қолымен жасалған материалдық құндылық заттардың жиынтығы (техника, құрал-жабдық, әр түрлі бағыттағы обьектілер, т.б.). Рухани мәдениет (интеллектуальдық) адамдардың табиғат пен қоғамды қабылдауы мен бейнелеуіндегі белгілі бір ғылым немесе өнереде айқындалған болмысы ретінде қабылданады. Әлеуметтік қалыптағы мәдениет, қоғамдық өмірді ұйымдастыру (экономика, құқық, саясат, т.б.) мінез-құлыққа тәуелді еместігімен ерекшеленеді. Мәдениетте пайда болатын әлеуметтік идея жеке тұлғаның бойына адамды әлеуметтендіру үрдісі барысында енеді, яғни жеке адамға жалпы адамзаттық мәдениеттің жиынтығын бүгінгі нарықтық экономиканың талаптарына негіздей отырып меңгерту көзделеді. Осымен байланысты мұғалімнің кәсіби біліктілік бағыты күшейеді. Жеке тұлғаны қалыптастыру процесін ұйымдастыру үшін оның үнемі мәдениетке кіруіне зер салу, бүгінгі мәдени жетістіктер дәрежесінде әлемдік мәдениетпен қарым-қатынас жасауы арқылы тұлғаның әлеуметтік өмірдің мағынасына енуін қарастыру көзделеді. Жеке тұлғаның осы заманғы тәрбиесінің негізіне адамзаттық мәдениеттің бүкіл дүниежүзілік қоры алынуы керек. Атап айтқанда, мәдениеттің барлық түрі: ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, этикалық, экологиялық, экономикалық, саяси, құқықтық мәдениеті, тұлғаның кәсіби бағдары мен политехникалық, еңбек мәдениеті қамтылады [2].

«Құқықтық мәдениетті ұлт менталитетінің темірқазығына айналдыру дегеніміз – ұлттық санасезімнің құқықтық беріктігін күшейту, агрессиялық пиғылдағы ойлар мен іс-әрекеттерге заң жүзінде тойтарыс берудің рухани қамалын жасау» [2]. Құқықтық тәрбие және балалар арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу үшін тұлғаның өзін - өзі дамуына аса мән беру қажет. Бұл жерде біз құқықтық білім мен өзін өзі тану пәнін өзара кіріктіре жүргізуді негізге алуымыз керек. Яғни, өзін - өзі тану дегеніміз:

Өзін тану – адамның өзін өзгемен салыстыра пайымдауы, бағалауы және бір тоқтамға келуі. Ол – адамның өзі туралы сауатын ашуы, білімін үнемі жетілдіруі.

Өзін тану – адамның өмірі туралы өз көзқарасын дәлелдемек ынтасы, өзін - өзі тәрбиелеудің жолы мен бағыты. Ол болмыстағы бар мен болатын нәрсенің арасын дәйектейтін кезең.

Өзін тану – адамның қабілет – қасиетін құндылықтың да, игіліктің де жоғары түріне балау, соған теңестіру. Жан – тәннің тазалығы және оның іс-әрекетке қабілеттілігі. Ол адамдар арасындағы мәдениеттіліктің белгісі мен кәмелетті көрінісі.

Өзін тану – адамның қол жеткеніне қанағаттануы, діттеген міндет – мақсатқа ұмтылуы. Мақсат адамның киелі қасиетіне, кісілігіне жол ашу.

Өзін тану - өзгені тыңдай білу, түсіне білу, қолдай білу өнерін үйренбек ниеті, сол шешімге жетпек ізденісі. Ол – тіл тану және тіл табысу мәдениетінің құралы мен кезеңі, әрбір адамның жарасымдылыққа, жақындасу мен бауырласуға деген ұмтылысы.

Өзін тану – адамның өзін тұлға ретінде қалыптастыру мен жетілдірудің тізгіні, азаматтыққа жетудің үзеңгісі, тұлғалық пен азаматтыққа лайық жағдай жасауға талпыныс. Кәсібімен нәсібін ұзартқандар қолдағыға қанағаттанады, өзгеге шапағатын тигізеді.

Өзін тану – жалғандық пен зұлымдыққа бармау, соқыр сенімге ұрынбау, керіағарлық көріністерге бей-жай қалмай, өзі күйзелер, өзгені қобалжытар күйде ширату. Өзін ізгі іс пен бастамаға ұйымдастыра алу. Өзіндік істе тану мен табысу, жарасу мен жарысу бір – бірімен қабаттасып жатады. Бойдағы күш қуаттың еркін көрінісіне және қолдануына мүмкіндік іздейді, жағыдай жасайды.

Өзін тану - әркімнің өз шаруасының бастамасы, өз шеңберлігінің көрінісі мен қызметі. Сол бағытта адамның өзіне деген талапты күшейтуі, әлеуметтік кәмелеттілікке ұмтылуы[4,390-391 б].

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан салт дәстүрлері, ырым жоралары да негізгі орын алады. Мектепте құқықтық тәрбиеге байланысты шараларды ұйымдастырғанда ұлтымыздың салт-дәстүрлеріндегі құқықтық тәрбиеге бағытталған іс әрекеттерге аса мән беріледі. Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып, құқықтық әдеп болып қалыптасып, ол салт - дәстүрлерге, ғұрыпқа айналды. Үлкенді сыйлау, ата-анаға деген құрмет, сәлемдесу, сәлемді мәдениетті

түрде қабылдау, әртүрлі әлеуметтік ортада тұлғаның өзін-өзі ұстауы барлығы тұлғаның адамгершілік және құқықтық мәдениетін көрсетеді.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда тәртіп бұзушылықтың алдын алу үшін мынадай жұмыстың сатылары жүзеге асырылуы керек:

- тәртіп бұзушылыққа ықпал ететін жағдайлардың алдын алу (алғашқы профилактикалық жұмыс жүргізу);
- оқушыға теріс ықпал ететін ортаны сауықтыру, жеке бастық ұстанымын түзету (профилактиканың бірінші сатысы);
- тәртіп бұзған және құқық қорғау орындарында тіркелген (кәмелетке толмаған балалар инспекциясы мен комиссиясы, учаскелік инспекторлар) оқушылардың тәрбиелік ортасын ұйымдастыру, жеке бастық ұстанымын түзету және жетілдіру (профилактиканың екінші сатысы);
- үнемі тәртіп бұзатын оқушыларға құқықтық ықпал ету, қылмысқа бару қауіпін алдын ала болжай білу (профилактиканың үшінші сатысы);
- қылмыс жасаған оқушыларға жаза қолдану немесе ұжымнан ажыратылмай тұрып шара қолдану (бүліну профилактикасы).
- Оқушылардың құқықты бұзуының алдын алу үшін мектеп, отбасы және қоғам құқықтық тәрбиені жүзеге асыруы шарт [2].

Жоғарыдағы көрсетілген шараларды, іс-әрекеттерді болдырмау үшін тұлғаның ішкі жан дүниесіне игі ықпал ете отырып, олардың өзіндік дамуына жағдай жасалуы керек, адамның өзін өзгемен салыстыра бағалауы, адамның өзі туралы білімін үнемі жетілдіруі, өзін-өзі тәрбиелеудің жолы мен бағытын айқын білуі, жанның тазалығы, адамның қол жеткеніне қанағаттануы, өзгені тыңдай білуі, тіл табысуы, адамның өзін тұлға ретінде қалыптастыруы, тұлғалық пен азаматтыққа лайық жағдай жасауға талпынысы, адамның өзіне деген талапты күшейтуіне ықпал ету.

1 Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген.

2 Майгаранова Ш., Иманбаева С.Т. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2009. - 260 б.

3 Алтаев Ж., Қасабеков А., Ғабитов Т. Философия және мәдениеттану. Оқу құралы. – Алматы: Жетіжарғы, 1998. –272 б.

4 Молдабеков Ж. Қазақтану. –Алматы: Қазақ университеті. 2003. – 459 б.

Резюме

Нурланова В.С. – кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора,Казахский государственный женский педагогический университетEmail: vinara.nurlanova@mail.ru

Сущность саморазвития- в формирования правовой культуры личности

В статье рассматриваются проблемы влияния саморазвития на формирование правовой культуры личности, а также рассматриваются вопросы как необходимость предоставление благополучных условии для формирования правовой культуры и саморазвития, самооценка личности путем сопоставления себя с другими лицами, знание пути и направления самовоспитания, душевная чистота удовлетворенность в достигнутом, ужесточения требовании предъявляемых к себе самому и т.д.

Ключевые слова: культура, самопознания, личность, правовая культура.

Summary

Nurlanova V.S. – Candidate of pedagogical sciences, acting associate professor
Kazakh state women's pedagogical university, email: vinara.nurlanova@mail.ru, Almaty,Kazakhstan)

The valu of self - devolopment to the formation of legal culture of personaliti

The article deals with the problems of the influence of self-development on the formation of legal culture of personality. And also addresses issues as the necessity of providing a favorable condition for the formation of legal culture and self-development, self-identity by comparing themselves with others, knowledge of the path and direction of self-education, spiritual purity satisfaction in there, tightening the requirement imposed himself etc.

Keywords: Culture, self-knowledge, personality, legal culture.

УДК 37

ОҚУЛЫҚ ПЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАРДЫЖАЗУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Рысбаева А.К. – *п.ғ.д., профессор, «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы. Адамның үйлесімді дамуы институты. Алматы қаласы.* e-mail: arsha10.03@mail.ru
Бердибекова Ж.С. – *«Өзін-өзі тану» Адамның үйлесімді дамуы гуманитарлық колледжі оқытушысы. Алматы қаласы.* e-mail: b.z.74@mail.ru

Мақалада оқулық пен оқу құралдарын дайындаудың өзекті мәселелері қарастырылған. Оқушылардың дүниетанымдарының қалыптасуы, олардың рухани-адамгершілікті білім алулары оқулықтың сапалы жазылуына тікелей байланыстылығы айтылады. Өзін-өзі тану оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарының қоғамдағы нағыз Адамды тәрбиелеу өзекті мәселесін шешуге қабілетті екендігіне түсінік берілген.

Түйін сөздер: оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтардың мазмұны, зиялылық, адамгершілік қасиеттер, «Өзін-өзі тану» оқу пәнінің ерекшелігі.

Қоғамның тұрақты дамуы мен мемлекеттің бәсекеге қабілетті болуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – білім сапасы болып табылады. Өз кезегінде білім сапасы көптеген факторларға тәуелді, соның ішінде сапалы оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттердің болуы басты жағдай. Білімнің сапасы оқулықтың деңгейімен өлшенетіні белгілі. Оқулық пен оқу-әдістемелік құралдарды жазудағы өзекті мәселелердің кейбіреулерін қарастырып өтейік.

Оқулықтарға берілген көптеген анықтамалар бар. «Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. Оқулық оқу орындарының типіне қарай (бастауыш, орта, кәсіптік-техникалық, жоғары оқу орындары) жасалады. Оқулыққа мынадай педагогикалық талаптар қойылады: оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы; тәрбиелік міндеттерге сәйкестігі; мазмұнының бағдарлама мазмұнына сәйкес әрі түсінікті болуы; материалдарының оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес баяндалуы; дәл және анық, нақты қорытындылар, ережелер, заңдар мен анықтамалардың баяндалуы, тілдің жатық, әдеби және ықшам болып, оқушылардың ұғымына сәйкес келуі; оқу материалын меңгеруді жеңілдететіндей иллюстрация, сурет, кесте, диаграмма, сызба мен сызулардың болуы; сыртқы пішінінің (қағаз, шрифт, мұқабасының) ретті сәндендірілуі» [1].

Қоғам дамуының әр кезеңдерінде оқулықтардың мазмұнын жаңарту, тіпті оқулықтардың жаңа желісін шығару талап етіледі. Оқулықтар сабақтың дидактикалық міндеттерін шешуге және мұғалімнің әдістемелік ойларын іске асыруға ғана септігін тигізіп қоймау керек, ең бастысы: оқушылардың дүниетанымдарын қалыптастыру, олардың рухани-адамгершілікті білім алуына жағдай жасау – оқулықтың сапалы жазылуына тікелей байланысты болмақ.

Оқулықты оқушыларда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға бағытталған аса маңызды ізгілік, әділеттілік және жауапкершілік қасиеттерін дамыту мәселелеріне бағыттау – автордың басты міндеті болып табылады.

Оқулықты кімнің, қалай жазуы адам өміріне көптеген әсерін тигізіп жатады. Қоғамда адамның қандай оқулықпен оқып, дамығандығы жөнінен жиі пікірталастардың болып жататындығы жасырын емес. Мысалы, кеңес үкіметі кезеңінде Қазақстанда орыс тілінде оқытылатын мектептердегі Қазақстан тарихы, әдебиет оқулықтарында өкінішке орай, Ахмет Байтұрсынұлының, Мағжан Жұмабаевтың, Шәкәрім Құдайбердіұлының және де басқа қазақ ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің өмірбаяндық мәліметтері мен шығармалары болмады. Бұл жағдай сол кезеңдегі тұтастай ұрпақтың толыққанды, қанағаттанарлықтай білім алмауына өз әсерін тигізді. 40-60 жас шамасындағы Қазақстан азаматтары: «Мен, Жүсіп Баласағұнды танымағандығыма, Ғабиден Мұстафин шығармаларын білмегендігіме ұяламын, Сәкен Сейфуллинді енді ғана оқып бастадым және көп уақытты жоғалтқанымды түсіндім, енді мен сол олқылықтың орнын толтыруым керек... », - дейді.

Сондықтан, оқулық авторларына оқулықты жазардағы мақсат пен міндеттің оқушылардың жалпы теориялық білімі мен тәжірибелік икемділігін, дағдысын қалыптастыратын педагогикалық үдерістің нәтижесімен ғана шектеліп қоймайтындығын естен шығармау керек. Кез келген оқулықты шығарудағы мақсат адамның зиялылық пен адамгершілік қасиеттерінің бірлікте дамуына бағытталуы тиіс.

Оқулық пен оқу-әдістемелік құралдарды жазу барысында тиісті материалдарды келесі әдістемелік қағидаттарға сай таңдау көзделінеді:

- тарихилығы;
- ғылымилығы;
- әлемдік мәдениет жүйесіне ұлттық мәдениеттің дидактикалық түрде енгізілуі;
- көпмәдениеттілікке сәйкестендірілу және тұлғаның маңыздылығы;
- білім беру мазмұнының тұлғаны дамыту талаптарына сәйкестігі;
- оқу материалдарын интеграциялау;
- оқулық мазмұнының, оқу мен кәсіби икемділігінің, дағдысының жүйелі тұтастығы.

Кез келген оқулықты жазу оқылатын пәннің немесе құбылыстың барлық ішкі және сыртқы байланысын анықтау мен терең талдау жасауға септігін тигізетін жүйелі жұмыстың атқарылуын талап етеді. Мысалы, оқулықтағы сабақ тақырыбы өзінің арнайы ерекшеліктерін олардың атқаратын қызметтері мен орнын ескеретін әр элементіне нақты сілтеу жасай отырып, өзіндік табиғи тұтастылықты жеткізуі тиіс. Жүйелі түрде жұмыс жасалынғанда тарихилықтың, тұтастықтың, құрылымдылықтың, өзара тәуелділіктің, сатылықтың қағидаттары іске асады.

Бүгінгі жаһандану мен ақпараттандыру кезеңінде жаңа пәндер мен жаңа оқулықтарға қажеттілік туындауда. Педагогикалық үдеріске жаңа оқу пәндерін енгізу туралы туындап жатқан пікірталастар - кең ауқымдағы жұртшылықтың өсіп келе жатқан ұрпақтың дамуы мен білімді болуына бейжай қарамайтындығының көрсеткіші.

Ресейде жаңа ұрпақ оқулығын жазудағы мәселелерді талқылауда академик Г. Граник: «Жаңа үлгідегі оқулықтар ең алдымен, оқушылардың мектеп пәніне деген сүйіспеншіліктері мен қызығушылықтарын ояту болып табылатын білім алудың басты мақсаттарының бірін шешуге мүмкіндік береді. Ол үшін оқулық ынталандыру, назар аудару, түсіну, еркіндік, ерікті және еріксіз есте сақтау, елестету, эмоция және сезім сияқты психологиялық үдерістерді жандандырады. Оқулықты бұрынғыдай, құрғақ, білімсіздік тілімен жазуға болмайды.

Жаңа үлгідегі оқулықтар ерекше тілде жазылуды талап етті. Ол үшін «жазу үлгісіндегі ауызекі тіл» деп аталатын тіл пайда болды. Оқулықтар балаларға шын мәнісінде қызықты болуы үшін автор әртүрлі мүмкіндіктерді пайдаланады, мысалы, оқушылардың эмоционалды-бейнелі және абстрактылы-логикалық ойлауына бірмезгілде бағытталған материалды баяндау түрін таңдайды», - деді [2].

Қазақстанның оқу үдерісінде «Өзін-өзі тану» оқу пәнінің пайда болуы мен енгізілуі – уақыт талабы. Жастарды рухани-адамгершілік аясында дамыту кезек күттірмейтін мәселеге айналды.

Соңғы уақыттарда балаларымыздың интеллектуалды әлеуетін дамытуға баса назар аударып кеткеніміз белгілі болды. Олардың шетел тілінде өте жақсы сөйлейтіндігіне, бір жарым жасар баланың электронды планшет пернетақтасында монитордағы өмірде жоқ бейнемен сөйлескенде сақсақтарының дәл қимылдайтынына, оқушылардың әртүрлі тестік емтихандардағы, олимпиадалардағы жеңістеріне мәз боламыз.

Алайда олар мейірімді, қайырымды адам болып өсіп келеді ме? Біздің балаларымыз шындық пен әділдік жолында жан аямауға дайын ба? Олар ізгі әрекеттерімен, ата-аналарына, қарт адамдарға құрмет көрсетулерімен ерекшеленеді ме?

Осы сияқты сұрақтардың шешімін оқу әдебиеттерін пайдалану арқылы табу екінші кезекке жылжып кеткен сияқты. Бірақта оларды тез арада шешу керек.

«Өзін-өзі тану» оқу пәнінің ерекшелігі өзінің зияткерлік қабілеттерін жоғары руханилық пен адамгершілік бірлігінде дамыта отырып көрсететін үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталғандығында. Интеллект пен адамгершілік – өзін-өзі тану оқулықтары мен оқу-әдістемелік әдебиеттеріне сай келетін, оқу пәнінің мән-мағынасын көрсететін негізгі түсініктер. Өзін-өзі тануды басқа пәндермен интеграциялау да біздің балаларымыздың толыққанды дамуына септігін тигізеді, яғни ғылым мен өнердің әр саласында білімдерін жетілдірумен қатар, оқулық мазмұнындағы жалпы-адамзаттық құндылықтарды ашуға, қайырымдылық пен мейірімділік, әділдік пен жауапкершілік жайында ой толғап, мәнін тереңнен түсінуге мүмкіндік алады.

Өзін-өзі тану оқулығын және оған арналған оқу-әдістемелік құралдарды жазу барысында авторлар келесі талаптарды сақтауға тырысады:

- білім алуды білім алушылар тұлғасының интеллектуалды және рухани-адамгершілікті бірлікте дамуына бағыттауды қамтамасыз етуге;
- ғылыми дүниетанымын қалыптастыру;

- заманауи ойлау, қоғамның, табиғаттың дамуының деңгейімен сәйкес келетін жаңа сенімді білімді хабарлауға;
- білім алушылар тұлғасының жағымды үйлесімді дамуына септігін тигізетін тереңнен талдап, ойлай алуын дамытуға;
- өзін-өзі танудың өзіндік ерекшеліктеріне және тұлғаның өзін жетілдіруге бағытталған ғылымдағы соңғы жетістіктерін ескере отырып, ақыл-ой қызметінің негізгі тәсілдерін қалыптастыру;
- тұлғаның өзіндік білім алуына және өзіндік жетілуіне дайындықты қамтамасыз ету;
- білім алушылардың жас ерекшеліктеріне мазмұнымен де, оқитын тілімен де, эмоционалдық әсер ету тәсілдерімен де сәйкес келуі;
- негізгі түсініктерді, маңызды жағдайларды, өз бетінше орындайтын тапсырмаларды, шешімдерді анық құрылымдық бөлудің және графикалық айқындаудың болуы;
- оқу материалдарын қабылдау мен пайымдауды жеңілдететін суреттердің жеткілікті болуы, суреттерге қойылатын талаптарды сақтау, олардың мәтінмен өзара байланысының болуы, дұрыс орналасуы;
- оқу материалының және басқа оқу пәндерінің өзін-өзі танумен интеграциялануы;
- пайдаланылған теориялық дереккөзіне сілтеменің болуы;
- өзін-өзі тануға, қойылған мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдеріне өзіндік танымдық ізденіс тудыруға, білім алушылардың шығармашылығын дамытуға ынталандыратын тапсырмалардың болуы;
- өмірлік жағдайдағы қалыпты және қалыпты емес міндеттерді шеше алу дағдыларын қалыптастыру;
- әдістемелік безендіру (кіріспе, мазмұны, тараулары, пәндік-атаулық белгілер, сілтемелер мен нұсқаулар) талаптарына сәйкестілігі.

Мектеп оқулықтарының сапалы жазылғандығын айқындайтын басты ерекшелік – ол балалардың өзіндік бағалаулары: бұл оқулықтар біздер үшін жазылған, оны оқығың келе береді, оны оқыған қызық! Оқулықтар оқырман-оқушымен сөйлесіп тұрғандай, олармен әңгімелеседі, ойлауға итермелейді. Өзін-өзі тану оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына енгізілген өсиет әңгімелер, ұлы ағартушылардың, ғалымдардың, қарапайым адамдардың өмірлерінен алынған мысалдар мен шығармалары білім алушылардың жағымды ойлау, өмірлік қиын жағдайлардан дұрыс шешім тауып шыға білу дағдыларының дамуына, адамгершілікті тұрғыдағы сезімдерінің жандануына септігін тигізе отырып, ізгілікті адам тәрбиелейді.

Оқулықтарға «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының басты идеяларын негізделген түрде енгізу – оңай міндет емес. Оқу материалдарын тыңғылықты таңдау, тәжірибелік сараптау, жаңарту жұмыстары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын жақсарту мақсатында жаңа идеяларды іздеу, өзін-өзі тану мұғалімдерімен іскерлік қарым-қатынаста болу – осылардың бәрі «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы авторлары жұмыстарының біразы ғана.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының авторы – Сара Алпысқызы былай дейді: «Баланың өзін түсінуіне жол табуы, өз күшіне, өзінің болмысына сенуі сияқты қабілеттерін ашу – бұл өте маңызды. Өзін құметтеуін, ар тұрғысынан өмір сүруін және дұрыс емес әрекетінің өзі үшін зияндығын нақты білуі тиіс. Мейірімділігі мен Сүйіспеншілігі жүректен жүрекке жетіп, әлемде Сүйіспеншілік пен қайырымдылықтың аясын жасайды. Сол кезде қазіргі жас өспірімдер өсіп келе жатқан елді мүмкіндіктерін іске асырмаған өлке деп айтуға ешкімнің аузы бармайтын болады» [3, б. 62].

Өзін-өзі тану оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдары қоғамдағы - нағыз Адамды тәрбиелеу өзекті мәселесін шешуге қабілетті.

1 Қазақ энциклопедиясы. 7- том.

2 «На что способен школьный учебник?» // Под ред. академика РАО Г. Г. Граник "Учительская газета", № 43, 23.10. 2012.

3 Назарбаева С.А. Өмір әдебі. – Алматы, 2001.

Резюме

Рысбаева А.К. – д.п.н., профессор, Национальный научно-практический образовательный и оздоровительный центр «Бөбек». Институт гармоничного развития Человека. г.Алматы. e-mail: arsha10.03@mail.ru

Бердибекова Ж.С. – преподаватель Гуманитарного колледжа «Самопознание» гармоничного развития Человека. г.Алматы. e-mail: b.z.74@mail.ru

Актуальные вопросы при разработки учебников и учебно -методических пособий

В статье рассматриваются актуальные вопросы разработки учебников и учебно-методических пособий. Учебник способствует формированию мировозрения учащихся, дает возможность раскрытию духовно-нравственного становления. Учебники и учебно-методические пособие рассматривает актуальные проблемы, связанные с вопросами воспитания настоящего Человека в обществе.

Ключевые слова: учебники, учебно-методические пособие, содержание учебников, интелектуальность, человеческие качества, особенности учебника «Самопознание».

Summary

Rysbayeva A. K. – Doctor of pedagogical sciences, professor, National scientific and practical educational and improving center "Bobek". Institute of harmonious development of the Person. Almaty. e-mail: arsha10.03@mail.ru

Berdibekova Zh. S. – teacher of Humanitarian college "Samopoznaniye" of harmonious development of the Person. Almaty. e-mail: b.z.74@mail.ru

Topical issues in case of development of textbooks and uchebno - methodical benefits

In the article topical issues of development of textbooks and educational and methodical benefits are considered. The textbook promotes forming of outlook of pupils, gives the chance to disclosure of spiritual and moral formation. Textbooks and educational and methodical the benefit considers the urgent problems connected with questions of education of this Person in society.

Keywords: textbooks, educational and methodical benefit, contents of textbooks, intellectuality, human qualities, features of the textbook "Self-knowledge".

УДК 37.015.3

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУ, ҚАЛЫПТАСТЫРУ, РУХАНИ ЖЕТІЛДІРУ – ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Әбжан Г.М. – *Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Бұл мақалада жеке тұлғаның сапа қасиеттерін қоғамда дамыту қоғамдық мәселе ретінде қарастырылады, бұл мәселе қоғамда әрқашан көкейкестілігін жоймаған, сондықтан мәселенің оң шешімін табу қажеттілігі туындауда. Сапалық қасиеттердің және қоғаммен қарым- қатынас жеке тұлғаның дамып қалыптасуына көмектесетіндіктен мақалада таңдап алынған мәселенің теориялық аспектілері қарастырылады**.** Жеке тұлғаның қоғамдық қатынастарды қабылдау барысында жеке адамның - жеке тұлғаның сапалық қасиеттерін дамытудың базасы – әлеуметтік фактор, жеке тұлғаның қалыптасу процесіне әсер ететін негізгі фактор деген қорытындыға келуге болады.

Түйін сөздер: сапалық қасиеттер, жеке тұлға, орта, қоғамдық қатынас.

Қоғамның пайда болу жолында негізгі рөл адамзат қауымымен тығыз байланысты. Өйткені адамзат өзінің отбасынан бастап, белгілі бір ортада қоғамның пайда болуына түрткі болатын, жоғары рухани құндылығы басым жеке тұлға болып отыр. Сондықтан да адамзат қоғамда өмір сүріп, қызмет ете отырып қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады.

Қоғамды ғылыми тұрғыдан түсіндірудің басты ерекшелігі, қоғамдық қатынастар мен байланыстар. Қоғамдық қатынастар негізінен екі түрге, яғни материалдық және идеалогиялық қатынастар болып бөлінеді. Материалдық қатынастарға табиғат және оның қазына байлықтарын адам арқылы өңдеп, қоғам өміріне пайдалану жолдары жатады. Ал идеологиялық қатынастың негізгі мәселесі - адамды адам арқылы тәрбиелеу, жетілдіру іс-әрекеттері болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру», - делінген [1, 1].

Қазақ ұлттық энциклопедиясында: **Жеке тұлға** дегеніміз 1. әлеуметтік жағы, адамның бойындағы әлеуметтік сапалар; 2. белгілі бір әлеуметтік қоғамнын өкілі болатын, (ұлты, топ, ұжым т.б.) белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, қоршаған ортаға деген өзінің қатынасын мойындайтын және өзінің дара ерекшеліктері бар нақты адам деген анықтама беріледі [2, 1].

Жеке тұлға мен қоғамдық ортаның қарым-қатынасы философия, психология, педагогика, тарих т.б. қоғамдық ғылымдардың көптен айналысып жүрген көкейтесті мәселелері болып табылады. Бұл жөнінде кейінгі жылдары жарық көрген философиялық, педагогикалық, психологиялық, этикалық еңбектерден басқа П.И. Подласыйдың, М.Ф. Харламовтың "Педагогика" (М. 1995-1997) атты еңбектері, Н. Козлованың "Тәрбие теориясына кіріспе" (М. 1990), В.М. Гинецинскийдің "Педагогика теориясының негіздері" (М.1994), Б.С.Гершунскийдің "XXI ғ. білім берудің философиясы" (1998), А.Ф. Малышевский, В.А. Корпунин, К.С. Пироговтардың "Философияға кіріспе" (1995), А.С. Арсеньевтің "Жеткіншектер философтар көзқарасымен", А.М. Қасабеков пен Ж. Алтаевтың "Қазақ философиясының тарихына кіріспе", Д. Кішібековтың "Философия" (1994), Г.К. Нұрғалиеваның "Тұлғаның құндылық бағытын қалыптастырудың методологиясы, практикасы" (Алматы, 1995) секілді ондаған монографиялық аса құнды ғылыми еңбектер жарық көрді.

Бұл еңбектердің бәрінде де жеке тұлға мен қоғамдық қарым-қатынас, жаңа қоғам мүшелерін тәрбиелеудің өзекті мәселелері сөз болады. Әсіресе, Д. Кішібековтың "Философия" атты еңбегінде: "Жеке тұлға деген не? Тұлғаның қоршаған ортаны танып білу механизмі қандай? Таным процесіндегі қарым-қатынастың маңызы қандай? Жеке тұлғаның ұжымдағы орны деген не?" – деген мәселелер философиялық тұрғыда жан-жақты талданған. Осы еңбектерге сүйене отырып, жеке тұлға деген не, оның тұлғалық ерекшеліктері неге байланысты, әр адамның айналасын танып білуінің сыры неде деген мәселелерге тоқталамыз.

Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтық қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам өзінше жеке тұлға.

Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Өзіне немқұрайды қарайтын кейбір қоғам мүшелері бас-қалар қалай өмір сүрсе, мен де солай өмір сүремін деген принципті ұстануы шын мәнінде өмірде олай емес. Қоғамдық орта – қоғамдық қарым-қатынастармен тұрақты байланыста болатын адамның қоршаған әлеуметтік әлемі. Жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесін қарастырғанда педагогика ғылымы әлеуметтік ортамен тәрбие жайындағы мәліметтерді әлеуметтану ғылымы негізінде қарастырады.

Адамның даму және қалыптасуы жайында осы уақытқа дейін әр түрлі пікірлер мен теориялар орын алып келеді. Атақты грек философтары Платон және Аристотель адамның дамуын, алдын-ала тағдыр белгілеген тұқым қуалаушылық табиғатынан деп дәлелдеді.

Аристотельдің адамды философиялық түсінуінің маңызды жетістігі оның әлеуметтік сипатын негіздеуімен байланысты. Ойшылдың «Адам мемлекетте өмір сүруге арналған тірі жаратылыс иесі» деген сөзі сақталған. Ол өз ақылын жақсылыққа да, жамандыққа да бағыттауға қабілетті, ол қоғамда өмір сүріп, заңдарды меңгереді. Адам қоғамда емір сүреді, ал қоғам дегеніміз бүкіл адамзат үшін де, жеке адам үшін де езі өмір сүріп отырған, онымен өндірістік, қоғамдық, отбасылық қатынастар арқылы байланысқан ұжым.

Қоғамдық өмірдің алға жылжуы сол адамның өзі тұрақты өмірлік байланыста болған қоғамдық ұжымның өсуіне байланысты. Тарихтың алғашқы кезеңінде адам қоғамы ру-тайпалық болды. Жеке адамның, тулғаның және қоғамдық ұжымның өзара қатынас мәселесі адамдарды тарихтың барлық кезеңдерінде толғандырды. Себебі, тарихты адамдар жасаған. Адамзат тұлғалардан, нағыз қоғамдық біртұтастықтан құрылған тығыз байланыстағы қауымдастық.

Тарих - әр адамның жекелеп алғандағы өмірлік іс-әрекетінің жиынтығы. Адамзат тарихы – тірі жандылардың сансыз ұрпақтарынан құрылған маржанды арал тәрізді. Бірақ адам жеке тұлға. Ол қоғамнан өз орнын алғысы келеді, сонымен бірге ғылым тек тұтас қоғаммен ғана айналысып қоймай, жеке адаммен де айналысқанын қалайды. Бірақ ғылым тек жалпының көрініс беру негізінде ғана жекені зерттейді. Ғылымнан жеке адам да өз орнын табуы керек. Себебі адамдар тек тарихты талдап қоймай, табиғат пен адамның тағдыры туралы да ойланады. Қоршаған өмірді ол өзінің таптық жағдайына, тәрбиесіне, жасына байланысты қабылдайды.

Қоғам мен жеке адамның, тұлғаның қатынасы бүтіннің қосарлану формаларының бірі. Қоғам мен жеке адам ажырамас бірлікте. Жалпы мен жекенің қатынасы диалектикалық өзара байланыс сипатында болады. Әрбір жеке адам жалпының, ерекшенің және жекеліктің бірлігі болып табылады. «Жеке адамның ішкі өмірі – ішкі әлемінің көрінісі және ондағы жағдайларға қарсы жауабы. Адам өмірі мен іс-әрекеті оны қоршаған шындықтан бастау алады. Оның әрекеті санасында бар сыртқы әлем бейнесінде ұғынықты болады. Адамның ішкі әлемі бай болған сайын оның өмірі де мәнді болады. Адамның шынайы байлығы оның бір заттарға ие болуында емес, оның ой байлығында, мәдениет байлықтарын иемденуінде. Сыртқы орта- қоғам-жеке адамның, оның санасының ішкі әлемін анықтап, қалыптастырады. Сыртқы әлем бейнесі, жеке адам са-насында пайда болған қоғам түсінігі өз кезегінде адам әрекетінің негізі болып табылады. Адамның ішкі әлемі сыртқы әлемнің - табиғат пен қоғам құбылыстарының санасында бейнеленуінің нәтижесі. Сондықган ішкі әлем объективтіліктің негізінде субъективтілік пен объективтіліктің бірлігі ретінде жүреді».

Объективті деп адамның еркі мен санасына байланысты емес нәрсені, ал субъективті деп сыртқы әлемге емес адамға тән, бұл сыртқы өлемге адам не береді дегенді атайды. Субъект термині философияда қасиеттер мен жағдайдың заттық таратушысы мәнін береді. Субъект ол әрбір жеке адам, адамдар қоғамдасқан күйінде тарихи-өлеуметтік дүниенің иесі, ал адам ез қызметінде нені өзгертеді, сол объект. Мысалы, менің өмірім мені қоршаған ортада – белгілі бір дәуірде, белгілі бір қоғамдық құрылымда өтіп жатыр. Бұл құрылымдар менен тәуелсіз, себебі оларды ккрған мен емес, сондықтан да мен табиғаттың емір сүру ақиқатына қалай сенсем, өз өмірімде олармен де санасуым керек. Менің алдымда бұл жағдайда өз орнымды табу, өз өмірімді қамтамасыз ету және мүмкіндігім болғанша, өз ортамды жақсы жағынан өзгерту қажеттілігі тұр. Сондықтан бұл менен тәуелсіз объективті қоғамдық жағдайлар кейде менің де қызметімді қажет етеді. Ұлы адамдар да, қарапайым халық та әркім шамасы келгенше қоғам дамуына өз үлестерін қосады. Міне, осы хандық кезеңдегі ұлы тұлғалар, хандар мен би-шешендер, жыраулар мен ақындар қоғамға пайдасын тигізсе, қарапайым халық та бірі аз, бірі көп көлемде өз үлестерін қоса білді.

Қоғам үздіксіз даму үстіндегі әлеуметтік тірі дене іспеттес. Оның өмірлік іс-әрекеті адамдардың рухани дамуын анықтайтын тәсілдерінің дамуымен белгіленеді. Адамдар басқалары-ның көмегі арқылы еңбек етеді, басқа адамдардың іс-әрекетімен байланысты болады. Адам өмір үшін еңбек етіп, сол үшін күреседі, егер осыны ұғына білсе қоғамға деген сенімі осы әлеуметтік ортаны, ұжымдық өмірді, адамның тек жеке басының қамын ғана емес, басқа адамдардың да өмірлік болмысын түсінеді. Жеке адам өліп, жоғалып кетеді, ал қоғам объективті заңдардың негізінде өз өмірін жалғастырады.

Адам қоғамдық дамудың жемісі, сондықтан қоғам дамуына өз үлесін қосуы керек. Жеке адамның дамуы, оның өмірінің толықтығы өзі өмір сүріп отырған әлеуметгік жүйеге байланысты.Адам екі әлемде: табиғат пен қоғам әлемінде өмір сүреді.

Дегенмен оның табиғаты, мәні және өмірінің мазмұны онымен шектелмейді. Оған рухани жетілу сатылары қажет. Лев Толстой әлеуметтік мәселелерді шешу үшін мылтықтың керегі жоқ, адамның адамгершілік тәрбиесін күшейтіп, өзін-өзі рухани жетілдіру жағына көңіл бөлу керектігін айтқан. Рухани кемелдену мәселесі қашанда адамның өзіне-өзі үңілуінен, өзімен-өзі күресуінен басталады, өйткені барлық жақсылық пен жамандық, тазалық пен арамдық, әулиелік пен күнәһарлық адамның өзінің ішінде. Мәселе – тек өмірлік ұстанымда, дұрыс таңдау жасай білуінде. «Руханилықтың ең негізгі өлшемдерінің бірі – адамның жақсылыққа қарай талпынысы, – дейді С. Нұрмұратов. Ал кезкелген мақсатқа қарай ұмтылыс жақсылыққа қарай барар жол емес. Өйткені, «мақсат - оған жетуге тиісті құралды ақтайды» деген қағида адами өлшем тұрғысынан теріс түсінік болып табылады. Қоғамдағы әділдікті ешқашанда күштеу, зорлау арқылы жүзеге асыруға болмайды. Бұл рухани әлемнің зандылығына қайшы келетін іс-әрекеттер, Тек адамға біткен ішкі нұрдың күшімен, шыдамдылық пен мойынсұнушылық арқылы барлық қайшылықты жеңіп шыққанда ғана руханилықтың есігі ашылады».

Жеке тұлға белгілерінің пайда болуы мен дамуын талдау үшін жеке тұлғалардың қалыптасу процесіне әсер ететін мынадай факторларды бөліп көрсетеміз: 1) биологиялық тұқымқуалаушылық. 2) Физикалық орта. 3) Мәдениет 4) Топтық тәжірибе.5) Индивидуалды тәжірибе [3, 1].

1. Биологиялық тұқымқуалаушылық белгілері ауаға, суға, ұйқыға, қауіпсіздікке, ауырмауға қажеттілікті қамтитын адамзат тіршілігінің туған қажеттіліктері мен қабілеттерімен толықтырылады. Егер әлеуметтік тәжірибелерде негізінен адам иеленетін жалпы белгілермен түсіндірілетін болса, ал биологиялық тұқымқуалаушылық жеке тұлғаның индивидуалдығын, оның қоғамның басқа мүшелерінің

бастапқы айырмашылығын түсіндіреді. Осыған байланысты биологиялық тұқымқуалаушылық толығымен жеке тұлғаны жасай алмайды. Себебі мәдениет те әлеуметтік тәжірибе арқылы беріледі.

2. Физикалық орта. Кейбір зерттеушілер физикалық қоршаған ортаға жеке тұлғаның дамуында үлкен рөл берді. Атақты әлеуметтанушы П. Сорокин 1928 ж. басылған еңбектерінде Конфуций, Аристотель, Гиппократтан бастап, қазіргі кезеңнің географы Эллиот Хантингтонға дейінгі көптеген ғалымдар теорияларын кеңейтті. Мұнда жеке тұлға тәртібіндегі топтық ерекшеліктер негізінен ауа-райындағы географиялық ерекшеліктермен табиғи ресурстардағы ерекшеліктермен анықталады. Ғалымдардың бұл тобына философ Г.В. Плеханов пен Л.Н. Гумилевті де жатқызамыз. Бұл зерттеушілер жасаған теориялар ұлттық сананы ақтау үшін негіз болып табылады, бірақ жеке тұлғаның дамуына физикалық факторлардың шешуші әсерін атай алмайды, шындығында ұқсас физикалық және географиялық жағдайда жеке тұлғаның әртүрлі типтері қалыптасады және керісінше жеке тұлғаның ұқсас топтық белгілері қоршаған ортаның әртүрлі жағдайларында дамиды. Осыған байланысты физикалық орта әлеуметтік топтың мәдени ерекшеліктеріне әсер ете алады, бірақ тұлғаның жеке қалыптасуына әсері шамалы.

3. Мәдениет. Анықталған мәдени тәжірибе барлық адамзат үшін жалпы болып табылады және сол немесе басқа қоғам дамуының қандай сатысында тұрғанына тәуелді емес. Сонымен қатар әрбір қоғам өзінің барлық мүшелеріне басқа қоғам бере алмайтын кейбір ерекше тәжірибелерді, ерекше мәдени үлгілерді береді.

Американ зерттеушісі К. Дьюбайс сол қоғамға тән жалпы белгілерді иемденетін жеке тұлғаны модальды деп атады. Модальды тұлға деп Дьюбайс сол қоғамның мәдениетіне тән кейбір ерекшеліктерді иемденетін жиі кездесетін жеке тұлғалардың типін түсінді.

Модальды тұлға қоғам мәдени тәжірибесіне барарда өзінің барлық мүшелеріне беретін жалпы мәдени құндылықтарды өзіне сіңіреді. Яғни, әрбір сол қоғамның мәдениетіне сай келетін бір немесе бірнеше тұлғалық типтерді дамытады. Бірақ күрделі қоғамда субмәдениеттің көп болуына байланысты жеке тұлғалардың жалпы қабылдаған типін табу өте қиын. Біздің қоғамымыз көптеген құрылымдық бөлімдермен сипатталады: аймақ, ұлт, шұғылданатын іс, жас ерекшелік категориясы, жеке тұлға болады. Бұлардың әрқайсысы өздерінің жеке субмәдениетін жасауға бейім. Бұл үлгілер жеке индивидтерге тән тұлғалық үлгілермен араласады және аралас тұлғалық типтер пайда болады. Яғни, жеке тұлғалардың қалыптасуына биологиялық факторлары және жеке әлеуметтік топтағы жалпы мәдени үлгі әсер етеді. Сонымен қатар тұлғалардың қалыптасу процесін анықтайтын негізгі факторлар топтық тәжірибе және индивидуалды тәжірибе болып табылады. Бұл факторлар жеке тұлғалардың әлеуметтену процесінде толық бейнеленеді.

1 С. Әбішқызы, Ж. Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние», 2008.

2 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б. ISBN 9965-808-85-6

3 http://myunivercity.ru

Резюме

Абжан Г.М. – ст. преподаватель, Каз НПУ имени Абая

Формирования и духовное развития личности - актуальная проблема современности

В данной статье рассматривается проблемы формирования личности. Этот вопрос всегда актуален в обществе, поэтому возникает необходимость найти положительное решение. Формирование и развития свойств личности рассматриваются в теоретическом аспекте выбранной проблемы общения с обществом и развивается. В ходе личного приема общественных отношений в личности человека - база качественные свойства развития личности – социальный фактор

Ключевые слова: качества ,личность, среда, социализация.

Summary

Abjan.G.M. – teacher of brother department of Pedagogics,Abai the name Kazakh national university pedagogics

Forming and spiritual development of – issue of the day of contemporaneity

The article physical person quality quality society develops public question one time is examined, questionright decision therefore this the question society destroys, finds necessity is conceived. Quality internals and question, that chose taken, because my overhead part of hand helps society relation physical aperson developing is formed, in the article, examines. Public relation physical personaccepts motion individual man physical person qualityquality develops base is social physical personformed influences basic фактор talks conclusioncomes is.

Keywords: quality internalss, physical person, middle, public relation.

ӘОЖ 72.012 (574.2)

ҚАЗАҚСТАНДА ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІН ДАМЫТУДЫҢ ТАБИҒИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Есенғабылова А.Қ. – *Л.Н. Гумилев атындағы. ЕҰУ, PhD докторанты*, aiman_13_90@mail.ru
Омаров Қ.М. – *аға оқытушы, п.ғ.к. Абай атындағы ҚазҰПУ*, kairat62@bk.ru,

Берілген мақала отандық емдік-сауықтыру туризмі саласын, оның ішінде курорттық қызметтер нарығын дамытудың табиғи алғышарттарын бағалауға бағытталған. Мақалада Қазақстанның рекреациялық әлеуетінің емдік-сауықтыру жүйесін талдау негізінде емдік-сауықтыру туризмінің даму перспективалары қарастырылған. Емдік-сауықтыру туризмінің рекреациялық ресурстарын бағалау табиғатты пайдалануды оңтайландыру мен курорттық кешенді дамыту үшін қажетті алғышарт болып табылады. Осы мақсатта Қазақстанның бірнеше аймақтарының табиғи рекреациялық ресурстарын бағалай отырып, аймақтардың рекреациялық әлеуетін салыстыру мақсатында аудандастыру жүргізілді. Берілген аймақтарда бальнеологиялық және климаттық ресурстарды талдау барысында рекреациялық тартымдылығы мен емдік-сауықтыру туризмін дамыту мүмкіндігін бағалау үшін 20 гидро-минералды аудан бөлініп алынды. Жасалған талдаулар негізінде Қазақстанның табиғи рекреациялық ресурстарының карта-сызбасы құрастырылды. Сонымен қатар гидомнералды аудандардың рекреациялық ресурстарының сандық және сапалық сипаттамасы берілді. Нәтижесінде, Қазақстанның гидроминералды аудандары өте жоғары және жоғары, орташа және төмен рекреациялық әлеуетке сәйкес 4 топқа топтастырылған. Зерттеу нәтижелері жоғары рекреациялық әлеуетке ие, бірақ әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстар тарабынан аз игерілген аудандарда емдік-сауықтыру туризмі саласының дамуын тежейтін мәселелерді анықтауға және берілген аудандарды дамыту бойынша ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: емдік-сауықтыру туризмі, емдік балшық, минералды су, рекреация, шипажай.

Емдік-сауықтыру туризмі туристік аудандардың рекреациялық әлеуетін игерудің перспективті бағыттарының бірі болып табылады. Атақты неміс ғалымы W.Nahrstedt анықтамасына сәйкес, емдік-сауықтыру туризмі жергілікті және шетелдік туристердің тұрақты елді мекенін ауыстырған және оларға сауықтыру бағдарламалары ұсынылған жағдайда бальнеологиялық және өзге де курорттарға баруын қамтиды [1]. Доктор Aris Ikkos емдік-сауықтыру туризмі, негізінен, термальды туризммен және емдік мақсатта минералды бастауларға барумен байланысты деп есептейді [2]. Туризмнің бұл түрі табиғи-ресурстық бағытталуымен ерекшеленеді.

Қазақстан республикасы аумағында бальнеологиялық мақсатта пайдаланылатын минералды су қорлары тәулігіне 29800 $м^3$құрайды, олар барлық жер асты минералды суларының 0,5%-ын құрайды [3]. 1970 жылдың басында Ж. Сыдықов Қазақстан аумағында жер асты минералды суларының 6 бальнеологиялық тобын бөліп қарастырды және әр топтың сипаттамасын берді [4]. Қазақстан, сонымен қатар, емдік қасиеті бар минералды балшықтардың шексіз қорына ие.

Табиғи рекреациялық ресурстарды талдау негізінде рекреациялық тартымдылығы мен емдік-сауықтыру туризмін дамыту мүмкіндіктерін салыстырмалы бағалау мақсатында 20 гидроминералды аудан бөлініп алынды. Аудандарды кешенді бағалау үшін анықтаушы көрсеткіштері мен жекелеген табиғи элементтердің өзара байланысын ескере отырып баллдық жүйе пайдаланылды (1-кесте).

Кесте-1. Қазақстанның гидроминералды аудандарының рекреациялық әлеуетін бағалау

№	Гидроминералды аудандар			Минералды емдік ресурстар			Климат-тық ресурстар	Марал өсіру және ара шаруашылықтарын емдік-сауықтыру мақсатында пайдалану	Табиғи ресурстарды бағалау бойынша жалпы орташа балл
				Минералды су көздерінің саны	Минералды сулардың жалпы қоры	Емдік балшық кен орындарының саны	Орташа тәуліктік ауа температурасы 10^0С асатын кезеңнің ұзақтығы		
I	Маңғыстау-Үстірт			2	2	1	2	-	1,75
II	Жайық-Ырғыз	II А	Жайық-Аралсор	1	0	1	1	-	0,75
		II Ә	Индер-Ембі	1	1	1	2	-	1,25
		II Б	Елек-Шалқар	1	1	0	1	-	0,75
III	Есіл-Тобыл	III А	Тобыл	3	1	0	1	-	1,25
		III Ә	Есіл	2	2	3	0	-	1,75
IV	Сарыарқа	IV А	Шортанды-Ерейментау	3	0	3	1	2	2,25
		IVӘ	Қарқаралы-Баянауыл	2	1	1	1	-	1,25
		IVБ	Ұлытау-Атасу	2	1	0	1	-	1
V	Ертіс-Құлынды			2	1	1	1	-	1,25
VI	Алтай-Тарбағатай	VI А	Алтай	2	1	0	1	3	1,75
		VI Ә	Сауыр Тарбағатай	1	1	1	1	-	1
VII	Балқаш-Алакөл			2	0	3	2	-	1,75
VIII	Жетісу Алатауы			1	0	1	1	-	0,75
IX	Іле			2	3	1	2	-	2
X	Тянь-Шань	X А	СолтүстікТянь-шань	3	3	1	1	1	2,25
		XӘ	Талас-Өгем	1	2	0	2	-	1,25
XI	Шу-Сырдария	XI А	Шу-Сарысу	0	0	1	2	-	0,75
		XIӘ	Келес-Шардара	3	2	1	3	-	2,25
		XIБ	Сырдария-Арал	1	1	1	2	-	1,25
Ескерту: Авторлмен құрастырылған									

Балл бойынша аудандастыру 2-кестеде келтірілген көрсеткіштерге сәйкес жүргізілді.

Кесте - 2. Рекреациялық ресурстарды баллдық бағалау көрсеткіштері

Балл	Минералды емдік ресурстар			Климаттық ресурстар	Табиғи ресурстарды бағалау бойынша жалпы орташа балл	
	Минералды су көздерінің саны	Минералды сулардың жалпы қоры, $м^3$/тәулік	Емдік балшық кен орындарының саны	Орташа тәуліктік ауа температурасы 10^0 С асатын кезеңнің ұзақтығы		
0	–	<700	–	< 140	0 – 1,1	төмен
1	1-3	700-2000	1-3	140-179	1,2 – 1,5	орташа
2	4-6	2000-6000	4-6	180-200	1,6 – 1,9	жоғары
3	> 6	>6000	> 6	> 200	2–3	өте жоғары
Ескерту: Авторлмен құрастырылған						

Жалпы орташа балл бойынша барлық гидоминералды аудандар рекреациялық тартымдылығына сәйкес 4 топқа бөлінді, олардың шекарасы рекреациялық ресурстардың сандық және сапалық сипаттамаларына байланысты анықталды. Жүргізілген талдаулар нәтижесінде рекреациялық әлеуеті әр түрлі деңгейдегі гидроминералды аудандар бөлініп алынды (1-сурет).



Сурет 1. Қазақстанның табиғи рекреациялық ресурстарының карта-сызбасы
Ескерту: [3], [5] дерек көздері негізінде автормен құрастырылған

Табиғи рекреациялық әлеуеті өте жоғары гидроминералды аудандар кең ауқымды табиғи ресурстармен және қолайлы климаттық жағдайларымен сипатталады.Оларға келесі аудандар жатқызылды: Шортанды-Ерейментау, Іле, Солтүстік Тянь-Шань және Келес-Шардара. Табиғи рекреациялық әлеуеті жоғары гидроминералды аудандар тобына Маңғыстау-Үстірт, Есіл, Алтай және Балқаш-Алакөл кіреді. Орташа табиғи рекреациялық әлеуетке ие гидроминералды аудандарға Индер-Ембі, Тобыл, Қарқаралы-Баянауыл, Ертіс-Құлынды, Талас-Өгем және Сырдария-Арал жатқызылды. Табиғи рекреациялық әлеуеті төмен гидроминералды аудандар тобына Жайық-Аралсор, Елек-Шалқар, Ұлытау-Атасу, Сауыр-Тарбағатай, Жетісу Алатауы және Шу-Сарысу кіреді.

Аса перспективті гидроминералды аудандар ретінде орташа деңгейде игерілген Іле, Балқаш-Алакөл, Есіл және Маңғыстау-Үстірт аудандарын атап өтуге болады.

Іле гидроминералды ауданы минералды су көздерінің ең жоғарғы әлеуетіне ие, олардың жалпы қоры 8130 м^3/тәулік құрайды. Бұл гидроминералды ауданның аймағының көп бөлігі Алматы облысының туризмді дамыту мастер-жоспарына сәйкес Қарадала кластерінің құрамына кіреді. Мастер-жоспардың шеңберінде бальнеологиялық ресурстарды зерттеу мен бағалау, жаңа емдеу-сауықтыру орындарын қалыптастыру және бар мекемелердегі инфрақұрылымның сапасын жақсарту, жергілікті тұрғындар арасынан кадрлар даярлау жоспарланады [6].

Балқаш-Алакөл гидроминералды ауданының аймағында 4 минералды су көздері және 10 емдік балшық кен орындары орналасқан, сонымен қатар оның аумағының көп бөлігін Балқаш көлі мен Алакөлдің жағалаулары алып жатыр. Балқаш-Алакөл гидроминералды ауданының кейбір аймақтары Алакөл-Жетісу және Шығыс-Балқаш, сонымен қатар Қапшағай кластерлерінің құрамына кіреді.

Кластер шеңберінде қазіргі таңда Алакөлдің жағалауында сауықтыру мекемесінің құрылысы жүргізілуде [6]. Емдік-сауықтыру туризмімен қатар, бұл ауданда жағажайлық, танымдық және спорттық туризм түрлерін дамытудың мүмкіндігі зор.

Есіл гидроминералды ауданының аймағында 6 минералды су көздері және 7 емдік балшық кен орындары орналасқан. Қазіргі таңда Есіл гидроминералды ауданының минералды ресурстарының базасында Серебряный бор және Транссиб шипажайлары жұмыс істейді. Бұл аймақтағы көлдердің емдік балшықтары базасында бірнеше балшықпен емдеу орталықтарын салуды ұсынамыз.

Маңғыстау-Үстірт гидроминералды ауданының аймағында 4 минералды су көздері және 1 емдік балшық кен орындары орналасқан, сонымен қатар оның аумағында термалды су көздері бар. Бұл минералды ресурстар базасында Шағала шипажайы мен Кендірлі курорты жұмыс істейді. Алайда, бұл ауданның игерілу дәрежесі төмен, осыған байланысты минералды су көздерінің базасында бальнеотерапия мен талассотерапияға маманданатын емдік-сауықтыру орталықтарын ашуды ұсынамыз.

Жоғарыдағы ақпаратты қорытындылай келе, Қазақстанда бұл саланы дамытуды тежейтін басты мәселелерге перспективті аудандарда жаңа санаторлы-курортты мекемелер салу және бар мекемелерді жетілдіру үшін инвесторлар мен мемлекеттік қолдаудың жетіспеушілігін жатқызуға болады. Емдік-сауықтыру туризмін дамыту үшін аймақтарда кең ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, инвесторларды тарту және инфрақұрылымды дамыту қажет. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында емдік-сауықтыру туризмін дамытудың маңыздылығы атап өтілген және осыған байланысты көптеген шаралар жүзеге асырылуда.

1 Nahrstedt W. Wellness: A New Perspective for Leisure Centers, Health Tourism, and Spas in Europe on the Global Health Market. In: K. Weiermair& C. Mathies (Eds.), TheTourism and Leisure Industry: Shaping the Future, New York: HaworthHospitality Press, 2004. - Pp. 181-198.

2 Ikkos A. Health tourism: new challenge in tourism. In: GBR Consulting. 2002. http://www.gbrconsulting.gr/articles/Health%20Tourism%20-%20a%20new%20challenge.pdf.

3 Веселов В.В. и др. Справочник «Месторождения подземных вод Казахстана». Алматы, 1999.

4 Сыдыков Ж.С. и др. Лечебные минеральные воды Казахстана. Алма-Ата, 1972. - 140 с.

5 ҚазақстанРеспубликасыныңұлттық атласы. – Алматы, 2010.

6 Алматы облысының Туризм басқармасының сайты. – Электронды ресурс. http://turizm-zhetysu.gov.kz/?p=317

Резюме

Есенгабылова А.К. – PhD докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,
Омаров К.М. – КазНПУ имени Абая, город Алматы, Республика Казахстан

Природные предпосылкиразвития лечебно-оздоровительного туризма в Казахстане

Данная статья направлена на оценку природных предпосылок отечественной сферы лечебно-оздоровительного туризма, в том числе рынка курортных услуг. В статьерассматриваются перспективы развития лечебно-оздоровительного туризма на основе анализа лечебно-оздоровительной системы рекреационного потенциала Казахстана. Оценка рекреационных ресурсов лечебно-оздоровительного туризма является необходимой предпосылкой для оптимизации природопользования и развития курортного дела. Проводя для этих целей оценку природных рекреационных ресурсов нескольких регионов Кахастана,было сделано районирование сцелью сравнения рекреационного потенциала местностей. В ходе проведения в данных регионах анализа бальнеологических и климатических ресурсов,выделены 20 гидроминеральных районов для оценки их рекреационной привлекательности и возможности развития лечебно-оздоровительного туризма. На основе сделанных анализов была составлена карта-схема природных рекреационных ресурсов Казахстана. Кроме этого, были приведены количественные и качественные характеристики рекреационных ресурсов гидроминеральных районов. В результате, гидроминеральные районы Казахстана были сгруппированы на 4 группы согласно очень высокому и высокому, среднему и низкому рекреационному потенциалу. Представленные результаты исследования позволят определить проблемы, препятствующие развитию сферы лечебно-оздоровительного туризма и сформулировать предложения по развитию конкретных районов с высоким лечебно-оздоровительным потенциалом, но малоосвоенных, с точки зрения социально-экономических рекреационных ресурсов.

Ключевые слова: лечебно-оздоровительный туризм, лечебная грязь, минеральная вода, рекреация, санаторий.

Summary

Yessengabylova A.K. – PhD candidate of Eurasian national university named after L.Gumilyov
Omarov K.M. – KazNPU named Abai, city Almaty, Republic of Kazakhsta

Natural prerequisites of development of health-improving tourism in Kazakhstan

This article is directed to an assessment of natural prerequisites of the domestic sphere of health-improving tourism, including the market of resort services. Prospects of development of health-improving tourism on the basis of the analysis of health-improving system of recreational capacity of Kazakhstan are consideredin article.The assessment of

recreational resources of health-improving tourism is the necessary prerequisite for optimization of environmental management and development of resort business. Division into districts for the purpose of comparison of recreational capacity of districts was made after carrying out an assessment of natural recreational resources of several regions of Kakhastan for these purposes.20 hydromineral areas for an assessment of their recreational appeal and a possibility of development of health-improving tourism are allocatedduring the analysis of balneological and climatic resources in these regions.The schematic map of natural recreational resources of Kazakhstan was made on the basis of the made analyses.Besides, quantitative and qualitative characteristics of recreational resources of hydromineral areas were provided.As a result, the hydromineral regions of Kazakhstan were grouped on 4 groups according to very high and high, average and low recreational potential.The presented results of research will allow to define the problems interfering development of the sphere of health-improving tourism and to formulate offers on development of the concrete areas with a high health-improving potential but low-developed from the point of view of social and economic recreational resources.

Keywords: health-improvingtourism, therapeutic mud, mineral water, recreation, sanatorium.

ӘОЖ 338.012

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ШИПАЖАЙЛЫҚ-КУРОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫН ТАЛДАУ

Есенғабылова А.Қ. – *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты,* aiman_13_90@mail.ru

Бұл мақалада автор Алматы облысының шипажайлық-курорттық қызметтер нарығын талдай отырып, аймақтағы осы саланың даму жағдайына баға береді. Атап айтқанда, Алматы қаласы және жалпы Алматы облысы аймағында орналасқан шипажайлық-курорттық мекемелердің қызмет көрсету ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Сонымен қатар емдік-сауықтыру туризмінің нысаны болып табылатын шипажайлық-курорттық мекемелердің іс-әрекетін талдау барысында демалушылар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында демалушылардың қандай әлеуметтік топқа жататындығы, шипажайлық-курорттық қызметке деген көзқарасы анықталды, сонымен қатар шипажай демалушылары тарапынан мекемелер ұсынатын қызметтерге баға берілді. Шипажайлық-курорттық мекемелерге келушілер арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы аймақта шипажайлық-курорттық қызметтерге деген сұраныс деңгейі анықталып, саланың дамуын тежейтін негізгі мәселелер мен емдік-сауықтыру туризмі нарығын дамытудың басты бағыттары қарастырылды.

Түйін сөздер: емдік-сауықтыру туризмі, шипажай, профилакторий, курорт, әлеуметтік сауалнама.

Емдік минералды ресурстар тарапынан Алматы облысының аймағы республикадағы ең қолайлы аймақтардың бірі болып табылады. Алматы облысында кең қолданысқа ие минералды сулар мен емдік балшықтар базасында шипажайлар, профилакторилер, сонымен қатар демалыс үйлері мен сумен емдеу, балшықпен емдеу орталықтары жұмыс істейді. Қазіргі таңда Алматы облысында 16 шипажайлық-курорттық мекеме жұмыс істейді, оның ішінде 10 мекеме Алматы қаласының аймағында орналасқан. Сонымен қатар, 7 балалар шипажайы және 8 рекреациялық аймақтарда көптеген демалыс үйлері мен базалары орналасқан. Алматы облысында туризмді дамытудың мастер-жоспарына сәйкес кластер шеңберінде 2018 жылға дейін 150 орындық «Албан-Арасан» шипажайлық-курорттық кешенінің құрылысы жоспарлануда, сонымен қатар қазіргі таңда Алакөлдің жағалауында сауықтыру мекемесінің құрылысы жүргізіліп жатыр [1].

«Алматы Resort» клиникалық шипажайы, «Алатау» емдік-сауықтыру кешені, «Ақ қайың» медициналық-сауықтыру кешені, «Altyn Kargaly» отель-шипажайы, «Көктем» шипажайы, «Қазақстан» шипажайы, «Қарғалы» пансионаты, «Ақ бастау» сауықтыру пансионаты, «Каменское плато» туберкулезден емдейтін шипажайы және «Саумалы Перзент» саумалмен емдеу орталығы Алматы қаласының аймағында орналасқан. Шипажайлық-курорттық мекемелер көбінесе бальнеотерапияға, климатотерапияға және пелоидотерапияға маманданған, сонымен қатар фитотерапия, парафинді-озокеритті емдеу, спелеотерапия, апитерапия, гирудотерапия, терренкур, саумалмен, қымызбен және шұбатпен емдеу сияқты емдік поцедуралар көптеген шипажайларда қолданылады.

«Жаркент-Арасан» медициналық сауықтыру кешені, «Керімағаш» шипажайы, шипажай-профилакторий «Қаратал», шипажай-профилакторий «Текелі», «Ақ бұлақ» шипажайы, «Алакөл-Арасан» емдік-сауықтыру орталығы Алматы облысы аймағында орналасқан.Бұл емдік-сауықтыру мекемелерінде қимыл-тірек аппаратының, жүйке және қан айналым жүйелерінің, дем алу органдарының және ас қорыту мүшелерінің, қанайналым және эндокриндік, зәр шығару жүйелерінің аурулары, инфекциялық және

паразитарлық аурулар, психикалық ауытқулар, қимыл, тамақтану және зат алмасудағы ауытқулар сияқты көптеген ауру түрлеріен емдейді.Шипажайға жолдама бағалары тәулігіне 5000-25500 теңге аралығында болып табылады. Емдеу барысында шипажайларда балшықпен емдеу, минералды ванналар, емдік душ, су астында омыртқаны созу, ішек пен өт жолдарын тазалау, фитотерапия, массаж, қанды тазалау, сүлікпен емдеу, инемен емдеу, психотерапия, жарықпен емдеу, биоптрон, ингаляция, оттегі-озон терапиясы, тұз шахтасы, мануалды терапия, емдік дене шынықтыру, диетотерапия және қымбат шетелдік құрылғыларда диагностика мен ем жасаудың басқа да жаңа әдістері қолданылады [2], [3], [4], [5], [6].

Алматы облысы тұрғындары арасында сауалнама жүргізу барысында жауап берушілер арасында Алматы облысының Жаркент-Арасан, Текелі және Қаратал шипажайлары аса сұранысқа ие екені белгілі болды.

Шипажайлық-курорттық қызметтердің аймақтық нарығын жетілдіру және демалушылардың қажеттіліктерін анықтау мақсатында Алматы облысының 5 шипажайлық-курорттық мекемелерінде әлеуметтік зерттеу жүргіздік. Зерттеулер«Жаркент-Арасан» медициналық сауықтыру кешенінде, «Керімағаш» және «Ақ бұлақ» шипажайларында, «Қаратал» және «Текелі» шипажай-профилакторилерінде, «Алакөл-Арасан» емдік-сауықтыру орталығында жүргізілді. Демалушылар арасында жүргізілген арнайы сауалнама нәтижесінде олардың 60%-ын әйелдер, 40%-ын ер адамдар құрайтыны анықталды. Жас ерекшеліктеріне келетін болсақ, 25 жасқа дейінгі адамдар 2,6% құрайды, 26 мен 35 жас арасындағылар - 8%, 36-45 жас арасындағылар - 5,4% , 46-55 жас арасындағылар - 21%, жасы 55-тен жоғары адамдар 63% құрайды.74% жауап берушілердің отбасылары бар, 26% үйленбеген немесе тұрмыс құрмаған. Қызмет атқаратын саласын қарастыратын болсақ, 15,8% жауап берушілер мемлекеттік мекемелерде қызмет атқарады, 15,7% жеке секторда жұмыс істейді, жауап берушілердің 13,2%-ын жұмыссыздар мен үй шаруасындағы әйелдер құрайды, 2,6% оқушылар мен студенттер және 52,7% зейнеткерлер болып табылады. Осыдан көріп отырғанымыздай, шипажайларда демалушылардың көп бөлігін жасы 55-тен жоғары, зейнеткер, отбасылы, әйел адамдар құрайды. Орташа айлық табыстары жауап берушілердің 79%-ын да 20000-100000 теңге аралығында болып табылады. 7,9% демалушылардың орташа айлық табыстары 20000 теңгеден төмен, тек қана 13,1% жауап берушілердің айлық табысы 100000 теңгеден астам соманы құрайды.

Шипажайлық-курорттық мекемелерде демалудың жиілігіне қатысты 44,7% жауап берушілер жыл сайын демалатынын, 26,3% мұндай мекемелерге алғаш келгенін, 5,3% демалушылар шипажайларға жылына 2 рет келетінін жеткізді, қалған жауап берушілер 2-5 жылда мүмкіндік туған жағдайда ғана демалатынын атап өтті. 36,8% жауап берушілер жаз мезгілінде, 47,3% күзде демалғанды қалайтынын білдірді, қалғандары үшін жылдың қай мезгілінде демалу маңызды емес. Демалушылардың 65,8% бөлігі шипажайлық-курорттық мекемелерге жолдаманы 10 күнге және 28,9%-ы 15 күнге алғанды қалайтынын жеткізді. Шипажайлық-курорттық мекемелердегі демалушылардың 52,5% бөлігінің негізгі мақсаты емделу, денсаулықты нығайту болса, 47,2% демалушы емделу мен демалуды үйлестіруді қалайды.

Шипажайды таңдаудағы себептерге байланысты демалушылардың көзқарастары бөлінді. 1-суретте шипажайлық-курорттық мекемені таңдаудағы демалушылардың негізгі себептері көрсетілген.

Сурет 1. Шипажайлық-курорттық мекемені таңдаудағы демалушылардың негізгі себептері

Ескерту: Зерттеу негізінде автормен құрастырылды

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, шипажайлық-курорттық мекемені таңдау барысында адамдар ең алдымен медициналық қызметтің жоғарғы сапасы мен шипажайдың қолайлы орналасуын ескереді. Келесі себептерге минералды ресурстардың болуы мен ұсынылатын қызметтердің кең ауқымы жатқызылды. Шипажайлық-курорттық мекемені таңдау кезінде жолдама бағасы да үлкен әсер етеді. 92% жауап берушілердің пікірінше, шипажайға жолдаманың бағасы оларды қанағаттандырады, себебі Алматы облысының шипажайлық-курорттық мекемелеріндегі жолдаманың орташа бағасы Алматы қаласының шипажайларына қарағанда төменірек болып табылады. Жауап берушілердің арасында жолдаманы кәсіподақтардан арзандатылған бағамен алғандар аз болмады. Көптеген мемлекеттік мекемелердің кәсіподақтары жергілікті шипажайлардан жолдамаларды толық бағамен сатып алып, өз қызметкерлеріне жеңілдетілген бағамен ұсынады. Бұл шаралар, бір жағынан аймақта шипажайлық-курорттық саланың дамуына септігін тигізсе, екінші жағынан жергілікті халықтың денсаулығы мен өмір сүру жағдайының жақсаруына алып келеді.

89% демалушылар осы шипажайларға болашақта қайта демалуға келетінін және 79% жауап берушілер өз таныстарына осы шипажайлық-курорттық мекемелерге келуді ұсынатынын білдірді.

Зерттеудің келесі бөлімінде әлеуметтік сауалнама арқылы Алматы облысының шипажайлық-курорттық мекемелерінде ұсынылатын қызметтердің сапасына баға берілді. Ол үшін әр демалушыға шипажайда көрсетілетін қызметтердің сапасын 5-баллдық жүйемен бағалау ұсынылды. Сауалнама нәтижелері 2-суретте диаграмма түрінде көрініс тапқан.

Сурет 2. Шипажайда көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау

Ескерту: Зерттеу негізінде автормен құрастырылған

Демалушылардың бағалауы бойынша, Алматы облысының шипажайлық-курорттық мекемелерінде ең алдымен медициналық қызметтердің сапасы мен тамақтандыруды ұйымдастыру қанағаттандырады. Мәдени-бұқаралық шараларға, емдік дене шынықтыруға және ағартушылық жұмысына ең аз балл сәйкес келді. Бұл отандық шипажайлық-курорттық мекемелердің қызметіне мәдени-бұқаралық шараларға ерекше көңіл бөлетін шетелдік курорттардың тәжірибелерін ендіру қажет деген мағынаны білдіреді.

Төменде Алматы облысының шипажайлық-курорттық мекемелерінің қызметін жетілдіру бойынша демалушылардың ұсыныстары келтірілген. 55-75% жауап берушілердің пікірінше, шипажайларда тіркеу үрдісін жылдамдату қажет, медициналық персонал көбірек сыпайылық танытуы керек, сонымен қатар мәдени-бұқаралық шаралардың бағдарламасын барынша толықтырып, әр демалушыға

жеке көңіл бөлу қажет. Демалушылар медициналық персоналға әр түрлі ауру түрлерінің алдын алу және шипажайлық ем барысында пайдаланылатын табиғи минералдық ресурстардың пайдалылығы туралы ағартушылық жұмыс жүргізуді ұсынады.

Қорытындылай келе, шипажайлық-курорттық мекемелерге көрсетілетін қызметтер ауқымын кеңейту, Алматы қаласы мен облысының туроператорларымен тығыз байланыс орнату, емдеу мен қалпына келтіру бойынша арнайы бағдарламалар қалыптастыру қажет екендігін атап өткен жөн. Барлық шипажайлық-курорттық мекемелерге өз инфрақұрылымын демалушылар үшін максималды ыңғайлы етіп қалыптастыруы қажет. Осы және көптеген басқа да шаралар демалушылардың шипажайларда немесе демалыс үйлерінде өткізетін уақытын ұзарта түсуге және жаңа туристерді тартуға мүмкіндік береді.

1 Алматы облысының туризмін дамытудың мастер-жоспары. – Алматы облысының Туризм басқармасының сайты. – Электронды ресурс. – http://turizm-zhetysu.gov.kz/?p=317

2 «Жаркент-Арасан» медициналық сауықтыру кешенінің сайты. – Электронды ресурс. – http://www.zharkent-arasan.kz/

3 «Керімағаш» шипажайының сайты. – Электронды ресурс. – http://www.kerimagash.kz/

4 «Қаратал» шипажай-профилакториініңсайты. – Электронды ресурс. –http://www.sanatori-karatal.kz/

5 «Текелі» шипажай-профилакториініңсайты. – Электронды ресурс. –http://www.proftekeli.ru/

6 «Ақ бұлақ» шипажайының сайты. – Электронды ресурс. –http://www.sanatoryakbulak.kz/

Резюме

Есенгабылова А.К. **–** PhD докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,

Анализ рынка санаторно-курортных услуг Алматинской области

Анализируя рынок санаторно-курортных услуг Алматинской области, в данной статье автор дает оценку состоянию развития отрасли в регионе. Стоит отметить что, автор отмечает особенности функционирования санаторно-курортных учреждении, расположенных в городе Алматы и в целом на территории Алматинской области. Кроме этого автором проводился социальный опрос среди отдыхающих во время анализа деятельности санаторно-курортных учреждении, которые являются объектами лечебно-оздоровительного туризма. В ходе проведения опроса были определены к какой социальной группе относятся отдыхающие санаториев и их предпочтения в отношении санаторно-курортных услуг, а также отдыхающими дана оценка услугам, предоставляемым данными учреждениями. Посредством проведения социального опроса среди клиентов санаторно-курортных учреждении был определен уровень спроса на санаторно-курортные услуги в регионе, а также были рассмотрены проблемы, препятствующие развитию отрасли и пути развития лечебно-оздоровительного туризма.

Ключевые слова: лечебно-оздоровительный туризм, санаторий, профилакторий, курорт, социальный опрос.

Summary

A.K. Yessengabylova – PhD candidate of Eurasian national university named after L. Gumilyov

Market analysis of sanatorium servicesof Almaty region

Analyzing the market of sanatorium services of Almaty region, in this article the author gives an assessment to a condition of development of branch in the region. It should be noted that, the author notes features of functioning sanatorium establishments, located in the city of Almaty and in the territory of Almaty region in general.Besides,the author conducted social survey among vacationers during the analysis of activity sanatorium establishment which are objects of health- improving tourism.During the surveywere defined what social group are vacationers of sanatoria and their preference concerning sanatorium services,and also vacationers gave an assessment to the services provided by these establishments.By means of a social survey among clients of sanatorium establishmentsit was determined the level of demand for the market of resort services in the region, and also the problems interfering development of branch and a way of development of health-improvingtourism were considered.

Keywords: health-improving tourism, sanatorium, dispensary, resort, social survey.

УДК: 373.51

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Берикханова А.Е. – *п.ғ.к.,доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, ПШО тренері,* e-mail: brr.aiman@gmail.com

Мақалада Қазақстандағы орта білім беру мектептерінде формативті бағалау әдістерін пайдаланудың тиімділігі қарастырылған. Қоғамдағы өзгерістердің барлығы ұлт болашағына, қоғамның даму мақсатына, уақыт талабына негізделген жаңа даму перспективаларын айқындалған. Осындай ауқымды бағдарламалардың бірі ретінде «Интеллектуалды ұлт - 2020» (1) бағдарламасының маңызы ккрсетілген. Ұлттық жобаның жаңа тұрпатты азаматтарды тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адами капиталы қалыптасқан мемлекет деңгейіне жеткізумен байланысты екендігі көрсетілген.

Түйін сөздер: интеллект, интеллектуалды ұлт, бағалау, формативті бағалау, түрткі, функционалды сауаттылық, сыныптағы психологиялық ақуал.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан бері тың иновациялық идеяларды іске асырып экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық, саяси бағыттарда көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, әлемдік аренада өзінің лайықты орнын ойып тұрып алғаны анық. Қоғамдағы өзгерістердің барлығы ұлт болашағына, қоғамның даму мақсатына, уақыт талабына негізделіп, жаңа даму перспективаларын айқындауда. Осындай ауқымды бағдарламалардың бірі ретінде «Интеллектуалды ұлт – 2020» (1) бағдарламасының маңызы өте зор. Ұлттық жобаның негізгі идеясы жаңа тұрпатты азаматтарды тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адами капиталы қалыптасқан мемлекет деңгейіне жеткізумен байланысты.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасының мақсаты – жаңа тұрпатты қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту және ол жобаның мемлекетті стратегиялық тұрғыдан дамыту бағыты үш құрамдас бөліктен тұрады: білім беру жүйесін инновациялық даму жолына түсіру; қуатты ақпараттық революция, яғни ақпараттық инновациялық технологиялар паркін қалыптастыру; жастарға рухани тәлім-тәрбие беру (2).

Аталып отырған бағдарламада басшылыққа алынған үш негізгі аспекттердің (сапалы білім, ақпараттық революция және жастардың рухани дамуы) түп тамырын зерттейтін болсақ, олар мектеп мәселелерімен тікелей байланыс табуда. Қазіргі орта білім беру мазмұнын жаңарту бағытында мектеп мұғалімдері үлкен серпімді жобаларға қатысып, білім нәтижелерін халықаралық білімді мониторингілеу рейтингтерінен (**TIMSS – *Trends in Mathematics and Science Study***) елеулі орындарды иеленуде. **TIMSS** рейтингісі бойынша 4-ші және 8-ші сынып оқушыларының жаратылыстану-математикалық білім беру сапасын бағалайтын халықаралық зерттеу көрсеткіштері анықталып отырады.

2015 жылғы TIMSS аясында Қазақстаннан 179 мектептен барлығы 9 579 оқушы (ауыл және қала мектептерінен, орыс және қазақ мектептерінен, аралас мектептерден) қатысты. Осы сынақта Қазақстан оқушыларының қол жеткізген жетістіктері қуантарлықтай. Себебі 8-ші сыныптар арасында математика пәні бойынша Қазақстан 7 орынды, ал жаратылыстану ғылымдары бойынша 9-шы орынды иеленген. Сонымен қатар, 4-ші сыныптар арасында математика пәні бойынша Қазақстан оқушылары 12-ші орынды, ал жаратылыстану ғылымдары бойынша 8-ші орынға ие болды (3). Бұл рейтинг бойынша Қазақстан оқушылары жаратылыстану-математикалық сауаттылығы бойынша АҚШ, Англия, Германия, Канада, Автралия, Израиль, Швеция, Малайзия, Түркия және тағы басқа дамыған мемлекеттердегі құрдастарынан озып шығулары, Қазақстанның әлемдегі 30 дамыған мемлекеттер қатарына енуге деген талпынысын айқын көрсете түсті.

Білім беру мазмұнын жаңарту барысында негізгі ұстанымдар қатарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру, деңгейлік бағдарлама идеялары қамтылған 7 модуль мазмұндарын мектеп практикасына енгізу, Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін жалпыға білім беру мектептеріне жан-жақты тарату, педагогикалық инновациялық технологияларды ұтымды пайдалана білу мәселелері өзектенуде.

Қазіргі таңда білім сапасын арттыруда оқу нәтижелерін *тиімді бағалау жүйесін жетілдіру* қажеттілігі айқын көрініс табуда. Қазіргі мектептерде мұғалімдер бағалаудың түрлі әдістерін

пайдалануға талпыныс танытып отыр. Қазіргі мектептерде деңгейлік курстардан өткен мұғалімдер бағалаудың *формативті, суммативті, критериалды түрлерінің* теориялық негіздерімен танысып, өз тәжірибелеріне енгізу үстінде.

Формативті бағалау - оқыту үшін бағалау (4). Оқушылардың оқуға деген ынталарын оятуда *формативті бағалаудың әдістері* әсерлі екенін және оның мұғалімдердің оқыту қызметін жетілдірудің бірден бір тетігі екенін мектеп тәжірибесі дәлелдеп отыр. Оны деңгейлік курстардан өткен мұғалімдердің есептерінен, өткізген коучингтерінен, шеберлік сабақтарынан аңғаруға болады.

Формативті бағалау ерекшеліктері психо-эмоциялық көңіл-күймен тығыз байланысты. Ал оқутанымдық үрдісте психологиялық ахуал ең қажетті факторлардың бірі болып табылады. Оқушының үлгерімі жақсы болу үшін ең алдымен оның ынтасын оятып, жігерлендіру қажет. Халық арасындағы «Атты суатқа апаруға болады, бірақ күштеп су ішкізу қиын» - деген мақал тегін қалыптаспағаны белгілі.

Мысалы, сабақ үстінде оқушылардың әр жауаптарына: «Сіздің ойыңыз өте құнды», «Бұл өте қызық идея екен», «Сіздің пікіріңіз ерекше болды!», «Бұл өте сирек кездесетін жауап!», «Әр кімнің пікірі құнды!», «Сіз осы қасиетіңізбен ерекшеленесіз!», «Жауап қосқаныңызға көп рахмет!», «Түсінігіңіз тереңдей түскенін байқата алдыңыз!» - деген пікірлер арқылы олардың өз күштеріне деген сенімділіктерін, ерік-жігерлерін шыңдауға көмектесетінін байқауға болады.

Ал енді кейбіреулері *қате жауап* беріп тұрғанның өзінде де оларға: «Жақсы! Бәріміз өстіп үйреніп кетеміз!», «Сіз білім көкжиегін кеңейту үстіндесіз!», «Бәріміз үйрену үстіндеміз», «Бұл ерекше пікір екен, тағы кімде өзгеше пікірлер бар, салыстырып көрейік», «Қателіктерден қорықпаймыз», «Ештеңе істемейтін адам ғана қателеспейді», «Қателіктерді жеңу арқылы өзгереміз» - деген демеуші, қолдаушы пікірлермен белсенділіктерін бәсеңдетпейтіндей қалыптастырушы бағалау тәсілдерін қолдана алу өте маңызды.

Мұғалімнің оқыту шеберлігінде вербальсыз қарым-қатынас тәсілдері де өте ұтымды және тиімді қолданылуы қажет (мимика, ым-ишара, такесика, бас изеу, бас бармақ арқылы бағалау, шапалақтау арқылы шартты белгілерді пайдалану, т.б.). Аудиторияға күлімдеп кіру, оқушылармен кездескенде шынайы қуанышты екеніңізді білдіру, қал-жағдайларын сұрастыру, комплимент айту, үнсіздік ұстау, бейресми жағдайларда да пікірлеріне құлақ асу, пікірлеріне қызығушылық таныту, жетістіктері үшін құттықтау, көпшілік алдында құттықтау техникаларының ықпалы айтарлықтай септік тигізеді. Формативті бағалаудың негізгі ерекшеліктерінің бірі сабақта үнемі психологиялық жағымды ахуал тудырып, кейбір кезде көңіл-күйлерін көтеретін мысал-әңгімелер келтіріп, әр кезде позитивтіліктің сақталуында.

Сабақтар барысында мұғалімдер оқушыларға «Екі жұлдыз бір тілек», «Білемін, білгім келеді, білдім», «Бес жол өлең», «Қызық, құнды, қиын», «Шаттық шеңбері», «Шапалақ шашу», т.б. формативті бағалау тәсілдерін жиі қолданады. Формативті бағалау беруде «сендвич» әдісіне негізделіп, оқушыға бірінші жақсы, ұтымды тұстарын атап көрсетіп, содан кейін ұсыныстарды, ойландыратын сұрақтар ретінде беруге болады.

Формативті бағалаудың атқаратын басты қызметі жағымды кері байланыс беру. Бұндай кері байланыстардан көп ақпараттар алуға болатыны байқалды: оқушылар мен мұғалімдердің құзіреттілік деңгейлері, коммуникативтік қабілеттері, жаңашылдық идеяларды меңгеру және қабылдау деңгейлері арта түскен.

Формативті бағалаудың құндылығын оның рефлексиялық қызметімен байланыстыра қарастыруға болады. Мысалы, «жетістік баспалдағы» әр адам өзін бағалауда, өз командасының жұмысын бағалауда, бүкіл топтың жұмысын бағалау үшін қолданылатын әмбебап бағалау құралы болып табылады. Мысалы, жаңа тақырыпты түсіндіргеннен кейін, топтық талқылаудан кейін, немесе рефлексиялық кері байланыс кезінде осы «жетістік баспалдағы» үнемі қолданыста болса, мұғалім де, оқушылар да өздерінің оқутанымдық іс-әрекеттерінің тиімділігі мен нәтижелілігін, немесе, олқылықтарын, жетіспеушіліктерін байқай алады.

Формативті бағалау түрлерін *жазбаша, ауызша, иллюстрациялық, вербальсыз* деп жіктеуге болады. Мысалы, «Блоб көпірін» қолдану формативті бағалаудың иллюстрациялық тәсіліне жатады. Оқушы өзінің «Блоб көпірін» неліктен осылай бояғанына түсініктемесін жазып, рефлексия жасай алады. Формативті бағалаудың осындай тәсілдері арқылы оқушының қаншалықты тақырыптың мәнмәтініне ене алғанын түсінуге, сол арқылы тапсырмаларды түрлендіріп, формативті бағалаудың басқа түрлерін таңдап алуға болады.

Формативті бағалаудың мұғалім үшін маңыздылығы – оның кәсіби шығармашылықты арттыруға ықпалында. Әр педагогикалық жағдаятқа қатысты мұғалім түрлі тәсілдердің ішінен ең тиімді тәсілін таңдай алуы керек. Бұндай таңдау мұғалімнің арнайы шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағыттайды.

Мектеп мұғалімдерін жаңашылдыққа бағыттаудың алдыңғы қатарында мектеп басшылары, олардың көшбасшылық қабілеттері маңызды роль атқарады. Сондықтан Қазақстандағы әр облыс орталықтарында ашылған Педагогикалық шеберлік орталықтар ашылып, мұғалімдердің біліктіліктерін жетілдірумен қатар мектеп басшыларының да көшбасшылық қабілеттерін, менеджмент құндылықтарын қалыптастыру курстары қарқынды жүргізілуде.

Мектеп басшыларының оқу курстары ұзақ мерзімдік болғандықтан, олардың жұмыстарына формативті бағалаудың дистанциялық қашықтық және өндідірістік тұрғыдағы түрлері кеңінен таралды. Егер қашықтық формасында формативті бағалау Интернет арқылы жүргізілген болса, өндірістік формасы бойынша курсты жүргізген тренерлер әр басшы басқарып отырған мектептке барып, басшы жұмысының нәтижелігін жұмыс орнында көріп формативті баға береді. Сондай-ақ, формативті бағалаудың соңғы түрінде мектеп басшысы өз ісіне, жұмысындағы жетістіктері мен кеткен кемшіліктеріне кері байланыс алып, соның нәтижесінде жұмысын жетілдіруге тырысады.

Осы тұрғыда деңгейлік курстардың педагогикалық теория мен практиканың ұштасуына үлкен мүмкіндік жасайтынын, қосымша кәсіби даму алаңдарын дамытуға септігін тигізетіндерін айта кету орынды.

Мектеп басшыларына формативі бағалау on-line режимінде, желілік қоғамдастық арқылы да және тікелей мектепке бару арқылы да берілді. Қашықтықта жедел формативті бағалау беру және үздіксіз байланыста болу құралы ретінде WatsApp арқылы, кәсіби желілік қоғамдастық жұмысы арқылы үздіксіз жалғастырып отыру арқылы ынталарының артқанын, инфокоммуникативтік құзіреттерінің жетілуін байқауға болады. Осындай байланыс арқылы мектеп басшылары бірі бірінің жетістіктеріне және тренерлер де олардың жұмыстарына формативті бағалау беріп, қолдау көрсетіп отыруы үздіксіз үрдіске айналуы ықтимал. Осы байланыстар арқылы мектеп басшыларына формативті бағалаудың қолданыс аясының кеңдігін және нәтижеілігін көрсету заман талабына айналып отыр.

Мектеп басшыларының курстары тоғыз айға созылғандықтан онда аудиториялық және практикалық кезеңдер ажыратылады. Аудиториялық кезеңдер екі ай уақытқа созылса, қалған жеті ай практикалық, немесе, өндірістік тұрғыда жалғаса береді. Осындай ұзақ мерзімді курс барысында да формативті бағалаудың төмендегідей бағыттары бар:

- құжаттар бойынша,
- сабақтардың ұйымдастырылуы бойынша,
- оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттері бойынша,
- ата-аналармен жұмыс бойынша,
- басшының директор стандартарын меңгеруі бойынша.

Басшының мектептің негізгі қағидалары мен құндылықтарын түсінуі арқылы оның заманауи директордың рөлін білетіні айқындалады. Осындай формативті бағалау негізінде мектеп басшысының талап етілген халықаралық стандарттарының табыстылық критерийлеріне сәйкес келетіндігі айқындалды.

Дегенмен, мұғалімдердің, мектеп басшыларының кәсіби дамуларын үздіксіз үрдіске айналдыру қажет, себебі андрогогика заңдылықтары бойынша ересек адамдардың танымдық іс-әрекетте зейіндері тез сейіліп кететіні белгілі.

Формативті бағалау объективті болу үшін мұғалімдер мен оқушылар пікірін тыңдап, олардан сұхбат алу тәсілі өте тиімді. Оқушылар мен олардың ата-аналарымен сұхбаттасу арқылы оқу-тәрбие мәселелерінің көлеңкелеп жатқан көп қыр-сырын байқап, баға беруге болады. Тікелей бетпе-бет сұхбаттарда түрлі жоғары дәрежелі сұрақтар қоя отырып, даму үдерісінің қаншалықты қарқынды жүріп жатқанын білу қиын емес.Тек алдын ала арнайы сұрақтар жүйесін құрастырып алу қажет.

Мектептегі балалар – негізгі жетістік индикаторлары деп айтсақ қателеспейміз, себебі олардың жауаптары әрқашан шынайы, олар еш бүкпесіз өз ой-сырларымен еркін бөлісе алады. Балалардан сұхбат алуда олар қарым-қатынасқа еркін түседі, формативті бағалауды өте жақсы қабылдайды.

Формативті бағалаудың оқушылардың оқу-танымдық белсенділіктерін дамытуға әсерін төмендегі қағидалармен негіздеп кетуге болады:

- Формативті бағалау білім мен қатар оқушы тұлғасын дамыту және қалыптастыруға бағытталған.
- Формативті бағалаудың тиімділігінің басты шарты - өзара сыйластық, сенім мен сабырлық.
- Форматвті бағалаудың көпқырлылығы, оны мұғалім де, сынып та, шағын топтар да қолдана алады.

- Формативті бағалау ынтыматастық пен ізгілік қағидаларын сақтауға негізделеді.
- Формативті бағалау арқылы оқушылардың оқу-танымдық белсенділіктері арта түседі.
- Формативті бағалау үрдісіндегі негізгі ұстаным – тұлғаның даму үрдісін үзбей жалғастырып отыру.
- Формативті бағалау – оқыту үшін бағалау.

Сонымен, қазіргі мектептерде формативті бағалау үрдісін талдау нәтижесі негізінде анықталғандай педагогикалық үрдісті басқару оптималдандырады, сабақ құрылымын өзгерту еркіндігі беріледі. Мәселе сабақтың құрылымын бірқалыпты сақтауда емес, мәселе әр сыныпта оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, олардың интеллектуалды әлеуеттерін дамыту.

1 Қазақстан Республикасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы. /Айқын. 2008.

2 Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы: Сб.науч.тр. – Алматы: Изд-во «Ұлағат» КазНПУ имени Абая, 2012. – 336 с.

3 ҚР білім және ғылым министрлігінің ресми сайты.
http://edu.gov.kz/kz/news/main/timss-2015-zharatilistanu-matematikalik-bilim-beru-sapasin-bagalaitin-halikaralik-zertteulerinin-natizheci-boiinsha-kazakstan-alemnin-en.

4 Формативное оценивание на уроках. Практическое пособие для учителя/ Сост. Р.Х., Шакиров, М.Ф. Кыдыралиева, Г.Н. Сахарова, А.А. Буркитова. – Б.: «Билим», 2012. – 76 с.

Резюме

Берикханова Айман – Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, тренер ЦПМ,Республика Казахстан

Эффективность использования методов формативного оценивания в средних школах Казахстана

В статье рассматривается актуальность развития человеческого потенциала в соответствии с национальной программой «Интеллектуальня нация - 2020». Раскрывается необходимость использования в школах различных приемов формативного оценивания учебных достижений учащихся. Уделяется внимание развитию педагогического мастерства учителей в применении на уроках методов формативного оценивания достижений учащихся. Приводится классификация различных методов формативного оценивания как письменые, устные, иллюстративные, невербальные. В статье делается акцент на эффективности применения методов формативного оценивания в повышении мотивации учеников к учебной деятельности. Дается краткое описание различных функций формативного оценивания.

Ключевые слова: интеллект, интеллектуальная нация, интеллектуальный потенциал нации, оценивание, формативное оценивание, мотивация, учебная мотивация, функциональная грамотность учеников, среда обучения, психологический климат в классе.

Summary

Berikkhanova Aiman – Kazakh national Pedagogical University named Abay, professor, Trainer of the Senter of Exsellence Almaty, Kazakhstan

The effectiveness of using formative assessment methods in secondary schools of Kazakhstan

The article discusses the relevance of human development in accordance with the national program "Intellectual nation - 2020". It reveals the need to use different methods in schools formative assessment of students' achievements. Attention is paid to the development of pedagogical skills of teachers in the application of techniques in the classroom formative assessment of student achievement. The classification of the different methods of formative assessment as written, oral, illustrative, non-verbal. The article focuses on the effectiveness of formative assessment practices in improving student motivation for learning activities. A brief description of the different functions of formative assessment.

Keywords: Iintellect, Intellectual nation, the intellectual potential of the nation, assessment, formative assessment, motivation, learning motivation, functional literacy of students, learning environment, the psychological climate in the classroom.

УДК 37.03

КӨПМӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

Белғозиева Ұ. – *Магистр оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)* kulip.oyan@mail.ru

Мақалада көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие берудің негізгі ұстанымдары, қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық қарым-қатынас мәдениетін, сөз мәдениетін, эстетикалық түсініктерді жетілдіру жан - жақты қарастырылған.

Түйінді сөз: Көпмәдениетті, көркем-эстетикалық тәрбие, ұстанымдар, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениеті, сөз мәдениеті, эстетикалық түсініктер.

Қазақстан Республикасы “Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты ресми құжатта көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту жан - жақты қамтылып отыр. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие қарым-қатынасы арқылы: қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына, қарым-қатынас мәдениетіне, сөз мәдениетін сақтауға, эстетикалық түсініктерді жетілдіруге, көркемдік мәдениет саласында эстетикалық мұраттарға, өнердегі және болмыстағы мінсіз сұлулыққа шығармашылық қабілеттер қалыптастыруға, ойлауға және шығармашылық қиялға, шығармашылық қызметке мәдениетаралық әрекетке; мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін білуге, толеранттылық пен ғаламдық пікір қалыптастыруға, көпмәдениетті тұлға қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс танытуы көзделеді. Бұл жерде көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие іске асыру механизмдері сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, сабақтан тыс іс-әрекеттер, үйірмелер, әдеби клубтар және т.б., театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға саяхаттар, шығармашылық кештер, оқушылар жұмысының көрмелері, байқаулар, белгілі тұлғалармен, өнер қайраткерлерімен және т.б. кездесулер, Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық, білім беру ұйымдарында Қазақстан халқы Кіші Ассамблеяларын құру арқылы жүзеге асырылады деп атап көрсетілген[1].

Расында да, «эстетикалық тәрбие рухани – адамгершілік құндылықтарды әсемдік, көркем мәдениет, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы сана-сезімі анағұрлым жоғары, тұжырымдамалы ойлауға қабілетті, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметі мен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынасты жасай алатын тұлға қалыптастыру» – деп атап көрсетілген [2].

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін берген жөн. Мәдени саясаттың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажет», - деп заманауи мәдениетті дамытуға және қалыптастыруға, мәдени мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келгенін, ұлттық мәдениетімізді ұлықтап бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету аса маңызды міндет», – деп ұлттық мұраларды жаңғыртуға аса мән беруі бүгінгі зерттеу тақырыбымыздың маңыздылығы мен мәнділігін аша түседі [3].

Эстетикалық тәрбие рухани – адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, көркем мәдениет арқылы, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы анағұрлым жоғары сана-сезім, тұжырымдамалы ойлауға қабілет, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметімен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынаста қалыптастыру тұрғысынан қарастырылады[2].

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие берудің негізгі ұстанымдары негізінен эстетикалық сана, эстетикалық сезім, әсемдікті қабылдау, эстетикалық әсерлену, әсемдік сезім, эстетикалық қабылдау, сүйсіну, масаттану, ренжу, қуану, эстетикалық қызығушылық, эстетикалық ләззат, эстетикалық талғам, эстетикалық мұрат, эстетикалық көзқарас , эстетикалық қызмет , эстетикалық мұрат, эстетикалық кемелдіктің дамуы мен қалыптасуына бағытталады.

М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде «Әр адамның сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудікі – музыкадан, біреудікі – сұлу суреттен, ал біреудікі – поэзиядан. Искусствоның әйтеуір бір түрінен ләззат алмайтын, біреуіне құмар болмайтын адам болмайды, ал тәрбиенің міндеті – балада искусствоның қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, қызығушылығын, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін оятып, өркендету», – деп эстетикалық тәрбиенің бала дамуындағы маңызына ерекше тоқталған [4].

